

«ҰЛЫ ТҰЖЕ АЖАР»



ТУҒЫРЫ
БИК
ТУЛҒА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**«Ұлы тұлғалар»
Ғылыми-ғұмырнамалық серия**

ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА

(Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым,
жаратылыстанушы, дәрігер Халел Досмұхамедұлына арналады)

АЛМАТЫ 2008

ББК 63.3 (5 Каз) 6-8
Т-85

Тұғыры биік тұлға: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жаратылыстанушы, дәрігер Халел Досмұхамедұлына арналады) / Құраст. В.Қ. Күзембаева; филол. ғыл. канд. Р. Әлмұханова (бас. ред.); ОҒК директоры К.К. Әбуғалиева (жауапты ред.); Ред. алқасының мүшелері: Л.Д. Әбенова, Ж. Нұрғожина, К.С.Бейбітова, А.О.Қошымова (тех. ред), О.П. Бравач (техн.ред.), Н. Қосаева. Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2008. – 280 б., сур. – [“Ұлы тұлғалар” ғылыми-ғұмырнамалық сериясы].

ISBN 9965-473-34-X

ББК 63.3 (5 Каз) 6-8

Ұсынылып отырған “Замана саңлағы” атты ғылыми-ғұмырнамалық жинақ – халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күреске арнаған көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жаратылыстанушы, дәрігер Халел Досмұхамедұлына арналды. Жинаққа Х. Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет, таңдамалы еңбектері, өмірінің негізгі кезеңдері енгізілген.

Ғылыми-ғұмырнамалық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде Х. Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығынан мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде, әліпби тәртібімен орналасқан. Өз еңбектері хронологиялық ретпен берілді.

Жинақ халелтанушыларға, ғылыми қызметкерлерге, аспиранттарға, орта және жоғарғы оқу орындарындағы студенттерге және жалпы көпшілік қауымға арналады.

© Орталық ғылыми кітапхана, 2008

ISBN 9965-473-34-X

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН

Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының “Ұлы тұлғалар” атты арнайы ғылыми-ғұмырнамалық сериясы жалғасын табуда. Бұл серияның жалғасы ретінде жарық көріп отырған еңбектердің бірі – Халел Досмұхамедұлының ғылыми-ғұмырнамалық жинағы болмақ.

Серияның негізгі мақсаты – халқымыздың ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке таныту.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден-бір жолы халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу.

Біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу олардың әрқайсысының шығармашылық және қайраткерлік еңбегін халық арасында кеңірек насихаттау – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе деп білеміз.

Ұлтымыздың мақтанышы – ұлы тұлғаларымыздың бүгінгі таңда есімін ардақтап, құнды еңбектері мен елеулі істерін ұрпағына паш етер бақытты күн туды.

Алаштың алты арысының бірі – халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жаратылыстанушы, дәрігер Халел Досмұхамедұлына арналған ғылыми-ғұмырнамалық жинаққа өмірі мен шығармашылығы, таңдамалы еңбектері, ол туралы зерттеулер, еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші және өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер тізімі енгізілген.

Ғылыми-ғұмырнамалық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде Х. Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Серияның құндылығы ғылыми жинақтың алғашқы шығуы ғана емес, сонымен қатар, оқырмандарға жинақы түрде және энциклопедиялық ақпарат пен толық библиографияның топтастырылып берілуі. Оқырман өзіне қажетті тұлға туралы ақпаратты бір ғана осы жинақтың ішінен таба алады. Кез келген кісінің жеке

шығармашылығы мен ол туралы жазылған еңбектерді әр жерден, әр басылымнан іздеп жүру көп уақыт алады. Әрине, оқырман қауымның алтын уақытын үнемдеуде көрсеткіштің алатын орны ерекше.

Бұл жинақ халелтанушыларға, ғылыми қызметкерлерге, аспиранттарға, студенттерге және көпшілік қауымға арналады. Қалың оқырман қауымға, Х.Досмұхамедұлының мұрасын зерттейтін ғалымар мен студенттерге қажет деп үміттенеміз.

“Ұлы тұлғалар” атты серия оқырмандардың талап-тілегінен шығады деген оймен ұсынып отырған жинақ туралы ой пікірлеріңізді, ұсыныстарыңызды мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз:

Алматы қаласы
Шевченко көшесі, 28
Орталық ғылыми кітапхана
Тел: (327) 261-02-39
Факс (327) 261-02-60
E-mail: cnb@akademset.kz



АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан тәуелсіздік алғалы мемлекеттік әрі ұлттық дамудың жаңа белесіне көтерілуді мақсат етіп, сол жолда отарлыққа түсірген патшалық және кеңестік саясаттың солақай ықпалымен ақтандақтарды орнына келтіруде ел болып жұмылып үлкен іске кірісті. Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлерінің “Ұлы тұлғалар” сериясын ойлап, жинақтар шығаруды ойластыруы осындай үлкен істе ұжымдық үлес қосудан туған игі ой. 2001 жылдан бастап бұл серияның 7 кітабы жарық көруде. Ол жинақтар құрылымының негізі – қайраткердің өмірімен таныстырып, оның еңбектері туралы зерттеулер-ден хабардар ететін мақалалардан үзінділер мен библиография беру. Осы кезге дейін оқырман қауымына А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, М.Тынышбаев, С.Садуақасов, С.Сейфуллинге арналған жинақтар жетсе, ендігі кезекте – Алаш орда үкіметінің белсенді қайраткері, ғалым Халел Досмұхамедұлы.

Қайшылығы мол кеңес идеологиясы ұлттық идеяның туын көтеріп, біреулер тарапынан өмірі қиылған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев болса, кеңес саясатына имандай сенген бірақ соның құрбаны болған Сәкен Сейфуллин де жансыз қағазға еңбектері тізім болып, “Сыр сандықты ашып қара” деп өзі айтқандай, ұрпақтарға үміт артып жатқандай алдымызда.

“Ұлы тұлғалар” сериясынан орын алуға Халел Досмұхамедұлының да, сөз жоқ, толық хақысы бар. Оның еңбектерімен таныс болғанда, ғылымды таза, пәк дүние деп қабылдап, зерттеу еңбектерін барша ғылыми адалдықпен жазғанын көресіз. Ғалым ретіндегі үлгі-өнегесі де мол. Басшылық қызметтеріндегі ұйымдастырушылық қабілетін көре отырып, Халел Досмұхамедұлынан парасаттылықтың, зиялылықтың таза күйін танысыз. Сондықтан “Ұлы тұлғалар” сериясымен шыққан жинақтар бүгінгі ұрпақты да сондай ойлылыққа бастап, ғылымның адал жолына қызмет етуіне өзіндік үлесін қосады деп сенеміз. Жарық көріп жатқан жинақтар өз алдына біртуар болып танылатын қайраткерлерді жеке таныстыруды мақсат еткенімен, сол кезеңде асыл азаматтар кеңестік саясаттың көздегенін түсініп, қазақты топқа жіктемей, ұлттық бірліктің жолында қызмет етуді ойлайды, олардың бұл ойлары бүгінгі нарық мәселесінде де, жаһандану құбылысында да ұлт үшін бірлікпен, ақыл оймен қызмет етуге үндеп тұр.

Риза ӘЛМҰХАНОВА,
филология ғылымының кандидаты

ПРОФЕССОР ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДУЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы 24 сәуірде қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған елді мекенінде (№ 13 ауылда) дүниеге келді.

1895 тамыз – 1902 маусым. Орал әскери реалдық училищесінің оқушысы.

1902 тамыз – 1903 маусым. Орал әскери реалдық училищесінің қосымша класының оқушысы.

1903–1909 Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери-медициналық академияның студенті. Академияны үздік бағамен тәмәмдаған.

1909–1913 Пермь губерниясының Чердынск уезіндегі Марчанск учаскесінде дәрігер; Орал облысында Орал казак-орыс әскерлерінің кіші дәрігері.

1913–1918 Орал облысының Темір уезі учаскесінде дәрігер. Оба ауруының ошақтарында болып, оған қарсы күреске қатысты (1912, 1913 және 1915 жж.).

1917 шілде. Орынборда өткен I Жалпықазақ съезі төрағасы (ұлттық-демократиялық “Алаш” партиясы құрылды).

– **желтоқсан.** Орынборда өткен II Жалпықазақ съезі төрағасының орынбасары. Алаш (қазақ) автономиясы жарияланып, “Алашорда” үкіметі құрылды.

1918 Алашорда үкіметінің Батыс бөлімінің жетекшілерінің бірі (Жағаншаһ Досмұхамедовпен бірге).

1918–1920 Мәскеуде Ленинмен және Сталинмен кездесіп, Кеңес өкіметі мен Алашорданың қарым-қатынасы туралы келіссөз жүргізеді (Жағаншаһ Досмұхамедовпен бірге.).

1920–1921 Ташкенттегі Физикалық әдіспен емдеу институтының ординаторы; Қазақ пединститутында мектеп дәрігері.

– Орта Азия (Түркістан) университеті медицина факультетінің факультеттік хирургиялық клиникасында ординатор.

1921–1923 Түркістан республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақ ғылым комиссиясының төрағасы болып тағайындалды.

1922–1924 Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты коллегиясының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

1923 Орта Азия мемлекеттік баспа коллегиясының, кейін Шығыс қазақ мемлекеттік баспасының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің мүшесі; **1925** -дан Шығыс бөлімінің меңгерушісі; **1926** -дан Қазақтың мемлекеттік баспасы басқарма-сының мүшесі және меңгерушінің орынбасары.

– **сәуір.** Түркістан Халық комиссариаты кеңесі мен Түркістан Орталық атқару комитетінің арнайы тапсырамасы бойынша Жетісу облысын зерттеу жөніндегі экспедициялық комиссияның мүшесі болып бекітілді.

– **қыркүйек.** Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Мемлекеттік ғылыми кеңестің төрағасы болып тағайындалды.

1924 қаңтар. Қазақ ағарту институты басқару төралқасының мүшесі (Ташкенттегі Қазақ пединституты).

– **15 қаңтар.** Ресей Ғылым академиясы жанындағы Орталық өлкетану бюросының корреспондент мүшесі болып сайланды.

– Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты жанындағы эпидемияға (обаға) қарсы күрес Орталық комиссияның төрағасы болып тағайындалды.

– **маусым.** Түркістан Халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезіне іссапарға жіберілді.

– Москвада болып өткен V Бүкілресейлік денсаулық сақтау съезі жұмысына қатысты.

1924-1925 Қазақ ғылым-баспа комиссиясы төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Комиссияның міндеті мыналар еді:

1) Түркістан Халық ағарту комиссариатын ұлттық межелеп бөлуге байланысты Мемлекеттік ғылыми кеңес пен Орта Азия мемлекеттік баспасының Қазақ Республикасына берілетін мүлігін қабылдап алу;
2) Қазақ Республикасына берілген ғылыми және баспалық мекемелер жұмыстарының үздіксіз жалғасуын ұйымдастыру.

1926 Ресей Ғылым академиясы жанындағы Орталық өлкетану бюросының сессиясына Москваға іссапарға жіберілді.

– Қазақтың Халық ағарту комиссариаты атынан Орта Азиядағы өндірістік күштерді зерттеу жөніндегі конференцияға делегат ретінде жіберілді.

– Қазақ жоғары пединститутында ректордың орынбасары.

– Қазақ ағарту институтын тарату жөніндегі комиссияның төрағасы болып бекітілді (Қазақ Халық комиссариаты кеңесінің қаулысы, 1926 жыл, 1 қыркүйек).

– Қазақ жоғары пединститутында мектеп-санитарлық дәрігер болып қабылданды; оның жанындағы 9-жылдық тәжірибелі-үлгілі мектепте анатомия, физиология және гигиена пәндерінің мұғалімі.

1926–1927 жж “Педология” курсы бойынша Қазақ жоғары пединститутында оқытушы.

1927 Қазақтың жоғары пединститутында педология бойынша доцент болып бекітілді.

– **наурыз-сәуір.** Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалды; комиссия университеттің жаңадан ұйымдастырылатын үш факультетінің жалпы шығынын, оқу жоспарын және т.б. қажетті іс қағаздарын дайындады.

Қазақ Халық ағарту комиссариаты Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жоспарын жүзеге асыру үшін тапсырылған жұмыстарды нақты және уақытылы орындағаны үшін алғыс жариялады.

1928 ҚазКСР-де (Алматы қаласында) университет ұйымдастыру туралы комиссияның мүшесі болып тағайындалды (ҚазКСР Халық комиссариаты кеңесінің 1928 жылғы 3 шілдедегі № 25 қаулысы).

– **қазан.** Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне қызметке ауыстырылды. ҚазМУ-дің әкімшілік-шаруашылық бөлімін басқару ісі тапсырылды. ҚазМУ-дің педфакультетінде педологиядан оқытушы, әрі педология кабинетін басқару қоса тапсырылды.

– **19 маусым.** ҚазМУ-дің педология кафедрасының профессоры болып бекітілді.

1929 Қазақтың пединститутының проректоры болып тағайындалды.

1930 15 қыркүйек. Кінәсіз қамауға алынып, 19 ай түрмеге жабылды.

1932 20 сәуір. Қазақстандағы ОГПУ үштігінің шешімімен бес жыл концлагерге қамауға алыну жөнінде үкім шығарылып, кейін ол үкім Воронеж қаласына жер аударылумен ауыстырылды.

1932–1934 Воронеж қаласындағы Орталық қаратопырақты облыстық денсаулық сақтау бөлімінің Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім (ОЗФ и П) меңгерушісі.

– сәуір. Воронеж қалалық балаларды емдеу-профилактикалық амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары.

1934 Воронеж қаласының Орталық ауданының учаске дәрігері.

– ЮВЖД санучаскесінің санитарлық дәрігер-эпидемиологы.

1934–1938 Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің балалар бақшасында дәрігер; пионер лагерінде дәрігер болды (қызы Сәуленің естелігінен).

1938 Қайтадан тұтқынға алынып, Алматыға әкелінді.


1939 24 сәуір. Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариатының әскери трибуналы үкімімен ату жазасына кесілді.

1939 19 тамыз. Түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болды.

1958 11 ақпан. Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты әскери трибуналының 1939 жылғы 24 сәуірдегі Халел Досмұхамедовке қатысты үкімі КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының шешімімен жойылды (1958 жылғы 3 наурыздағы ақталғаны жөніндегі анықтамадан).

**Құрастырған Д.Е. Әбдірахимова
(Х. Досмұхамедұлының жиені)**

Қолда бар құжаттар, оның ішінде Х. Досмұхамедұлының өз қолымен толтырған “Қызмет бабы жөніндегі жалпы мағлұматтар” негізінде құрастырылды.



ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА ХАЛЕЛА ДОСМУХАМЕДОВА

Халел Досмухамедов родился 24 апреля 1883 г. в местности Тайсойган (аул № 13) нынешнего Кзыл-Когинского района Атырауской области.

С августа 1895 – июнь 1902 Учащийся Уральского войскового реального училища.

С августа 1902 – июнь 1903 Ученик дополнительного класса Уральского войскового реального училища.

1903 – 1909 Студент Императорской военно-медицинской академии, г. Санкт-Петербург. Закончил академию с отличием.

1909 – 1913 Врач Марчанского участка Чердынского уезда Пермской губернии; младший врач Уральского казачьего войска Уральской области.

1913 – 1918 Участковый врач Темирского уезда Уральской области. Был на борьбе с чумой, в очагах чумных заболеваний (1912, 1913 и 1915 гг.).

1917 г. июль. Председатель I Всекиргизского (казахского) съезда в г. Оренбурге (создана национально-демократическая партия “Алаш”).

– **декабрь.** Товарищ председателя II Всекиргизского (казахского) съезда в г. Оренбурге. Объявлено о создании Алашской (казахской) автономии, образовано правительство под названием “Алаш-Орда”.

1918 Один из руководителей Западно-Казахстанского отделения правительства “Алаш-Орда” (Вместе с Джаханшой Досмухамедовым – однофамилец).

1918-1920 По поручению руководства вел переговоры в Москве с Лениным и Сталиным о взаимоотношениях Алашорды с советской властью (совместно с Джаханшой Досмухамедовым).

1920–1921 Ординатор Института физических методов лечения в г. Ташкенте; школьный врач (по совместительству) Киргизского педагогического института (Кирипрос).

– Ординатор факультетской хирургической клини-ки медицинского факультета Среднеазиатского (Туркестанского) университета.

1921–1923 Назначен председателем Киргизской научной комиссии при Наркомпросе Турккеспублики.

1922–1924 Назначен членом коллегии Туркнаркомздрава и заведующим лечебно-санитарным отделом.

1923 Назначен членом коллегии Средне-Азиатского государственного издательства, позже Воскиргосиздат, позже Восточное отделение Киргосиздата; с **1925** г. – заведующий Восточным отделением Казгосиздата; с **1926** г. – заместитель заведующего и член правления Киргосиздата.

– **сентябрь**. Назначен председателем Государственного ученого совета при Наркомпросе Турккеспублики.

– **апрель**. Назначен членом экспедиционной комиссии по обследованию Джетысуйской области по специальным заданиям Туркцика и Турксовнаркома.

1924 январь. Назначен членом президиума по заведыванию Кирипросом (Казахский пединститут в Ташкенте).

– **15 январь**. Избран членом-корреспондентом Центрального бюро краеведения при Российской Академии наук.

– Назначен председателем Центральной комиссий по борьбе с эпидемиями (чумой) при Туркнаркомздраве.

– **июнь**. Командирован Туркнаркомпросом на съезд научных киргизских (казахских) работников в г. Оренбург.

– Принял участие в работе V Всероссийского съезда здравоохранения в г. Москве.

1924–1925 Назначен заместителем председателя Киргизской научно-издательской комиссии.

Обязанности: 1) прием переходящего к Киргизской республике имущества Государственного ученого совета и Среднеазгосиздата по нацразмежеванию Туркнаркомпроса;

2) бесперебойное продолжение научных и издательских работ, перешедших к Кирреспублике научных и издательских учреждений.

1926 Командирован на сессию Центрального бюро краеведения при Российской Академии наук в г. Москву.

– Делегирован Казнаркомпросом на конференцию по изучению производительных сил Средней Азии.

– Заместитель ректора Казахского высшего педагогического института.

– Назначен председателем ликвидационной комиссий Казинпроса (постановление КазСНК от 1 сентября 1926 г.).

– Зачислен школьно-санитарным врачом Казпедвуза; преподаватель анатомии, физиологии и гигиены опытно-показательной школы 9-летки при Казпедвузе.

1926–1927 Преподаватель Казахского высшего пединститута, чтение курсов “Педология”.

1927 Утвержден доцентом Казахского высшего пединститута по педологии.

– **март-апрель.** Назначен председателем комиссии по организации Казахского государственного университета для выработки сметы, учебного плана и др. данных для организации трех факультетов университета.

Объявлена благодарность Казнаркомпроса за успешное и точное выполнение порученной работы по разработке плана организации Казахского государственного университета.

1928 Назначен членом Комиссии по организации университета в КССР в г. Алматы (постановление СНК КССР от 3/VII – 1928 г., № 25).

– **октябрь.** Переведен на службу в Казгосуниверситет в г. Алматы. Возложено заведывание административно-хозяйственной частью КазГУ. Назначен преподавателем педологии на педфаке КазГУ, возложено заведывание педологическим кабинетом КазГУ.

– **19 июня.** Назначен профессором КазГУ по кафедре педологии.

1929 Назначен проректором Казахского педагогического института.

1930 15 сентября. Взят под стражу, провел в тюрьме 19 месяцев.

1932 20 апреля. Решением тройки при ПП ОГПУ в Казахстане приговорен к заключению в концлагерь сроком на пять лет, с заменой высылкой в г. Воронеж.

1932–1934 гг. Заведующий отделом ОЗФ и П Института здравоохранения и гигиены Центрального Черноземного облздрав-отдела (г. Воронеж).

1934 Заместитель заведующего Воронежской городской детской лечебно-профилактической амбулаторий.

– Участковый врач Центрального района г. Воронежа.

– Санитарный врач-эпидемиолог Воронежского санучастка Ю.В.Ж.Д.


1934 – 1938 Работал врачом в детском саду райздравотдел, врачом в пионерском лагере (по воспоминаниям дочери Сауле).

1938 Вновь арестован, увезен в Алматы.

1939 24 апреля. По приговору военного трибунала войск НКВД Казахской ССР приговорен в расстрелу.

1939 19 августа. Умер в тюремной больнице от туберкулеза легких.

1958 11 февраля. Приговор военного трибунала войск НКВД Казахской ССР от 24/IV – 1939 г. в отношении Халела Досмухамедова отменен Военной коллегией Верховного Суда СССР и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления (Справка о реабилитации от 3 марта 1958 г.).



ҰРПАҚҚА ТІЛЕК


**(ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ИНСТИТУТЫН
БІТІРІП ШЫҚҚАНДАРҒА)**

*Түркістанның сәні бол,
Жұрт алдында әні бол,
Надандарға молда бол,
Елің үшін жолда бол.
Нашарларға қорған бол,
Әділдікке құрбан бол.
Адасқанға басшы бол,
Жақсылыққа қосшы бол.
Жамандыққа ащы бол,
Адалдыққа серік бол.
Әзәзілге берік бол,
Сасқанға көмек бол.
Тасқанға шүмек бол.
Дұрыстықта біреу бол,
Адалдыққа тіреу бол.
Арамдыққа сүлгі бол,
Кейінгілерге үлгі бол.*

Халел

(“Ақ жол”, 1924, № 403, 11 ақпан)

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ



ЖЕРГЕ ИЕЛІК – ЕЛ БАҚЫТЫ

1922 жылы қараша-желтоқсан айында Тәшкенде шыққан “Шолпан” журналының 2-3 сандарында жер мәселесі жөнінде сол кезде Орта Азия университетінде мұғалім болып жүрген Халел Досмұхамедовтің мақаласы жарияланған. Ол кезде осы журналдың редакторы болған. Бүгінде бұл мақала маңызын жоймаған. Жерге иелік жөнінде ой салар мәселе бар.

Мақала жер сату мәселесі жөнінде болмағанымен, жерге иелік және оған құрмет жөнінде өте маңызды. Мақала “Саясат бөлімінен” берілген (Мақала соңында авторы көрсетілмеген. Меніңше мақала редактордікі).

Халел ДОСМҰХАМЕТОВ:

Азаттықтың жолы осы

Россия тарихы колониялы молайту әңгімесінен жасалған деп профессор Клушевский айтқан сияқты баяғыдан бері патшашыл Россияда үлкен мәселелердің ең зоры жер мәселесі һәм Россия ішіндегі завод, фабриктерге керек шикізаттарды шет аймақтардан алу жолдары еді.

Біреулердің үстемдігі жүріп ел билеуінде, біреудің қор болып құлдар халіне түсіп, жауыздық көруіне себеп болған осы екі мәселе.

Аяқты мал шаруасынан өнетін шикізаттар Россия завод, фабрикаларына керек болғандықтан қазақ-қырғызды орыс халқы билеген. Ішкі Россияда жер мәселесі дұрыс шешілмегендіктен Түркістан, Қазақстан сияқты шет аймақтарға келімсектер келіп, отаршылдық саясаты жүргізілді.

XX ғасырда күнбатыс Россияда халық саны өте өсіп, диқаншылық әуелгі жолға құрылған соң жерге мұқтаждық туған. Жері жоқ кедейлер талай бүліншіктер жасаған. Жерсіздерге жер тауып беру үлкен мәселе болған. Оларды орналастыру үшін патшалық үкімет жер іздеген. Орталық Россияда ең жақсы жерлер помещик, ақсүйектер қолында болғандықтан жерсіз кедейлерді орталық Россиядан көшіруі үшін патшалық үкімет жарлық таратқан. Сондықтан күнбатыс һәм орталық Россиядағы ылғи жерсіз кедейлерді патшашыл хүкімет

Россия колониясы болған Түркістанға Қазақстан сияқты аймақтан шығарып, Қазақстан, Түркістанды келімсектерге толтырып еді.

Ішкі Россиядағы ылғи тентектерді Түркістанға көшіруге ескі хукіметтің көздеген мақсаты екі түрлі:

1. Жергілікті жұрттың жерін ішкі жерсіздерге беріп, бүліншілікті тоқтату.

2. Келімсектерге сүйеніп, жергілікті жұрттарды өз дегеніне көндіру еді.

Ескі хукіметтің көздеген мақсаттары орындалмай қалған жоқ. Патшашыл хукіметтің тұсында Түркістанға жүздеп, мыңдап келімсектер келді. Келген келімсектер ылғи ғана қазақ-қырғыздарды айландыра қоршалай, қазақ-қырғыздардың көшіп-қонып жүрген ең жақсы жеріне, тау арасындағы жылғаларға орналасты.

Баяғыдан бері күн көріп, тіршілік құрып келе жатқан ана миллитінен қазақ-қырғыз жұртының іргесі көтеріліп, ел бір көшірілгенде екі-үш көшіріліп, сыз шөл, биік таудың басына шығарылды. Қазақ-қырғыз шаруасының түп қазығы аяқты мал шаруасы, диқаншылық болса, ол екеуінің де көркеюі жер, су еді.

Қазақ-қырғыз өзінің жылдан жылға саны өсіп (әр жүз кісіге бір жылда екі кісі қосылмақ, яки 50 жылдың ішінде 100 кісіге 200 болмақ) оның үстіне іштен сансыз келімсектер келген соң Түркістан жері де өзгере бастады.

– Біздің қазақ-қырғыз жұртының бұрын көрген жауыздықтарының ең үлкені отаршылдық, ең зоры – шаруа жартындерінің Россияға пайдалы, қазақ-қырғызға жағымсыз болғандығынан басталып еді.

Енді тіршілік құрып, халық қатарына енуіне де зор себептердің зоры осы аяқты мал шаруасы менен диқаншылықты аяқтандыру, жерге иеленуде қалды. Алдымыздағы он бірінші Түркістан съезінде әңгіменің әуелгісі осы болады. Шаруаны көркейту тақырыбы сөзден, іске көшу қамына кірісудің жолдары қарастырылады.

Өйткені, коммунистер партиясы кеңестер хукіметінің қолға алып, керекті істердің алдына салып, қарқынды істердің қарқындысы санап отырғаны ісі – ішкі һәм сыртқы соғыстың кезінде күйзелген шаруаны көтеру, байлықты молайту.

Енді кім кімнің болса да істеген ісі осы жолға қарай сыналып, қайсы жолға құрылуы, шаруаны көркейтуі, жаңа шаруашылық саясатын жүргізу қақында ұстанғанға келіп тоқталған.

20–50-жылдан бері қарай Түркістан тағдыры, Қазақ-қырғыз тарихы Россиямен байланысып келеді. Кеңестер һукіметі

құрылғаннан кейін Россия мен Түркістан арасында жақындық күшейді. Бірақ қай дәуірде болса да Россияда жүріп жатқан саясат, істеліп жатқан істің Түркістанда қазақ-қырғыз... істің жүзін өзгертпейді.

Өткен жыл ел бойында аштық басталғанда кіндік газета-журналдарында мақалалар жазылды. Түркістанда аяттық тегіннің азақ алдында бос жатқан жер тіпті көп екен деген дәлелсіз сөздер айтылды.

Содан кейін Түркістанға өте көп келімсектер келді. Кеңестер хукіметі тұсында Түркістанның еркі өзінде тұрғанда келген келімсектер өте қауіпті болса да кетары болмады. Күнбатыс Россияда халықтың төрттен үш есесі патшашыл хукіметтің тұсында Қазақстан, Түркістанға келген сондықтан қазір онда жер көп, халық аз.

Россияға Түркістан, Қазақстаннан көшірілетін халық болмаса, Қазақстан мен Түркістанға ішкі Россиядан келетін халық жоқ. Сонда да болса барлық Россияның кіндік хукіметі жанындағы құрама жер комитеті Түркістанда бос жатқан жер көп деп түсінеді. Реті табылып келушілер болса ішкі Россиядан Түркістанға келімсектер келтіру әңгімесін де қозғағысы келеді. Бұл сөздің қозғалуының тіпті орны жоқ. Қозғала қалса “ауру қалса да, әдет қалмайды” деген осы болады. Аурудың алдын алу керек.

Қазақ-қырғыз ішінде табан ет, маңдай тері арқасында күн көріп, тіршілік құрып келген жерсіз, сусыз қарақасқа кедейлер, жер берілмеген жалшылар аз емес. Ілгері санға қарағанда 2-3 процент келетін еді. Еңбек мүшелеріне жер беру – әуелгі іс. Алдымен соларды орналастыру қажет. Диқаншылық үшін керекті аспап құралдар тауып беріп, солардың шаруа жадттерін орнықты жолға құру керек. Еңбек мүшелерімен үйлестіргенде қазақ-қырғыз кедейлерінен жер артылып, ішкі Россияда жерге мұқтаждар көп болса, әрине іштен келімсектер келуіне қарсылық болуы жөнсіз.

Түркістанда байлық мол, әсіресе, қазақ-қырғыз арасында қырғыз-қазақтың өзі қадірлейтін заңдары, байлық тіпті көп. Патша хукіметі тұсындағыдай ол байлықтарды, шикізаттарды аяқасты қылып, қадірін түсіре бермей, орнымен жұмсап, оның орнына бұйымдар, жер игеретін аспаптар, құралдар алуы керек. Тіпті, Түркістанның өзінде завод-фабрикалар ашып, шикізаттарды игеру мүмкін.


Шикізаттарды мұнан Россияға артып барып, онда игеріп, Түркістанға қайта келтіруден гөрі, Түркістанның өзінде шикізаттарды игерту пайдалы болатыны анық. Түркістанда завод-фабрикалар ашылса қырғыз-қазақ кедейлері де қызмет ұйымдасып кеңестер хукіметіне сүйеніш болатыны анық.

Ескі хукімет тұсында шаруа күйсіз, жерсіз болды. Қазақ-қырғыз ең әуелі байлығынан айырылды. Сондықтан саясат жағынан да ақсады. Салақтық қылса, сол халге қазақ-қырғыз кедейлері тағы түседі.

Саяси азаттық, жерге иелену жолы енді осы.

Тіршілік орнықты жолға құрмай, алған саяси азаттық жұмысы аз болады.

Дайындаған
Құрманғазы БЕКСАЙЫН
Түркістан. - 2000. - 9-15 маусым.



АДАМНЫҢ ТӘН ТІРЛІГІ

(Үзінділер)

СӨЗ БАСЫ

Адамның денесінің қалай түзелгенін тексеріп анықтайтын білімді “анатомия” не “тән жүйесін тану” деп атайды. “Анатомия” деген сөз – грек деген халықтың тілінде “сою” деген сөз. Дененің қалай түзелгенін дұрыстап түсіну үшін адамды сою керек. Сойғанда қасапша қалай болса солай кесіп-шауып, бөлек-бөлек қылып, пара-парасын шығармайды. Дене реттеліп, әрбір мүше, мүше жүйесі өзіне басқа бөлініп анықталып байқалатын болып бұзылады.

Сойғанда денедегі көзге көрінетін мүшелер ғана тексеріледі. Адамның денесінде жәй көзге көріңбейтін түзеліс бар. Адам денесін толық тану үшін осындай жасырын сырын ашу керек. Жәй көзге көрінбейтін нәрселерді мекірескеп деген құралмен тексереді.

Адамның денесі толық болып доқтырлыққа даярлайтын жоғарғы дәрежелі медіреседе тексеріледі. Бұл кітәпте адамның денесі туралы қысқаша ғана мағлұмат беріледі. Адамның денесі бірнеше мүшелерге, мүше жүйесіне бөлінеді. Дұрыстап түсіну үшін адамның мүшелері, мүше жүйелері тап-табымен реттеліп, бірінің соңынан бірі айтылып тексеріледі. Бұлай қылғанда дененің неден жаралғандығы, дене бөлімдерінің бір-бірімен қалай байланысқандығы жақсы байқалып, анық түстеледі.

Дененің неден, қалай болып жаралғандығын білумен тану бітпейді. Денедегі мүшелердің не үшін жаралғанын, мүшенің не жұмыс қылатынын білу керек.

Адамның тірлігі дегеніміз не нәрсе екенін тану керек. Адамның тірлігі дегеніміз де дененің тірлігі. Дененің тірлігі мүшелердің тірлігінен құралады. Мүшенің тірлігі істейтін жұмысынан пайда болады. Ақырында мүшелердің түрлі қимылы құралып денеге тірлік береді. Дененің тірлігін біз адам тірлігі деп атаймыз.

Денедегі мүшелердің жұмысын тексеретін, қимылдарын танитын білімді “тән тірлігін тану” не “пизиелогіе” деп атайды. Сонымен пизиелогіе – тірліктің қайдан пайда болатынын шешетін білім.

Дененің түзелісі мен тірлігін таныған соң, дене қайткенде дұрыс күйде болып, адамның тірлігі қолайлы болады деген ой туады. Дененің сау болуы мен мүшелердің дұрыс жұмыс қылу жағдайларын айтатын білімді “саулық сақтау білімі” не “гигиене” деп атайды.

Бұ кітәпте адамның дене түзелісі туралы, мүше тірлігін тану туралы қысқаша болса да толық түсінерлік қылып айтылады. Саулық сақтау туралы жартып сөйленбейді, тек жанап өтіледі. Адамның саулығын сақтау туралы өз алдына бөлек кітәп сөйлеу керек.

Өлі табиғат, тірі табиғат

Адамның тірі болуы айналасындағы дүниемен байланысты. Адамның айналасындағы дүниені “табиғат” дейді. Адамды қоршаған табиғатты, осы табиғаттың түрлі өзгерістерін білмейінше адамды тану қиын. Табиғат екі түрлі: өлі табиғат, тірі табиғат. “Өлі табиғат” деп тас-топырақты, әуе мен суды айтады: “тірі табиғат” деп өсімдік пен жануарды айтады. Адам да жануарлардың бір түрі болып саналады. Тірі табиғаттың бәрі де өлі табиғаттан жаралған. Сондықтан өлі табиғаттың неден жаралғанын аз болса да білу керек.

Елемент тек. Құрама бұйым, өзекті бұйым

Адамның басқан жері, дем алған әуесі, ішкен суы – өлі табиғат. Өлі табиғаттың түрі орасан көп. Өлі табиғат екі бөлінеді. Алтын, күміс, темір, қалай, қорғасын, нитірік азат, қышқылтуым, сутуым, көмір, натыр, калий, күкірт, паспар секілді бір бөлек нәрселерді айырым-айырым алғанда әр қайсысы бір заттан ғана түзелген. Алтынның затында алтыннан басқа нәрсе жоқ. Темірде де темірден басқа нәрсе жоқ. Қалай қылсақ та алтыннан алтыннан басқа нәрсе шығара алмаймыз, темірден басқа нәрсе шығара алмаймыз. Нағыз алтында, нағыз темірде қосымша жоқ. Заты бір нәрседен түзелген бұйымды “элемент” не “жай бұйым” деп атайды. Жоғарғы айтылған алтын, күміс, темір, қалай, қорғасын, нитірік, қышқылтуым, сутуым, көмір, натыр, калий, күкірт, паспар, қылор секілді бұйымдардың бәрі де элемент болып табылады. Дүниедегі бар элементтің саны сексен шамалы-ақ. Осы сексен шамалы элементтің қосылуынан, араласуынан дүниедегі өлі-тірі нәрсенің бәрі туады. Көшедегі топырақ та, ішкен-жеген тамақ та, киген киім де, аққан су да, ескен жел де, көгерген шөп те, жер дүние толған жануар да осы сексен шамалы элементтің не араласуынан, не қосылуынан жаралған. Дүниедегі бар нәрсенің тегі – элемент болады.

Елементтен басқа нәрселерді “құрама бұйым” деп атайды.

Дүниедегі құрама бұйымдар – өзекті бұйым, өзексіз бұйым болып екі айырылады. Өзекті бұйымның ішінде өңге элементтермен қатар өнемейін көмір болады. Өзекті бұйым көмірсіз болмайды. Сондықтан өзекті бұйымды “көмірлі бұйым” деп де атайды. Өсімдіктің, жануардың мүшелері ылғи көмірлі бұйымдардан түзелген.

Өсімдік пен жануардан пайда болған нәрселер де көмірлі бұйымдардан түзеледі. Сондықтан көмірлі бұйымды “нитірік бұйым” деп де атайды.

Адамның денесіндегі сүйекте де, майда да, қанда да, суда да, не жануардың ішінен шыққан сүтте де, майда да, сары майда да көмір бар.

Ішінде көмірі жоқ бұйымды “өзексіз бұйым”, не “минерал бұйым”, не “өлі бұйым” деп атайды. Топырақ, су, әуе, тұз секілді нәрселер – минерал бұйым. Осы күнде минерал бұйымның көбіне-ақ білім иелері қолдан жасайды. Өзекті бұйымның бірін де әлі қолдан жасап шығара алған білгіш жоқ.

Адамның денесіндегі элементтер

Адамның денесіндегі он екі элемент бар, осы он екі элементтің түрліше болып құралып қосылуынан адамның денесі түзілген.

Денеге тек болған элементтер мыналар:

1. Қышқылтуым деген газ. Исі, дәмі, түсі жоқ бұйым. Жануды демейді. Тірлікке керек бұйым. Қышқылтуымсыз жерде тірлік жоқ. Көлем дегенде әуенің бестен бірі осы газ. Сутуым деген бұйыммен қосылса, су болады. Көлем дегенде судың тоғыздан сегізі – қышқылтуым, бірі сутуым. Салмақтағанда судың үштен бірі қышқылтуым, екісі – сутуым.

2. Сутуым да иіс-дәмі, түсі жоқ жеңіл газ. Өзі жанады, жанған нәрсені ішіне кіргізсе, сөндіреді. Әуеде жанса, қышқылтуыммен қосылып су болады. Бөтен элементтермен қосылыс күйінде жануардың, өсімдіктің ішіндегі мүшелердің бәрінде де бар.

3. Нитірік те (азот) иісі, дәмі, түсі жоқ газ. Көлем дегенде әуенің бестен төрті нитірік. Жанбайды да, жануды демемейді де. Араласып әуедегі қышқылтуымды сұйытып тұрады. Бөтен элементтермен көп қосылыс жасайды. Жануардың, өсімдіктің мүшелерін түзейді. Тірі табиғаттың тірлігіне өте керек нәрсе.

4. Көмір – қатты бұйым. Дүниеде күйе (құрым), қалам тас (қырапит), алмас тас болып үш түрде ұшырайды. Бөтен элементтермен көп қосылыс жасайды. Жануардың, өсімдіктің ішіндегі нәрселердің бәрінде де ұшырайды. Жануардың, өсімдіктің тіршілігінен пайда болған нәрсенің бәрінде де бар.

5. Қылор деген – түсі сарғыш, исі жаман тұншықтырғыш газ. Натыр деген элементпен қосылса, асқа салатын тұз пайда болады. Ас тұз адам денесінде өне бойы бар.

6. Натыр – түсі күміс секілді жылтыр, жұмсақ метал. Асқа салатын тұздың жарымы натыр, жарымы қылор.

7. Калий де натырға ұқсас жұмсақ метал. Ақ жолдың (селтірдің), сақардың, күлдің ішінде ұшырайды.

8. Калтсий де дүниеде ұшырайтын метал. Әктің, мәрмәрдің, бордың, кеждің ішінде көп болады.

9. Мегнез де метал.

10. Темір – көпке мәлім метал. Шойын мен болат темірден жасалады. Адамның тіршілігіне өте керек нәрсе. Адамның қанында ұшырайды.

11. Күкірт (алтын күкірт) таза күйінде Күйіктаудың (Бұлқан-ның) төңірегінде табылады. Бөтен металдармен қосылып түрлі руда, кен-тас түзейді. Түрлі қосылыс түрде жерден шыққан шипалы суда ұшырайды. Жануар мен өсімдіктің денесінде бар.

12. Поспор – өте жеңіл салмақты тұтанғыш қатты бұйым. Жануардың сүйегінде ұшырайды.

Осы элементтер адамның денесінде газ, су, түрлі тұз болып үш күйде ұшырайды. Газ болып көбіне қышқылтуым мен қышқыл көмір ұшырайды. Бұлар денедегі суда еріп жүреді. Адамның денесінің үштен екісі – су. Тұздар да денеде ерулі күйде ұшырайды. Дененің қатты бөлімі де осы элементтерден түзелген.

Адамның жүйесін тексергенде ұшырайтын кейбір пән сөздері

Адамның денесін тексергенде екі қолын салбыратып, бас бармағын жанына (бүйіріне) қаратып, алақанын ілгері қарай жайып, басын көтеріп тік тұрып, адамды қақитып қатып қалған деп санау керек.

Шатаспай алдымыздағы сөзді дұрыстап түсіну үшін адам туралы сөйлегенде, адамның денесін тексергенде айтылатын кейбір сөздердің мағанасын осы бастан анықтап кету керек.

*Жоғары** деген сөзді адамның басына жақын, бастың төбесіне жақын деп түсіну керек. *Төмен, төменгі* деген сөзді табанға жақын деп түсіну керек. *Ілгері* деген сөз – бетке, адамның алдыңғы

* Термин сөздерді айырып көрсеттік. – Ред.

жағына жақын деген сөз. *Артқы, кейін* деген сөз адамның арқасына, сырт жағына деген сөз.

Астырт деген сөз – бірденеден төмендеу, *үстірт* деген сөз бірденеден жоғарылау жатады деген мағанада айтылады. *Ішкері* деген дененің ортасына, орталығына жақын; *тысқары* деген дененің сыртына жақын, теріге жақын деген мағанада айтылады. *Терең, тереңдеу* деген сөз – дененің ортасына жақындау, сырттан, теріден қашықтау деген мағанада айтылады. *Шеткей, шеттеу* деген сөз дененің ортасынан дененің сыртына жақын деген мағанада айтылады. *Оң* деген сөз адамның оң жағындағы, оң бүйіріне жақын, оң қол жағында деген мағанада айтылады. *Сол* деген сөз де дененің сол жағында, сол қол жақта деген мағанада айтылады.

Адамның денесінен үш жазықтық жүргізіледі. Ілгеріден кейін жүргізілген тік жазықтықты – *сагитал* жазықтық не *сагитал* дейді. Кіндіктен өткен сагитал адамды екі сыңарға бөледі. Маңдайға жарыс жүргізілген жазықтықты – *нұрентал жазықтық* не *нұрентал* дейді. Жатық жазықтық теңіздегі судың бетімен жарыс болады. Адамның денесінде жатық жазықтық та жүргізіледі. Жатық жазықтықты *гөризенал* деп де атайды. Денедегі үш жазықтық біріне-бірі келісе жатады.

Адамның жалпы бітімі

Бітіміне, тіршілігіне қарағанда адам да жануар санына кіреді. Жануардың омыртқалы деген тобына, емшекті деген табына жатады. Адамның тәні – бас, кеуде, қол-аяқ болып үшке бөлінеді. Бас пен кеуде дара, қол мен аяқ қос болады. Адамда екі қол, екі аяқ бар.

Адам – қос сыңарлық жануар. Жоғарыдан төмен қарай, төбеден бастап екі көздің арасы мен мұрынның үстінен, кіндіктен, шаттан өтетін қылып адамды жарсақ – адам тәні екі бөлінеді. Бас та, мойында, кеуде де екі сыңарға бөлінеді. Тәnniң әр сыңарындағы бір-бірден қол, аяқ, көз, құлақ, өкпе, бүйрек, боршалар, тамыр, сүйек секілді түрлі денедегі қос мүшелердің бір-бірден сыңары болады.

Адамның денесіндегі мүшелер екі түрлі болады: біреуі сыңарлы болады, екіншісі дара болады. Көз, құлақ, өкпе, бүйрек, түрлі борша сүйек, тамырлар қос болады. Дене екі сыңарға бөлінгенде, бұлар да сыңарланып екі бөлінеді. Қарын, жүрек, бауыр, ми, қуық

секілді денеде жалқы мүшелер де бар. Бұлардың бір қатарының өзі қос қалыппен түзелген. Денені екі сыңарға бөлгенде, бұлардың бір қатары бірдей қак ортасынан екі бөлінеді. Мәселен, мұрын, ми, қуық тәнді екі сыңарға бөлгенде, қак ортасына екі бөлінеді.

Ал енді жүрек, қарын, ішек-бауыр секілді қалған дара мүшелер тәнді сыңарлағанда не тұтасымен бір сыңарға кетеді, не бөлініп азы бір сыңарға кетіп, көбі екінші сыңарға кетеді.

Дененің өз алдына дербес, жұмыс қылатын бөлімін “мүше” дейді. Бірігіп құралып, бір жұмыс істеуге арналған бірнеше мүшені “мүше жүйесі” деп атайды. Адамның денесі бірнеше мүше жүйесінен құралған. Әр жүйе өзіне бөлек айрықша жұмыс қылса да, бір жүйенің жұмысы екінші жүйенің жұмысымен байланысты болады. Барлық жүйенің жұмысы байланысып, бүтін денеге тірлік береді.

Адамның денесі мынадай жүйелерден түзелген

1.Қаңқа не сүйек жүйесі байланысқан көп сүйектен түзеледі. Қаңқа киіз үйдің ағашындай, тас үйдің керегесіндей (қабырғасындай, дуалындай, жарындай) болып, бүтін денеге тұлға болады.

2.Ет не борша жүйесі адамның денесін қозғалту үшін жаралған. Тексергенде адамның еті бөлек-бөлек борша болады. Әр бір борша өз алдына жұмыс қылады. Сондықтан мүше болып саналады. Боршаның негізгі қасиеті – жиырылу не құрысу. Боршаның жиырылуынан, құрысуынан адамның денесі қозғалып қимылдайды. Боршаның құрысуынан жылылық пайда болады. Адамның денесіндегі жылылық ет жүйесінің жұмысынан туады.

3.Асқазан жүйесі адамның денесіндегі шығындарды толтырып тұрады. Дененің шығынын толтыру үшін ішкен-жеген асты уыттап пісіріп, сіңімді күйге келтіріп, қанға беріп тұрады.

4.Тыныс жүйесі денедегі жануға керек қышқылтуымды жеткізіп, денедегі жанудан пайда болған қышқыл көмірді сыртқа шығарып тұрады.

5.Сідік жүйесі денедегі тіршіліктен пайда болған зиянды не пайдасыз нәрселерді сыртқа шығарып тұрады.

6.Шағылыс жүйесі өсіп-өнуге керек түйіршіктерді туғызып тұрады. Еркек түйіршіктің, ұрғашы түйіршіктің қосылуынан ұрық пайда болады. Ұрық өсіп адам болады.

7. Қан таратушы жүйе не қан жүйесі бүтін денеге қанды таратып тұрады. Уытталған асты, қышқылтуымды қан бүтін денеге таратып береді. Денедегі зиянды нәрселерді жиып алып, шығарып тұрады.

8. Жүйке (неріб) жүйесі денедегі барлық мүше жүйелерін басқарып билеп тұрады. Адамның санасы, есі, көңілі, қайраты осы жүйке (неріб) жүйесінен тұрады.

9. Тері не өң жүйесі адамның денесіне қабық болып, сыртқы әсерден сақтайды. Сыртқы әсерді сезеді және де денедегі зиянды нәрселерді шығарып тұрады.

Ұлпа. Түйіршік (құжайра)

Адамның денесіндегі әр бір мүше тескеріп қарағанда бір өңкей болып жаралған нәрселерден түзелген. Бір өңкей жаралап, мүшені түзеген нәрсені “ұлпа” дейді. Мүше дегеніміз – ұлпаның жиынтығы. Жете тексергенде әр бір ұлпа көзге білінбейтін бір өңкей жараған кішкентай бөлшектерден түзелген. Ұлпаны түзеген кішкентай бөлшекті “түйіршік” не “құжайра” деп атайды. Әр бір ұлпаның өзіне меншікті түйіршігі (құжайрасы) болады. Ұлпадағы түйіршіктер не бір-бірімен түйісіп жатады, не бір-бірінен алшақтау жатып, аралары бір түрлі аралық нәстемен байланысып тұрады. Ұлпа дегеніміз – бір өңкей түзелген түйіршіктердің, құжайралардың жиынтығы. Адамның денесінде түйіршіктен жайша түзелген бөлім жоқ. Адамның денесі есебі жоқ көп түйіршіктен жаралған. Бұ түйіршіктің бәрі шындығында бір тұңғыш түйіршіктен пайда болған. Сондықтан түйіршікті (құжайраны) адамның тегі деуге болады.

Тәні жаңғыз құжайрадан түзелген дүниеде көп жануар бар. Бұларды “бір құжайралық” не “бір түйіршіктік жануар” деп айтады. Бұ жануардың түзелісі мен тірлігі адам денесіндегі түйіршіктің тірлігіне өте жақын. Сондықтан әмебі секілді, емpezер секілді бір түйіршіктік жануарды тану – адам денесін тануға көп себеп болады.

Түйіршік (құжайра)

Адам тану жолында түйіршікте көп мағана бар. Сондықтан түйіршікпен дұрыстап танысу керек.

Түйіршіктің (құжайраның) қалыбы мен құрамы. Түйіршік өте кішкене болады. Үлкендігі мелиметрдің мыңдық бөлімдерімен (мекірөнмен) өлшенеді. Түйіршіктің қалыбы домалақ, сопақ, жұлдыз, тал тағы басқа түрлі бола береді. Айналасындағы түйіршіктің қысуынан түйіршіктің қалыбы өзгергіш келеді. Сыртында қабығы бар түйіршіктің қалыбы жартып өзгермейді.

Түйіршіктің негізгі заты – шикі жұмыртқаның ағы секілді қою нәсте. Осы нәстені “шарана” не “пыратапылазым” деп атайды. Пыратапылазым су қосса, сілткі ериді; қайнатса не қышқылтқы қосса, не ауыр металдардың тұзын, алкегөл, пармелін секілді нәрсе қосса, еріп қатаяды. Пыратапылазымның ішіндегі түрлі талшық түйіршік байқалады. Бұның бір қатары пыратапылазымның өзінің түйінделген бөлімдері, бір қатары сырттан кірген шет нәрсе, бір қатары пыратапылазымның өзінің тіршілігінен пайда болған нәрсе.

Өсімдіктегі түйіршіктің (құжайраның) сыртында қабығы болады. Жануардағы, адамдағы құжайраның көбі-ақ қабықсыз келеді.

Қабығы бола қалса да тұтас болмайды, тек бос жағында, мүшенің сыртына не астарына қараған бөтен құжайрамен жалғаспаған жағында ғана болады.

Құжайраның ішінде бір неше дәні не түйіртпегі бар. Түйіртпектің қалыбы домалақ болып, заты сұйықтау келеді. Сыртында көбіне қабығы болады. Сұйық нәрсенің ішінде шумақтанған жіп секілді зат бар. Бұ затты “түйіртпектің торы” деп атайды. Тордың заты “қыраматын” мен “линін” деген нәрседен түзелген. Кей уақытта тордың заты бір неше жерінде түйінделіп тұрады. Осы түйіндерді “даншық” не “түйіртпекшік” деп атайды.

Пыратапылазымның, түйіртпектің төңірегінде бір кішкене домалақ нәрсе бар. Бұны “кіндік түйіршік” не “кіндік бүйінішік” деп атайды.

Құжайраның нағыз керек нәрсесі – пыратапылазым мен түйіртпек. Түйіртпегі жоқ құжайра өсіп-өне алмайды, өлгенге есеп. Құжайраның жаны түйіртпекте деуге болады.

Құжайраның тірі болуына қабықтың керегі жоқ. Адамдағы құжайраның көбі қабықсыз болады.

Құжайра – тірі нәрсе. Құжайрада тірліктің барлық белгісі бар. Тірліктің белгілерін айрықша айталық.

Түйіршіктегі (құжайрадағы) еңбек бөлу мен мамандық

Бос жүрген түйіршікті (құжайраны) “бір түйіршіктік” жануар дейді. Бір түйіршіктік (бір құжайралық) жануардың бітімі жап-жайша болады. Сондықтан бұны “жап-жайша жануар” деп атайды. Түйіршік турасында жоғарғы айтқан сөздің бәрі бос түйіршіктің жайында еді.

Адам – көп түйіршікті (құжайралық) жануар. Адамның денесі әлденеше миллион түйіршіктен түзелген. Бұ түйіршіктер бос жүрмейді, бір-бірімен байланысып тұрады. Өз басында еркі болып қайда болса, сонда жүре алмайды, өзіне арналған орында ғана тұрады. Адамдағы құжайрадағы бос жүрген түйіршектегі бір қатар қасиеттер жоғалады; бос түйіршікте жоқ қасиеттер пайда болады.

Байланысып тұрғандықтан, адамдағы түйіршік бір орыннан екінші орынға көшіп қона алмайды, тұрған орыннан бөтен жаққа кете алмайды.

Тірлігіне керек тамақты да, қышқылтуымды да бос түйіршік еркін кешіп жүріп, айналасындағы дүниеден алады. Байланысқан түйіршікте мұндай еркіндік жоқ. Және де адамның денесіндегі түйіршіктің көбі дененің ішінде, тереңде жатады. Айналасындағы көрші түйіршіктен басқа дүниемен қатынаса алмайды. Тірлігіне керек нәрсені өзі тауып алуға шамасы келмейді.

Байланысқан түйіршік бос түйіршіктей тіршілік ете алмайды. Күнелту үшін бұларда басқа амал бар. Басқа амалы – еңбек бөлу.

Адамдағы түйіршіктер бірнеше топқа бөлінеді. Әр топ өзіне лайықты ғана бір жұмысқа үйренеді. Бір топ түйіршік тамақ тауып, уыттап пісіріп, барлық түйіршіктерді асырауға міндетті болады. Екінші бөлек түйіршік қышқылтуымды тауып алып, бөтен түйіршіктерге жеткізіп тұру үшін жұмыс қылады. Үшінші топ түйіршік қозғалуға, қимылдауға шеберленіп, қалған түйіршіктерді қозғап тұруға шеберленеді. Осы ретше адам денесіндегі түйіршік бірнеше топқа бөлінеді.

Бір топтың түйіршігі өзінің мойнына алған жұмысына өте ұста болады. Бірақ бұнан басқа жұмысқа тым кем келеді. Тіпті істей алмайды да. Ас баптаушы бездің түйіршігі асты уыттап сіңімді күйге келтіруге ұста болады. Денедегі түйіршіктің бәрі осылардың пісірген асымен тамақтанады. Бірақ қозғалу, сезу, құрысу секілді қасиет бұларда болмайды. Еттегі түйіршік құрысуға, қимылдауға

ұста болады. Денедегі қалған түйіршіктің бәрін қозғалтып тұруға қолынан келеді. Бұ түйіршік құрысудан басқа еш нәрсе білмейді.

Бос жүрген бір түйіршікке жиылып түйінделген тірліктің түрлі белгісі байланысқан құжайраға келгенде бөлініп, бірнеше түйіршіктердің арасына таралған.

Мойнына түскен жұмыстан басқа бөтен жұмысқа олақ болып, түйіршіктің бір түрлі жұмыс істеуге ұста болуын “мамандану” дейді. Бездің түйіршігі ас баптауға маман болады. Еттің түйіршігі жиырылуға (құрысуға) маман болады. Адамның денесінде бұ секілді маман көп-ақ.

Еңбек бөлу мен мамандану көп түйіршіктің, жануардағы түйіршіктің бір төтенше қасиеті. Мамандалған түйіршік құралып, мүше болады.

Мүше деген – бірнеше жұмысқа маманданған түйіршік жиынтығы.

Мүшенің жұмысы мүшені түзеген түйіршіктің жұмысынан құралады. Мүшедегі түйіршіктің бәрі тек бір іске маман болса, мүше де тек сол іске маман болады. Мүше екі іске маманданған екі түрлі түйіршіктен құралса, мүше де сол екі іске маман болады.

Маманданған түйіршіктің қалыбы да ететін жұмысына сай болып өзгереді. Түйіршіктің қалыбы міндеттелген жұмысын өтеуге өте лайық болады. Сондықтан адамдағы түйіршіктің қалыбы да түрліше болады.

Еттегі түйіршік ұзын, жіңішке келеді. Бұның жұмысы жиырылу (құрысу), қозғалу, қимылдау, еттің құрысып-босауынан туады. Құры суға ең ыңғайлы қалып – ұзындық пен жіңішкелік.

Ұлпа

Жалғасып, байланысып жатқан бір тектес, маманданған түйіршіктерді “ұлпа” деп атайды. Ұлпа – түйіршіктен, түйіршіктерді байланыстырған аралық заттан тұрады. Түйіршіктің қалыбына қарай, түйіршікті байланыстырған аралық заттың түріне, көптігіне қарай ұлпа бірнеше түрге бөлінеді. Адамдағы ұлпа, ең алдымен, денелік ұлпа, тұқымдық ұлпа болып екі бөлінеді. Денелік ұлпа адамның денесін түзейді. Тұқымдық ұлпадан тұқым болатын түйіршік шығады. Тұқымдық түйіршіктен адамның ұрығы (төлі) пайда болады.

Денелік ұлпа бес түрге бөлінеді: 1 – өң (жабын) ұлпа, 2 – демеу ұлпа, 3 – ет (борша) ұлпа, 4 – жүйке (неріб) ұлпа, 5 – сұйық ұлпа не қан.

Әр ұлпаның денеде өзіне арнаулы жұмысы бар, түзелісі де жұмысына лайық болып, өзгеше болады.

Өң ұлпа

Өң (жабын) ұлпа адамның сыртын қаптап тұрады. Терінің сырты жабын болған өң ұлпа. Құрсак, көкірек, ішек-қарын, жүрек, қуық, кеңірдек, өкпе секілді қуысты мүшенің ішкі астар бетін астарлап тұрады. Қан ыдыстары, сідік түтіктері, без өзегі секілді денедегі түрлі түтіктің ішкі беті де өң ұлпамен астарланып тұрады. Шаш пен тырнақ та өң ұлпадан түзеледі. Өң (жабын) ұлпаны “эпители” деп те атайды.

Мекірескөппен қарағанда, жайқалған түк ұлдырап көрінеді. Сондықтан жыбырлақ түйіршік болып, жыбырлақ ұлпа болып, не жыбырлақ эпители болып та атанады.

Өң ұлпаның түйіршігі біріне-бірі жабысып тығыз жатады. Аралық заты болмайды, не кем болады. Өң ұлпаның түйіршігінде қабық болмайды. Дәні үлкен келеді.

Өң ұлпаны сырттан қарағанда үйдің жарына (дуалына, керегесіне, қабырғасына) сәйкестендіруге келеді. Әр бір керпіш – бір түйіршік. Арасындағы май балшық – түйіршіктің аралық заты. Өң ұлпаның түйіршігі бір қатар болып, не екі қатар болып, не онан да көп қатар болып жалғасып жатады.

Терінің үстіңгі қабаты – бірнеше қатарланып жатқан өң түйіршіктер. Терінің үстіңгі қабатын “эпидерім” деп атайды. Эпидерімнің ең сыртқы қабаты өлі түйіршіктер. Бұнда дән жоқ. Өлі түйіршіктен түзелген эпителиді “мүйіз” деп атайды.

Демеу ұлпа

Демеу ұлпа денедегі ұлпалар мен мүшелерді бір-бірімен байланыстырып тұрады. Бүтін денеге бекімдік береді. Істейтін жұмысына қарай демеу ұлпаның бітімі де түрлі болады. Демеу ұлпада түйіршік аз болады да, аралық зат тым көп болады. Бұл демеу ұлпаның айрықша қасиеті. Аралық заттың түріне қарай демеу ұлпа – жалғау ұлпа, шеміршек ұлпа, сүйек ұлпа болып бөлінеді.

Адамның денесінде демеу ұлпаның жоқ жері жоқ десе де болады. Сүйек, сіңір, тарамыс секілді талай мүше демеу ұлпадан түзелген. Түрлі ұлпалар бір-бірімен демеу ұлпамен байланысады. Бір ұлпаның ішіндегі бөлімдері де демеу ұлпамен байланысады. Демеу ұлпаны “арқау ұлпа” деп те атайды.

Жалғау ұлпа

Жалғау ұлпаның аралық заты жұмсақ болады. Түйіршігі аз болады. Бұл ұлпаның негізгі заты аралық зат болып, түйіршіктері аралық заттың арасында сирек жатады. Аралық заттың түріне қарай жалғау ұлпа мынадай бөлімге бөлінеді: 1 – талды жалғау ұлпа, 2 – май жалғау ұлпа, 3 – тор жалғау ұлпа, 4 – сілекей жалғау ұлпа.

Талды жалғау ұлпа. Адамның денесінде ең көп ұшырайтын ұлпа – осы. Бұл ұлпаға негіз болған аралық заты түрлі-түрлі түзелген ылғи тал болады. Тал екі түрлі болады. Талдың бір түрі көрмеге жұмсақ, жіңішке, нәзік келіп, сырықтай түзу болады. Дара күйінде ұшырамайды, ылғи топтанып, буда болып жатады. Қайнатқанда шырыш (желім) береді, талдың осы түрін “шырыш тал” не “көлеген” деп атайды. Екінші түрі тал жуан келеді, бірікпей жаңғыз-жаңғыз жатады. Көбіне не шумақ болып, не бүктеліп, не бүгіліп жатады. Қайнатқанда өзгермейді, берік, төзімді келеді. Бұл серпімді не елес деген тал.

Талды ұлпаның түйіршігі аз болады. Аралық заттың арасында анда-санда бір жерде сирек ұшырайды. Қалыбы да, қарамы да түрлі болады. Аралық нәрсе түйіршіктен туады.

Талды ұлпада шырыш тал көп болса “жай талды ұлпа” болып аталады. Жай талды ұлпаның ішінде де, сиректеу болса да серпімді талдар ұшырайды. Шырыш талдың көптігі мен жартысынан талды ұлпаның бітімі пайда болады.

Ұлпадағы тал будаларының жатысы түрліше болады. Матаның не шекпеннің жібі секілді қатар жатады, не ұйысқан қыл секілді болып ретсіз жатады. Біріне-бірі жақын болып талы тығыз жатса, ұлпаның тоқуы пысық келіп, ұлпа мата не шекпен секілді болады. Бұндай ұлпаны “пысық ұлпа” дейді. Сіңір, шандыр дегеніміз осындай ұлпадан жаралған.

Сіңірдегі талдар жарыс жатады. Шандырдағы талдар ұйысып жатады. Терінің негізі де осы ұлпадан түзелген.

Ұлпадағы тал будалары тығыз жатпай, бірінен-бірі алшақ болса және де будалар бір бағытты болмай айқасып, айқыш-шұйқыш жатса, ұлпа сабаған жүнге не мақтаға ұқсас болады. Бұндай ұлпаны “бос ұлпа” дейді. Бос ұлпа – адамның денесінде ең жайылулы ұлпа. Теріні денеге жабыстырып тұрған, борша еттің талдарын желімдеп тұрған, бөтен ұлпалардың бөлімдерін өз ара желімдестірген, бір ұлпаны екінші ұлпаға байланыстырған – осы ұлпа. Адамның денесінде бұл

ұлпаның жоқ орны жоқ. Қан тамырлар мен жүйкеде (нерібтер) осы ұлпа бойлай жүреді. Талды ұлпадағы бос болсын, тығыз болсын негізгі зат – шырыш тал. Сиректеу болып серпімді тал да ұшырайды, асқан еттегі шырыш та осы ұлпадан шығады.

Талдық ұлпада шырыш тал кем болып, не жоқ болып, серпімді, елес тал көп болса, ұлпа “серпімді ұлпа” не “елес ұлпа” болып аталады. Бұл ұлпада талдар қатарланып, тығыз болып, жарыс жатады. Бұл ұлпа орасан берік болады. Серпімді тарамыс секілді кейбір берік сіңір осы ұлпадан түзелген май ұлпа. Талды ұлпаның түйіршігінің ішіне майдың түйірі кіреді. Түйірі көбейіп, түйіршіктің ішін толтырады да, пыратапылазым мен дәнді бір шетіне қысып тығады. Май көбіне бос ұлпаның түйіршіктеріне жиылады. Түйіршіктерін май иеленіп кеткен ұлпаны “май ұлпа” дейді. Май ұлпа адамның денесінде көп ұшырайды. Терінің астындағы шел, май құйрық, бүйрек май, шарбы, сүйек май, тағы да басқа май да – бәрі де май ұлпадан түзелген.

Май ұлпадағы май – адамның азығы. Май ұлпа адамның денесін салқындықтан сақтауға себеп.

Сыртқы түрткіні (қысуды, таяқты) бәсеңдетіп, ішкі мүшелерді қолайсыз әсерден сақтауға себеп. Демеу түйіршіктен басқа түйіршік те майланып кетіп, басқа ұлпаның да май ұлпа болуы мүмкін.

Тор ұлпа. Талды ұлпаның бір түрі – тор ұлпа. Жіңішке нәзік талдар айқасып, тор болып жатады. Талдардың айқасқан жерінде бұтағы көп түйіршік жатады. Бұл ұлпа сүйек майында, талақта, лимпі түйіндерінде ұшырайды.

Сілекей ұлпа. Бұл ұлпа адамның денесінде ұшырайды. Адамның ұрығында (төлінде) болады. Бұның түйіршігі жұлдыз секілді болады. Аралық заты сілекей секілді болады. Адамдағы тұңғыш ұлпа осы. Өңге ұлпаның бәрі осы ұлпадан өреді. Бұл ұлпаны “тұқымдық ұлпа” деп те атайды.

Демеу ұлпа өте өскелең келеді. Өскелендігі – түйіршіктен демеу түйіршік аралық затты шығарады да тұрады. Өңге ұлпадағы түйіршік жас күнінде өскелең келіп, қартайған сайын өсімі кеми береді. Демеу ұлпадағы түйіршік қартайса да өскелендігін кемітпейді. Демеу ұлпаның денеде жоқ жері жоқ дедік.

Неріб, ет, без, тағы со секілді маманданған түйіршіктер өне бойы демеу ұлпаның арасында жатады дедік. Маманданған түйіршік, маманданған ұлпа бір-бір себептен ауруға шалдықса, демеу ұлпа

бұлардың орнын басады. Егінді басқан арам шөптей болады. Кей уақ бұнан адамға үлкен зиян да келеді. Демеу түйіршік майға толып, май түйіршікке айналады дедік. Бөтен ұлпаның түйіршігі де кей-кейде май түйіршікке айналады. Ұлпаның көбі май болып кетсе, жігері кемиді де, адамның тірлігіне зиянды болады.

Қан

Қан да ұлпа. Қанның аралық заты сұйық күйде болады. Сондықтан қанды “сұйық ұлпа” дейді. Қанның аралық затын “қан пылазым” не “қан шелі” деп атайды. Қан пылазымның ішінде жүріп жүрген түйіршіктер бар. Қан түйіршіктері үш түрлі: 1 – қызыл түйіршік не қызыл түйір, не еритіресит, 2 – ақ түйіршік не ақ түйір, не лейкоцит, 3 – қан тақташық не тұрамбасит. Адамның қаны денедегі тұйық ыдыста жатады. Бұл ыдысты “қан ыдысы” не “қан тамыры” деп атайды. Тірі адамның қаны ыдыстың ішінде өзеннің суындай өне бойы ағып тұрады.

Қан пылазым – су. Судың ішінде жүріп жүрген түйіршіктерден басқа еріп жүрген заттар да бар. Еріп жүрген адамның ішкен-жеген тамағынан пайда болған уыз – секер, май, түрлі тұз секілді нәрсе. Денедегі түйіршіктің бәрі тамақты қаннан ішеді. Ерулі нәрселер – түйіршіктің тамағы. Денедегі барлық түйіршіктің тірлігінен пайда болған қышқыл көмір, су секілді нәрселер де қанға түседі, бұлар да қан пылазымның ішінде еріп жүреді.

Адамда жұқпалы ауру болады. Жұқпалы аурудың көбі адамның денесіне түрлі бактердің кіруінен болады. Бактердің көбі у шашады. Бұл уды “токсин” дейді. Бактердің уына қарсы қан пылазым басытқы жасайды. Басытқыны “антитоксин” деп атайды. Антитоксин де қанда еріп жүреді. Бактердің уы жойылғанда басытқы да жойылып кетеді. Кей-кейде басытқы жойылмай, өмір бойы қан пылазымда қала береді. Қызылша, шешек секілді аурумен адамның бірден артық ауырмайтыны осы себептен.

Жаңғыз бактерге қарсы емес, ішіне кірген жат нәрсенің бәріне де қарсы қан пылазым басытқы жасайды.

Қанның ұю деген қасиеті бар. Адамның денесіндегі қан тұйық ыдыстың ішінде ағып жатады. Қан ыдыс тесіліп кетсе, тесіктен сыртқа шыққан қан ұйып қалады. Ұйыған қан тығын болып тесікті бітеп, қанның сыртқа шығуын тоқтатады. Қан ыдыстың ішіндегі қан қашан болса да ұйымайды.

Адамның денесіндегі қанда “пебіринеген” не “пебіріндегіш” деген бір нәрсе бар. Бұл – сұйық нәрсе. Қан пылазымның ішінде араласып жатады. Қанның ыдысы тесілсе-ақ пебіринегеннен “пебірін” деген нәрсе пайда болады. Пебірін – жіңішке ұзын талшық. Көп болған соң, бір-бірімен шатасып, шумақтанып, пебірін ұйысып, жүн не мақта секілденеді. Ұйысқанда қанның ішіндегі түйірлерді арасына кіргізіп алады.

Сойған малдың бауыздауынан шыққан қанды бәріміз де көрдік. Әрі-бері тұрған соң бауыздау қан ұйып қалады. Ұйыған қан анық екі бөлімге бөлінеді. Бірі – ыдыстың түбінде жатқан қанның ұйыған бөлімі. Екіншісі – ыдыстың жоғарғы жағындағы сарғыш сұйық зат; тексеріп қарағанда ұйыған бөлім пебіріннен, пебіріннің арасында ілесіп жүрген қан түйіршіктерінен түзелген.

Қанның ұйымай қалған бөлімі – сарғыш су секілді нәрсе. Бұны “сер” не “қанның сары суы” деп атайды. Серде қан түйіршіктері де, пебіринеген де, пебірін де жоқ.

Салқындықпен кейбір дәрілер қанның ұюын жайлатады. Ыстық қанды тез ұйытады. Сүліктің аузынан аққан суы қанның ұюына кедергі болады. Сүлік шаққан жерінен қан ағып, көпке дейін тоқтамайды.

Адамның не жануардың қанын суық орынға қойса не ішіне белгілі дәрі салған ыдысқа ағызса, қан ұйымайды. Бірнеше сағаттан соң ұйымаған қан ыдыста тұрып үшке бөлінеді. Ең астыңғы бөлімі күрең түсті келіп, қалың қою болады. Ортаншы бөлімі ақшыл түсті келіп, жұқа болады. Бұ да қою болады. Ең үстіңгі бөлім сарғыш түсті мөлдір су болады. Үстіңгі бөлім – қанның сары суы. Ортаншы бөлім – қандағы ақ түйірдің, лейкоциттің жиынтығы. Төменгі бөлім – қандағы қызыл түйірдің, эритроциттің жиынтығы.

Қанның қызыл болуы қызыл түйірден екендігі осы тәжірибеден анық.

Қанның қызыл түйіршігі

Қандағы қызыл түйіршіктің қалыбы ақша секілді дөңгелек келеді. Тек ортасы екі жағынан батық болады. Қызыл түйіршікте дән болмайды. Сондықтан өсіп, көбейе алмайды. Қандағы қызыл түйіршіктің саны есепсіз көп, бір текше миллиметрге сыйған қанда, жөндеме иненің көзіндей қанда төрт жарым миллиендей не бес миллиендей қызыл түйіршік бар.

Қызыл түйіршіктің туатын, өсетін жері – сүйектің майы. Сүйек майында жүргенде түйіршік – дәні бар нағыз тірі түйіршік. Сүйекте жүріп түйіршік толығып, дәнінен айырылады да, ішіне қызыл бояу кіріп, түсі қызарады. Сонан соң барып қанға кіреді. Қызыл түйіршіктің пыратапылазымы тор секілденіп түзелген. Қызыл түйіршіктің жұқа қабығы бар. Пыратапылазымның іші толған “гемегілебен” деген бояу нәрсе. Айырықша алғанда түйіршіктің түсі сарғыш келеді. Бірігіп жатқан көп түйіршікті алсақ, түсі қызыл болады, сондықтан қан да қызыл болады.

Қызыл түйіршікте гемегілебен өте көп, түйіршіктің затының онынан тоғызы осы бояу. Гемегілебеннің ішінде темір бар.

Гемегілебен – адамға өте керек нәрсе. Гемегілебеннің қышқылтуымға андастығы күшті. Ретінде келсе-ақ қышқылтуымды тартып алып қосылыс жасайды. Қышқылтуымға тойған гемегілебеннің сарғыш түсі өзгеріп, ал қызыл болады. Қышқылтуымға тойған гемегілебенді “окси гемегілебен” не “қышқыл гемегілебен” деп атайды. Гемегілебеннің қышқылтуымға андастығы күшті болса да, жасаған қосылысы берік болмайды. Бөтен бір нәрсенің қышқылтуымға андастығы азырақ-ақ күштірек болса, қышқыл гемегілебен ішіндегі қышқылтуымды со нәрсеге бере қояды да, қайтадан гемегілебенге айналады.

Адамның денесі толған қан тамыр. Қан тамырда өне бойы қан ағып жатады. Ағып жатқан қанның ішінде есебі жоқ көп қызыл түйіршік бар. Қызыл түйіршіктің іші толған гемегілебен.

Ағып өкпеге келген қанға сыртынан келген әуе кездеседі. Әуенің ішінде бос жүрген қышқылтуым көп. Гемегілебен осы қышқылтуымды тартып алып қосылыс жасап, қышқыл гемегілебенге айналады. Қанның түсі ал қызыл болады. Ішінде қышқылтуымды көп ал қызыл қанды “артер қан” не “таза қан” дейді.

Артер қан аға бара бүтін денеге жайылады. Денедегі көп түйіршіктің бәріне де барады. Тірі түйіршіктің заты өне бойы жаньп тұрады. Жану үшін қышқылтуым керек. Түйіршік затының қышқылтуымға андастығы өте күшті болады. Түйіршіктің заты қышқылтуымды аңсап тұрады. Қышқыл гемегілебендегі қышқылтуымды өзіне дереу тартып алады. Қышқылтуымнан айырылған соң қышқыл гемегілебен қайтадан жай гемегілебенге айналады. Қанның түсі өзгеріп, көкшіл қызыл болады. Ішінде қышқылтуым аз, көкшіл қызыл қанды “бене қан” не “бұзық қан” дейді.

Қандағы қызыл түйіршіктің жұмысы енді анық болды. Қызыл түйіршікте гемегілебен бар. Гемегілебен қышқылтуымды ұстап алады. Қызыл түйіршік адамның денесіндегі түйіршіктерге қышқылтуымды тасып жеткізіп беріп тұрады.

Қанның ақ түйіршігі

Адамның қанындағы ақ түйіршік, тірі түйіршік, ақ түйіршікті “лейкесит” деп те атайды. Адамның денесіндегі бос жүрген, өз еркімен көшіп-қонуға ықтиярлы жалғыз осы ақ түйіршік. Пыратапылазымдағы дәні (түйіртпегі) біреу не көп болады. Тыныш күйінде қалыбы домалақ. Денесінен бұтақ шығарып, қалыбын өзгерткіш келеді. Бұтағы арқылы жылжып қозғалады. Кейде уақ қан тамырдың жұқа тысынан өтіп, қаннан шығып та кетеді. Бұны “лейкеситтің босуы” не “емікіретсиесі” дейді.

Лейкесит әмебі деген бір құжайралық жануарға өте ұқсас. Қимылдауы да, тамақтануы да әмебінікіндей. Қанға кірген жат нәрсені лейкесит ішіне кіргізіп алып, жеп қояды. Лейкеситтің осы қасиетін “опқырлық” не “пагеситез” дейді. Лейкеситтің өзін “опқыр” деп те атайды.

Адамның денесіне түрлі бактер кіргіш болады. Өсіп-өніп, у шашып, бактерлер денені уландырады. Осы бактер мен лейкесит жауласады: жеңсе, жеп қояды; жеңілсе, қырылып қалады. Ауруды туғызған бактерге лейкеситтің әлі келмесе дене уланады да, адам аурудан өледі. Әлі келіп лейкесит жеңсе, адам аурудан жазылады. Лейкеситтің сезімі күшті. Адамның денесіне бір орыннан жат нәрсе кіріп, у шаша бастаса-ақ, осы орынға қарай тобымен лейкесит жүгіреді де, топтанып жат нәрсемен жауласа бастайды. Бұл орын лейкесит көп жиылған соң ісіп, томпайып кетеді. Ісік дейтініміз – лейкеситтің жиынтығы. Ірің дегеніміз – қырылған лейкеситтің өлімтігі.

Лейкесит – адамның іште жатқан әскері, адамның қорғаны

Лейкеситтің туып, өсіп-өнетін орны – талақ, сүйек майы, лимпі (сөл) безі. Қызыл түйіршікке қарағанда лейкеситтің саны аздау. Бір текше миллиметрге сыятын қанда алты, жеті, сегіз мыңдай лейкесит бар. Мың қызыл түйіршікке екі-үш лейкесит келелі.

Қан тақташығы

Қанда жүзіп жүретін үшінші түрлі нәрсе – қан тақташық не тұрамбасит. Қан тақташықтың не екендігі әлі анықталып шешілген жоқ. Тақташық нағыз түйіршік емес.

Бір қатар білгіштің ойлауынша, түйіршіктен бөлінген пыратпылазым кесегі. Қалай болғанда да тақташық қанда өне бойы ұшырайды.

Тақташықтың қалыбы түрлі болады. Көбіне не домалақ, не жұлдыз секілді келеді. Бір текше меллиметрге сыятын қанда екі жүз, үш жүз мындай тақташық бар. Мың қызыл түйіршікке қырық-елу тақташық келеді.

Тақташықтың жұмысы да анықталып жеткен жоқ. Білгіштердің айтуынша, тақташық қанды ұйытуға себеп болады. Және де пөбірін жасауға себепкер болса керек.

Сөл не лимпі

Қан пылазым жіңішке қан тамырдың жұқа қабығынан сүзіліп өтіп, денедегі түйіршіктердің арасына жайылады. Қанның ақ түйіршігі де жіңішке қан тамырдың тысынан өтеді. Қаннан шығып, денеге жайылған қан пылазымды “сөл” не “лимпі” деп атайды. Лимпінің ішіндегі ақ түйіршік көп болады. Лимпінің ішіндегі ақ түйіршікті “лимпісит” деп атайды. Қанның қызыл түйіршігі, тақташығы қан ыдысынан шықпайды, лимпиде бұлар жоқ болады. Лимпінің жұмысы – денесіндегі түйіршікті тамақтау. Түйіршіктегі жанудан пайда болған қышқыл көмір секілді нәрсе де осы лимпіге жыйылады.

Сүйек жүйесі

Адамның денесінің үштен екісі – су, қалғаны ғана қатты нәрсе. Қаттылық дегеніміз тіршіліктегі ағаш, темір секілді қаттылық емес, білім тіліндегі қаттылық. Сүйектен басқа нәрсенің бәрі адам денесінде жұмсақ, былқылдақ күйде болады. Адамның денесін қазақтың киіз үйімен салыстыруға келеді. Үйдің киізі, бау-шуы дененің жұмсақ бөлімі. Үйдің керегесі, уығы, шаңырағы – дененің сүйегі. Адамның денесінде отыз төрт жеке сүйек, жүз жетпіс қос

сүйек бар. Осы екі жүзден астам сүйек адамның денесіне тұлға болып, көтеріп тұр, денедегі жұмсақ нәрселерді керіп ұстап, денеге қалып беріп тұр.

Денедегі нәзік жараған тірлігі қымбат мүшелерді қоршап, сүйек бұларға қорған болып тұр.

Сүйекке ет жабысады. Еттің құрысуынан екі сүйек бір-біріне бір жақындап, бір алыстап, бүтін дененің не денедегі мүшелердің қозғалып қимылдауына себеп болады.

Денедегі сүйек – өз алдына айрықша мүше. Сүйектегі бас ұлпа – сүйек ұлпасы. Денедегі сүйекте қабық бар, сүйек майы бар, буын шеміршек бар, қан тамыр мен неріб бар. Бұларсыз жерде сүйек тірі бола алмайды. Бұлар да сүйексіз күнелте алмайды. Бұларды түзеген ұлпа сүйекке жәрдемші ұлпа болады. Өлікте сүйек ұлпадан басқаның бәрі шіріп кетеді. Біздің сүйек дейтініміз – сүйек ұлпа. Тірі сүйектің сырты сарғыштау келген ақ болады. Тірі сүйек қатты болып, серпімді келеді.

Сүйек туралы сүйек ұлпаны әңгіме қылғанда айтылған. Бұл орында сол сөзді аздау ғана толықтырамыз.

Қимие ретімен тексергенде ержеткен тірі адамның сүйегінде 50 % су бар, 15,7 % май бар, 12,4 % көмірлі нәрсе бар, 21,85 % көмірсіз нәрсе бар.

Майын алып қуратқан сүйектің үштен екісі көмірсіз нәрсе де, қалған бірі көмірлі нәрсе.

Сүйектегі көмірлі нәрсені “асеин” деп атайды. Қайнатқанда асеин желім береді.

Сүйектің ішіндегі көмірсіз нәрсенің көбі ақ. Баланың сүйегінде асеин көп болады. Үлкейген сайын асеин азайып, ақ көбейе береді. Асеин сүйекті майысқақ, серпімді қылады. Ақ сүйекті қатты берік қылады және сынғақ қылады. Асеин мен ақ сүйекте соншама қатты байланысқан; уыттамаса өздігінен айрылмайды.

Адамның сүйегінің серпімділігі емен ағаштан да артық.

Сүйектің тығыздығы гранит деген тастан да тығыз. Жез бен темірдің тығыздығымен шамалас. Тығыздығынан сүйектің беріктігі туады. Сүйектің беріктігі жез бен темірдей. Сүйек кемік, қатты болып екі бөлінеді. Бұлай болуы сүйек тақташықтардың жатуынан. Сүйек тақташықтар тор болып айқасып жатады. Тақташықтардың жатуы көрмеге ретсіз болса да, шындығында қалай болса солай емес. Сүйек архитектіренің заңымен жасалған. Сүйектің түзелуінде аз нәрселен

өте берік аспап жасау тетігі қолданған. Енженерлер берік көпір салғанда осы заманда сүйектің түзелу заңымен салады. Затының көптігі бірдей болғанда шомбал тіреуден не шомбал арқалықтан іші қуыс тіреу не іші қуыс арқалық берік болады екен. Бұл бүгінде анық нәрсе. Адамның сүйегінің қуыс болуы беріктікке себеп. Тұрған орнына лайық болған беріктік, жеңілдік, серпімдік сүйекте өте анық байқалады. Сүйек өте ұсталық жолымен жаралған нәрсе.

Сүйектің қалыбы түрліше болады. Қалыбы ететін жұмысына лайық келеді. Тұрған орнына сәйкес келеді.

Сүйекті қалыбына қарай үшке бөлуге болады: 1 – ұзын сүйек не жілік, 2 – қысқа сүйек, 3 – жалпақ сүйек.

Ұзын сүйек деп қол-аяқта ұшырайтын жілік пен жіліншікті айтады. Бұлардың іші қуыс болады, екі басы кемік болады. Сырты – қатты сүйек.

Қысқа сүйек деп омыртқаны, қолдағы, аяқтағы уақ сүйекті айтады.

Жалпақ сүйек деп жауырын, жанбас секілді сүйекті айтады. Жалпақ сүйектен ми қуысы, бөксе қуысы секілді қуыс түзеледі.

Сүйектің сырты көбіне тегіс болмайды. Ұңғылы-шұңғылы, қыры, ойы, бұтағы көп болады.

Бұлар – еттің, сіңірдің жабысатын орны. Қан тамырдың, нерібітің жататын орны, жүретін жолы.

Сүйектің байланысуы

Адамның денесіндегі көп сүйек бір-бірімен реттеліп байланысып тұрады. Денедегі реттеліп байланысқан сүйекті “қаңқа” дейді.

Сүйектің байланысуы екі түрлі болады: бос байланыс, шиіе байланыс.

Шиіе байланысқан сүйек қозғалмайды. 1 – жік; 2 – ұша не қайнап біту; 3 – қазық; 4 – сіңірмен байлану болып, шиіе байлану төрт түрлі болады.

Жік. Жіктесіп байланысу тек бастағы сүйектерде болады.

Жіктесу үш түрлі болады. Сүйектің шеті ирек тісті болса, екі сүйек тістесіп тұрады. Тістің арасы жалғау ұлпамен желімдесіп қалады. Бұл – нағыз жік. Мандай сүйек пен шеке сүйек, шеке сүйек пен желке сүйек, екі шеке сүйек бір-бірімен нағыз жікпен байланысқан. Жіктің екінші түрі – қабыршақ жік. Бір сүйектің шеті

екінші сүйектің шетін балықтың қабыршағы секілденіп басып тұрады. Адамның самай сүйегі мен шеке сүйегі осылай жіктеседі. Сүйектің шеті теп-тегіс болып біріне-бірі тиіп тұрса, бұндай жікті “үндес жік” деп атайды. Бет сүйектер осы түрмен жіктескен. Қабыршақ болса да, үндес болса да, жік аздау жалғау ұлпамен желімдесіп қалады.

Ұша. Екі сүйектің арасында желімдеп тұрған бөлек шеміршек болады. Көбіне шеміршектен басқа аздау жалғау ұлпа да болады. Құйымшақ пен жанбас, екі жанбас, бір-бірімен омыртқалар осы түрмен байланысқан. Бара-бара қартайған сайын ұшаланып біткен сүйектің көбі қайнап бітіп кетеді.

Қазық. Қазық болып тіс жақпен байланысады. Жақтың тесігіне тістің түбі кіріп тұрады. Сүйектің қабығы тістің бекім болуына себеп болады.

Сіңірлесу. Екі сүйектің арасы сіңірмен байланысып тұрады. Қары жілік пен шыбық бір-бірімен осылай байланысқан. Асық жілік пен садақ та солай. Омыртқалардың шеңбері де бір-бірімен осылай байланысқан.

Буын. Сүйектің бос байланысуын буындасу деп атайды. Буындасқан сүйек қимылдай алады. Буындасқанда екі сүйектің басы буындасады. Буындасқан сүйектің біреуінің басы жұмыр болады да, екіншісінің басы жұмыр кіріп тұратындай шұңғыл болады. Буындасқан бас жұқа жылтыр шеміршекпен қаптаулы болады. Бұл шеміршекті “әйнек шеміршек” не “буын шеміршек” деп де атайды. Буын сіңірден жасалған дорбамен қаптаулы болады. Дорбаның екі шеті екі сүйекте шеміршектің сүйекке қараған шетіне жабысып тұрады. Дорбаның ішін “буын қуысы” деп атайды. Буын қуысында әуе болмайды. Дорбаның кейбір жері, әсіресе, екі бүйірі таңғыш секілді бөлініп тұрады. Бұны дорбаның “жәрдемші сіңірі” деп атайды. Дорбаның ішкі бетін, астарын “сенебей қабық” деп атайды. Сенебей қабық желім секілді сұйық нәрсе шығарып тұрады. Бұл нәрсені “сенебей” дейді. Сенебейдің жұмысы сүйектегі шеміршекті майлап, қажатпай тұру. Әшейінде сенебей көп болмайды. Буын ауырса, сенебей көбейіп те кетеді. Кей-кейде буын дорбаның сіңір қабығы тесіліп, сенебей қабық бұлтиып сыртқа шығады. Бұлай болғанда бұны “сенебей дорбасы” деп атайды.

Сонымен, әрбір буында мынадай бөлім бар: 1 – буын шеміршегі; 2 – буын дорбасы; 3 – буын дорбасының астары, сенебей қабық; 4 – буынның қуысы.

Буын арқылы сүйек қозғалады. Буында мынадай қозғалыс бар:

1. Бүгу-жазу. Мәселен, тізедегі буында, шынтақтағы буында бүгу мен жазу бар. Аяқты да, қолды да бүге аламыз және де жаза аламыз.

2. Жақындату-алыстату. Бармақты біріне-бірін жақындатып, алыстатуға болады. Қолды денеден алыстауға болады.

3. Айналдыру. Дұрыс тұрғанда бармақтар жазулы болып, бас бармақ шетке қарап, алақан ілгері қарап тұруы керек. Қолды айналдырсақ, алақан артқа қарайды да, бас бармақ денеге қарайды. Бұлай болуы қары жіліктің басы садақпен буындасқан жерінде айналуынан.

Бір буында бірнеше қозғалыстар қатар да келеді. Бір буын арқылы бір сүйек, екі сүйек не көп байланысуға болады.

Кеуденің қаңқасы. Адам денесінің бас бөлімі – кеуде. Кеудеден басқа бас пен қол-аяқ бар. Кеудеде отыз үш не отыз төрт омыртқа бар. Он екі қос қабырға бар, бір төс сүйек бар. Кеудені баспен жалғаушы – мойын. Қол кеудеге иін сүйегі деген қосымша сүйектермен байланысады. Аяқ кеудемен бөксе сүйектері деген қосымша сүйектермен жалғасады.

Тыныс жүйесі

Денедегі түйіршікке қышқылтуымды тасып беретін – қан. Түйіршікте пайда болған қышқыл көмірді де алып кететін – қан. Қышқылтуым қанға сырттағы әуеден кіреді. Қандағы қышқыл көмір денеден сыртқа шығарылады. Қышқылтуымның қанға кіріп, қышқыл көмірдің қаннан шығуы адамның тынысынан болады. Адамның тынысы дем алу мен дем шығарудан құралады. Адамның тынысы үшін арналған мүшелерді тыныс жүйесі деп атайды. Тыныс жүйесінің бас мүшесі – өкпе. Тыныстау тетігі өкпеде болады. Өкпеге әуені кіргізіп-шығарып жол болып тұрған мүшелер бар. Бұлар – танау, тамақ, көмей, кеңірдек.

Танау (мұрын қуысы)

Дем алғанда ішке кіретін әуенің жолы танаудан басталады. Танау дегеніміз – мұрынның ішіндегі қуыс. Мұрынның түп жағы кеңсірік сүйектен, үш жағы шеміршектен түзелген. Мұрынның іші – қуыс.

Мұрынның қуысы желбезек сүйегімен, оған жалғасқан желбезек шеміршегімен екі бөлінеді. Желбезектің сүйегі мұрынның түп жағында жатады. Шеміршегі ілгергі жағында сүйекке жалғасып жатады. Сүйек пен шеміршек жалғасқанда, мұрынның ішіндегі қуысты екі бөлген перде болады. Мұрынның әрбір қуысын “танау” мен “мұрын қуысы” деп атайды. Танаудың екі тесігі бар. Алдыңғы тесігі “танаудың ауызы” не “мұрын тесігі” деп аталады. Артқы тесігі жұтқыншаққа шығады, “қуан” деп аталады.

Танаудың сыртқы қабырғасында бірінің үстінде бірі қатарланып үш өре сүйек жатады. Танаудың қуысы осы өре сүйектерден үш бөлімге бөлінеді. Бұ бөлімді “танаудың жолы” деп атайды. Жоғарғы жолы табан сүйектің қуысымен қатынасады. Ортан жолы маңдай сүйек пен жоғарғы жақтың қуысымен қатынасады. Төменгі жолы жас шығаратын бездің дорбасымен қатынасады.

Жоғарғы жол, ортан жолдың арт жағы адамның иісті сездіріп тұратын орны. Танаудың бұ бөлімін “иіскеуші бөлім” деп атайды. Танаудың басқа бөлімі – әуенің жүретін жолы. Бұ бөлімді танаудың “дем алушы” не “тыныстаушы бөлімі” дейді. Танаудың іші сілекей қабықпен астарлаулы. Иіскеуші бөлімнің сілекей қабығы сарғыштау болып, жұқалау келеді, тыныстаушы бөлімнің астары қалың келіп, қып-қызыл болады. Танаудың іші толған түк болады. Ішке кіретін әуенің қикым-сиқымының бәрі сүзіліп түкте қалады.

Жұтқыншақ

“Жұтқыншақ” (тамақ) деп танау мен ауыздың артында жатқан қуысты айтады. Жұтқыншақтың артқы керегесі мойын омыртқалардан, бұл омыртқаларға жабысқан еттен түзеледі. Алдында кереге жоқ, танаудың екі тесігі, ауыздың тесігі, көмейдің тесігі жатады. Жұтқыншақтың төбесі – бастың түбі.

Жұтқыншақтың жоғарғы жағын “танау бөлімі” дейді. Танау бөлімінің алдыңғы жағында екі қуан бар, екі жанында құлаққа баратын “есту түтігі” не “ауыстақи тұрбасы” деген ұңғылдың ауызы бар. Жұтқыншақтың төбесі күмбезденіп тұрады. Күмбезде “жұтқыншақ безі” (бадамы) деп атанған без бар. Жұтқыншақтың орта бөлімін “ауыз бөлім” дейді. Ауыз бөлімнің алды – ауыздың артқы тесігі. Әшейінде салбыратып тұрған жұмсақ таңдай жұтарда тартылып, көтеріліп, орта бөлімді жоғарғы бөлімнен бөліп, екі араға перде болады.

Жұтқыншақтың төменгі бөлімін “көмей бөлім” дейді. Бұ бөлімнің алды көмейдің жоғарғы шеміршектерінен түзеледі. Көмейдің жоғарғы шеміршектері төменнен жоғары қарай жұтқыншаққа кіріп тұрады. Сондықтан көмей шеміршектің екі жағында, тамақтың түбінде екі кең қуыс пайда болады. Бұ қуысты “нақ секілді қуыс” дейді.

Жұтқыншақтың түбі сүйірленіп барып, алтыншы мойын омыртқаның қатарында өңеш болып кетеді. Көмей шеміршектері өңештің алдында жатады.

Шеміршектердің ортасында көмей тесігі бар. Жұтқыншақта тыныс жолы мен ас жолы айқасады. Жұтқыншақта жеті тесік бар: екі қуан, екі есту тесігі, ауыздың тесігі, өңештің ауызы, көмейдің ауызы.

Көмей

“Көмей” не “көмекей” деп кеңірдектің ең жоғарғы кең бөлімін айтады. Көмейдің тұрқы бесінші мен жетінші мойын омыртқасының арасында жатады. Жоғарғы жағында жұтқыншақ бар, төменгі жағы созылып барып кеңірдек болады.

Көмейдің қалқасы үш дара шеміршектен және де үш-төрт кішкене қос шеміршектен түзелген.

Көмейдің ең жоғарғы шеміршегі – жүзік шеміршек. Бұ шеміршектің арты жүзіктің жалпақ көзі секілді, алдыңғы бөлімі жіңішке сақина секілді. Көмейдің негізі – осы шеміршек. Басқа шеміршектер осыған жалғасып тұрады.

Қалқан шеміршек – көмейдегі ең ірі шеміршек. Біріне-бірі көлденең түйіскен екі қалақ шеміршектен түзелген. Екі қалақтың түйіскен қыры мойынның ең алдында бұлтиып ілгері шығып тұрады. Жалпы сөйлегенде жұрттың жұтқыншақ дейтіні – осы бұлтиған қыр. Қырдың үсті алдыңғы жағынан ойық келеді. Қалқанның арты ашық болады. Бұл ашыққа астыңғы жағынан жүзік, шеміршектің жүзігі кіріп тұрады. Қалқанның артында жалпақ сіңір бар. Бұ сіңір мен қалқан тиек сүйекпен байланысады. “Көмей қақпағы” деген шеміршек – тіл секілді сүйірлеу келген шеміршек. Қақпақ шеміршектің түбі қалқанның ойығына кіріп, жоғарғы жағы бос болады. Кейін қарай имиіп тұрады.

Жұтынғанда, жұтқанда көмей жоғары көтеріледі де, қақпақ шеміршек бұрынғысынан да иіліңкіреп, көмейдің жоғарғы жағын қақпақтап жауып тастайды.

Көмейді түзеген қос шеміршектің ең үлкені – “шөміш шеміршек” деген шеміршек. Бұл шеміршек көмейдің артында, жүзік шеміршектің үстінде жатады.

Көмейдің басқа шеміршегі соншама уақ, оны сөз қылмаса да болады.

Көмейдегі шеміршектер бір-бірімен буындасып та, сіңірлесіп те жалғасып жатады. Екі шөміш шеміршек жүзік шеміршекпен буындасып байланысады. Көмейдің іші-сыртында ет көп. Көмейдегі ет – жолақ ет. Еттердің жиырылуынан көмейдегі шеміршектер жылжысып, көмейдің қуысы кеңіп, тарылады. Шөміш пен жүзіктің арасындағы буынның қозғалуынан көмей қуысы кеңиді.

Дыбыс сіңірі. Дыбыс

Көмейдегі көп сіңірдің ішінде “дыбыс сіңірі” не “дыбыс үлпілдегі” деген бір сіңір бар. Бұл сіңір көмейдің ішінде қуыстың екі бүйірінде ілгеріден кейін созылып жатады, алдыңғы шеті қалқанға жабысып, артқы шеті шөміш шеміршекке жабысады.

Көмейдің іші сілекей қабықпен астарланған. Бұл қабықта сілекей туатын уақ без көп. Астар қабық дыбыс сіңірді де жауып тұрады. Екі дыбыс сіңір көмейдің қуысын тарылтып жібереді. Екі сіңірдің арасындағы қуысы алдан артқа созылған жарықша секілденіп қалады. Сіңірдің арасындағы тар жарықшаны “дыбыс тесігі” дейді.

Дем алғанда дыбыс сіңірі қозғалмайды, арасындағы тесігі ашық тұрады. Сөйлегенде, дыбыс шығарғанда көмейдің шеміршектері қозғалады да, екі сіңір керіліп кетеді. Керілгенде екі сіңір біріне-бірі жақындасып қатарланып қалады.

Екі дыбыс сіңірдің үстіңгі жағында жарыс жатқан екі қыртыс бар. Бұны “жалған дыбыс сіңірі” деп атайды. Жалған сіңірдің дыбыс шығаруға қатынасы жоқ.

Дем шығарғанда өкпеден сыртқа шыққан әуе (дем) керіліп тұрған сіңірді тербелтеді. Керілген домбыраның шегін қолмен тербелтсек, дыбыс шығады. Со секілді тербелген, сол керілген дыбыс сіңірі де дыбыс береді. Керілмей, солып жатқан сіңір дыбыс шығармайды. Дыбыстың жіңішкелігі, күші, түсі болады. Ретті тербелуден пайда болған дыбысты “тон” дейді. Тонның жіңішкелігі адамның құлағының сынына келеді. Ретсіз тербелуден пайда болған дыбысты “шу” дейді. Шудың жіңішкелігі құлақтың сынауына келмейді.

Дыбыстың жіңішкелігі ішектің (сіңірдің) өз қасиетінен туады. Сіңірді қозғалтқан әуенің күші қандай болса да бәрі бір. Ішек қысқа болған сайын дыбыс та жіңішке бола береді. Ішек ұзарған сайын дыбыс та жуандай береді. Баланың көмейі кішкене келеді, дауысы да жіңішке шығады. Он төрт, он беске келгенде еркектің көмейі өсіп кетеді. Дыбыс сіңір де ұзарады. Әйелдің көмейі өмір бойы кішкене болып қалады. Еркектің дауысы баланың не әйелдің дауысынан қашанда жуан болады.

Ішектің жуандығынан да дыбыстың жуандығы өзгереді. Жуан ішектің дыбысы да жуан келеді. Қобыз секілді ойын аспаптың дыбысын жуандатам дегенде ішегін жіппен не сым темірмен орап тастайды.

Суық тигенде адамның дыбыс сіңірі ісініп кетеді де, дауысы жуандап кетеді. Дауыстың қарлығы көмейдегі дыбыс сіңірдің ісінуінен.

Дыбыстың жуандығы ішектің керілуінен де өзгереді. Ішек қатты керілсе, дыбыс жіңішке болады. Ішектің керілуі босаған сайын, шығарған дыбысы да жуандай береді.

Адамның дыбыс сіңірі қалқан мен шөміш шеміршектің арасында тартулы тұр. Сіңірді көру үшін, осы екі шеміршекті бірінен-бірін алыстату керек. Көмейдегі еттердің жиырылуынан қалқан ілгері, кейін қозғалып тұрады. Адам жіңішке дауыс шығарғанда, қалқан ілгері кетеді де, дыбыс сіңірі керіліп тұрады.

Дыбыс сіңірінің тербелуі жиі болған сайын адамның дауысы да жіңішке береді.

Адамның құлағы тербелуі бір секундте он алтыдан кем болмаған, қырық мыңнан артық болмаған дыбысты ғана естиді. Дыбыстың тербелуі қырық мыңнан артық болса, не он алтыдан кем болса, адамның құлағы дыбысты ұстай алмайды.

Адамның көмейінен шыққан дыбыс кернейден шыққан дыбыс секілді, тырнаның дауысы секілді.

Адамның дауысындағы “дауысты дыбыс” деген дыбыстың түрі көмейден шыққан дыбыста жоқ. Көмейден шыққан дыбыс жұтқыншақ, ауыз, танау қуыстарында жаңғырығып өзгереді. Көмей дыбысына жаңадан дыбыс қосылып, адамның дыбысы, үні пайда болады.

Көмей дыбыстың жұтқыншақта, ауызда жаңғыруынан әр адамның өзіне лайықты дауысы болады. Қойлыбайдың дауысы бір түсті.

Жылқыбайдың дауысы екінші түсті болады. Адамды көрмей тұрып-ақ дауысынан тануға болады. Дыбыстың осы қасиетін “дыбыстың түсі” не “тембірі” дейді. Дыбыстың түсі, тембірі тербелудің қалыбынан болады.

Кей дыбыс қатты болады, кей дыбыс ақырын, жай, жұмсақ болады. Дыбыстың қаттылығын, нәзіктігін “дыбыстың күші” дейді. Дыбыстың күші тербелудің құлашынан болады, тербелудің құлашы ұзын болған сайын дыбыстың күші де артады.

Дыбыс бір нәрсенің дірілдеуінен пайда болады. Нәрсенің дірілдеуі айналасындағы әуені тербелтеді. Бұ тербелу құлаққа барып, дыбыс болып сезіледі.

Тербелу дүркін-дүркін келіп ретті болса, мұндай тербелуден туған дыбысты “тон” деп атайды дедік.

Тербелу дүркінді келмей, ретсіз болса, мұндай тербелуден туған дыбысты “шу” дейді дедік.

Көмейден шыққан дауыста тон болады. Адамның дауысы көп тоннан құралады. Адамның дауысындағы негізгі тон – көмейден шыққан тон. Бұ тонға қосылатын көп қосымша тондар көмейден жоғарғы жұтқыншақ, ауыз, ұрт, танау секілді қуыстарда пайда болады.

Адамның дауысында дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс бар.

Бұлар жоғарғы көрсетілген қуыстардың көбіне ауыздың қалыбының өзгеруінен пайда болған түрлі қосымша тондардың негізгі тонға қосылуынан туады.

Кеңірдек

Көмейдің төменгі жалғасы – кеңірдек. Кеңірдек – шеміршектен түзелген түтік. Кеңірдектің жоғарғы басы жетінші мойын омыртқаның деңінде жатады. Бесінші көкірек омыртқаның деңінде кеңірдек екі бөлінеді. Кеңірдектің ұзындығы 10-12 сантиметр. Кеңірдек бірінің үстіне бірі мініп тұрған шеміршек сақиналарда түзелген. Сақинаның арт жағы ғана шандыр болып, өңге жағының бәрі шеміршек. Кеңірдектің шандырдан түзелген арты жұмсақтау келіп, шеміршектен түзелген жері қаттылау келеді. Кеңірдектегі шеміршек сақинаның саны кемінде 15 болады да, артығында 25 болады.

Кеңірдек жотамен жарысып, мойынның алдында, көкіректің ішінде ұзын бой созылып жатады. Кеңірдектің артында өңеш жатады.

Кеңірдектің шеміршегі жалпақ ұлпамен байланысады. Кеңірдектің сырты қынап болып жатқан ет болады.

Кеңірдектің астары – сілекей қабық. Бұ қабықтың эпители түкті келеді. Сілекей қабықта сілекей без көп. Сырттан кеңірдекке кірген тозаң астардағы сілекейге жабысып қалады да, түктің жайқалуынан тамаққа қарай айдалып, қақырық болып шығады.

Бесінші көкірек омыртқаның тұсында екі айырылып, кеңірдек екеу болады. Оң кеңірдек, сол кеңірдек пайда болады. Айырылған екі кеңірдекті “бұранак” деп де атайды.

Оң бұранық (бұтақ) жуантық келіп, қысқа болады. Сол бұтақ (бұранық) тарлау келіп, ұзындау болады. Өкпеге жеткен соң оң бұранық үш бөлінеді, сол бұранық екі бөлінеді.

Өкпеге кіріп алып бұранық бұтақтайды. Кеңірдектің бұтақтағаны ағаштың бұтақтағаны секілді, бұтақтаған сайын кеңірдектің тарамы жіңішкере береді де, көбейе береді. Ақырында өкпенің іші толған қыл кеңірдек болады. Қыл кеңірдекте шеміршек жайылып кетеді. Қыл кеңірдек ет пен шандырдан түзеледі. Өкпенің сыртына таялған жерде қыл кеңірдектің үші күмбезденіп кетеді. Бір қыл кеңірдектің үшінде бірнеше күмбез болады. Күмбез шоқтанып, көрмеге жүзімнің шоғы секілденіп тұрады. Қыл кеңірдекті “бұранықиал” деп атайды. Бұранықиалдың басындағы күмбезді “өкпенің ұясы” не “өкпенің албиелі” дейді. Ұяның қабығы бір қабат эпителиден түзелген.

Өкпе

Адамның өкпесі екеу. Екі өкпені кеңірдек қосып тұрады. Екі өкпенің арасында, көкіректе жүрек пен жүректен шыққан қан ыдыстың бастаулары жатады. Өкпенің төменгі жағы көк шандырға тиіп тұрады, ойыс келеді. Жүрекке қараған беті дөңес келеді. Кеңірдектің өкпеге кірген орнын “есік” дейді. Есіктен кеңірдекпен қатар қан тамырлар да, нерібтер де кіреді. Қан тамыр да, неріб те өкпенің ішінде кеңірдектерді қуалап, бұтақтап кетеді.

Оң өкпе үш бөлінеді, сол өкпе екі бөлінеді.

Оң өкпе сол өкпеден үлкендеу келеді. Өкпенің бөлімдері тілім-тілім болып тұрады. Біріне-бірі түйісіп жатады. Өкпенің сырты қалта (сер) қабықпен қаптаулы. Бұл қабықты “пілеуір” деп атайды. Пілеуір өкпені тыстайды да, жалғасып барып көкіректің қуысын

астарлайды. Сонымен, екі пілеуір пайда болады. Біреуі өкпені тыстаған өкпелік пілеуір, екіншісі көкірек қуысын астарлаған қабырғалық пілеуір. Екі пілеуір беттесіп жатады. Өкпе қимылдағанда, біреуі екіншісіне сүйкеліп тұрады. Екі пілеуірдің арасы қуыс болады. Бұл “пілеуір қуысы” болып аталады. Пілеуір қуысында аз-кем сұйық нәрсе бар. Сондықтан пілеуірдің беттескен беті дымқыл болып, қажалмайды.

Өкпе бұтақталған кеңірдектерден тұрады. Әрбір қыл кеңірдектердің үші күмбезденіп, бірнеше албиел болады. Үшіндегі албиелімен бір қыл кеңірдек “өкпенің бөлімшігі” деп аталады. Шынында, өкпе есепсіз көп бөлшектен түзелген. Өкпедегі албиелдің саны сегіз жүз миллионнан артық. Әрбір албиел бір қабат эпителимен тыстанған дедік. Есіктен өкпеге кірген қан тамыр кеңірдекті қуалап, бұтақтап келіп, бөлімшікке жеткенде капилерленеді. Албиелдің тысы толған қан капилерлері болады.

Тыныстау тетігі

Өкпе көрік секілді. Сырттағы әуе өкпеге бір кіріп, бір шығып тұрады. Ішіне әуе кіруге өкпе жазылып, ішіндегі қуыс кеңу керек. Ішінен әуе шығару үшін өкпе қуырылып, ішіндегі қуыс тарылу керек.

Өкпеде ет жоқ. Өкпе өздігінен жүрек секілденіп соға алмайды. Өкпені қозғап, бір кеңітіп, бір қуырып тұратын көкіректің қозғалысы.

Өкпе көкіректі толтырып тұрады. Өкпенің ішіндегі кеңірдек түтіктері әуемен қатынасады. Өкпенің өзі сыртынан әуемен ешбір жерде қатынаспайды. Өкпенің сырты пілеуір қуысы. Пілеуір қуысы – тұйық қуыс. Сыртқы әуемен тіпті қатынаспайды. Дем алғанда көкірек кеңиді де, өкпеге әуе кіреді. Көкірек кеңісе, пілеуір қуысы да кеңиді. Сырттан кірген әуе өкпені ықтиярсыз керіп кетеді де, керілген өкпе пілеуір қуысын бос қоймай толтырады.

Пілеуір қуысы жағынан өкпенің сыртынан өкпені қысатын күш жоқ. Өкпені ішінен сыртына қарай, пілеуір қуысына қарай сырттан кірген әуе қысады. Сондықтан өкпе ықтиярсыз керіледі.

Ішінде қышқыл көмірі көп, бұзылған қан жүректен өкпеге кіреді. Бұ қанды алып-келіп тұрған өкпе артері. Өкпе артер албиелерде капилерленеді. Ішіндегі қышқыл көмірді сыртқа шығарады да, әуеден қышқылтуымды ішіне кіргізіп алады. Екі газдың алмасуы

кезектелініп тұрған дем алу менен дем шығарудан болады. Көкіректің кеңіп, өкпенің керіліп, әуенің өкпеге кіруін “дем алу” дейді.

Көкіректің қысылып, өкпенің тарылып, өкпенің ішіндегі әуенің сыртқа қуылып шығуын “дем шығару” дейді. Кезектескен дем шығару мен алуды “тыныстау” деп атайды.

Дем алу мен дем шығару

Дем алғанда көкірек кеңиді. Әшейін уақытта адамның қабырғасы салбыраңқы тұрады. Дем алғанда қабырғалар көтеріледі. Қабырға көтерілгенде көкірек алдына теуіп, екі бүйіріне теуіп кеңиді. Қабырғалардың көтерілуі бірнеше еттің жиырылуынан. Бұлар мынау:

1) Бір шеті мойын омыртқаларға жабысқан, екінші шеті жоғарғы екі қабырғаға жабысқан басқалдақ ет (борша деген ет);

2) Қабырғаның арасындағы аралық еттер. Екі көрші қабырғаның арасында екі қабат ет айқасып жатады. Қабырғаның арасында айқасып жатқан етті қабырғадағы “аралық ет” дейді. Басқалдақ ет пен аралық ет жиырылғанда қабырғаның бәрі жоғары көтеріледі де, көкірек кеңиді. Көкіректің кеңуіне екінші себеп – көк шандыр деген еттің жиырылуы; көк шандыр – дененің қуысын екі бөліп, көкіректің төменгі шегі болады. Көк шандыр күмбезденіп жатқан ет. Көк шандырдың етегі еттен жаралған да, күмбезі шандырдан жараған. Көк шандырдың етегі көкіректің айнала төменгі ернегіне жабысып тұрады.

Күмбезі көкіректің ішіне кіріп тұрады. Көк шандыр жиырылғанда күмбезі тартылып, жалпыып кетеді. Көкірек кеңиді де, құрсақ тарылады. Көк шандырдың жиырылуынан көкірек төмен қарай кеңиді.

Дем алғанда танау да кеңиді, көмей де төмендейді, дыбыс тесігі де ашылып кеңиді, ауыздағы салбырап тұрған жұмсақ тандай да көтеріледі. Дем алғанда көкірек кеңиді дедік. Көкірек кеңігенде сырттағы әуе танауға кіріп, көмейден өтіп, кеңірдекпен жүріп, өкпенің ішіне кіріп, өкпені ықтиярсыз кереді.

Өкпенің заты серпімді ұлпадан түзелген. Өкпе ірезенке секілді керіле береді.

Қабырғаны көтерген еттер (боршалар) мен көк шандыр жиырылуын қойып солғанда, көкірек өзінің салмағынан-ақ бұрынғы қалыбына барады да, тарылады. Өкпе де өзінің серпімдігінен бұрынғы қалпына барады, қысылады. Өкпе қысылғанда ішіндегі әуенің көбі сыртқа еріксіз айдалып шығады.

Бір мүйнетте адам он алты шамалы дем алады. Жүрек төрт соққанда адам бір дем алады. Жұмыс қылғанда, қызғанда дем алу жиіленеді. Бір жасар бала мүйнетіне қырық төрт дем алады. Өскен сайын баланың дем алысы да сирекси береді.

Жайымен тыныстағанда, еркек пен баланың көкірегі көк шандырдың жиырылуынан кеңиді. Бүйткенде қабырға жарытып көтерілмейді. Бұлардың дем алуын “құрсақ тыныстауы” дейді.

Әйелдің көкірегі қабырғаның көтерілуінен кеңиді. Әйелдің көк шандыры жарытып жиырылмайды. Бұны “қабырға тыныстауы” дейді.

Дем алғанда сырттағы әуе танауға кіреді. Танауда жылынады. Танауда буға қанады. Танаудағы түк әуені сүзіп, ішіндегі қиқым-сиқымды алып қалып, тазартып өткізеді.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.– 289-309 бб.

ЖАНУАРЛАР

Үшінші бөлім

(Үзінділер)

БУЫН-АЯҚТЫЛАР

Буын-аяқтылар (Arthropoda) тобына құрт-құмырсқалар, өрмекшілер, шаяндар, қырық аяқтылар деп аталған жануарлар кіреді.

Бұлардың денесі қос сыңарлық қалыпты, ұзыннан бір неше сегменттерге бөлінеді. Сегменттері жауын құрттікіндей қалыптас бірдей емес, түрлі-түрлі.

Дененің бір бөліміндегі сегменттер жалпы қарағанда бір-біріне ұқсас келсе де, шындығында әр қайсысы өзіне бөлек айрықша түзелген. Бір неше сегменттер көбіне бірігіп бітеді.

Буын аяқтылардың денесі сыртынан қитын деген қатты қабықпен қаптаулы болады.

Сегменттердің сыртында мұрт, барлауыл, аяқ, қысқаш деп аталатын жүру, сезу, кесу, ұстау, шайнау секілді жұмыс қылатын түрліше бұтақтары болады.

Бұтақтар буын-буын болып түзелген, сондықтан осы топқа кірген жануарлар буын-аяқты болып аталады.

Осы топқа кірген жануарлардың денесінің ішінде ұзын бой жатқан түтігі болады. Бұл ас баптаушы (пісіруші) түтік (асқазан). Асқазанның бас жақтағы тесігін ауыз, арт жақтағы тесігін артқы тесік (көтен) деп атайды.

Астүтіктің астында жануарлардың бауыр жағында жарыса ұзын бойы неріб тізбесі жатады. Әрбір сегментте неріб тізбенің түйіні мен жан – жағына тараған бұтақтары (нерібтері) болады.

Астүтіктің жоғарғы жағында жануардың арқасына жақын арқалық қан ыдысы деген, не болмаса жүрек деген түтік жатады. Бұ түтіктің екі басы ашық болады. Қан ыдысы тұйық болмай, ашық болғандықтан, буын аяқтылардың қаны бүтін денеге жайылулы болады.

Буын-аяқтылар не желбезек арқылы дем алады, не кеңірдек (тырақиа) деген құрама түтік арқылы дем алады.

Буын-аяқтылар жұмыртқалап көбейеді. Кей біреулері жұмыртқадан бірден бой жеткен жануарға ұқсас болып шығады. Бұларды түрленбей өсуші дейді.

Кей біреулері жұмыртқадан толыққан жануарға шала ұқсас болып шығып, бала күнінде бірден-бірге өзгеріп толығады. Бұларды шала түрленіп өсуші дейді.

Үшінші түрлі буын-аяқтылар жұмыртқадан шыққанда үлкен жануарға тіпті ұқсас болмайды. Бұлар түрлі қалыпқа кіріп, бір неше рет өзгеріп барып толыққан жануардың қалпына келеді. Бұлардың өзгергендегі түрлері сырттан қарағанда бір-біріне ұқсас болмай, танымастай айрықша келеді. Жана да бір түрден екінші түрге өтуі сырттан қарағанда бірте-бірте болмайды, бірден болады. Жануарлардың бұлай болып өсіп жетісуін метеморпаз йәки толық түрленуі дейді. Былай болып жетісетін жануарларды толық түрленуші деп атайды.

Буын-аяқтылар төрт топқа:

- 1) құрт-құмырсқалар (Insecta),
 - 2) су шаяндар (Crustacea),
 - 3) өрмекшілер (Arachnoidea),
 - 4) қырық аяқтар (Myriapoda)
- болып бөлінеді.

БІРІНШІ ТАП

Құрт-құмырсқалар

Құрт-құмырсқалар (Insecta) табына кіретін жануарлардың түрі өте көп. Жер жүзіндегі жануарлардың түрі екі жүз жетпіс мыңдай деп саналса, жалғыз құрт-құмырсқалардың түрі-ақ екі жүз мыңдай.

Мұнша көп жануарларды түстеп жату тым қиын. Бұлардың дене түзелісі бір-біріне ұқсас болып, бәрі бір қалыппен жаралған соң, бұлармен танысу жеңілденеді.

Бұ тапқа кіретін жануарлардың көбі-ақ ұшады, сондықтан денесі ұшуға лайықталып түзелген.

Құрт-құмырсқаның денесі бас, көкірек, құрсақ деген үш бөлімге бөлінеді. Көкірек пен құрсақты кеуде деп атайды. Баста төрт қос бұтақтары болады: екі мұрты, үш қос жағы, кейінгі қос жағы бірігіп бітсе, төменгі ерін делініп те аталады.

Көкірек үш бөлімнен (сегменттен) құралады. Көкірек бөлімдерінің бәрінде де екі-екіден аяқ болады. Жана да соңғы екі бөлімінде екі-екіден қанат болады.

Құрсақ та бірнеше бөлімдерден (сегменттерден) түзеледі.

Құрт-құмырсқалармен жөндеп танысу үшін Отанымызда жиі ұшырайтын шегірткені алып тексерейік.

ШЕГІРТКЕЛЕР (LOCUSTA VIRIDISSIMA)

Шегірткелердің сыртқы бітімі

“Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, құс қанатты, құмырсқа ізді, бота тірсекті” деп қазақтың жұмбағында шегірткені сүгіреттейді.

Қазақтың бұл айтуы шегірткенің сыртқы бітіміне дұп-дұрыс келеді.

Шегірткенің денесі бас, көкірек, құрсақ деген үш бөлімге айрылады. Бөлімдердің әр қайсысы да бірігіп тұрған буындардан (сегменттерден) құралады.

Шегірткенің сырты қитын деген қабықпен қаптаулы. Орнына қарай қитынның қалыңдығы да, қаттылығы да түрліше. Сегменттердің жалғасқан орнында қитын өте жұқа, жұмсақ, сондықтан сегменттер қимылдағыш келеді.

Шегірткенің басы жылқының басына өте ұқсас. Мойны қысқа, жіңішке. Бастың жан-жаққа қимылдауы еркін. Екі шекеде екі бадырақ көзі бар. Көздің алдында бір-бірден екі ұзын мұрты (мүйізі) бар. Мұрт дененің тұрқынан ұзын. Буын-буын мұрт – шегірткенің сезім мүшесі. Шегіртке мұртымен иіскеп, сипап сезеді.

Бастың төменгі жағында аузы бар. Ауыздың екі жағында екі-екіден төрт жағы бар. Жоғары да, төмен де ауызды айнала жатқан екі ерін бар.

Жоғарғы жағы (екеу) қатты қитыннан жаралған өткір орақ. Орақтың жүзі біреу. Екі орақ айқасқанда, қайшыдай қияды.

Төменгі жақ (екеу) өткір тақташық. Төменгі жақтан салбырап шығып тұрған, буындалып түзелген бір-бірден жақ барлауылдары бар. Шегіртке жүргенде осы барлауылдармен тіміскілеп, жерді қармалап жүреді.

Жоғарғы ерін тақташық секілді. Төменгі ерін де құрама тақташық. Төменгі еріннің барлауылы бар. Барлауыл – сезім мүше. Шегірткенің басы шындығында буындасқан бір неше бөлімшелерден түзелген. Бастың құрама екені көзге жарытып байқалмайды.

Көкірек те үш сегменттен құралған. Әр сегментте екі-екіден аяқ бар. Әр бір аяқ жалғасқан бір неше бөлімдерден жаралған. Аяқтың денеге жабысқан топшыдағы бөлімін жанбас дейді. Жанбастан соңғы кішкене бөлімді ұршық дейді. Ұршықтан соң келетін ірі бөлімді сан деп атайды. Саннан соңғы бөлім – сирақ. Сирақтың сырты тікен. Сирақтан соңғы бөлімді аяқтың үші не

табан дейміз. Аяқтың үші бір неше буындасқан бөлімдерден түзелген. Аяқтың үшінде екі тырнағы (тұқайы) бар.

Шегірткенің артқы аяғы өңге құрт-құмырсқаларға қарағанда өте ұзын болады, секіруге жұмсалады.

Жүргенде шегірткенің аяқтары кезектесіп көтеріледі. Үш аяғы көтерілгенде, қалған үш аяғы жерге тиіп тұрады. Бір жағындағы бірінші, үшінші аяқ пен екінші жағындағы екінші аяқ қатар көтеріледі.

ТӨРТІНШІ ТАП

Қырық аяқтылар

Бұл тапқа жауын құрт секілденіп, денесі буын-буын болып жараған жануарлар кіреді. Бұлардың денесі ұзын болып, жұмыр не жалпақ келіп буындасқан көп бөлшектен түзеледі. Бөлшек бір-біріне өте сәйкес болып жараған. Бөлшектің сыртында қатты қабығы бар. Әр бір бөлшекте ең кемі бір-бір қос аяғы бар. Сондықтан жануардың аяғы көп болады.

Денесінде кеудесінен айрықша тұрған басы бар. Көкірегі мен құрсағы бірігіп біткен. Аузы – шайнаушы құрал. Сыртқы дене түзелісі құрт-құмырсқадан айрықша болса да, ішкі мүшелері құрт-құмырсқанікіндей болып түзелген. Демді кеңірдек (тырақиа) арқылы алады. Кеңірдектәрі өте қалың болып бұтақталған. Демалыс тесіктері әр бөлшектің жанында жатады. Бастан құйрыққа дейін созылып, түзу түтік болып ас қазаны жатады. Жүрегі де ұзын бойы созылып жатқан түтік. Денеде неше бөлшек болса, жүректе де сонша бөлім бар. Неріб құрылысы да нерібпен байланысқан түйіндерден түзелген. Құрт-құмырсқанікі секілді қырық аяқта түкірік без бен бүйрек бар. Қырық аяқ жұмыртқа салып көбейеді. Жұмыртқадан шыққан бала қырық аяқ шала түрленіп жетіседі. Сөзді қорытқанда: қырық аяқтың көп тең бөлшектерден құралған ұзын жұмыр денесі бар. Басы кеудесінен айрықша. Кеудесі көкірек пен құрсаққа бөлінбейді. Аузы – шайнаушы құрал. Ең кемінде бөлшек сайын екі аяғы бар. Қанаты жоқ. Демді кеңірдек арқылы алады. Шала түрленіп жетіседі. Қырық аяқтың басында екі мұрты болады. Қырық аяқтың көбінде көз болмайды. Кей біреуінде бастың шекесінде жай көздері болады. Жаңғыз жарымында кестелі көз де бар.

Қырық аяқ қараңғы орында, дымқыл жерде, тастың, шөптің астында тасада жүреді. Қырық аяқ – түнгі жануар. Күндіз жасырын жатып, түнде шығып, тамақ аулайды. Қырық аяқтың түсі қара қоңыр келеді.

Кей біреуінің жемі – шөп, түрлі шірік, кей біреуі жыртқыш келіп, түрлі құрт-құмырсқаны аулап жейді.

Қырық аяқтың түрі

Қырық аяқтың түрі көп. Көбіне ыссы жақта болады.

Кеусек

Кеусектің (*Sulus terrestris*) ұзын жұмыр бөлшек сайын екі қос аяғы бар, жайымен жорғалап жүреді. Жемі – шөптің тамыры. Зиянсыз мақлұқ. Қорыққанда жиырылып, домаланып қалады.

Скелепендір

Скелепендірдің (*Scolopendra*) денесі жоғарыдан төмен қысылған қалақтау келеді. Ұзындығы он сантиметрдей болады. Бөлшегі сайын екі аяғы бар. Бірінші аяқтарының үші тырнақты келеді. Тырнақтан шығатын уы бар. Скелепендір – жыртқыш. Жемін ұстап алып, тырнағын тығып, жемін улап өлтіреді. Уы күшті болады. Адамға да қауып. Скелепендір Қырымда, Қапқазда ұшырайды.

ЖАНУАРЛАР ТУРАЛЫ ЖАЛШЫ ҰҒЫМ

(Райкептен)

Жануар – тірі мақлұқ. Денесі құжайралардан түзелген. Тіріліктің мынадай белгісі бар: 1) Қозғалу. Жануар қозғалады. Бір орыннан екінші орынға көше алады; 2) Демалу. Жануар ішіне қышқылтуым кіргізіп, ішінен қышқыл көмір шығады; 3) Тамақтану. Жануар ішіне әр түрлі нәрсені кіргізеді. Бұларды өзгертіп, баптап, өзінің тірлігіне керек нәрсеге аударады; 4) Сондықтан жануардың салмағы көбейіп, тұла бойы ұлғаяды. Екінші сөзбен айтқанда, жануар өседі, толығады; 5) Жануар сезеді; 6) Жануар көбейеді. Көбею деген өзі секілді нәрселерді жарату.

Жануардың денесі әр түрлі қалыпты болады. Жап-жайшалар секілді біреулерінің қалыбы өнемейіндік болмай, яғни өзгеріп тұрады. Екіншілерінің, мәселен, бір қуыстылар мен тікенділердің дене қалыбы кегей (жұлдыз), сыңарлық құрттар, буын аяқтылар, сүйектілердің денесі қос сыңарлық қалыппен жаралған. Қос сыңарлық жануардың ішінде қос сыңарлық қалыбын жоғалтқаны да бар.

Жануардың үлкендігі де түрлі-түрлі. Ең уақтары көзге көрінбейді, ең ірілерінің үлкендігі адамды тандандырады. Жануардың бәрінің де денесі құжайра деп аталған ішінде түйіртпегі бар бір кесек пратапылазымнан түзелген. Денесі бар болғаны бір құжайрадан түзелген де жануар бар. Бұл бір құжайралық жануралар. Бұнан басқа жануардың бәрі де көп құжайрадан түзелген (үлгі келтір). Бірдей болған құжайралардан ұлпа (өрім) түзеледі. Жабын, арқау, борша, неріб, қан деген бес түрлі ұлпа бар. Дененің мүше деген айрықша бөлімдері ұлпадан түзеледі. Бір мақсат үшін жұмыс қылатын мүшелерді мүше жүйесі (құрылысы) деп атайды. Жануардың көбінде ас баптаушы мүше жүйесі, дем алатын (тыныс) мүше жүйесі, қан жүргізетін мүше жүйесі, зәр шығаратын мүше жүйесі, борша жүйесі, сүйек жүйесі, неріб жүйесі, сезім мүше жүйесі деген мүше жүйелері бар. Бұл жүйелер тұтасымен тек ұлы даражалы жануарда бар. Төменгі даражалы жануарда бір қатар жүйелер болмайды (үлгі келтір).

Жап-жайшалардың тамағы денесінің ішінде бапталады. Бір қуыстылардың тамағы денесіндегі бір ауызды жаңғыз қуысында бапталады. Ас баптау үшін айрықша қуысы бар жануардың ас қазаны алдында бір тесігі бар (ауыз), артында бір тесігі бар (көтен) түтік болады. Кей бір арам тамақтың ас қазаны жойылған (үлгі келтір). Асбаптаушы шырындар төтенше бездерден шығады (қай бездер? Атандаршы!) Төменгі даражалы жануардың айрықша дем алу үшін мүшесі жоқ. Бұлар денесінің барлық сыртымен дем алады. Басқа жануарлар желбезек, өкпе не кеңірдек (тырақиа) арқылы дем алады.

Қан бүтін денеге қышқылтуым мен тамақтандыратын нәрсені таратып тұрады. Сүйексіздердің қанында қызыл түйір болмайды. Қызыл түйір тек сүйектінің қанында ғана болады. Жап-жайшалар мен бір қуыстыларда айрықша қан жүргізетін жүйе жоқ. Артықша келісіп жаралған қан жүйе сүйектінікі. Сүйектінің қан жүйесі тұйық болады. Жүрек пен қан ыдыстардан түзелген.


Жануардың қаңқасы (сүйек тұтасы) сүйектінікіндей іште жатады, не құрт-құмырсқа мен шаяндікі секілді сыртта жатады.

Жап-жайша секілді жануар жалған аяқ арқылы не түктерін қозғап қимылдайды. Төменгі даражадағы көп құжайралық жануардың терісінің астында тұтас жатқан ет бар. Жауын құртты тексергенде көрдік қой: осы еттің терімен бірігіп, жануардың денесін қаптаған қапшық болып жатқанын. Жануардың еті бөлініп, айрықша борша болады. Борша құрысады. Жабысқан сүйегін тартып қозғайды.

Жануардың көбі қозғалуға ерікті келеді, дегенмен де бір орынға қадалып, жатақ болған жануар да бар (үлгі келтір).

Төменгі даражалы көп құжайралық жануардың неріб жүйесі бүтін денеде шашылып жатқан неріб құжайралардан түзелген. Құрт пен буын аяқтының неріб құжайралары дененің бауыр жағында шоқтанып, бір неше түйін болады. Құжайраның бұтақтары түйіндерге матау болады. Осындай маталған түйіндерді бауырлық неріб тізбегі деп атайды. Сүйектегі неріб жүйенің бас бөлімі арқа жақта жатады да, алдыңғы бөлімі ми болып жуандайды.

Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 284-288 бб.



ШУМА ҚАНДАЙ АУРУ?

Шума – жұқпалы аурудың ішінде ең жұқпалысы. Шума ауруы тез жұғып, тез өлтіреді. Шумаға ем жоқ дегендей. Қойға тиген топалаң қандай болса, адамға да шума сондай.

Шума – ертеден бар ауру. Айсадан 435 жыл бұрын гректің Фокидет деген адамы елінде болған бір індеттің белгілерін жазып кеткен. Тексергенде бұл шума болып шығады. Фокидеттің сөзіне қарағанда, бұл індет Абессиниеден (Хабашстаннан) басталып, Мысырға, Персияға жайылып, грек жеріне келіп, он жылдай ел ішін қыдырып, көп қырғын тапқызған.

Сол заманнан бері он, жиырма жылда бір рет жер жүзінде шума ауруы біліне беретін болған. Жүрген жерінде елді қырып кете берген.

Он төртінші әсірде шума Аурупаның ішіне жайылған. 1346-ншы жылда басталған шума Аурупаны 36 жыл кезген. Шумадан Ауropa елінің төрттен бірі қырылған. Италияның жалғыз Флоренсие деген қаласынан 1348-інші жылы тоқсан алты мың, 1359-ыншы жылы жүз мың адам өлген.

12-нші, 17-нші, 18-інші әсірлерде шума Аурупаның әр жерлерінде де болған. 1912-нші жылы Мәскеуде шумадан жүз жиырма жеті мыңдай адам өлген. Италияның Милан деген қаласында 1923-інші жылы 86 мыңдай адам қырылған. Бенетсие деген қалада сол жылы 45 мың кісі қырылған.

Шума құрты не?

19-ыншы әсірден бері қарата Аурупаның білгіштері шуманы тануға өте зейін қойып, ізденген. 1894-інші жылы Китд-Зато нәм Ерсен деген екі доктор шуманың құртын тапты. Шуманың неден, қалай жұғатыны анық белгілі болды. Шуманың құрты көзге көрінбейтін, тұрқы бір микро миллиметрдей нәрсе. Өте өскелең келеді. Қараңғы дымқыл орында көпке дейін өлмейді. Жел мен шуақтан тез қырылып қалады.

Шума қалай жұғады?

Шуманың құрты суыр, сары шұнақ, тышқан, атжалман секілді кемірушілерге өте өш болады. Осылардың арасында шуманың індеті жиі ұшырайды. Адамға да шума көбіне осы тышқандардан

жұғады. Шыбын, қандала, бүрге, бит, құмырсқа секілді жануарлар шуманың құртын кемірушілерден адамға жұқтыруға себепкер болады. Білгіштердің тәжірибелеріне қарағанда кептер, торғай, қаз, үйрек, тауық секілді құстарға, жылқы, сиыр, қой, ешкі, шошқа, мысық, ит секілді жануарларға шума жұқпайды. Түйе туралы талас бар. Түйе ауырып өледі. Өлген түйенің етінен болсын адамға бір жұққан соң шума енді адамдардың арасына бір адамнан бір адамға жұғып жайылады.

Адамнан адамға шума қақырықтың, нәжістің, қанның тиюінен не биттің, қандаланың басқалардың шағуынан жұғады.

Шума қалай жайылады?

Шуманың ауруы алғашта басталған жерінде болады. Көп алысқа кетпейді. Шуманы алысқа жаюшы – адам. Шума жұққан адам қашса, салт атпенен бір-екі күнде шуманы басталған жерінен алысқа апарып таратуы мүмкін. Кеме, отарба, керуен шуманы ойламаған жерлерден шығарады.

Шуманың түрлері

Шума ауруы адамға екі түрлі ауру болып жабысады: бірі өкпе шумасы, екіншісі без шумасы. Өкпеден тиген шума қағынды ауруы секілді болып білінеді. Адам қалтырап, тоңады. Кейін қызады, басы ауырады, белі ауырады. Бірден-ақ әлі кетіп төсекке жатады. Өкпеден шаншу тиеді, жөтел тиеді, қан қақыра бастайды. Қақырығы шылғи қан болады, көп бөліп жеңіл құсады, қазақ мұны “қан құсты” дейді. Шындығында, қан құспайды, қан қақырады. Өкпе шумамен ауырған адам бір-екі күннен қалмай өледі. Ары кетсе төрт, бес түн ауырады. Жаңғыз-жарым адамдар ұзағырақ та ауыруы мүмкін. Өкпе шумаға душар болған адамның бәрі өледі. Өкпе шумадан мыңнан біреу-ақ жазылады дерлік. Аурудың аузынан шыққан қан қақырық шылғи шуманың құрты, өте жұқпалы болады.

Без шумасы

Без шумасымен ауырғанда адамның бір жеріндегі безі ісе бастайды. Көбіне қолтықтағы без, шаптағы без, мойындағы без іседі. Адам тоңып, қалтырап, кейін қызып әлсірей бастайды. Без екі-үш күнде жұдырықтай болады, бірден-бірге үлкейіп барып

жарылады. Жарасы қиындықпен ұзаққа созылып жатады. Безден тиген шумадан ауырғандардың жүзден алпыс шамалысы өледі, қалғандары жазылады. Безден аққан ірің, қан өте жұқпалы болады.

Шума шыққан орында шуманың нағыз бір түрі ғана болмайды. Екі түрі қатар жүреді. Әуелі жеңіл без түрі болып басталып, бір мезгілде қатты қырып кететін өкпе түріне айналатыны болады.

Шуманың орындары

Уисотский деген професырдың айтуынша, осы күнде жер жүзінде шуманың өнемейін болып тұратын мынадай орындары бар:

1) Африкеде Ніл басында. Бұл шума Ніл бойына, Мысырға, бүтін Африкеге жайылып тұрады.

2) Арабстан түбегінің күнбатыс жағасында, Меке қаласының түстік батыс жағында. Бұл орын 12-нші әсірден бері белгілі. Осы жерде 19-ыншы әсірде он бір рет шума болды. Бұл орыннан шума бүтін Арабстанға жайылады.

3) Фрат суының басында, Қапқаз, Анатолы, Иран арасында. Бұл орыннан Түркияге, Қапқазға, Персиеге, Фратджле бойларына тарайды.

4) Һинд, Ғаныф, Прамапұтыр деген сулардың басында, Андықта (Һиндистанда), бұл орыннан шума бүтін Андыққа жайылады.

5) Қытайдың Ионан деген аймағында Күйінлен тауында. Осы орыннан күнгей Қытайға (Кантон, Ғоңқоқ) жайылады.

6) Күншығыс Монғолияда Сылаңғы суының бойында. Бұл орыннан Манжурияға, Терістік Қытайға жайылады.

7) Байқал көлінің күнгей жағында Монғолияның шөлінде. Бұл орыннан терістік Қытайға жайылса керек.

8) Һиндкөш тауында. Бұл орыннан Ауғанға, Түркістенге, Беніш, Абқа, Арабстанға жайылады.

9) Тиан-Шан тауларының ішіндегі Алатауда да шуманың ұясы бар. Осы ұядан шыққан шумадан 1898-інші жылы Атбасыдағы (Нарын үйезіндегі) қырғыздар арасында көп ауру өлді. Самарқант облысындағы Аңызоб деген жерде болған шума да осы ұядан пайда болған деп жорылады.

10) Шуманың оныншы ұясы Еділ-Жайық бойындағы қазақтардың арасында. Бұл орында шума өткен әсірдің сексенінші жылдарынан бері қарата үзілмей келеді. Бүтін Бөкейлік, Орал, Ілбішін, Гурьев үйезі – шуманың орнаған жерлері. Жыл сайын бұл орындарда шума білінбей қалмайды. Шумадан қырылып жоқ болған ауылдар бар.

Хазіргі шума қайдан келген?

Хазірде шума ауруы Амудария облысында Жұрахан болысында, Төрткөлдің айналасында шығып отыр. Хиуаның Шетнек, Қазарасып деген жерлерінде де шума білініп тұр. Бұл індет хукіметке 17-нші әпрелде мәлім болды. Басталуы фебрәлде деп айтады-мыс. Әзіргі хабарларға қарағанда өлген адамдардың саны екі жүзден артық. Бұл шуманың қайдан келгені әзірге мәлім емес. Бұл індеттің жайылатын шамасы Амудың бойы, Арал теңізі, Қызылқұм, Хиуа жерлері. Сондықтан Амудың жағасындағы елдер, Қазалы, Ақмешіт, Қызылқұм елдері өте сақ болуы керек.

Шумадан қалай сақтану керек?

Шумадан сақтану үшін ең алдымен тазалық керек. Ішкен-жеген тамақ, киген киім, отыратын орын, қолданатын үй заттары, ішетін, жуынатын су, үйдің айналасы таза болуы керек.

Қолды сабындап жумай ас ұстамасқа керек. Тамақ ішетін аяқ-табақ секілді құралдарды өте таза ұстау керек. Біреудің сарқытын, біреудің ішкен аяғы, қасығымен тамақ ішпеске керек. Әр кімнің тамақтанғанда өзіне дербес аяқтары, кеселері болуы керек.

Аурулы үйге бармасқа тырысу керек. Тез ауырып өлген кісіні шумадан өлді деп айтуға лайық. Бір жерден ауырып екі-үш кісі өлсе, бұл – шексіз шума. Мұндай жерлерде тезінен доқтырға не хукіметке хабар беру керек. Сау адамдар ауруларға араласпасқа керек. Ауру шыққан ауылға да қатынаспай аулақ тұру керек. Шума ауруында ең алдымен ауруды баққандар, молдалар, қожалар, жуғандар, жаназаға, садақаға барғандар, киімін алғандар өледі. Бұны естен шығармасқа керек. Ең артығы қай уақытта да өлген кісінің киімін алу керек емес.

Шума таралмас үшін қандай шара қылу керек?

Ауылдың айналасындағы, даладағы тышқандарды байқап жүру керек. Тышқандар көбіне ініне кіріп өледі. Мезгілсіз уақытта тышқандар жоқ болып кетсе, тышқандардың арасында індет бар деп айтуға лайық. Көбіне тышқандардың арасында шума індеті болады. Жаңғыз-жарым өліп жатқан тышқан да хауіп нәрсе.

Бит, бүрге, қандала, тарақан, шыбын секілді мақлұқтарды жоюға тырысу керек.

Шаш қоймай, киімінді жиі алмастырып тұрып, жиі сабындап үстінді жуып тұрсаң, биттен құтыласың.

Төсек-орнынды, жатақ үйінді таза ұстасаң, кіреуеттеріңді қайнап тұрған ыстық сумен уақыт-уақыт жуып тұрсаң, бүрге мен қандаладан құтыласың.

Аурудың жауы – тазалық. Қазақ-қырғыз секілді басынан ауырлық кетпейтін елге оның себебін ойлау керек. Арамыздағы аурудың себебі лас, нас тұрмысымыздан.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.– 256-259 бб.



ТАБИҒАТТАНУ (Үзінділер)

ЖАЗУШЫДАН

Бұл кітәп қылып шығарып отырғанымыз Тәшкенттегі қазақ-қырғыз институтының шәкірттеріне оқылған дәрістіктің бір бөлегі. Ғылым ретінен кітәп жоқ болған соң балалардың өтінуі бойынша баспаға беріліп отыр. Термин табу бек қиын. Сөйткенмен қолдан келгенінше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қата кеткен терминдер болса, хат арқылы білдіруіңізді өтінеміз. Кітәп асығыс жазылған соң, қолымызда Қазақстан, Түркістан хақында мағлұмат берерлік кітәптер көп болмаған соң суреттерді өз жерімізден ала алмадық һәм Түркістан, Қазақстан хақында да көңілдегідей мағлұмат бере алмадық.

Табиғат ғылымын тәжірибесіз оқыту – жарты оқыту болады. Тәжірибелерді амал келгенше оңай істелетін қылып айттық, әрбір мектепте табылатын құралдармен тәжірибе қылатын қылып жаздық.

Қазақ тілінде бірінші рет шығатын ғылым кітәбі болған соң қаталары көп болар, бірақ жоқтан бар артық деп баспаға бердік. Жаңа шыққан талаптыларға жол болсын дедік. Білім қысқаннан жазылған жоқ, мұқтаждық жаздырды.

“Біздің қолымыздан келген осы, қолдарыңнан келсе арттырыңдар” деген латын жұртының мақалын ескертеміз.

*Тәшкент,
1921-інші жыл, 15-інші май.*

АУА ХАҚЫНДА

АУАНЫҢ ЖАЛПЫ ҚАСИЕТТЕРІ. АУАНЫҢ ҚЫСУЫ

Ауа жерді айнала қамап қоршап тұр. Жердің үстінде ауасыз өмір жоқ. Терең шыңыраулардың түбінде де, жердің жарығында да, таулардағы үңгірлерде де ауа бар. Жердің жоғарғы қабатында, топырақтардың ішінде де, сулардың ішінде де ауа бар. Ауа – адамға, барлық жан-жануарларға, түрлі өсімдіктерге мұқтаж бұйым. Ауасыз адам, жан-жануарлар бір-екі минуттен артық тұра

алмайды, дем ала алмай тұншығып өледі. Ауа – иісі жоқ, дәмі жоқ, ғаз бұйым. Айналамыздағы ауа түссіз, әйнек секілді, тынық су секілді мөлдір болып көзге көрінбейді; тынық күйінде ауа адамға сезілмейді, қимылдағанда сезіледі, қимылдаған ауаны жел дейді. Жер жүзіндегі асқар таулардың биіктігі сегіз шақырымнан аз-ақ асады. Мұндай таулардың басында ауа бар. Жел кемемен ұшқанда жерден он шақырымдай жоғары көтерілуге болады, он шақырым биіктікте ауа бар. Түрлі тәжірибелерден білгіштер тергеп тексеріп сынағанда, жерді қоршаған ауаның биіктігі екі жүз елу шақырымнан артық болса керек. Жер қалың ауамен қоршаулы, ауа жерді қабық есебінде қаптап тұр. Жерді қаптап, қоршап тұрған ауаны атмосфер дейді.

Айналамыздағы ауа бізге түссіз, мөлдір болып көрінсе де, шындығында ауаның көгілжім түсі бар. Үстіміздегі қалың ауа күнмен шағылысқанда бізге көк болып көрінеді. Жоғарыдағы ауа жоқ болса, аспан бізге қап-қара болып көрінер еді, жұлдыздар түндегідей жарқырап тұрар еді.

Жердің айналасындағы ауаның ұшып кетпей ұсталып тұрғаны жердің тартуынан; ауаның салмағы бар, ауаның салмағы тым жеңіл, ауа судан жеті жүз жетпіс есе жеңіл. Сажындық коптағы ауаның салмағы жиырма бес қадамдай. Ені алты кез, ұзындығы тоғыз кез, биіктігі төрт кез бөлмедегі ауаның салмағы бес пұттай. Салмақты бұйым астындағы нәрсені басады. Алақанымызға салған тас қолымызды төмен қарай басады. Ауа да астындағы бұйымдарды басып тұрады. Жердің бетін, тақтайдың бетін, өзіміздің үстімізді, әрбір бұйымды ауа жоғарыдан төмен басып, қысып тұрады. Ауаның биіктігі екі жүз елу шақырым, қаншама жеңіл болса да, мұндай биік бұйымнан астындағы түскен салмақ едәуір болса керек, ауаның астындағы бұйымдардың басылып қысылуы мықты болса керек. Астындағы бұйымның кездік шаршы бетіне ауадан түскен салмағы үш жүз жиырма пұттай. Ауаның басуы өңге бұйымдардың басуынан өзгеше, сондықтан ауаның салмағы бізге сезілмейді. Ауа бұйымды үстінен төмен қарай басады, астынан жоғары қарай көтереді, жан-жағынан сығады да, ауа бұйымды жан-жағынан қысып басады. Ауа бұйымды қысады.

Жайып ұстаған бір табақ қағаздың бетіне түскен ауаның салмағы жүз пұттай. Бұл салмақты қағаздың көтеріп тұрғаны қағаздың астынан жоғары қарата осындай салмақпен ауа қағазды тіреп

тұрғандығынан. Ұстап тұрған қағазды жоғарыдан төмен қарай бармағымызбен бассaq, қағаз қысылып кетеді. Бір бармағымызды астынан, бір бармағымызды үстінен түйістіріп, қағазды екі бармағымызбен бірдей қыссақ, қағаз тесілмейді. Ауа да қағазда астынан, үстінен бірдей қысып тұрады, сондықтан ауаның салмағы қағазға білінбейді. Ауа жер жүзіндегі бұйымдардың бәрін жан-жағынан қысып тұрады. Ауаның бұйымдарды жан-жағынан басып қысуын ауаның қысуы дейді.

Ауаның қысуын анығырақ байқау үшін түрлі тәжірибелер көрсетелік. Ыстақанға су толтырып, аузын қатты қағазбен жабалық. Қағаз қақпақты қолымызбен сүйеп тұрып, ыстақанды төңкерелік. Қолымызды қоя берсек, ыстақандағы қақпақ құламайды, су төгілмейді. Ыстақандағы судың салмағы қақпақты жоғарыдан төмен басады. Сонда да қақпақтың құламай тұрғаны – төменнен жоғары қарата ауаның қысып итеріп тұрғандығынан.

Сабындағы тесікті бармағымызбен бітеп тұрып, бөрөнкеге су толтырып, қағазбен жауып төңкерсек, қағаз қақпақ құламайды, су төгілмейді. Тесіктегі бармағымызды алсақ, бөрөнкедегі су саулап төгіледі. Жоғарғы тесік ашылғанда, суды ауа төменнен де, жоғарыдан да бірдей қысты, тең болған екі салмақ бірін-бірі жойды, су өз салмағымен төгіліп кетті.

Бір басы тұйық, ұзын, жіңішке түтікке су толтырып, бармағымызбен аузын бітеп төңкеріп, су бар ыдысқа басын тығып, бармағымызды алсақ, түтіктегі су төгілмейді. Ыдыстағы суды ауа қысып, түтіктің ішіне қарай айдап тұр, түтіктегі суға төгілуге ерік бермей тұр.

Екі басы ашық түтікті ыдыстағы суға тықсақ, ыдыстағы судың да, түтіктегі судың да биіктігі бірдей болады. Ыдыстағы суды да, түтіктегі суды да ауа бірдей қысады, сондықтан екі ыдыстағы судың беті тең тұрады.

Самаурынның шүмегін ашып, шүмектің басын ыстақандағы суға тықсақ, самаурынның шүмегінен су ақпайды. Ауаның қысуынан ыстақандағы су шүмектің аузын бітеп тығындап тұр. Басын судан шығарсақ, шүмектен су аға бастайды.

Суға толулы шөлмектің аузын суға малсақ, шөлмектегі су құйылмайды, шөлмектің аузын судан шығарып ұстасақ, су құйылады. Бұ да ауаның қысуынан.

Кең мойынды шөлмекке резеңкеден жасалған жел қуықты салалық. Шөлмектің аузын [...] * түтік өткізулі тығынмен тығындалық.

* Бұл жердегі сөз оқылмады. – *Ред*

Жел қуықтың ішіндегі ауаның, шөлмектің ішіндегі ауаның қысуы тең. Екеуінің ішіндегі де айналамыздағыдай жай ауа, сондықтан жел қуық қоппай, қысылмай бір күйде тұр. Түтік арқылы ауымызбен шөлмектің ішіндегі ауаны сорсақ, жел қуық қобып, өз-өзінен ісінеді. Сорудан азайғасын, шөлмектегі ауаның желі қуықты сыртынан қысуы кеміді. Жел қуықтың ішіндегі ауа сырттағы қысу азайған соң, жел қуықты итеріп керіп кетті. Жел қуықтың қобуы ішіндегі ауаның қысуынан.

Айналамыздағы ауа жер жүзіндегі бұйымдарды қысып тұрады; жан-жағынан бірдей күшпен тең қысқан соң ауаның қысуы сезілмейді, білінбейді. Ауаның қысуы бір жағынан азайса, өңге жағынан қысуы тезден-ақ сезіледі.

АУАНЫҢ ҚЫСЫЛУЫ. ТЫҒЫЗ АУА, СИРЕК АУА

Шөлмектің ортасына дейін су құйып, аузын түтік өткізулі тығынмен тығындалық. Түтіктің төменгі ұшы суға батып тұрсын. Түтіктің жоғарғы басынан бар күшімізбен үрелік. Шөлмектің ішіне ауа кіреді. Ауаның кіргендігі судың бетіне шыққан көпіршіктерден белгілі. Ауаның үстіне ауа қосылып, шөлмектің ішіндегі ауа тығызданды, қысылды. Үруді қойсақ, түтіктен фонтан болып су шапшып шығады. Шөлмектегі су аздау төмендеген соң фонтан басылады. Шөлмектің ішіндегі қысылған ауа айналасындағы шөлмекті, тығынды, суды қысты. Тығын мен шөлмек берік болған соң шыдады, қысылған су түтік арқылы сыртқа шықты. Судан орын алған соң, ауаның тығыздығы азайды, қысуы сыртқы ауаның қысуымен тең болды, ауаның қысуы білінбейтін болды. Қысылған ауа айналасындағы кеңуіне кедергі болған бұйымдарды қысады. Қысылуы көбейген сайын, ауаның қысуы да көбейеді. Бір бөлек ауаның қысылуы айналасындағы бұйымдардың, айналасындағы ауаның қысылуына теңелген, осы ауаның қысуы білінбейтін, сезілмейтін болады.

Кебеттеп, домбайлап үйген шөптің, жүннің астыңғы қатарлары тығызданып, нығайып, басылып қалады. Үстіңгі қатарларының басылуы кем болады. Домбайдағы шөптен шөп суырып алу үстінен оңай, ортасынан қиындау, астынан тіпті қиын. Үйген шөп өз салмағымен басылады. Үстіміздегі ауа да үйген шөп, жүн сияқты. Ауаның астыңғы, жерге жақын қатарлары басылыңқы

болады. Екі жүз елу шақырымдық биіктігі бар ауа бар салмағымен төменгі қатарларын басып қысып тұрады. Жерге жақын ауа қысылған тығыз ауа болады. Жоғары көтерілген сайын ауаның басылуы, қысылуы кеми береді. Ауа сирекси береді. Қысылуы көп болған ауаны тығыз ауа дейді, қысылуы аз болған ауаны сирек ауа дейді. Айналамыздағы ауа қысылған ауа болған соң, жан-жағындағы жайылуына кедергі болған бұйымдарды қысып тұрады, жер үстіндегі адам, жан-жануарлардың бәрі қысылған тығыз ауаның ішінде туып, өсіп-өнген. Бұлардың дем алып үйренген ауасы – тығыз ауа. Асқар таулардың басындағы ауа аяғындағы ауаға қарағанда сирек болады. Биік таулардың басына шыққанда, жел кемелермен аспанға ұшқанда адамдардың жоғары көтерілген сайын тынысы тарылып, демі бітеді.

АУА ҚЫСУЫНЫҢ ӨЛШЕНУІ. БАРОМЕТР

Кең түтіктің ішіне тығызданып кіретін піскек тығалық Піскекті түтіктің төменгі басына дейін түсіріп, түтіктің төменгі басын суға малалық. Енді піскекті жоғары көтерсек, су піскектің соңынан еріп, түтіктің ішіне кіреді. Піскектің астында ауа жоқ, бос орын.

Сырттағы ауа ыдыстағы суды қысып, бос орынға айдап, піскектің соңынан көтереді. Түтігіміз ұзын болып, піскекті көтере берсек, ауаның қысуының күші суды піскектің соңынан айдайды да тұрады. Піскектің астындағы судың биіктігі он метрге (отыз төрт фут бір дойымға) жеткенде, су піскектің соңынан ермей тұрып қалады; суды он метрден жоғары көтеруге, қысуға ауаның күші жетпейді. Айналамыздағы жай ауаның қысуының күші биіктігі он метрлік судың салмағымен тең. Түтіктің кендігі белгілі болса, ішіндегі судың салмағын өлшеп білу оңай. Осы ретпен ауаның қысуының күшін өлшеп білетін болды. Бұйымның уиршөктік шаршы бетін елу қадақ салмақпен қысады; сантиметрлік шаршы бетті ауа бір килограм салмақпен қысылды.

Ауаның қысуын судың салмағымен салыстырудың машақаты көп болады, шамадан ұзын түтіктер керек болады, бұндай аспаптармен амал ету қиын болады. Сондықтан ауаның қысуын өлшегенде, судың салмағымен салыстырмайды, сынаптың салмағымен салыстырады. Сынап судан он үш жарым мәртебе ауыр, сондықтан судан он үш жарым есе аласа болған сынаптың

салмағы ауаның қысуына тең болса керек. Биіктігі он метрлік судың салмағы биіктігі жетпіс алты сантиметр (отыз дойым шамасы) сынаптың салмағымен бірдей, тең болады.

Ауаның қандай күшпен қысуын білу үшін бір құрал қолданылады, бұ құралды барометр деп атайды. Ұзындығы 80 сантиметр шамалы, бір ұшы тұйық түтікті сынаптан толтырып, аузын бармағымызбен басып төңкеріп, сынап құйылған ыдысқа тығып, бармағымызды алсақ, түтіктегі сынап аздау төмен түседі де, тоқтап тұрады. Сынаптың тұрған орнына сызып “76” сифрды белгіге қояды. Түтіктегі сынаптың ыдыстағы сынапқа құйылыс орнын сызып “0” деген сифрды қойып белгілейді, екі белгінің арасы жетпіс алты тең бөлімдерге бөлінеді. Жоғарғы белгінің жоғарғы жағына да осындай бөлімдер белгіленеді. Осы бөлімдер көбіне түтіктің өзіне салынбай, түтікке бекітілген тақтаға салынады. Түтіктің ішіндегі сынаптың биіктігін барометр биіктігі дейді. Жердің бетіндегі ауаның қысу күші жетпіс алты сантиметрлік биіктігі бар сынаптың салмағына тең. Сондықтан жай ауаның қысуын жетпіс алты дейді. Жай ауаның қысуын бір атмосфердің қысуы деп те айтады. Ауаның қысуы көбейсе, түтіктегі сынап жоғары шығады, барометр көтерілді дейді. Ауаның қысуы кемісе, түтіктегі сынап төмен түседі, барометр төмендеді дейді. Сынап жоғарғы белгіде (76 да) тұрса, барометр жай күйінде, дұрыс күйінде тұр дейді.

Барометр арқылы жердің биіктігі өлшенеді. Жерден жоғары көтерілген сайын, ауа сирекси береді, ауаның қысуы кеми береді: бір километр жоғарыда барометрдің биіктігі алпыс жеті сантиметр, үш километр биіктікте елу екі сантиметр, биіктігі бес километр болған Қафқаздағы Қазбек тауының басында барометрдің биіктігі отыз сегіз сантиметр. Таулардың басына шыққанда, жел кемемен аспанға ұшқанда қандай биіктікте екендігін барометр арқылы білуге болады.

Жер үстіндегі ауа бір күйде тұрмайды, біресе қысуы азайып, біресе қысуы күшейіп түрленіп тұрады. Бір орында тұрған барометр да өнемейін бір күйде тұрмайды; бір көтеріліп, бір төмендеп, қимылдап тұрады. Күннің ашық болуы, жауынды-шашынды болуы ауаның өзгерісінен болады. Көп тәжірибелерден байқалған, барометр бір күйде тұрса не көтерілсе, келешек күнде шуақ, ашық болады, барометр төмендесе, келешек күндерде жауын-шашын не дауыл болса керек. Барометр арқылы есеп айтуға болады.

АУАНЫҢ АДАМНЫҢ ДЕНЕСІН ҚЫСУЫ

Адамның денесін ауа мың пұтқа жақын күшпен қысады. Адамның өкпесінде, іші-қарнында, әрбір мүшесінде ауа бар, осы ауа адамның денесін іштен сыртқа қарай мың пұттық күшпен қысады. Тең болған екі күш бірін-бірі жойып, ауаның қысуы жай күйде адамға сезілмейді. Осы екі қысудың біреуі не азайып, не көбейіп теңдігі жойылса, жүгі ауған түйедей, адамның күйі кетеді, кейпі бұзылады. Биік тауларға шыққанда, жел кемемен жоғары көтерілгенде сирек ауа адамды аз күшпен қысады, ішкі қысудың күшейгені адамға тезден сезіледі. Дем алуы қиындалады, тынысы тарылады, жүрегі соғады, тамырлары қатты соға бастайды, ауыздан, мұрыннан, құлақтан қан кетеді, көзі, беті қызарып, тұла бойы ісінеді, қаны өзгеріледі, адам шаршағыш, ұйқышыл, есінен танғыш болады.

Жер астынан кендер қазғанда, терең сулардан көпір салғанда, теңіздер түбіне түскенде адамның сыртқы қысуы көбейеді, ішкі қысуы бұрынғы күйде болады. Адамның қаны ішіне қашып, бозарады, құлағы шыңылдайды, жоғарғы айтылған түрлі аурулар пайда болады. Тереңдікте жұмыс қылғанда, түрлі сақтықтар істелінеді. Судың астында жұмыс жасағанда, жолым үй сияқты ауыр заттардан жасалған үйлерді шынжырға байлап суға салады. Бұндай үйдің ішіне су кірмейді. Үйлердің ішіне сырттан түтіктер арқылы не болмаса бөтен реттермен таза ауа жіберіліп, бұзылған ауа шығарылып тұрады. Күшті қысуға бойы үйрену үшін үйді бірден тереңге жібермей, бірден-бірге жайлап түсіреді. Су астында қызмет ету үшін жасалған үйлерді киссон дейді.

АУАНЫҢ ЖЫЛЫНУЫ, ҚИМЫЛДАУЫ

Ауа бір күйде тұрмайды, өнемейін қимылдап тұрады. Қаншама тымық деген ауамыз да шындығында қимылдап тұрады.

Таразының басына бір шөлмек іліп, екінші табағына кір тастар салып теңдестіретіндік. Шөлмектің астына шам қойып, шөлмекті жылытатық. Шөлмек қызған сайын жоғары көтеріледі, жеңілденеді. Шөлмек қызған сайын ішіндегі ауа жылынады, жылынған ауа ісінеді, ауданын үлкейтеді, бір бөлек ауа шөлмекке сыймай, шөлмектен шығып кетеді; шөлмектің ішіндегі қалған

ауаның ауданы бұрынғыдай болғанмен, салмағы азаяды. Шөлмектің жеңілдену себебі осыдан. Бос ауа жылынғанда жеңілденеді, жылынған ауа салқын ауадан жеңіл болады.

Шуақ күні ауданы бірдей екі шөлмектің аузына мақта тығып, біреуін жерге қоялық, біреуін ұзын құрықтың басына іліп қоялық, әрі-беріден соң екі шөлмектің ішіндегі ауаның жылылығын термометрмен өлшеп қарайық. Жерде тұрған шөлмек едәуір жылынған, құрық басындағы шөлмек жарытып жылынбаған.

Жерге жылылық күннен келеді. Жылылық тасушы – шабар күннің сәулесі. Күн сәулесі ауадан тез өтеді, жолшыбай жарытып ауаға жылылық бермейді, жылылықтың бәрін жерге береді. Жазға салым терезеден күн түскенде, ұстап қарасақ, терезенің әйнегі салқын болады; терезенің алдындағы күн түскен ағаш жылы болады. Күннің сәулесі әйнекті жылытпай, тез өтіп, әйнек терезенің ағаштарынан жылынады. Ауа да әйнек секілді, жылылықты күннен алмайды, жерден алады. Күннің сәулесі жерді жылытады, жылынған жер айналасындағы ауаны жылытады. Осылай болғансын ауаның ең жылысы жерге жақын бөлімі, жерден алыстаған сайын ауа салқын бола береді. Жылынған ауа жеңілденеді, жеңіл ауа жоғары көтеріледі. Ыссы күндерде даладағы жылынған ауаның жоғары көтерілгені бізге сағым болып көрінеді. Қысты күні жылы үйдегі терезенің болдығын ашсақ, келген суық ең әуелі аяғымызға сезіледі. Сырттан келген суық ауа ауыр болып төменге түседі. Жанып тұрған шамның моржасына жұқа қағаздың жапырақтарын тастасақ, жапырақтар моржаның ішіне құламайды, жоғары қарап ұшады. Қағазды жоғары ұшырып тұрған шамнан жоғары көтерілген жылы ауа. Бөлмедегі ауа қыс күні пештен жылынады, терезеден салқындайды. Пештің қасындағы жылынған ауа жеңілденіп жоғары көтеріледі, терезе қасындағы салқын ауа пешке келеді. Пештен жеңілденіп, жылынып жоғары шығады, жоғары ауа терезеге барып салқындап, төмен түсіп пешке келеді. Бөлмедегі ауа өстіп қыдырады да жүреді. Бөлмедегі ауаның осындай қыдырысын балалар ойнайтын жел қуық арқылы байқауға болады. Жел қуыққа ұшып кетпей, ауада қалқып тұратын қылып, салмақ байлап жіберсек, үйдің ішіндегі ауамен бірге қыдырады. Пешті өрлеп жоғары шығады, терезеге барады, терезеден төмендеп пешке барады, пештен қайта жоғары шығады, өстіп қыдырады да жүреді. Бөлмедегі ауаның қимылдауы бөлменің ішіндегі ауаның түрліше жылынуынан.

Жердің жүзі күннен бірдей тегіс жылынбайды. Ыссы жақтарда жер мықтап қызады, суық жақтарда жарытып жылынбайды, жазықысы қар ерімейтін жерлер бар. Сондықтан жер айналасындағы ауаның да жылынуы түрліше: жылы жақтың ауасы тез жылынады, суық жақтың ауасы жарытып жылынбайды. Осындай ауаның түрліше жылынуынан ауа өнемейін қимылдайды да тұрады, жел пайда болады. Ыссы жақтардағы жылынған ауа жоғары көтеріледі. Жылы ауаның орнына салқын ауа келеді, салқын ауа жылынып жоғары көтеріледі, салқындайды, қайтадан төмен түседі. Өстіп салқын ауа мен жылы ауа ауысады да тұрады, жылы ауа жоғарымен салқын жаққа қарай жүреді, салқын ауа төмендеген жылы жаққа қарай жүргенде, жер бетіндегі желдің бұлтқа қарай қарсы есуін әр уақытта байқауға болады. Бір аймақтағы жер де түрліше жылынады. Құм, тастақ жерлер жылдам қызады, тоғайлы, орманды ну жерлер жайымен жылынады. Тастақ, құмды жерлердің ауасы ыссы болады; орманды, тоғайлы жерлердің ауасы салқын болады.

Салқын ауа тығыз болады, тығыз ауаның қысуы күшті болады, жылы ауа сирек болады, сирек ауаның қысуы кем болады. Қысуы көп ауа қысуы аз жаққа қарай жайылады, ағады. Екі ауаның қысуының айырмашылығы көп болса, ауаның ағысы қатты болады, жел қатты соғады. Барометр төмендесе, ауаның қысуының азайғаны, мұндай орынға қысуы көп орындардан ауаның қатты ағыстары келсе керек, жуық арада қатты желдер, дауылдар болса керек. Келген салқын ауалардан жауын-шашындар болса керек. Барометр төмендесе, дауыл, жауын-шашын болады дейтіні осындайдан.

АУАНЫҢ САЛҚЫНДАУЫ

Жерден көтерілген сайын ауа салқындай береді, биіктегі ауа тым салқын болады. Жаққанда бірден жылынатын пештері бар бір үлкен бөлмені, бір кішкене бөлмені қызулығы бірдей отын жағып жылыталық. Кішкене бөлме жып-жылы болып жылынады, үлкен бөлме аз жылынады; кішкене бөлмедегі жылылық аз ауданға тарады, үлкен бөлмедегі жылылық үлкен ауданға тарады. Жерден көтерілген жылы ауа жоғарыдағы көп сирек ауаға ұшырап, жайылып кетеді, жылылығы көп ауданға тарап кетеді. Жерден көтерілген жылы ауа жоғарыда-ақ салқындап қалады. Аспандағы

көп ауаны жерден барған жылылық жылыта алмайды. Жерден көтерілген жылы ауа елу сажын сайын бір градус жылылықтан айырылады. Ауаның жерден көтерілгендегі жылылығы нөл градус болады, алты шақырым биіктікте отыз градус салқындық алады. Биік таулардың бастары ерімейтін мәңгілік қарлы болатын себебі жоғарғы сөздерден анық болса керек.

Күннен алған жылылығын жер көп ұстамайды, ауаға береді, жер тез жылығыш, тез салқындағыш болады. Ауа жылылықты көп ұстайды. Жылылықтан тез айрылмайды, ауа жай жылынып, жай салқындайды. Ауа болмаса жер жүзінде қатты салқын болар еді, осы күнгі тірі табиғат тұра алмас еді! Ауа жерге жылы жадағай болып тұр.

АУАНЫҢ ТҮЗЕЛУІ

Ауа – бір түрлі болып байқалса да, шындығында бір неше бұйымдардан түзелген құрама бұйым. Ауаның ішінде қышқылтум, азот, қышқыл көмір деген үш газ бұйымдар бар, буланып жүрген су бар, азды-көпті тозаң бар. Осы бұйымдардың бәрі араласқан күйде, ауа – араласпа бұйым. Ауаның бес бөлімінің төртеуі азоттан болады, бес бөлімнің біреуі қышқылтумнан болады; қалған бұйымдар ауада аз болады. Ауаның он мың бөлімінің төртеу-бесеуі-ақ қышқыл көмір. Бу мен тозаң кейбір орындардағы ауада көп болады, кей орындардың арасында жарытып болмайды. Шаһарлы жерлердің ауасында тозаң көп болады. Тауды, орманды жерлердің, далалықтардың ауасында тозаң жарытып болмайды. Тозаңның ішінде адамға ауру жапсыратын түрлі көзге көрінбейтін құрттар болуға мүмкін. Ішінде өнге бұйымдар тым аз болғасын, бұларды есепке алмай-ақ, ауаны тек азот пен қышқылтумнан түзелген араласпа деуге болады.

АУАДАҒЫ СУДЫҢ БУЫ

Ыстақанға салқын су құйып, жылы орынға қойсақ, ыстақанның сыртына тамшы тұрады. Ыстақанның төңірегіндегі ауа салқындады, ауа ішіндегі бу су болып ыстақанның сыртына отырады. Салқын мезгілдерде терезенің ішкі беті терлеп тұрады. Терезеге тиген жылы ауа әйнектен салқындайды, ішіндегі бу суға

айналып, әйнекке отырады. Ауадағы буды өзіне тартып, сорып алғыш бұйымдар бар, бұлар күкірт қышқылтқысы, әк, натрлы әк деген бұйымдар. Ыстақанға өлшеп бір бөлек күкірт қышқылтқысын құйып, бірнеше күн дымқыл орынға қойып, қайта өлшесек, қышқылтқының салмағы бұрынғыдан артады. Ауадағы бу су болып қосылып, қышқылтқысы ауырлайды. Терезені құрғақ сақтау үшін күкірт қышқылтқысы секілді бу сорғыш бұйымдарды қыс күні екі терезенің арасына қояды. Ауадағы судың көптігі түрліше болады. Теңіздердің ауасы, орманды, тоғайлы жерлердің ауасы бұға бай болады, суы кем жердің, далалықтардың, шөлдердің ауасында бұ аз болады.

ҚЫШҚЫЛТУМ

Айрықша таза түрінде табиғатта ұшырамайды. Көбіне бөтен бұйымдармен химиялы қосылуда не араласпа күйде болады. Андасы түрліше болғасын, кейбір бұйымдардан оңайлықпен тез айырылады, кейбір қосылыстарынан қиындықпен айырылады. Ауадағы азотпен араласқан қышқылтумды айырып алу қиын. Танысу үшін бір бұйымнан қышқылтумды айыралық. Бертолет тұзы деген дәрінің ұнтағын уақ құммен араластырып, шөлмектен жасалған реторт деген сауытқа салайық. Реторттың мойнына резеңкі түтік арқылы иілген шөлмек түтікті жалғап, шөлмек түтіктің басын сауыттағы суға малалық. Кең мойынды шөлмекті суға толтырып, ыдыстағы сауытқа түтіктің басын бүркей төңкерелік. Ретортты қыздырсақ, тұздан айырылып, қышқылтум түтік арқылы шыға бастайды, судағы түтіктің аузынан шымырлап көпіршік болып шығып, кең мойынды шөлмектің түбіне жиылады. Қышқылтум көбейген сайын кең мойынды шөлмектегі суды айдап шығып орнын алады, шөлмек қышқылтумға толғансын, су астынан қақпақтап шөлмекті аламыз. Осылай етіп әлденеше шөлмекті қышқылтумға толтырып алуға болады. Енді қышқылтумның не нәрсе екенін тексеріп қаралық. Қышқылтум – иіссіз, дәмсіз, судан жеңіл, ауаға ұсаған мөлдір газ. Қышқылтум ішіне бықсыған көмір кіргізсек, көмір дереу жарқылдап жанады. Үші бықсыған ағаш көсеу кіргізсек, бұ да дереу жарқылдап жанады. Ауада көгілжім жалынмен жанып тұрған күкіртті кіргізсек, бұ да жарқылдап жанады. Болат шыбықтың үшіне бықсыған көміршек алып, қышқылтум толулы сауытқа

кіргізсек, әуелі жарқылдап көміршік жанады, сосын жан-жағына жарқылдаған ұшқын шашып болат жанады.

Қышқылтум жандырғыш бұйым. Бұйымдар тек қышқылтум бар орында жанады. Нәрселердің ауада жануы да қышқылтумнан. Қышқылтум аз орында нәрселер бықсып, жанбайды. Бықсыған нәрсені үрсек жанады, үрген орынға ауа көп келеді. Ауамен бірге қышқылтум көп келеді. Қышқылтум көп болса, бұйым жанғыш болады.

Адамның, жан-жануарлардың дем алуына қышқылтум – мұқтаж бұйым. Нағыз қышқылтуммен дем алуға болмайды. Дем алуға зарарсыз нәрселермен араласқан қышқылтум керек. Дем алатын ауамыз азотпен араласқан қышқылтум. Қышқылтуым – дем алдырғыш, жандырғыш бұйым.

АЗОТ

Ауаның бес бөлімінің төртеуі – азот, біреуі қышқылтум. Азотты таза түрінде ауадан айырып алуға болады. Ауадан қышқылтумды шығарсақ, азот қалады. Шыныдан жасалған аяқшыққа фосфор деген бұйымды салып, су құйылған ыдысқа қалқытып жіберерлік. Фосфорды жағып жіберіп, дереу шөлмек қалпақпен бүркелік. Фосфор біраздан соң сөнеді, қалпақтың іші ақ тұман болады. Әрі-беріден соң ақ тұман судың бетіне отырып, суға сіңіп жоғалады. Ыдыстағы су көтеріліп, қалпақтың ішіне кіріп, бес бөлімінің бірін толтырады.

Қалпақтың ішіндегі ауадағы қышқылтум фосформен химиялы қосылып, ақ тұман түрінде көрінген бөтен бір бұйым түзеді. Бұл бұйым суға еріп кетті. Қалпақтың ішінде таза азот қалды.

Азот – түссіз, дәмсіз мөлдір ғаз, судан жеңіл. Жанып тұрған шамды азоттың ішіне кіргізсек, сөніп қалады. Азоттың ішіне тірі махлұқты (тарақанды) кіргізсек, демі құрып, тұншығып өледі. Азот – дем алуға жарамайтын, жанған нәрсені сөндіретін ғаз. Азот – адамға зиянсыз ғаз, азот қышқылтуммен араласып, ауа болып адамға, жан-жануарларға дем алуға келеді.

ҚЫШҚЫЛ КӨМІР

Таза түрінде табиғатта аз ұшырайды, көбіне бөтен бұйымдармен химиялы қосылған күйде болады. Қышқыл көмірді таза түрінде, бордан айырып алуға болады. Құс мойынды шөлмектің ішіне аз уатқан бор салып, су құйып, ауыздарын тесікті тығындармен бітелік. Бір тесіктен сабы суға малынатын қылып бөрөнке өткізелік. Екінші тығыннан екі рет иілген шөлмек түтіктің қысқа басын өткізелік. Бұ түтіктің ұзын басын түбіне жеткізіп ыстақанға салып қоялық. Бөрөнке арқылы шөлмекке күкірт қышқылтқысын құйсақ, бордан шымырлап қышқыл көмір шығып, бүгілген түтік арқылы ыстақанға құйылады. Өстіп таза қышқыл көмірді жинап алып, тексеріп қаралық.

Қышқыл көмір – түссіз мөлдір газ. Дәмі, иісі қышқылдау болады, ауадан бір жарым есе ауыр болады. Ауырлығынан ыстақандағы ауаны айдап шығып, орнын алды. Қышқыл көмірге толулы ыстақанды екінші ыдысқа еңкейтіп, қышқыл көмірді бір ыдыстан бір ыдысқа құюға болады. Аяқтың түбіне ұзындығы үш түрлі шамды отырғызып, сақтықпен осы аяққа қышқыл көмір құялық. Әуелі аласа шам сөнеді, сосын ортаншы шам сөнеді, ақырында ұзын шам сөнеді. Қышқыл көмір жанған бұйымды сөндіреді, қышқыл көмір жануды демемейді. Қышқыл көмірдің ішінде тірі махлұқ (тарақан) дем ала алмайды, тұншығып өледі. Әк деген тас бар. Әк суда аздау ериді. Әкті су жай судай түссіз мөлдір болады. Әкті судан қышқыл көмірді өткізсек, не болмаса қышқыл көмір бар сауытқа әкті суды құйып шайқасақ, әкті су аппақ сүт секілді болады. Әкті су жалғыз ғана қышқыл көмірден ағарады. Өңге газдардан қышқыл көмірдің осындай айрықша белгісі бар. Бір нәрсе жанғанда, шірігенде, адам, жануарлар дем алғанда қышқыл көмір пайда болады. Сауытқа әкті су құйып, ішіне шам кіргізіп, аузын жауып, шамды әрі-бері ұстап тұралық. Шамды шығарып, суды шайқасақ, әкті су ағарады. Шам жанғанда қышқыл көмір пайда болады.

Ыстақанға құйған әкті суға түтік арқылы дем жіберсек, әкті су ағарады. Аузымыздан шыққан демде қышқыл көмір бар.

Қышқыл көмір – адамға зиянды газ. Қышқыл көмір көбейген орында адамның демі тарылады, басы ауырады, жүрегі соғады, тұншығады. Көп адам жиылған тар бөлменің ауасында қышқыл көмір көп болады.

Кәдімгі көмірді жақсақ, ауаның қышқылтумы көмірмен химиялы қосылып, қышқыл көмір болады. Қышқыл көмір – қышқылтум мен көмірдің қосылғанынан болған құрама газ.

Кейбір терең құдықтардың, терең баздардың түбінде қышқыл көмір жиылып тұратыны болады. Ескі терең құдықтарға сақтықпен түсу керек. Италия мемлекетінде Ниапол шаһарының қасындағы бір таудың үңгірінде жердің жарығынан өнемейін қышқыл көмір шығып жанады. Бұны ит үңгірі дейді. Ит үңгіріне кірген кісі аман болады, кірген ит тұншығады. Жарықтан шыққан қышқыл көмір жердің бетінде биіктігі бір кездей болып төселіп жатады.

ЖАНУ

Май шам жана-жана бітіп құриды, жоқ болады; жанған ағаштан бір азғантай ғана күл қалады. Жанудың не екендігін, жанған бұйымның қайда кететіндігін білу үшін май шамның жануын байқап қаралық.

Салқын шөлмектің ішіне жанған май шамды кіргізіп ұстап тұрсақ, шөлмектің ішкі беті терлейді. Әрі-беріден соң шөлмектегі шам сөнеді. Сөнген шамды шығарып, шөлмекке әкті су құйып шайқасақ, әкті су ағарады. Шам жанғанда екі бұйым пайда болады: су мен қышқыл көмір. Жанғанда шам жоғалмайды, ауаның қышқылтумымен қосылып, су мен қышқыл көмірге айналады. Жанған бұйым ауадағы қышқылтуммен химиялы қосылып, бөтен бұйымдарға айналады. Жану деген – жанған бұйымның қышқылтуммен химиялы қосылуы. Ағаш, түрлі майлар секілді жанды табиғатты бұйымдар жанғанда су менен қышқыл көмірге айналады. Жанудан өнемейін жарық пен жылылық пайда болады. Жанғанда пайда болған су жанудан шыққан жылылықтан тез буға айналып, көзге көрінбейді. Бу менен қышқыл көмір көзге көрінбей, жайылып кеткен соң, жанған бұйым біздің көзімізге жоқ болып кеткенге ұқсайды. Табиғатта ғаш уақытта бір бұйым жоғалмайды.

Жануға қышқылтум керек, қышқылтум жоқ орында жану болмайды. Жануға керек болған қышқылтум ауадан алынады. Бір нәрсені қаттырақ жандыру үшін ауызбен үреді, көрікпен үреді. Үргенде көп ауа келеді, көп қышқылтум келеді. Қышқылтум – жандырғыш бұйым.

Жануға дем алу ұқсас. Дем алғанда адамның қаны ауаның қышқылтумымен қосылады, денесі жылынады. Пайда болған су мен қышқыл көмірді деммен шығарады. Бұйымдардың көбіменен аңдалас болып, қышқылтум бұйымдармен көп қосылыстар жасайды. Бұйымдардың қышқылтуммен қосылуын қышқылдану дейді. Жану, дем алу, тоттану – қышқылданудың түрлері болады.

ЖАЛЫН

Бұйымдардың көбі жанғанда жалын шығарып, жалындап жанады. Жалынның не екендігін, оның қайдан пайда болатындығын білу үшін май шамның жалынын тексеріп қаралық.


Шамның білтесінің үстінде жалын бар. Үрсек жалын шалқиды, жайына тұрса жоғары қарата тік жанады. Байқаңқырап қарасақ, жалын бір түрлі емес, жалынның ортасы түп-тура, тақ білтенің үсті қара болып көрінеді, бұл – жалынның өзегі. Өзектің айналасы ақ болып көрінеді, бұл – жалынның жарығы. Жалынның жарығының айналасы байқаңқырап қарағанда, көгілжім көрінеді, бұл – жалынның шегі. Қызудан шамның майы ериді. Еріген май білтеге сіңіп жоғары көтеріледі. Жалынның өзегі ғаздардан тұрады. Бұл ғаздар – жанғыш ғаздар, ауаға жолықса жанады. Өзекте бұл ғаздар ауамен жолыққан жоқ. Өзекке шөлмек түтік тықсақ, ғаздар түтікке кіріп, екінші басынан шыға бастайды. Түтіктің ғаз шыққан басына шырпы тигізсек, ғаздар көгілжім жалын шығарып жанады. Білтеден кішкене көтерілгенсін ғаздар ауаға жолығып жанады. Жалынның жарық бөлімі осы жаққан ғаздардан тұрады. Бұл орында ғаздар әбден жана алмайды. Бұл орынға ауаның келуі шамалы, әбден жануға қышқылтум кем. Шамның майынан пайда болған ғаздардың ішінде көмір бар. Ғаздар жанғанда көмір ғаздардан күйе болып айырылады. Күйе деген көмірдің уақ тозаңы: бұл орында ауаның аздығынан күйе жанып кетпейді, тек қызады. Қызған қатты бұйымдар жарқылдайды, күйе де жарқылдайды. Жалынның осы бөлімінің жарық болуы осы жарқылдаған күйеден, жалынның жарығына пышақтың үші, шынының сынығы секілді салқын нәрселер кіргізсек, қара күйе болады.

Жалынның сыртында ауа көп болады. Қышқылтум мол болады. Бұл орында ғаздар әбден дұрысталып жанады. Күйелер де дұрыстап жанып, қышқылтуммен қосылып, қышқыл көмір

болады. Жалынның шетінде жанған ғаздардан басқа Һеш нәрсе жоқ. Жанған ғаздардың түсі көгілжім болады. Жиектің түсі көгілжім болатыны осыдан. Жалынның ыссылығының ең көп орны көк жиек, жарықтың ыссылығы аздау, өзекте ыссылық кем болады.

Жалын – жанған ғаздар.

Ағаш, май, шүберек, шөп секілді бұйымдар жанбастан бұрын ғаздарға айналады. Ғаздар жалын болып жанады. Бұндай бұйымдар жалын шығарып жанады. Қатты бұйымдар жанбастан бұрын ғаздарға айналмаса, онда олар жалынсыз жанады. Қышқылтумға кіргізген болат жалынсыз жарқылдаған ұшқындар шашып жанады...



МЕТАЛ КЕНДЕР

Металдардың жалпы қасиеті. Руда

Кендердің арасында адамға ең пайдалысы, ең керектісі металдар (мығдындар). Металдарды білмеген замандарда адамдардың тіршілігі хайуандардан аз-ақ ілгері еді, металдарды тауып, қалай пайдалануын үйренген соң, адамның тіршілігі кеңейді, маданияты аса бастады. Табиғаттың құлдығынан азат болып, табиғатты бірте-бірте жеңе бастады.

Әуелгі уақытта адам тек [таза] түрінде ғана табылған металдармен пайдаланған, металдарды түрлі қоспалардан айырып алуды соңынан білді.

Адамның ең бұрын танысқан металы мыс болды. Осы күнгі темірден, шойыннан жасалатын пышақ, балта, шот, қазан сықылды аспаптар бұрынғы замандарда мыстан жасалған.

Осы күндерде адам металдарсыз күн көре алмайды; ішетін тамағы, киетін киімі, кіретін үйі, тіршілікке керек түрлі аспап құралдары металдардан жасалынады не металдар арқылы даярланады.

Метал – жай бұйым; металды айыруға мүмкін емес. Метал – әрқайсымызға таныс бұйым, темірді, мысты, күмісті, алтынды көрмеген кісі аз болады. Осылардың бәрі – айырым-айырым метал. Алғанда метал бір-біріне ұқсамаса да, металдардың бәріне ортақ сипаттары бар.

Металдардың бәрі жылтырақ болады. Металдардың жылтырағы – бөтен бұйымдарда болмай, тек металдарда ғана болатын жылтырақ, мұны метал жылтырағы дейді. Әйнек те жылтырақ болады. Бірақ әйнек жылтырағы метал жылтырағынан басқаша. Ұзындығы кездей темірден, ағаштан жасалған екі таяқтың бір басын қолымызға ұстап, екінші басын отқа салсақ, тезден-ақ темір таяқ қызып ұстатпайды. Ағаш таяқ жанса да, жарытып қызбайды. Металдардан ыстық, салқындық тез өтеді; металдар тез жылынғыш, тез салқындағыш болады.

Ұрғанда металдар сынбайды, жұқарады, жіңішкереді, созылады. Металдар созылғыш, соғылғыш болады. Кейбір металдар салқын күйінде соғылады, кейбіреуі қызған күйінде соғылады. Алтын – бегірек те соғылғыш метал. Алтынды соғып

жұқа қағаздан жұқа қылып тақталауға болады, жұқалаған алтыннан күннің сәулесі көрінеді, алтыннан өткен сәуле жасылсымақ болады. Күміс пен мысты да алтындай тақталап жаюға болады.

Металдарды созып, қылдай сым қылып тартуға болады, платинді созғанда өрмекшінің жібінен жіңішке қылуға болады.

Қыздырса металдар ерігіш болады; қорғасын, қалайы сықылды металдар тез ериді. Алтын, темір, платин сықылды металдар қиындықпен ериді.

Металдардың көбі ауадағы қышқылтуммен, судың буымен тез қосылғыш, қышқылданғыш болады. Жылтырағын жоғалтып даттанғыш болады. Темірді қоңыр дат басады, мысты көк дат басады. Кейбір металдар тіпті қышқылданбайды, жылтырағын жоғалтпайды. Бұл – алтын, күміс, платин, сынап, бұларды асыл метал дейді.

Еріткен уақытта металдар бір-бірімен араласқыш болады. Металдардың бір-бірімен араласпасын қоспа дейді. Қоспалы түрде бір қатар металдардың қасиеті өзгереді. Алтынға күміс я мыс қосылса, алтын қатайып кетеді. Күміс те мыс қосылса қатайып кетеді. Мұндай қоспадан алтын мен күмістің түсі не өңге қасиеттері өзгермейді. Тіршілікте таза алтын, таза күміс жұмсалмайды. Бұлардың түрлі қоспалары қолданылады.

Металдар табиғатта таза түрінде аз табылады. Көбіне бөтен бұйымдармен химиялы қосылған түрінде табылады. Бөтен металдар арасында таза түрде өнемейін тек алтын мен платин ұшырайды, анда-санда мыс, күміс, сынап табылады. Металдармен, өңге бұйымдармен қосылысқан түрлерін руда яки күлше дейді. Рудалар көбіне тас болады, ұрса соғылмайды, тастай сынып уатылады.

Әр металдың өзіне меншікті рудасы болады, темірлі рудадан темір шығады, күміс рудадан күміс шығады. Рудалар бөтен тау жыныстарының арасында тамыр болып не ұя болып жатады.

Металдар күкіртпен, қышқылтуммен андалас болады. Рудалардың көбі металдардың күкіртпен я қышқылтуммен қосылуынан пайда болады. Темірдің тоты да, мыстың көгі де руда болып саналады. Алтын мен платиннан басқа металдардың бәрі де руда түрінде табылады.

ТЕМІР

Темір – металдардың ішінде адамға ең керектісі, ең пайдалысы. Пышақ, балта, шот, кетпен, балға, ара сықылды аспаптарымыздың бәрі темірден жасалған. Фабрик зауыттардағы машиналар, жерді құрсаған темір жолдар, телеграф сымдары темірден жасалған. Темірсіз адам бір күн де тұра алмайды. Темір – жер жүзінде көп тараған, көп шашылған бұйым. Топырақтың, құмның, саздың сарғыш, қызғылт, қоңыр болуы ішіндегі темірден; шөптің, жапырақтың көк түсі темірден. Темірдің бәсеке салмағы сегіз.

Темірдің рудалары көп болады. Темірді осы рудалардан айырып шығарады. Магнитті темір тас қара түсті тас болады. Жердің астында да, үстінде де тау жынысы түрінде табылады, анда-санда уақ-уақ кристал түрінде де ұшырайды. Магнитті темір тас түрлі темірлерді өзіне тартады. Магнит өзіне жабысып қалады. Осындай қасиетінен магнитті темір таспен сызсақ, шынының бетінде қара сызық қалады.

Магнитті темір тас Орал тауларында көп ұшырайды. Оралда бағзы таулар тұтасынан осы рудадан түзелген. Осы тауларды бұзып, шетінен рудаларды ала береді.

Қызыл темір тас – қара түсті тас. Қатар-қатар болып бөтен тау жыныстарының арасында жатады, кристалданған түрінде де ұшырайды. Қызыл темір тастың ұнтағы қызыл түсті болады. Бұжыр бетті шыныны сызғанда шынының бетінде қызыл сызық қалдырады. Бұ тас та темір мен қышқылтумның қосылуынан пайда болған. Жүз қадақ қызыл темір таста жетпіс қадақ темір бар, отыз қадақ қышқылтум бар.

Қоңыр темір тас, сарғылт қоңыр я қара қоңыр түсті тас болып таулы жерлерде көп табылады. Талқандағанда ұнтағы сары болады, шыныны сызғанда сары із қалдырады. Бұл тас темірдің сумен, қышқылтуммен қосылуынан пайда болады. Қара сулардың, қопалардың түбінде темірдің таты сықылды тамырланып жатқан қара нәрсе табылады. Бұ да темір тас. Жоса да темірлі руданың бір түрі, жоса темірдің тоты, су нәм саздың қосылуынан пайда болады. Жоса тас болмай, топырақ сықылды түрде саздың арасында табылады. Жосаның түсі қызыл, қоңыр, сары болады. Жоса бояу болып жұмсалады.

Темірдің шығарылуы, шойын, болат

Рудалардан темірді айырып алу үшін қышқылтумды шығару керек. Рудаларды көмірмен араластырып қыздырса, қышқылтум көмірмен қосылып, қышқыл көмір болып шығып кетеді, темір таза түрінде босап қалады. Көмірдің қышқылтуммен андасы күшті болады, бір-бірімен біріккіш, қосылғыш болады. Руда қыздыратын зор пешті домен пеш дейді. Домен пештердің биіктігі он сажыннан артық болады, іші кең болады. Домен пешті үстінен толтырады, астынан қыздырады.

Руда қызған соң қышқылтум көмірмен қосылып шығып кетіп, балқыған сұйық темір көмірмен араласады. Қызудан көмірдің көбі жанып кетіп, аздау көмір темірмен араласып қалады. Домен пеште көмір араласпаған таза темір шығару қиын болады. Аздау көмір араласқан темірді шойын дейді. Еріп балқыған сұйық шойын пештің түбіндегі шүмектен сырттағы арықтарға ағып, салқындап қатады. Домен пеш тәулікке мың пұттай шойын шығарады.

Темір рудалардың ішінде араласқан қатты нәрселер болады. Осындай қосымшалардың темір боғы я шлэк дейді. Қатқан шлэктер, шөлмек сықылды жылтыраған тас болады. Шлэкті өзіне мақсос жасалған пештегі тесіктерден шығарып тастайды.

Шойыннан темір шығару үшін балқыған шойынды реторт сықылды үлкен ыдыстарға құйып, ішіне көріктермен жел жібереді. Шойындағы көмір жанып кетіп, шойын таза темірге айналады. Шойынның ішіндегі көмірдің бәрін жоймай, аздауын қалдырса, шойын темір болмайды, болат болады.

Шойын. Жүз бөлімнің бесеуі темірдің ішінде көмір болса, мұндай темірді шойын деп атайды. Шойын соғылмайды, созылмайды, ұрса сынғыш болады. Шойын темірден көрі жылдам ериді. Шойыннан бұйымдар соғылып істелмейді, құйылып жасалынады.

Болат. Темірдің жүз үлесінің біреуі көмір болса, бұ темір болат я құрыш болады. Болат шойыннан қиынырақ, темірден оңайырақ ериді. Болат бек қатты болады. Әсіресе суарған болат қатты болады, өте қызған болатты салқын суға салса, болат суарылады. Суарылған болат тым өткір болады, иілмейді, иілсе кеткіш болады. Қызған болатты жайымен суытса, болат иілгіш болады. Болаттан бұйымдар соғып та, құйып та жасалынады. Иілгіш болаттан түрлі серіппелер жасалынады. Бұрынғының наркескен деген өткір қылыштары болаттан жасалған.

МЫС Я БАҚЫР

Мыс табиғатта таза түрде де, рудалы түрде де табылады. Кей уақытта таза түрінде тым үлкен кесек болып ұшырайды. Америкада ауырлығы қырық мың пұттай бір кесек таза мыс табылған. Таза мыс сирек ұшырайды. Көбіне мысты бақырлы рудалардан шығарады. Мыстың рудалары қызыл бақырлы, тас бақырлы күлшеден немесе малахит.

Қызыл бақырлы тас сирек табылады. Жүз қадақ қызыл бақырлы таста тоқсан қадақ мыс бар. Қызыл бақырлы тас мыс пен қышқылтумның қосылуынан пайда болған.

Бақырлы күлшеден алтын сияқты сары түсті, жылтырақ болады, тау жыныстарының арасында жуан-жуан тамыр болып жатады. Бұл руданың үш бөлімінің бірі мыс, бірі темір, бірі күкірт болады. Мыс көбіне осы рудадан шығарылады.

Малахит көбіне көк түсті болады, кей-кейде түсі ақшыл қоңыр, жасыл, қоңыр көк, қара көк, қап-қара болып та ұшырайды. Майдаланған малахит көк ала түсті бек әсем болады. Малахиттен сандықша, қобдиша, қаламсап, пышақсап сықылды бұйымдар жасалынады. Малахит – мыс, қышқылтум, қышқыл көмір, судың қосылуынан пайда болған минерал. Дымқыл орында жатқан бақыр бұйымдарды көк дат басады; осы көк дат та, малахит та бір нәрсе, дымқыл орында мыс қышқылданады, сонан соң ауадағы қышқыл көмірмен қосылып малахит болады.

Мыс шығару үшін рудаларды уатып, көмірмен араластырып қыздырады. Мыстың рудадан айырылуы темірге қарағанда едәуір жеңіл.

Мыстың бәсеке салмағы тоғыз. Таза мыс жарқыраған жасыл түсті, жұмсақ болады.

Мыстан қазан, самаурын, шамдал, бақыр ақшалар, машиналардың түрлі бөлімдері жасалынады. Бақыр сауыттарға ас пісіргенде, астың ішіндегі түрлі нәрселермен химиялы қосылыс жасайды, мыстың мұндай қосылыстары адамға у болады. Мыстан жасалған ас құралдарының ішін қалайылайды.

Мыстың түрлі металдармен қоспалары қатты болады. Көбіне мыстың жез, бронза деген қоспалары қолданылады.

Жез мыстың синкпен қоспасы болып, сары түсті болады. Жезден самаурын, есіктің, терезенің тұтқалары сықылды нәрселер жасалынады. Жезге никкел деген метал қосылса, түсті күміс

сықылды болып ағарады. Осындай қоспаны мелхиор дейді. Мелхиордан шәйгөн, ас қасық, шай қасық, пышақ, шанышқының саптары жасалынады.

Бронза – мыстың қалайымен қоспасы. Бронза қымбаттау болады. Бронзадан шамдалдар, суреттерге жиектер сықылды нәрселер жасалынады. Ішіндегісі қалайының көп-аздығына қарай бронзаның түсі қара сары, сары, ақ сары, жасыл сары болады.

Бронзаның ішінде жүз бөлімінің оны қалайы болса, топ (зеңбірек) бронзасы деп аталынады; жүз бөлімінің жиырма бөлімі қалайы болса, қоңырау бронзасы деп аталынады; отыз екі бөлімі қалайы болса, айна бронзасы деп аталынады.

ҚОРҒАСЫН

Қорғасын – жұмсақ метал, пышақпен жеңіл кесіледі, тырнақпен сызылады. Қорғасынмен сызылса, қағазда графитпен сызылғандай із қалады; қорғасыннан қарандаш жасап жазуға болады. Қорғасын ауыр болады. Бәсеке салмағы он бір жарым. Табиғатта таза түрінде табылмайды, көбіне қорғасын тасы деген рудадан шығарылады. Қорғасын тасы күкірт пен қорғасынның қосылысынан пайда болады, бегірек те ауыр, ақшыл сары түсті, майдаланған сықылды жылтыраған болады. Қорғасын тасында аздау күміс те бар.

Қорғасынның жаңа кесілген орны ақшыл көгілжім түсті жылтырақ болады. Қорғасын ауада тез қышқылданып, жылтырағын жойып, күңгірт көгілжім болады. Қорғасын жеңіл еріп балқиды, жеңіл соғылады.

Қорғасыннан оқ, бытыра, су Һәм ғаз жүргізетін түтіктер, түрлі жәшіктер жасалынады. Қағаздай қылып жұқалаған қорғасынмен шай сықылды нәрсені дымқылдан сақтау үшін орайды. Қорғасынның түрлі қосылыстары адамға у болады. Қорғасыннан ас құралдары жасалынбайды, қорғасын қағазымен азық орауға болмайды.

ТСИҢК

Тсиңк – жұмсақ күңгірт көгілжім түсті метал, ауада жарытып өзгермейді, қорғасыннан көрі қиындырақ ериді, қатты қыздырса, ақшыл түтін шығарып жанады. Түтіннің ішінде тсиңк қышқылтуммен қосылысынан пайда болған бір бұйым бар. Бұл сыр жасайтын тсиңктің ағы деген нәрсе. Тсиңктің бәсеке салмағы жетеу. Қыздырылса тсиңк жақсы соғылады, жай күйінде соғылса, сынғыш болады.

Тсиңк таза түрінде табылмайды, тсиңк тас деген рудадан шығарылады. Тсиңк тас қоңыр түсті, тсиңк пен күкірттің қосылысынан пайда болған бұйым. Тсиңк мыспен қосылысын жез дейді. Тсиңктен түрлі шелек, шылапшын сықылды құралдар жасалынады. Тоттанбас үшін темір қаңылтырдың сыртын тсиңкпен жалатады. Тсиңктенген қаңылтырмен үй төбелерін жабады. Тсиңктен туған түрлі қосылыстар адамға зиянды болады. Тсиңктен ас құралдары жасалмайды.

СЫНАП

Сынап – сұйық ауыр метал, түсі ақ күміс сықылды болады, бәсеке салмағы он үш жарым. Тақтайдың үстіне аздау сынап құйсақ, сынап бөлініп-бөлініп түйірленіп кетеді, түйірлері тақтайдың үстінде жүгіріп жүреді. Қырық градус суықта сынап қатады, қатты сынапты созуға, түрлі қалып беруге келеді. Қыздырылса, сынап қайнап буланып кетеді. Ашық тұрған жай сынап та жайымен буланып азаяды. Сынаптың буы адамға зиянды болады. Сынап салған металдардың көбі суға түскен секердей еріп кетеді. Сынапқа еріген металдарды амалғам дейді. Күміс амалғамы, алтын амалғамы, қорғасын амалғамы сықылды амалғамдар көп болады. Амалғамды қыздырса, ішіндегі сынап буланып кетіп, нағыз метал айырылып қалады. Бұйымдарды алтындағанда, күмістенгенде амалғамдармен пайдаланады. Күмістейтін бұйымға тегістеп күміс амалғамын жағып, бұйымды қыздырса, сынап буланып кетіп, бұйымның бетіне жұқаланып күміс жағылып қалады.

Қорғасын амалғамын әйнекке жақса, айна болады.

Сынап түрлі барометр, термометр сықылды құралдар жасау үшін кетеді, дәрі жасауға жұмсалынады.

Сынап таза түрінде әр түрлі тастардың ішінде табылады. Сынапты көбіне сыртас деген рудадан шығарады. Сыртас сынап пен күкірттің қосылуынан пайда болған күрең түсті тас болады. Сыртас күрең, қызыл сыр жасауға кетеді. Сыртасты ескі темірмен араластырып қыздырса, күкірттің бір бөлімі темірмен қосылады, бір бөлімі жанып кетеді, нағыз сынап айырылып қалады.

КҮМІС

Күміс – аппақ жылтырауық әсем метал, күміс қараймайды, ауада бұзылмайды. Күміс – асыл бұйым. Күкірттен күміс қараяды. Ішінде күкірті бар дәрулерді үстіне жаққанда, кісінің қолындағы күміс жүзік, сақина сықылды бұйымдар қарайып кетеді. Күмістің бәсеке салмағы он жарым.


Таза күміс жұмсақ болады. Тіршілікте таза күмісті қолданбайды, күмістің түрлі қоспаларын қолданады. Аздау ақ мыс қосылса, күміс түсін өзгертпей қатайып кетеді. Тіршілікте көбіне күмістің түрліше мыспен қоспалары қолданылады. Күміс мыспен бегірек те араласқыш болады; қоспаның ішінде мыс сегіз бөлімнен аз болса, қоспаның түсі күмістің түсіндей болады, сегіз бөлімнен көп болса, түсі қызара бастайды, мыстың түсіне ауысады.

Қолданылатын күміс бұйымдардың жүз бөлімінің сексен төрті ғана күміс болып, қалғаны мыс болады. Күмістен күміс ақшалар, түрлі күміс бұйымдар жасалынады. Қазақ-қырғыз жұрты күмісті артық сүйеді, күмістен түрлі бұйымдар жасайды. Күміс белбеу, декбет (кемер), сырға, шашбау, өңіржиек, жүзік, сақина, білезік, түрлі ілгек түймелер сықылды бұйымдардың бәрін көркем өрнек салып, қазақтардың өздерінің зергерлері соғады. Күміс үзенгі, күміс айшықтар, өмілдірік, құйысқан, тартпа, таралғы, жүгендер, күміс тоғалар сықылды бұйымдар тек күмістеген темір болады. Қазақ зергерлері жалатып күмістемейді, соғып күмістейді, бұлардың жаққан күмістері қалың болады, көпке шыдайды, амалғам арқылы жалатқан күмістей тез кетіп қалмайды.

Күміс таза түрінде аз ұшырайды, көбіне рудалардан шығарылады. Күмістің рудасы – күміс тас. Күміс тас жылтыраған көгілжім түсті, күкірт пен күмістің қосылуынан пайда болған

жұмсақтау тас. Күміс тас сиректеу ұшырайды, күмісті көбіне қорғасын тастан шығарады; ішіндегі күмісі аз болса да қорғасын тасы ұшырайды.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.– 325-340 бб.



ОҚУШЫНЫҢ САУЛЫҒЫН САҚТАУ

(2-ші басылуы)

I. Құлағың сау болсын десен

1. Құлағыңа ұрғызба, айқайлатпа, шынғыртпа; өзін де құлаққа ұрма, құлаққа айқайлама, шынғырма.

2. Қалам, қарындаш, тас-қалам, ине секілді өткір ұшты нәрселермен құлағыңның ішін шұқыма. Құлағыңа еш уақытта еш нәрсе тықпа. Мақтаны, әсіресе, суланған я дәріленген мақтаны құлағыңа тығушы болма.

3. Құлағыңның ішін, сыртын таза ұста. Сабынды сумен құлағыңды абайлап жу. Жуынғаннан соң құлағыңның суланған жерін әбден сүртіп құрғат.

4. Құлағыңның ішіне бір нәрсе кіре қалса, өзін еш нәрсе істеме; тезден доктырға көрін. Құлағыңның ішіне құрт-құмырсқа секілді тірі мақұлық кіре қалса, доктыр келгенше бірнеше тамшы жылы кендір майы я жылы сүт тамыз.

5. Бұлақ болсаң (құлағыңнан ірің ақса) тезден доктырға көрін. Құлақтан аққан ірінді пайдалы не зарарсыз деп ойлама. Бұлақ өте зиянды.

II. Мұрның сау болсын десен:

6. Мұрныңды әрдайым таза ұста, танауларыңды тазалап жүр. Аузыңның жеу, сөйлеу үшін, мұрныңның тыныс алу, иіскеу үшін жаралғанын ұмытпа.

Сіңбіргенде дауыстатып, екі танауыңмен бірдей сіңбірме. Әуелі бір танауыңды тазалап, сонан соң екінші танауыңды тазала.

7. Жүргенде, жүгіргенде, сөйлегенде, ұйықтағанда мұрыныңмен дұрыстап дем ала алмайтын болсаң, доктырға көрін. Доктыр тексеріп қарап, дем алысың неден бұзылғанын тауып береді.

8. Жас балаларға туысымен-ақ аузын жұмып ұстауды әдеттендір.

Бесікте жатқанда бала аузын ашып жататын болса, жастығын биіктетіп, басын көтеріңкіреп, иегін төсіне тигізіп жатқыз. Бүйткенде де бірнеше жұмадан соң аузын ашып жатуды қоймаса – доктырға көрсет.

III. Тынысың сау болсын десе:

9. Дем алғанда аузың өнемейін жабулы болсын.

10. Шанда не ауасы бұзылған орында шамаң келгенше дем алма (тұрма). Жүрген жерінді шандатпай жүр, әсіресе, үйдің ішінде шаң көтеруші болма.

11. Үйдің ішінде еденге, жарға (дуалға) қақырма, түкірме, мұрын орамалыңа да қақырып, түкірме. Жаюлы жатқан (төсеген) киіздің, кілемнің астына әр кезде қақырып түкірме.

12. Киімінді, төсегінді, бөтен нәрселерді үйдің ішінде қақпа, сілікпе, тазалама; сыртқа шығарып тазала.

Үйдің ішіндегі нәрселерді сүрткенде, сыпырғанда сүрткішін, сыпырғышың құрғақ болмасын, дымқыл болсын.

13. Үйде отырып жұмыс қылғанда, жылы уақытта терезең ашық болсын.

Суық уақытта күн тәуір болса, бірнеше рет есік-терезені ашып, үйіңнің ауасын жаңартып, тазалап тұр.

Гулеме желден сақтан. Әсіресе қызып терлеп отырғанда сырттағы ауа (терезе, есік секілді) бір тесіктен кіріп, қарсы тесіктен (есіктен не терезеден) шықса, үйдің ішін жел гулеп кетеді; осы желді гулеме деп атайды.

14. Ұйықтайтын үйіңнің (бөлмеңнің) ауасы өте таза болсын. Ұйықтаған уақытта күндізгі шаршатқан бейнетіңнен құтылып, дем аласың, келешек күнге күш-қайрат жинайсың. Өміріңнің біразы ұйқыда өтеді. Сондықтан ұйықтайтын жайың денсаулыққа керекті шарттарға келісті келсін, таза болсын, мұны ұмытпа.

15. Еш уақытта көкірегінді, ішінді (құрсағыңды) терезенің алдына не тақтайдың, үстелдің шетіне я болмаса басқа нәрсеге кидірмелеп қыспа.

16. Шылым тартпа, насыбай атпа, темекінің өте зиянды екенін ұмытпа.

IV. Көзің сау болсын десең:

17. Ымыртта, ала-көленкеде, нашар жарықта оқыма, жазба, жұмыс қылма.

18. Күндіз үйде жұмыс қылсаң, жарық (терезе) сол жағында болсын. Жарық болған тесіктен (терезеден) аз да болса аспанның бір бөлегі көрініп тұрсын. Көз алдындағы (қолыңдағы) істеп отырған жұмысыңа (жазып отырған қағазыңа, тігіп отырған киіміңе) күн түспесін. (Күннің шуағы тимесін).

19. Кешке шаммен жұмыс қылғанда, шамың алдында кішкене сол жаққа таман жарты метрдей (үш жарым қарыстай) алыста тұрсын. Шамның қалпағы (абажыры) қара не қызыл, көк, сары секілді бояулы болмай, ақ шыныдан (фарфордан) болсын. Шамның мұржасы (тұрбасы, шишасы) буылтықсыз, шелек қалыпты болсын. Жыпылықтаған жарықта, ат үстінде, жүріп келе жатқан арба-шана үстінде, от арбаның, трамвайдың ішінде жұмыс қылу, кітап оқу көзінді бұзады. Жатып оқыма, жатып іс қылма, көзінді тез бұзасың.

20. Жазғанда қою қара сиямен анық көрінетін сызықтың үстінен жаз. Жазғанда жолмен (транспаран) пайдаланба. Ең жақсысы сызықсыз қағазға түзу жазып үйрен.

21. Жұмыс уақытында көзін талса, жұмысыңды қой да, көзін дем алғанша (талғаны қойылғанша) терезеге қара.

22. Қатты аурудан тұрғанда әбден айыққанша, біраз уақыт көзінді күтіп, сақтанып жүр.

23. Еш уақытта көзінді уқалама, тазалап жумай тұрып қолыңды көзіңе тигізбе.

24. Көзіңе қиқым не бөтен нәрсе түсе қалса, көзінді уқалама, жоғарғы қабағыңды қолыңмен жай ғана мұрныңа қарай сипа.

Көзіңе түскен нәрседен бұйткенде құтыла алмасаң, доқтырға көрін. Қазақтың әдетінше көзіңе үрдірме, көзінді жалатпа.

25. Көруің кемісе я көзің ауырса, доқтырға көрін. Көзіңе көзілдірік керек пе? Не бөтен дәру керек пе? Тек доқтыр ғана біледі. Көзілдірік керек болса, қандай көзілдірік керектігін (көзілдіріктің нөмірін), қай уақытта киюін доқтыр айырып береді. Орынсыз киген көзілдірік көзді бұзады. Доқтырмен кеңеспей көзілдірік киме!

26. Бөтен кісінің бет орамалымен (сүлгісі) бетінді, көзінді сүртпе. Өзіңнің бет орамалың жеке болсын.

V. Үйде жұмыс қылғанда сау болайын десең:

27. Жұмыс қылғанда жарық (терезе, шам) сол жағыңда болсын.

28. Жазу үшін отырғаныңда астыңдағы орындығыңның алдыңғы шеті үстелдің астына 2-5 сантиметр (бір-екі елі) кіріп тұрсын.

Жазғанда тік отыр. Көкірегінмен үстелдің шетін кидірмелеме.

29. Үстелге отырғанда екі білегінді шынтағыңа дейін үстелдің үстіне салып отыр. Астыңдағы орындығың аласа болса, үстіне көпшік я бөтен нәрсе салып, керегінше биіктет.

30. Үстелге отырғанда табаныңды жерге я еденге тегіс тигізіп тіреп отыр. Аяғың жерге (еденге) жетпесе, табаныңның астына тақтай (сандық, жәшік) қойып, басып отыр.

31. Үстелге отырғанда аяғыңды орындықтың астына қарай бүкпе не болмаса бір аяғыңды бір аяғыңның үстіне салып айқастырма. Аяғыңның тізеңнен төменгі жағы тік тұрсын.

32. Орындықтың үстінде тік отыр. Арқанды орындықтың арқалығына таяп, сүйеніп отыр. Басыңды төмен еңкейтпе.

33. Жазғанда екі білегің шынпаққа дейін тегіс үстелдің үстінде жатсын. Сол қолыңмен қағазды басып, керегінде ілгері жылжытып отыр.

34. Жазатын қағазыңды қымқа оң жаққа тамандау, қарсы алдына сал.

35. Оқығанда орындығыңды үстелден аз-кем кейіндеу қойып, кітабыңды екі қолыңмен ұста. Кітаптың төменгі жағы үстелге тіреліп тұрсын, жоғары жағы үстелден көтеріңкі болсын.

Оқығанда кітабыңның бетінен көзің ең кем болғанда отыз екі сантиметрдей (2 сүйемдей) қашықтықта болсын.

36. Орындыққа отырғанда киімің астыңда бүктеліп жатпасын. Сондықтан еркек балалар ықшамдау шалбар, қысқа бешпет кисін.

Қыз балалар орындыққа көйлектерін тегістеп, бүктесінсіз қылып отырсын. Отырып алған соң, астындағы көйлегінді дұрыстаймын деп қолыңмен тартқыштама.

VI. Денең сау болсын десең:

37. Үйге таза ауа көп кірсін. Күннің сәулесі (шуағы) кіріп тұрсын. Сау болу үшін таза ауа, күннің шуағы өте керек екенін ұмытпа.

38. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойныңды, көкірегінді, арқанды күнде салқын сумен бір жуып тұр. Көнбісті боласың. Денеңді таза ұста, жұмасына бір рет жылы суға шомылып тұр.

39. Жылы мезгілде бос суға көбірек шомыл. Ең артығы күннің шуағына жылыған суға түсу.

Шомылуға қолайлы уақыт сәске мен намаздыгер (екінді). Тал түсте, күн қызып тұрғанда суға түспе. Тамақтың соңынан тоқ қарынға суға түспе. Қызып я терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуыңды басып, терінді кептір.

Шомылардың алдында жалаңаш отырма, терлейсің. Терлеген дене жылдам салқындайды, суық тез тиеді. Шешінісімен, басыңды сула да, суға түс.

Суға жүгіріп келіп қарғып я секіріп түспе, суға кетесің. Су ішінде бір орында тұрма, отырма, жүз, жүр, көбірек қимылда. Су ішінде он-жиырма минуттен (көп болғанда шай ішімнен) артық болма. Дірілдей бастасаң, тезірек судан шық. Судан шығысымен әуелі дененді сүртіп құрғатып, киініп алған соң жылынғанша қыдыр. Жылы, тымық күні судан шыққан соң, біраз жалаңаш отыр. Үстіңе күн тиіп, тұла бойыңды жел қақсын. Аурудан әбден айықпаған әлсіз адамға тымық, жылы күні ғана суға түсуге болады. Суға түсу шарттарын әбден біліп ал. Осы шарттарды елемегендіктен, түрлі бақытсыз оқиғаларға душар боласың.

Жуынғанда тұла бойыңдағы кірің кетеді, теріңнің бітеліп қалған тесіктері ашылады. Терің көнбісті болып жарайды. Сондықтан жиірек жуын.

Жылы суда кірің жылдамырақ ериді. Сабының жылдамырақ көпіреді. Сондықтан салқын судан көрі жылы су денендегі кіріңді жылдамырақ кетіреді.

Өте жылы су әсіресе күнде жуынғанда қаныңды тасытып, дененді босатып, нәзіктендіріп жібереді. Бұл есінде болсын. Жылы суға я моншаға түскеннен соң дененді жайымен бірден-бірге салқындат. Суықтан сақтан.

Шомылып шыққаннан кейін үстінді таза орамалмен (сүлгімен) я жаймамен әбден сүртіп құрғат. Дененді таза ұстау үшін жуынумен барабар іш киімінді (көйлек-дамбалыңды) жиі аумастырып тұр. Ең болмағанда көйлек-дамбалыңды жетісіне бір алмала (аумастыр).

Қара жұмыспен (қол жұмыспен) еңбек қылсаң екі киімің болсын. Күндіз кигенін түнде шешіп жайып, түнде кигенін күндіз жайып алмала.

Тер, түлеген тері, теріңнен шыққан май, басқа зиянды нәрселердің бәрі ішкі киімге сіңеді. Бұ нәрселер тез-ақ шіри бастайды. Шіріктің әсерінен қолтық, башайларыңның арасы секілді орындарға қолаңса, шуаш пайда болады. Шіріктің салдарынан терің жидіп түлейді, қызылшақа болады, түрлі жара түседі.

40. Өзінді, тамағыңды таза ұста. Ішкен-жеген сайын жаңа да ертенді-кеш аузыңды тазалап шай. Аузыңды таза ұстасаң, тіс аурудың көбінен құтыласың. Тамақ жеген сайын тісінді мәсуекпен (тіс таза-лауышпен) жақсылап тазала.

Ең болмағанда тісінді күнде кеш жатарда тазала. Мәсуегіңнің қылы тым қатты не өте жұмсақ болмасын. Күтеперіштен жасалған тіс тазалағышты қолданба.

41. Таза ауада (сыртта) көбірек қимылда (жүр, ойна, жүгір, тағы тағысын).

42. Өте жылы киінбе, басыңа жеңілдеу нәрсе ки, мойныңды ашық ұста, шаш қойма.

43. Дененді тар киіммен, белбеумен, түрлі баумен байлап, қыспа.

44. Аяқ киімінің (етігінің) ұлтаны табаныңа лайық болсын. Өкшесі жалпақ, аласа болсын. Биік өкше өте зиянды болады.

45. Киімің, әсіресе шұлғауың, байпағың (шұлығың) суланса, шапшаң шешіп тастап, құрғақ киім ки.

46. Бөтендердің киімдерін, әсіресе бет орамалын, қол орамалын, бөркін, көйлек-дамбалын киме.

Ауру адамның, өліктің киіміне жолама.

47. Өте көп ішіп-жеме. Бұзылған астан, сінбейтін тамақтан, әсіресе тәттіден қашық бол. Жас балаға тәтті беріп үйретпе. Асты ретпен же, күніне үш мезгілден артық тамақтанба. Уыттаған тамаққа әуес болма. Жайша даярланған асқа көнік. Пияз, тұз секілді нәрселерді асқа көп салма. Қызыл бұрыш, хрен секілді нәрселерді асыңа салма. Ауырып өлген малдың етін, шала піскен, иістенген, шіріген етті, жемісті жеме. Ауру боласың.

48. Арақ, боза секілді есірткіш нәрселерге жолама. Наша шекпе, көкнәрі жеме. Диуана боласың. Шайды, кофені қатты қылып ішпе, сұйық қылып іш. Бұларды ұйықтардың алдында ішпе.

49. Тамақ жердің алдында қолыңды жу. Тамақты қазақша, қолмен жесең қолыңды сабындап жу.

Ауру адаммен, саулығы күмән адаммен табақтас болма. Ешкімнің сарқытын ішіп, жеме.

Аяқ-табақ, қасық, пышақ, шанышқы секілді ас аспаптарыңды таза ұста. Ас саймандарыңды өзіңе меншікті, бөлек қылуға тырыс.

Жуып-тазаламай бөтендердің қолданған аяқ-табағын, шанышқы-пышағын, ожау-қасығын, ыстақан-кесесі, басқа ас құралдарын қолданба.

50. Ерте жат, ерте тұр, оянған соң төсекте тырандап жатпа. Оянысымен төсектен тұрып кет.


51. Кешке ұйықтардың алдында ауыр жұмыс істеп шаршама. Болдырсаң дұрыстап ұйықтай алмайсың.

52. Ұйқы адамға күш жинап, қуат береді. Адамға пайдалы ұйқы – түссіз қатты ұйқы. Түнде ұзақ отырып істеген ми жұмысы адамның ұйқысын бұзады, адамды ұмытшақ қылады. Сондықтан саулық сақтау білімі саған “ерте жат, ерте тұр, сонда ғана ұйқы сені тынықтырады” деп бұйырады.

Ұйқының ұзақтығы жасқа қарай түрліше болады. Тәулікке емшектегі балаға он алты-жиырма сағат, он-он екі жасар балаға – тоғыз сағат, бозбалаларға – сегіз сағат, үлкен кісіге алты-жеті сағат ұйқы керек.

53. Еш уақытта біреумен қойындасып жатпа. Жеке жатып үйрен. Бөтен кісінің төсегіне жатпа, төсек-орнын, жастығын, көрпе-жаймасын қолданба.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 188-192 бб.



ҰЙҚЫ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

Ұйқысыз тірі жан күнелте алмайды. Сергек болу адамға қандай мұқтаж болса, ұйқы да сондай мұқтаж. Ұйқысы кемісе адамның тіршілігі бұзылады. Ұзақ ұйықтамаса – адам өледі.

Ұйықтаған мезгілде адамның есі, ойы, тоқуы, еркі жойылады. Демалысы сирейді, жүрек соғуы кемиді, сирейді, қан ағысы жайлайды. Боршалары (еті) босайды, дененің, барлық мүшелердің жұмыстары жайланады. Тамақтануы (тамаққа мұқтаждығы) кемиді.

Ұйқының не нәрсе екені, неден пайда болатыны осы күнге дейін анық шешілген жоқ. Ұйқының не екенің тануға, себебін білуге талай білгіштер көп уақытын сарп қылды.

Ұйқының себебі мыналар деген көп болжаулар бар. Осы көп болжаулардың ішінде мына біреуі шынға жақын келсе керек.

Ұйқы деген – ауру. Ұйықтау – ауру болу. Ұйқы – мидың ауруы. Ми өзінің әрекетінен пайда болған нәрселерден уланады. Сондықтан ауырады – ұйқы пайда болады. Ұйықтағанда ми бірден бірге удан тазарып, ауруынан айығады. Адамның денесі түрлі мүшелерден құралған. Мүше деген өз алдына айрықша жұмыс қылатын дененің бөлімі, әрбір мүше ұшы-қиырсыз көп хұжайра деп аталатын бөлшектерден түзелген. Әрбір хұжайрада тірі жәндіктің қасиеті бар.

Хұжайра тамақтанады, дем алады, шамданады (сезеді), өседі, тұқымдайды (көбейеді), қозғалады. Ішіндегі хұжайралардың әрекетінен мүшенің әрекеті пайда болады, мүшелердің әрекеті құралып, бүтін денеге тіршілік береді. Хұжайралардың тірлігінен түрлі зиянды нәрселер пайда болады. Мәселен, дем алудан қышқыл-көмір, тамақтанудан түрлі азотты нәрселер. Зиянды нәрселер шығарылып, йә жуылып тұрмаса, адамның денесін улайды. Тіршіліктен туған денені улайтын нәрселерді “токсин” деп атайды.

Токсиндердің бәрі қанға жиылады. Қаннан бір бөлегі сідік арқылы, бір қатары тер арқылы сыртқа шығарылады. Сыртқа шығарылмай қалған токсиндерді зиянсыз қылу үшін түрлі басытқылар шығарып тұратын мүшелер бар. Үлгі үшін бұғақ без, бүйректің үстіндегі без, мидың түбіндегі без. Осылардан шыққан басытқылар қанға жайылып, зарарлы нәрселерді зиянсыз күйге келтіреді. Токсинді жоятын басытқыларды “антитоксин” деп атайды.

Білгіштердің тажырибасына қарағанда, мидағы хұжайралар зиянды нәрселерді өте көп шығарады. Мидан шыққан уларды басытқылар тезден жуып, үлгере алмайды.

Уды жуып үлгеру үшін біраз уақыт у шығаруды тоқтату керек. Мидағы хұжайраларға тыныс беру керек, миға демалыс беру керек. Ұйқы деген – мидың дем алуы.

Ұйықтағанда мидың әрекеті тіпті тоқтайды, ми ұйықтайды, өңге мүшелер әрекетін азайтып, жайлау жұмыстанады. Бұларды шала ұйықтайды деп айтуға болады.

Ұйқының мезгілінде миға жиылған уларды басытқылар жуып бітіреді. Ми улардан айыққанда ұйқы да қанады.

Миға тыныс бермесе, өзінен шыққан улар (токсиндер) миды өлтіреді. Ми өлген соң адам да өледі.

Асырауын дұрыс қылып-ақ, итті он-жиырма күн ұйықтатпасақ, өліп қалады. Қытай жұрты өлімге бұйырылған жазалы адамды ұйықтатпайды. Ұрмай-соқпай ұйқысыздықтан өлтіреді.

Ұйқыдан болдырған иттің қанынан білгіштер ұйқының уын (токсинін) тапқан.

Осы ұйқы уды ұйықтап тұрған сергек жануардың қанына жіберсе, жануар дереу ұйықтап қалады.

Ұзын сөздің қысқасы: ұйқы – күнде қайталап тұрған ауру. Әрбір ауруға дәру керек. Ұйқының жоғарғы айтылған себептерден екені рас болса, ұйқыға ем табу жолы ашық. Ұйқы токсинді жоятын антитоксин табу керек. Білгіштер осы жолда ізденуде.

Ұйқыға ем табылса, адам өнемейін сергек болмақшы, ми болдыруды, шаршауды білмейтін болмақшы. Мидің хасиеті аспақшы. Адамның миының істемейтін жұмысы жоқ. Сондықтан адамның тіршілік [...]* адамның өзі де танылмастай болып өзгермекші.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 186-187 бб.

* Бұл жердегі екі сөз оқылмады. – Ред. .

ЖҰЛДЫЗДАРДЫ КҮНДІЗ КӨРУГЕ БОЛА МА?

Бұл сұрауға жұрттың көбі ойламай-ақ “болмайды” деп жауап береді. Мұндай жауап дұрыс емес. Жұлдыздарды күндіз көруге болады.

Ашық түнде аспан толған шым-шыйыр жұлдыз. Құралсыз қарағанда аспанда көзімізге көрінетін жұлдыздың саны, білгіштердің айтуынша, бес мың жарым шамасында.

Жұлдыздар екі түрлі: бірі – қозғалмайтын жұлдыздар. Бұларды “шын жұлдыз” деп атайды. Шын жұлдыздардың өзінен шығатын жарығы болады. Күн де шын жұлдыздардың бірі. Әр жұлдыз жерден алыстықта болады, сондықтан бізге үлкен-кіші болып көрінеді. Жұлдыздарға қарағанда, Күн жерге орасан жақын тұр, сондықтан Жерден үлкен болып көрінеді, жарығы да Жерге көп түседі. Күн мен Жердің арасы жүз елу миллион километр деп есептелінеді, жұлдыздар Күнмен салыстырғанда Жерден бірнеше миллион рет қашық. Екінші түрлі жұлдыздар өнемейін аспанда қыдырып жүреді, тұратын орны күн сайын өзгеріп тұрады. Бұларды, кезеген жұлдызды, “планет” деп атайды.

Планеттердің өзінде жарық жоқ, бұлар Күннің сәулесімен жарқырайды. Планеттердің саны өте аз. Осы күнге дейін танылған сегіз үлкен планет, бірнеше уақ планеттер бар. Үлкен планеттер мыналар: 1) Меркур; 2) Венері (Шолпан, Өмірзая); 3) Жер; 4) Марс; 5) Жұпитер; 6) Сатурн; 7) Уран; 8) Нептун.

Алғашқы үшеуі Жерге қарағанда Күнге жақын болады, соңғы төртеуі Жерге қарағанда Күннен алыс болады. Планеттердің көбінің қасында жолдастары болады, Ай – Жердің жолдасы, планеттің бірі.

Күн де шын жұлдыздың бірі дедік. Күннің өңге жұлдыздардан айырмасы жоқ, тек бізге өте жақын. Сондықтан Жерге түскен жарығы күшті.

Жақын болса да Күннің шарасы бізге толық көрінбейді. Біздің Күн дейтініміз – Күннің ортасындағы нағыз жарық бөлімі.

Күннің айналасында оттан пайда болған кілегейленген шашырандылары, өрттің жалынындай лаулаған тілдері болады. Бұлар да бізге жай уақытта көрінбейді.

Күннің толық сүгіретін Күн тұтылғанда ғана көруге болады.

“Күн тұтылу” деп Күннің бетін Айдың қабаттап тұруын айтамыз. Ай Күн мен Жердің арасына келіп, Жерден қарағанда Күнге тұспа-тұс тұрса, Күннің не барлық бетін, не бір бөлігін қабаттап Жерден жасырады. Толық күн тұтылу я шала күн тұтылу пайда болады. Не себептен Күннің шеті (айналасы) жай уақытта көрінбей, тұтылғанда көрінеді?

Жерді айнала ауа қоршап тұрады. Ауаның қалыңдығы (биіктігі) екі жүз елу шақырымдай деп болжанады.

Күннің сәулесі ауадан өткенде ауамен шағылысады, шағылысқан сәуле жан-жағына тарайды. Сондықтан Күннен шыққан сәуленің көбі жолшыбай Жерге жетпей жан-жаққа бытырап кетеді, Жерге бір бөлек қана сәуле тура келеді. Күн сәулесінің ауамен шағылысып, жан-жаққа жайылғандығынан пайда болған жарықты “ауа жарығы” деп атайды. Біздің Күннің жарығы, күндізгі жарық дейтініміз – осы ауа жарығы. Аспанның көк болып көрінетіні де осы ауа жарығынан.

Ауаның жарығы соншама күшті, ар жағындағы жұлдыздардың жарығын, Күннің шетіндегі, айналасындағы жарықты тасалап бізге көрсетпейді, қабаттап жасырып тұрады. Осы себептен күндіз жұлдыздар, Күннің шеті, ай аласы бізге көрінбейді. Жердің айналасында ауа жоқ болса, жұлдыздардың бәрі де, Күн де толық болып, күндіз-ақ түндегідей көрініп тұрар еді. Жұлдыздардың жарығы ауа жарығынан күшті болса, жұлдыздар күндіз де көрінер еді.

Ай күндіз де көрінеді. Айдың өзінде жарық жоқ. Ай Күннен түскен сәулеге шағылысып жарқырайды. Күннің сәулесі Аймен шағылысқанда пайда болған жарық ауаның жарығынан күшті, ауаның жарығын тесіп өтеді, сондықтан Ай күндіз көрінеді. Жарығы күшті жұлдыздарды күндіз көрген талай қырағы адамдар бар.

Шолпан жұлдызды (Өмірзаяны) күндіз көру қиын емес. Жұлдыздың жолын анық білген кісі іздеуін тапса, күннен қашықтау тұрғанында Шолпанды күндіз көреді.

Терең құдықтың (шыңыраудың, шахтаның) түбінен жоғары қарағанда жұлдыздар күндіз-ақ анық көрінеді. Қалың биік ағаштардың арасынан да жұлдыздар күндіз көрінеді. Тереңнен қарағанда Күн сәулесінің ауамен шағылысқаны жарытып байқалмайды, сондықтан ауа жарығы кемиді, жойылып кетеді.


Ауа жарығы кеміген соң жұлдыздар көріне бастайды.

Бұл айтқанның растығын шыңырауларға түскен, шахталарда я қалың ормандарда болған кісі дұрыстайды.

Астрономдар (жұлдыз тексерушілер) телескоп деген құрал арқылы жұлдыздарды күндіз де көреді. Телескоп деген түрлі шөлмектерден құрастырып жасаған дүрбі (тұрба). Телескоптың шөлмектері сондай шеберлікпен құрастырылған, телескоптың аузынан қарағанда ауа жарығы кеміп я жойылып кетеді. Ауадан арғы жарықтар анық көрінеді.

Сөзді сарыққанда, жұлдыздарды күндіз көру үшін Жерді қоршаған ауаның жарығын жою керек. Сонда жұлдыздар түндегідей күндіз-ақ жарқырайды.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 343-344 бб.



Қазақ халық әдебиеті үлгілерін қырық бес жыл бойы ерінбей-жалықпай жинаған ӘБУБӘКІР АХМЕДЖАНҰЛЫ ДИВАЕВҚА арналады.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ

(Қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқылған баяндама)

I. АЛҒЫ СӨЗ

Орыс әдебиетінде қазақ халық әдебиеті туралы сан жағынан недәуір мақалалар болғанымен бүкіл халық әдебиетін түгел қамтитын жүйелі де толық очерк жоқ.

Ал жекеленген мақалалар арнаулы журналдар мен басқа да мерзімді басылымдарда шашырап жатыр, сондықтан маман емес адамға (тіпті кейде мамандардың өздері де) олармен танысу мүмкін емес.

Өкінішке орай, қазақ тілінде де халық әдебиетін азды-көпті болсын толық қамтитын шолу жасалған емес.

Осы “ақтандақтың” орнын толтыру үшін біз мүмкіндігінше қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндай отырып, жіктеп-жіліктеп, сондай-ақ үлгілері мен бұлақ-көздерін көрсете отырып, барынша сығымдалған түрде оның ықшам очеркін жазып шығуды мақсат тұтып отырмыз. Біз, әрине, халық әдебиетінің даму тарихын мүлде сөз етпейміз, сол секілді бұл әдебиеттің осылайша жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға, сырттан болған әсерлер мен қазақтарға туыстас халықтардың халық әдебиеттерімен өзара ауыс-түйіс мәселелеріне де тоқталмаймыз. Біз халық әдебиетінің қазіргі европаланған қазақ көркем әдебиетінің пайда болуы мен дамуындағы рөлін (орнына) және осы жаңа әдебиеттің жекелеген өкілдеріне оның ықпалын талдамаймыз.

Халық әдебиетінің қазақ ғылыми әдебиетін (ғылыми терминдерін) қалыптастырудағы мәні, қазақ халқының тарихын, қоғамдық дамуын және тұрмыс-тіршілігін, сондай-ақ қазақтың жеке басын (мінез-құлқын) танып-білудегі орны сияқты мәселелерді де назардан тыс қалдырып отырмыз.

Сонымен бірге біз қазақ халық әдебиетінің болашағы турасында ешбір артық-ауыс топшылаулар да жасамаймыз.

Бұл аталған мәселелердің бәрі соншалықты маңызды да мәнді, сондықтан да олардың әрқайсысы ұзақ тер төгіп, арнайы зерттеуді қажет ететін тақырыптар.

Біз бұл очеркімізде тек қазақ халық әдебиетінің болмыс-бітімін хатқа түсіріп, қолдан келгенше жүйелі де айқын классификациялап, әрбір бөлімнің мазмұнын ашып, бастау-бұлақтарын анықтап және оның қазақ, орыс тілдеріндегі бар үлгілерін көрсетуді мақсат тұтып отырмыз. Халық әдебиетін жүйелеудің тырнақалды тәжірибесі болғандықтан біздің очеркіміз тұтастай, әсіресе оның классификациялау бөлімі кемшіліктерден құр алақан болмаса керек, ал оларды түзету кейінгі ізденіс-зерттеулердің міндеті болмақ.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ қауымының тұрмыс-тіршілігі өзгеріске ұшырай бастады, ал бұл өзгерістер халық әдебиетінің даму жолына да ықпалын тигізді.

Төңкерістен кейінгі кезеңде қазақ тұрмыс-тіршілігіндегі бұл өзгерістер күрт қарқынды бола түсті. Қалыңмалдың және басқа ескілікті қалдықтардың заң жүзінде жойылуы, толық және жартылай отырықшы шаруашылыққа жаппай көшу, жасөспірімдердің тегіс мектеп оқуына тартылуы, дінге қарсы үгіт-насихат және басқа төңкерісшіл іс-шаралар қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен санасында терең із қалдыруға тиіс, осының нәтижесінде халық әдебиетіне негіз болған және гүлше жайнатқан іргетас сөзіне мек. XIX ғасырдың аяғынан бастап анық байқалған халық әдебиеті дамуының тежелісі әсіресе төңкерістен кейін күшейе түсті, осылайша барлық халық әдебиеті сияқты қазақ халық әдебиеті де бірте-бірте тіршілігін тоқтатпақ. Бұндай құбылыс басталады да және ол қазақтардың мәдени дамуына кері бағытта жүріп отырмақ. Бұл тарихи заңды құбылыс мәдениет қызметкерлеріне ерекше міндетті – халық әдебиетінің барлық үлгілерін жинау мен хатқа түсіруді және оны қолайын тауып жаңа мәдени құрылысқа пайдалана білуді жүктейді.

Халық әдебиетінің қайсы бір үлгі-нұсқасының із-түзсіз жойылып кетуі мәдениетіміз үшін орны толмас өкініш болмақ.

Осы очеркіміз арқылы біз қазақ қауымының қалың көпшілігінің назарын мәселенің осы жағына аударғымыз келеді.

II. ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ

Қазақ әдебиетінің негізін халық әдебиеті құрайды. Қазақтың халық әдебиеті саны жағынан аса бай, мазмұны жағынан өте алуан түрлі. Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады.

Сәбидің дүниеге келуі мен алғашқы жылдары халық поэзиясында *шілдехана, бесік жыры* (колыбельная песня) атты арнайы жырлар түрімен аталып өтеді.

Әуедегі жұлдыздай,
Суда жүзген құндыздай,
Өзім қалап сүйгендей,
Ұжмақтағы қор қызындай,
Әлди, балам, әлди.....

Көзімнің ағы-қарасы,
Жүрегімнің парасы,
Дүние, қамды ойлатпас,
Көңілімнің данасы,
Әлди, балам, әлди.....

Баласын тербете отырып қазақ әйелі осылайша ән салады.

Сәбилік, бозбалалық және жастық шақ кезеңдері халық әдебиетінде ән айту мен ойын үстіндегі өлең-жырлардан көрінеді.

Қазақ баласының шыр етіп жерге түскеннен бастап кәмелетке толғанға дейінгі тыныс-тіршілігі ән-жырдың құшағында өтеді. Әдетте оның ең бірінші еститін үні – анасы айтқан бесік жырының әуені. Балалар ойындарының басым көпшілігінің үстінде түрлі тақпақтар қоса айтылса, ал бозбалалық шақтағы өмірі ғашықтық жырларға толы.

Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстық ырғақтардың басты орынға шығуына, сірә, халық әдебиеті мен халық әндерінің кең таралып, дамуы және қазақтардың өмірдің кез келген жағдайында өлең шығарып, ән айтуы бір себеп болса керек.

Бала тілінің дамуы мен жеке адамның қалыптасуы мәселелеріне халық балалар әдебиетін зерттеудің көптеген мағлұмат беретіндігі сөзсіз, сондықтан да қазақ педагогтері бұған дұрыстап көңіл аударулары қажет.

Ғашықтық әдебиет (любовная литература) негізінен жастар өміріне қатысты және мазмұны жағынан өте бай, лиризмге толы. Ғашықтық әндерде махаббат, сүйіктісінің көрікті келбеті, онымен қосылам ба деген үміт, ол жақ сәттегі сағыныш, т.б. тақырыптар жырланады.

Бұл әнде әсіресе жігіттің өзінің сүйіктісіне айтатын теңеулері алуан түрлі және ерекше таңқаларлық болып келеді. Оның бетжүзі айға, ақша қарға, алтын мен шыныға теңестіріледі, ал тісі – маржан, меруертке, бетінің қызылы – қанға, шиеге, тұлабойы – тал шыбыққа, аузынан шыққан сөзі – шекер-балға, көзі – гауһарға, көзқарасы – күн сәулесіне, шамшыраққа, мойыны – қаздың, аққудың мойнына т.с.с. баланады.

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр.

“Ер Тарғын”

Міне, халықтық ғашықтық жырда осылай жырланады.

Үйлену тойы, келін түсіру мен қыз ұзату халық әдебиетінде арнайы *үйлену той жырлары* (свадебные песни) деп аталатын үлгілерден көрінеді.

Бұл жырлар ғашықтық әдебиетпен тығыз ұштасып жатады, тіптен соның бір бөлігін құрайтын тәрізді. Үйлену той жырларының ауқымдылығы мен өзіне тән кейбір арнайы мазмұндық ерекшеліктерінің болуы оларды бөліп көрсетуді қажет етеді.

Үйлену той жырлары былайша жіктеледі:

1. Қалыңдықтың үйінде жігіттер мен қыздар тобының кезектесіп, көпшілік болып (хормен) айтатын жыры – *жар-жар*. Бұл жырларда ұзатылар қыз өз ата-анасының үйіндегі еркін тірлігін мадақтайды және ата-анасымен қоштасуға тура келгендіктен, болашақ қайын енесінің үйінде ащы өмір күтіп тұрғанына қайғырса, ал айналасындығылар оған басу айтып, жұбатады.

Мінген атың жиренше, бикем, жар-жар-ау!
Артқы түйең інгенше, бикем, жар-жар-ау!
Өксіп-өксіп, жылама, бикем, жар-жар-ау!
Әлдилеп бала сүйгенше, бикем, жар-жар-ау!

Жылап, ән салып аттанып кетіп бара жатқан қалыңдықты қыз-жігіттердің хоры былайша жұбатады:

Балшық па екен, су ма екен, шашыраған, жар-жар!
Ақ сүт беріп шешкем асыраған, жар-жар!
Ақ сүт берген шешеме не көрсеттім, жар-жар!
Жат кісінің баласын жолдас еттім, жар-жар!

2. Тойбастарда қалыңдық пен күйеу жігіт, олардың ата-анасы мен руластары мадақталады және жаңа үйленген жастарға бақыт пен ақ тілеу тіленеді.

Үйлену тойында тойбастарды халық көп жиналған жерде жолы бойынша белгілі бір рудың немесе атаның ақыны айтады. Тойбастар айтуға ие болу – ақын үшін үлкен құрмет. Әдетте, той бастаған ақынға келіннің ата-анасы өздерінің байлығы мен даңқына сай және жырдың мазмұнына байланысты ат, жібек шапан немесе ақшалай сый береді.

3. Үйлену той жырларының келесі түрі – *беташар*. Ұзатылған беті жабулы қыз күйеу жігіттің үйіне келгеннен кейін той үстінде беті ашылады, келін жиналғандармен, жиналғандар келінмен арнайы өлең арқылы таныстырылады. Бұл жырларда негізінен келінге қатысты әдептілік ережелері және қайын атаға, қайын енеге, күйеу жігіттің өзге де туыстарына мінездеме (кейде күлдіру үшін әзіл-қалжыңға сүйей) беріледі.

Келін келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Ала-құла деменіз,
Атын атап қойыңыз.
Бәленшеге бір сәлем!
Суға біткен құба тал,
Талды көр де бойын көр.

Кеңеске салып ойын көр,
Инені бер де ісін көр.
.....
.....
Жаңа келген келіннің,
Бұл отырған жарандар,
Ашайын да, бетін көр!

Келіннің бетін ашқан сәтте осылайша жырланады.

Үйлену тойы және ғашықтық әдебиеттеріне халық әдебиетінің төменгі үш түрі етене жақын болып келеді:

Қоштасу (прощальная) жырлары ата-анадан, достарынан, сүйгенінен, қоғамдық мәні бар құрметті адамдарынан, ата жұртынан,

туған руынан, сүйікті малынан, тіпті қадірлі затынан айырылып, жоғалтқанда жырланады. Қоштасу өлеңдерін тудыруға себепші болатын мынадай жағдайлар: болмай қоймайтын өлім, ұзатылған қыздың айрылысуы – басқа ру, басқа жерге кету, жер аударылу, ұзаққа сапар шегу (қажыға бару, оқуға кету, т.б.), ата қонысты ауыстыру, т.с.с.

Үйлену тойына қатысты қоштасу жырлары әдетте *сыңсу* салтымен байланысты болып келеді, сыңсу кезінде ұзатылған қыз жылап, ән-жырмен туған-туыстарын аралап шығады, олармен қоштасады. Бұл жырлардан қазақ қыздарының өз үйіндегі және түскен жеріндегі жағдайының айырым-өзгешелігі, яғни басы бос, аялы алақандағы бойжеткеннің күйеуге шыққан соң ата-енесінің “қызметшісіне” айналатындығы анық байқалады.

Ғашықтық сарынындағы қоштасу жырларында әрдайым сүйініскендерді ажыратқан тағдырға реніш, жастардың қалыңмал төлеу арқылы үйлену жолына мойынсұну не қарсылығы көрініс тауып отырады.

Көрісу жырлары сүйіктісімен, туғандарымен, достарымен, қадірлі адамымен кездескенде, туған жерге оралғанда аталастарымен қауышқанда және т.б. жағдайларда айтылады. Бұл өлең-жырларда қуаныш, ризашылық сезімдері мол болады, оларды мазмұны мен айтылатын сәттеріне қарай қоштасу жырларына қарама-қарсы қоюға болады. Ел ішінде көрісу жырларының, әсіресе, сүйіспеншілікке қатысты түрлері мол ұшырасады.

Сәлем, сәлемдеме жырлары (песни-поклоны) жазбаша не ауызша түрде, арнайы бір адам арқылы, нақтылы біреуге жолданады не болмаса көп жағдайда автор оны біреуге бағыштап шығарады, ал келесі жақ бұл сәлем жөнінде ұзын құлақтан естиді, не ол туралы мүлде білмеуі де ғажап емес. Бұл өлеңдерде ризашылық, сүйіспеншілік, өкініш сезімдері, келекелеу, т.б. болады, олардың арнайы бір ерекше мазмұны жоқ, ғашықтық, мадақ, қайғы, әзіл-әжуа, тіпті кейде сықақ сипатында ұшырасады.

Сәлем жырларының классикалық үлгісіне Мұрат ақынның 1880 жылы, “ұлы қояннан” кейін алыстағы өз руластарына айтқан сәлемін жатқызуға болады.

Қоштасу, көрісу, әсіресе, сәлем әдебиеті (жырлары) өзінің мазмұны жағынан әдебиеттің өзге де түрлерімен, әсіресе сыртқы көрінісі бойынша ерекшеленетін ғашықтық, үйлену той, мадақ, сықақ жырларымен тығыз байланысты.

Жерлеу жырлары (похоронные песни) *жоқтау* мен *жылау* болып жіктеледі.

Жылауды өлім үстінде, жерлеу кезінде, қырқында не асында марқұмның әйелі, апа-қарындастары, шешесі не өзге де туыстары жекелей не қосыла (хормен) жылап-сықтап, дауыс шығарып айтады. Мазмұны жағынан бұл жырларда марқұмның қадір-қасиеті мадақталады, және артында қалғандардың қайғысы, азалануы мен орны толмас өкініші білдіріледі.

Жылайды деп сөкпеңіз,
Ғалам білген ерімді
Жоқтаусыз қайтып тастайын.
Мен жыламай қайтейін,
Отыз жастың ішінде
Жесір де қалдым жастайын.
Кешегі менің көкжалым,
Аруақ қонған жасынан.
Мың сан кісі жау келсе,

Жолдасын бермес қасынан.
.....
.....
Қанатым менің қайрылды,
Жүрегіме дақ түсіп,
Жасық пышақтай майырылды.
Асылзада сұңқарым,
Өлгенінді есітіп,
Адамзат бәрі қайғырды.

Әйелі өлген күйеуін осылайша жоқтайды.

Жоқтау болса қандай да бір жеке басының немесе қоғам алдында еңбегі сіңген адам қайтыс болған кезде айтылады. Жоқтауды әдетте ақындардың бірі шығарып, онда марқұмның тіріде істеген қызмет-істері мадақталады және көпшіліктің қайғысы бейнеленеді.

Өзінің мазмұны мен мәні жағынан жоқтау жылаудан жоғары тұрады. Жылау кез келген қайтыс болған адамға айтылса, ал жоқтау сирек, тек лайықты адамдарға ғана бағышталады.

Жоқтау өлімнен басқа себептерге байланысты да шығарылады. Жер аударылып кеткен адамды, алыс сапарға ұзақ уақытқа кетушіні не болмаса қадірлі атын, бүркітін, өтіп кеткен жастық шақты, артта қалған өмірінің көңілді шақтарын жоқтайды. Ұзақ уақытқа жолға шығушы не жер аударылғандар да туған жерін жоқтайды, т.б.

Поэзияның бұл түрі мазмұны жағынан өте бай және көбінше өзінің айрықша лирикалығымен көзге түседі.

Кенекем менің кеткен соң,
Заманым қалды тарылып,

Салтанатты хандардан
Жетім қалдым айырылып.
Екі бірдей қанатым
Топшысынан сынды қайырылып.
Балдағы алтын ақ берен,
Тасқа тиді майырылып.
Кемшілік түсті басыма
Көрінгеннен қаймығып.

Жаңбыр жаумай су болды,
Пұлы қымбат манатым.
Тасқа тимей кетілді,
Балдағы алтын болатым.
Кенесары, Наурызбай
Асып туған манабым
Қырғыздан біткен ұсайды,
Тағдырлы ажал сағатың.

Халық ақыны Нысанбай белгілі Кенесары Қасымовты осылайша жоқтайды.

Ал мына бір түрінде бұрынғы еркін өмір жоқталады.

Нар еді неше жүздеп айдағаның,
Мың-мыңнан жылқы еді байлағаның,
Қора-қора қой өрбіп әр ауылдан,
Жал-жая, бал мен шырын шайнағаның.
Ешкіні сиырменен мал ма екен деп
Алдыңа келді қазақ ойлағаның

.....

Бір күнде бозбалалар атқа мінді,
Белге қылыш, найзаны қолға ілді.
Қасқырдай түлкі алатын құмарланып,
Далада бозбалалар дәурен сүрді.

.....

(Елеусіз ақынның поэмасынан үзінді).

Халық поэзиясында *мақтау* жырлары (одалар) айрықша орын алады. Әдетте жеке адамның, тұтас ру мен ұлыстың батырлығы, байлығы, даналығы, әділдігі, күш-қайраты, ерлік-қажыры және басқа қасиеттері мадақталады. Дәл осылайша қаршыға, сұңқар, тазы, алдаспан, найза, т.б. да марапатталады. Әсіресе ата жұрт, жеке бір сай, өзен, тау, теңіз, арық және басқалар жиі мақталып, оларда табиғаттың небір әсем көріністері сипатталады. Мәселен, А.Нестеров жазып алған Досқожа ақынның сөзі (“Общества Археологии при Казанском ун-те”, т. XVI, вып. 1-6, 1900 г.).

Табиғат пен оның құбылыстарын сипаттау халық әдебиетінде өте жиі кездесетіндіктен оларды жеке алып, бөлекше қарастыруға

да болар еді. Әйтсе де біз өйтпедік, өйткені көп жағдайда табиғатты суреттеу мақтау, ғашықтық, насихат және басқа жырларда қосымша элемент, негізгі ойға үстеме болып келіп отырады.

Төмендегі жолдар 1879 жылғы қоян жұтының қысын суреттейді:

Мұнан соң кәрленіп Қоян келді.
Шаруа қазақ байғұсты ояндырды.
Сегіз айдай тынбастан боран соғып,
Қара қоймай қазақтың малын қырды.

Мақтау жырлары бұрынғы кезде тек шын мәнінде еңбегі сіңген лайықты адамдарға бағышталса, ал кейін мақтаушыға сый-сияпат беру дәстүрі бұндай одалардың мәнін түсіріп, сый, лауазым, қошамет алу үшін небір жалған сөздер айтылып отырды. Бұл құбылысты өткен ғасырдың 70-жылдарында ақын Абай тұңғыш байқап, өзінің өлең сөзімен аяусыз әшкереледі.

Мақтау мен жоқтауға халық поэзиясының *жұбату, көңіл айту* (утешающие) жырлары деп аталатын арнайы түрі ұштасады. Бұндай өлең-жырларда (өлімге, бақытсыздыққа, т.б. байланысты) қайғыға батқан жанға достарының не таныстарының бірі көңіл айтады және жер бетіндегі тірліктің, бақыттың баянсыздығынан, т.б. мысалдар келтіре отырып, оны жұбатады.

Сатира, ирония және эпиграмма халық әдебиетінде көрнекті орынға ие және ол ақынның қолындағы қарсыласын не өзін кемсітушіден кек алатын, келеке ететін, оны ұялтатын күшті қару. Сатира жеке адамға, тұтас ру мен атаға, белгілі бір уақиғаға, болмаса қарсыласының не жауының мақтаған затына қарсы бағышталады. Сатира жеке бір адамның, тұтас ру мен атаның мінез-қасиетіндегі жаман жақтары (сарандық, парақорлық, әділетсіздік, қорқақтық, озбырлық, кемістік, т.б.) мен өткенін, тіптен семьяның ішкі мәселелерін де тізбелеп, көпке әшкере етеді. Қандай да бір тауып айтылған бір шумақ әжуа өлең кейде бүкіл қазақ даласына тез таралып, мәтелге айналып та кетеді,

Тілі улы ақынның сынына ілінген адам үлкен қайғы жамап алады, өйткені оған арналған улы өлең ғұмыр бойы айтылып жүреді, кейде тіпті ол кейінгі ұрпақтарының бетіне де таңба болып басылады.

Өлеңді жерде өгіз семіреді,
Өлімді жерде молда семіреді,
Қаралдысында қатын семіреді,
Қайғысыз хан семіреді, —

-деген Атағозы бидің (Байұлы руынан) XVIII ғасырдағы Қаратай ханға айтқан сөзі мәтелге айналып кетті және күні бүгінге дейін семіз адамды мазақтау мен кемсіту үшін қолданылады. Ақын аузынан шыққан, жеке адамға немесе тұтас руға қатысты айтылған келекелеу болмаса жек көру сөздерін үнемі бейтаныс адамдар қылжақ қылып айтып жүретіндіктен де олардың намысына тиеді және бірнеше ұрпақтың есінде қалады. Сондықтан да өткір тілді халық ақынынан не биінен қауым үнемі сескенеді, ал кімде-кім улы тілді ақынға не биге жақпаса үлкен өкінішке қалады.

Сатира мен эпиграммаға жақын тұратын халық поэзиясы — *әзіл* (шутка). Қазақтар: “Әзіл апат әкеледі”, — деп айтқанымен, әзілдер зиянсыз болып келеді, көбінше ол құрдастар, нағашы мен жиен арасында жиі айтылады.

Көп жағдайда әзіл ақ көңілден шығады, күлкіге, тапқырлыққа құрылады, әсіресе көзінің қитарлығы, ақсақтығы секілді дене кемістіктері немесе ебедейсіздігі, оспадарлығы, т.б. назарға ілігеді.

Жиналған топтың көңілін көтеріп, күлкіге батыратын халық әдебиетінің тағы бір түрі бар, ол — *күлкі сөздер* (комическая литература). Күлкі сөздер, әдетте, қайбір болған жайтты не уақиғаны әзіл, күлкі тұрғысынан бейнелеп баяндап, жиналғандардың көңілін аша түседі.

Бата мен алғыс (благословение и пожелание счастья) — халық әдебиетінің кең таралған түрі.

Қазақ қауымы арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын, зергер, т.с.с. табиғат сыйлаған дарын-өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім кең таралған. Сондықтан да осындай атаққа немесе өнерге ыңғайы, икемі барлар сол саланың атақты өкіліне аттанады және қайтсе де оның көңілін тауып, ақ батасын алуға тырысады. Қазақ арасында белгілі бір би, атақты ақын, әруақты бақсы не зергер пәленшеге, түгеншеге, өзінің ақ батасын беріп, ақыл-өсиетін айтыпты, сонан соң ол да би, ақын, бақсы не зергер болыпты дегендей аңыз-әңгімелер орасан көп. Бұл — батаның бір түрі.

Батаның тағы бір түрі – ас-дәмге ризашылығын білдіріп, рахметін айту. Әрбір қонақ өзіне арналып сойылатын қойға батасын беріп және әр дастарқаннан кейін үй иесіне рахметін білдіріп отыруы шарт. Міне, шын мәнінде бата дегеніміз осы. Әдетте, батаны қонақтардың ішіндегі ең жасы үлкені береді және ол көбінесе өлең түрінде болып келеді. Кейбір ақсақалдар осы бата беру кезінде өзінің шын шеберлігін көрсетіп-ақ бағады.

Бата мен алғысқа қарама-қарсы түр – *қарғыс* (проклятие). Қарғысты дұшпанына, әкесі – көңілі әбден қалған ұлы мен қызына, молла–діннен безгендерге, ру басы – жаугершілік кезінде елін сатқандарға және т.б. береді.

Қазақ ханы Сібірге айдатқанда оны қалмақ былайша қарғайды (халық ақыны Мұраттың сөзінен):

Еділден бергі Шаған су
Оны да қалмақ жайласын,
Жылқыңды шуваш айдасын.
Ұлың менен қызыңның
Біреу де көрсін пайдасын.
Көлінде қулар шуласын.

Көзіңнен жасын буласын.
Бұл айдауда мен кетсем
Екінші айдау келгенде
Өзің бір қолға тұтылып,
Қатын да балаң шуласын.

Бұл – қарғыс өлеңнің шағын үлгісі.-

Халық әдебиетінің тағы бір түріне *болжал өлеңдер* (предсказывательные песни) жатады.

Болжал өлеңдердің шу басында Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген делінетін, жарым-жартылай аңызға айналған бейне – Асан Қайғы (Асан–Печальник, Асан – Горемыка) тұрады. Халық қамын жеп өткен Асан Қайғының өмірінің басым бөлігі қазақтар мен қырғыздардың жарқын болашағы үшін жерұйық жер іздеумен өтті делінеді. Қазақ даласы мен қырғыз тауының әрбір көзге түсер жері Асан Қайғының болжал өлеңімен байланыстырылады, ол жердің болашағы мен оны қоныстанушылардың тағдыры туралы сын айтылады.

Болжал әдебиеттің негізгі мазмұны қазақ халқының болашақ баянсыз тағдыр-талайы болып табылады: жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы, табиғат қаталданады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман ғадеттер молаяды, бір сөзбен айтқанда, қазақ елі мен жері өзгеріп, азып-тозады. Аталған ауыр

күндердің хақтығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақта құлдық пен құру тұрғанын жырлайды.

Болжалдық әдебиеттегі бұндай үмітсіз, зарлы сарын әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысында – саяси бостандықтан үміт кесілгенде (Исатайдың, Кенесарының, т.б. көтерілістерінің жаншылуы), қазақ жерін отарлау күшейгенде, ел жиі-жиі жұтқа ұшырап, кедейленгенде – күшейе түсті.

Қазақ халқының тарихын зерттеуде болжалдық өлеңдердің маңызы зор. Мәселен, “Асан Қайғы” толғауының мына бір үзіндісі қазақ ханы Жәнібектің (ХV ғ.) Шу өзені маңына кетіп, “қазақ хандығын құрған” соң қайтадан Алтын Ордаға (Сарайға) оралып, Мәскеу хукіметіне қандай да бір жең ұшымен жалғасқанын меңзейді:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.

Ойыл деген ойынды
Отын тапсаң тойынды.
Ойыл көздің жасы еді.
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан да елді көшірдің.

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып
Ерлер жортып күн көрген
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге.
Мұнда кеңес қылмасаң,
Кеңестің түбі нараду.
Арқада жатып ақырған,
Аламанды шақырған,
Амалды кәуір алғанда

Жәнібек атты жақсы хан
Еділ менен Жайыққа
Кәпірге қала салдырдың,
Ақылды белден шалдырдың,
Көңілді жаман қалдырдың.
Көңіл қалмай не қылсын

.....
.....

Төңірек жүзді, қой көзді
Әспеттеген баланды
Атасы нәлет кәуірге
Күндердің күні болғанда
Бас бұлғамай берерсің.
Нәлет біздің жүріске:
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң
Ал қолыңды маларсың
Алтын менен күміске.

Қиямет қайым болғанда
Жәнібек атты жақсы хан,
Баланы сенен сұрармын.

Әр түрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары, әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі *билік сөз* (замечательные приговоры судей, биев) деп аталады. Мұнда билердің тапқырлығы, әділдігі, турашылдығы көрінеді. Атақты билердің ұзақ жылдарға созылған дау-дамайларды екі-үш ауыз сөзбен-ақ бітіріп, екі жақты да риза қылғаны туралы мысал әңгімелер өте көп.

Насихат (правоучительная) поэзиясында қазақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, не жақсы, не жаман, не дұрыс, не бұрыс дегендер көрінеді. Бұл өлеңдерде таулардың, өзендердің, аттардың, т.б. жақсы не жаман екені аллегориялық тұрғыдан жиі жырланады. Жақсы әйел, тәрбиелі ұл, көргенді қыз, келін, бай, батыр, кедей, т.б. бойында қандай қасиеттер болуы керектігі осы насихат өлеңдерде көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет-мінездер: мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық, т.б. марапатталып, ал жаман, зиянды, жеркенішті құлық-әрекеттер: зинақорлық, ұрлық, өтірік, кекшілдік, тасжүректік, сараңдық, қонақты күтпеушілік, т.б. сыналып, сақтандырылады.

“Шешен қандай болу керек?” деген сауалға халық поэзиясынан мынадай жауаптар табылады:

Алқада жауап сөйлесе,
Түюлі сөзден аспаса,
Десте-десте сөз жөнін,
Іретіменен сәндесе.
Кемелдігін парықтаса,
Билігін алаш мақтаса,
Төмен жауап айтпаса,
Уәдесін сатпаса,

Қалдырып әділ сөздерін,
Көңілінде шанбаса,
Сабырсыз сөзден қатпаса
Орнына қойып баршасын,
Бір-біріне шатпаса,
Пікірге кәміл жұрт озған –
Бұ шешеннің іреті.....

(Ақтам ақынның сөзі)

Насихат жырларында қазақтың имандылық пен ізгілік туралы барша таным-түсінігі алақанға салғандай анық көрініс тапқан.

Халық поэзиясының тағы бір соқталы түрі – *зарзаман* (скорбная поэзия) мен *толғау*. Бұл өлеңдерде салт-сананың бұзылуы жырланады, халық өмірінің көне әдет-ғұрпы мен ескі салттарының құлдырауы, билер мен әкімдердің парақорлығы мен

пәтуасыздығы, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен халықтың жұтауы, жайылым-қоныстың тарылуы, қоныс аударушыларға шұрайлы жерлердің кесіліп берілуі, жердің тозуы, елдің азуы, аштық, жұт, т.т. сөз болады; бұрынғы өткен өмір мен ескі салт-дәстүрлер мадақталып, кейінгі өзгерістерге зар айтылады.

Мұндай зарзаман жырлары мен толғаулары аса көп және мазмұны жағынан алуан түрлі.

Патша хүкіметі мен Қоқан билеушілеріне, олардың шенеуніктерінің бассыздығына қарсы осы жырлармен сабақтасып жататын *қыздырушы сөз* аталатын *үгітшіл әдебиетте* (агитационная литература) бар. Бұл әдебиет, әсіресе, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында, патшалық хүкімет қырда ресейлік тәртіп орнатып, қазақтардың жерін қоныс аударушыларға жаппай тартып алып бере бастаған кезде өрши түсті.

Мәселен, 1869 жылғы “Далалық Ережені” енгізген кездегі қазақтардың жай-күйі халық әдебиетінде былайша сипатталады:

Мұнан соң ыштат деген үкім шықты.
Би мен хан тіл тарттырмай бәрін жықты,
Кәні сен бұл бұйрыққа көнбеймін деп
Айтып көр бұрынғыдай болсаң мықты.

.....
Мың үйге мұнан барып болыс қойды.
Қасына бұл болыстың орыс қойды
Таласып, қырылысып лауазымға
Ат беріп, елу үйлікке қойын сойды.

.....
Бір орыс бір қазақ қойды пәменшік деп
О дағы іс етпейді басып көктеп.
Жалғыз-ақ барар жерің ойазнай
Алдынан қуалайды пашал кет деп
Сен болмасаң анаған барамын деп
Күн қайда кететұғын сөзін кектеп?!
Барар жер, басар тауың болмаған соң
Қақпадан кете алмайсың төңіректен.
Бір ауыз тым болмаса тіл білмейсің
Өлдің ғой біздің қазақ тентіректен.

.....
(Елеусіз ақынның сөзі)

Халық әдебиетінің ерекше бір түріне *ғұмырнамалық* (биографическая) және *өмірбаяндық* (автобиографическая) әдебиетті жатқызуға болады. Аттарынан-ақ көрініп тұрғандай, алғашқы түрге жататын туындылар, әдетте, мақтау жырларымен тығыз байланысты болып келсе, ал соңғысы, әдетте, ауру үстінде, не өлім алдында айтылады да насихат, өсиет жырларымен сабақтасып жатады. Әбубәкір ақынның (27 жасқа дейінгі), Ығылман ақынның және т.б. өмірбаяндық өлеңдері елге белгілі.

Поэзияның ерекше түрі – өлім алдындағы *өсиет өлеңдер* (предсмертные, завещательные песни). Бұл өлеңдер негізінен ауру үстінде не өлім алдында айтылады, онда өткен өмір жолы суреттеледі, күнәларынан арылтуды өтініп, діни парыздарды толық өтемегеніне өкініш білдіріледі, бұ дүниедегі барша өмір мен пенделіктің баянсыздығы, о дүниеде күнәлары үшін жауап беруден қорқатындығы баяндалады, тәңірі мен айналадағылардан күнәлары үшін кешірім өтініледі және өмірді мағыналы сүру туралы ақыл-кеңес айтылады. Бұл жырларда көп жағдайда діннің әсері аңғарылып тұрады.

Емшілік халық әдебиеті (лечебная народная литература) да өте бай және алуан түрлі.

Емшілердің басты өкілі – қолына домбыра не кобыз ұстаған қазақ бақсысы. Емшілік әдебиетке мынадай өлең-жырлар жатады: *арбау, дуалау, үшкіру* және т.б. бақсылық, аспапта ойнау үстінде жын шақыру, отқа қақталған темірді жалау, билеу және аластау, көшіру, қағу секілді ауруға және өзіне жасалатын арбау әрекеттері.

Жын шақыру, арбау, дуалау мен аластау, ауруды айналдыру немесе көшіруді әдетте өзіне белгілі сөздерді және ән-әуендерді айта жүріп бақсы ғана орындайды. Мұндай жыр үлгілерінің шебер аудар-малары Диваевтың “Бақсы, как лекарь и колдун” атты кітапшасында келтіріледі.

Емшілік әдебиетке жататындар арасында “бәдік” деп аталатын түрі ерекше көзге түседі. Ауруды қоршаған бір топ еркек пен әйел түні бойы, ал кейде күнімен де біресе тобымен, біресе жеке-жеке арнайы жыр – бәдік айтады. “Бәдік” жырларының аудармасының үздік үлгісін де Ә. Диваев жасаған (Қараңыз: “Туркестанские Ведомости”, 1906, № 59).

Емшілік әдебиетке тыб*² (медицина және кітап ашу) та жатады. Бұл ісләмданған емдеудің бір түрі. Емшілерде әдетте Орта Азиядан немесе Ираннан әкелінген кітаптар болады, ондағы әріптерді (араб әліпбиіндегі), кісі атын және жыл санын ерекше есептей отырып, олар сауығуды, өлімді және басқаларды болжайды. Бұл – ортағасырлық шығыстық ғылым – нұжұмның (жұлдызшылықтың) бір түрі.

Бұлайша емдеудің екінші түрі – тұмарлар: Құраннан, аяттан көшірмелер, құдайға, әулиелерге, т.б. тілеулер. Оларды қалташаға тігіп, мойынға тағады немесе киімге (әдетте жағаға) тігіп қояды.

Емшілік халық әдебиеті шамандық дәуірде пайда болған және бертін келе, сірә, мұсылман дінінің әсерімен өзгеріске түскен.

Өлікпен сөйлесу де (переговоры с душами умерших) шамасы бақсылық әдебиетпен байланысты болса керек. Әдетте күйеу жігіт не қалыңдығы, күйеуі не шешесі қалыңдықтың, әйелінің (әйтпесе керісінше) қабірінің басына келіп, марқұмның жай-күйін сұрайды, өзінің қайғы-қасіретін айта бастайды. Сол бойда өзі басқа әуенмен марқұмның атынан өз сөзіне жауап қайырады, міне, осылайша қос дауысты әруақпен (дуэт) орындалып, қайғылы жүрек жұбаныш табады.

Түс жорудың (снотолкование) қазақтар арасында үлкен мәні бар, ел ішінде арнайы мамандар – түс жорушылар да ұшырасады. Бұрынғылардың айтуынша, түс жору Перғауынның (Фараон) түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан басталады. Әрбір қазақ түсін біреуге жорытуға тырысады және осы жору сөзге әрдайым сенеді. “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш” және т.б. жырларда түс көру мен оны жорудың поэтикалық суреттемелері баршылық.

Перілік хикаялар (демонологические рассказы) бақсы, албасты, қара, пері, жын, әруақ, жалмауыз кемпір, жезтырнақ және басқаларға қатысты болып келеді. Бұл хикаяттарда осы мифтік бейнелердің тууы, олардың адам баласына тигізер пайдасы мен зияны, олардың әсерінен сақтану жолдары, т.б. айтылады.

* Баяндама бойынша болған жарыссөзде “тыб” пен “тұмарды” халық әдебиетінен шығарып тастау қажеттігі жөнінде айтылды. Әйтсе де олардың халық арасына кең таралғандығын және қарапайым бақсылардың өзі жиі қолданатынын ескере отырып, автор халық әдебиеті санатында қалдырғанды жөн көрді.

Халық әдебиетінде әпсаналар (легенды) үлкен орын алады. Жер мен көктің жаратылуы, жұлдыздардың (Темірқазық, Жеті Қарақшы, Үркер, т.б.) пайда болуы, Алаңғасар алып туралы, топан судың қаптауы т.с.с. әр түрлі аңыз әңгімелер қазақ арасына өте мол таралған.

Солардың бірінен үзінді келтіре кетсек:

Аспанда ана тұрған Үркер жұлдыз
Түйесін көш-көш қылып тіркер жұлдыз.
Үркердің жалғыз қызын алып қашқан
Қарақшы мына тұрған жеті жұлдыз.

Қазақ арасында әр түрлі жануар, өсімдік және басқа заттардың шығуы туралы сан алуан *ырымдар* (поверье) бар. Қазақ ырымдары шаман дінінен, ісләмнан бастау алады және аралас, құранды болып та келеді.

Аңыздар да (предания) саны жағынан аса мол, мазмұны алуан түрлі. Аңыздар түрлі тарихта аты белгілі кісілерге, жекелеген құрылыс, қала, қорымдарға және т.б., әлдебір ру, ата не тұтас тайпа немесе қайсыбір уақиғаларға байланысты болып келеді.

Қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ және басқа түркі тектес халықтардың шығуы туралы аңыздар, Шыңғыс хан, Жошы хан, Жәнібек хан, Жиренше, Асан Қайғы, Қазтуған және басқа тарихта болған немесе аты аңызға айналған тұлғалар туралы аңыздар да алуан түрлі және олар қазақтың немесе өзге бір түркі халқының тарихын жазуда үлкен демесін бола алады. Бұхарадағы Көгілташтың салынуы, Қазығұрт тауы, Байтақтам, Қорқыт Ата, Көкшетаудағы Оқжетпес шыңы және т.б. хақындағы аңыздар қазіргі ақындарымыздың поэтикалық қиялына шабыт үстмелеген ғажап материалдар болып табылады.

Рулар мен жекеленген тұлғалар туралы аңыздар халық әдебиетінің *шежіре* (родословная) аталатын үлкен бір бөліміне кіріспе қызметін атқара алады. Әрбір қазақ өз руын, атасын 7-10 буынға дейін таратып айтып бере алады. Ақсақалдардың ішіндегі ерекше зеректері көптеген рулардың, тіптен бір жүздің немесе үш жүздің, басқа да туыстас түрік жұрттарының шежіресін тарқата алады. Дәл осындай хандар шежіресі де бар. Өлеңмен жазылған, поэма түріндегі шежірелер де ұшырасады.

Қазақ халық әдебиетінің арналы саласы – *батырлық жырлар* (героический эпос) мен *тарихи өлеңдер* (исторические песни).

Батырлық жырлар да әр түрлі, көбінше аттары аңызға айналған Қобланды, Алпамыс, Едіге, Орақ-Мамай, Қарасай-Қази, Ер Тарғын, т.б. Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы батырлардың іс-әрекеттері суреттеледі.

Ал тарихи өлеңдерде белгілі бір кезеңде өмір сүрген аты белгілі адамдар, әрине көптеген әсірелеу, әспеттеумен, негізінен жоңғарларға және орыс империалистеріне қарсы қазақтардың бас бостандығы үшін күрескен кездегі тұлғалар жырланады. Кенесары, Исатай, Бекет және басқалар туралы өлең-жырларды мысалға келтіруге болар еді. Көптеген батырлық жырлар мен тарихи өлеңдер нағыз эпопея болып келеді.

Батырлық және тарихи поэмалармен қатар қазақ әдебиетінде лирика-эпикалық сипатты көптеген *тұрмыстық жырлар* (бытовые поэмы) да “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу”, “Қыз Жібек”, “Айман– Шолпан”, т.б.) бар. Бұл жырларға жеке бір адамдардың көңіл-күйі, күйініш-сүйініші арқау болғанымен, сонымен қатар қазақтардың тұрмыс-тіршілігі де жан-жақты суреттеледі.

Қазақ халық әдебиетінің айрықша атап, тоқталуды қажет ететін түрі – *айтыс* (состязание импровизациями). Көшпелі өмір салтында, рулық қоғамда жеке адам мен ру шешуші роль атқарды. Бәсекеге түскен әрбір ру, әрбір ата тек өзінің билері мен батырларын ғана емес, қарсыласына дес бермейтін дарынды ақындарын да орынды мақтан тұтады. Қазақ арасындағы осы ру мен ата, жеке адамдар бәсекесі сөз жарысы – айтыс арқылы өте жиі көрініс табатын.

Айтыс – қазақтардың күні бүгінге дейін ең жақсы көретін поэзиясы. Соңғы кезге шейін қандай да бір уақиғаға бағышталған жиналыс болмасын әдетте ешқашан айтыссыз өтпейтін. Айтыс кезінде қарсыластар кезекпен суырып салып, бір-біріне жауаптасады. Әрқайсысы өзін, атақты аталасын, руын, жұртын, т.б. мақтай отырып, қарсыластарының, оның аталастарының, руластарының, жұртының, т.б. кем-кетіктерін, қате басқан қадамдарын, ұятты істерін қазбалап, тізе бүктіруге тырысады. Айтыс әдебиетінде табиғатты суреттеу, жан-жануарлар да сөз болады, жұмбақтар да, сатира мен эпиграммалар да жұмсалады, әйтсе де ақындар соңғыларына жиі жүгінеді. Айтысушының

бірінің аузына құм құйылып, үні өшкенше айтыс тоқталмайды. Бұл – қарсыласының жеңісін мойындау болып табылады. Айтыскерлерге құлақ түрген және түрлі қолпаш сөздермен өз өкілдерін қошаметтеуші қалың қауым, әдетте, тек тыңдаушы көрермен ғана емес, төреші де болып жатады. Айтыста жеңіске жеткен ақынның даңқы ерекше артады, сондықтан да айтысқұмарлар белгілі айтыс ақының жеңіп, атақ-даңқын асыру үшін мыңдаған шақырым жерден қарсыласын іздеп келеді. Айтысушылар жеке басты не қарсыласының руын қорлап, тіл тигізген кезде айтыс кейде төбелеспен, ойран-топанмен аяқталады. Жеке адамға не руларға сипаттама бере отырып өтетін айтыс әдебиеті тұрмысты, кейде тіпті қазақтардың тарихын зерттеуде тамаша көмекші болып табылады.

Жастардың арасындағы айтыс ғашықтық әдебиеттің үлкен бір тармағын құрайды. Ойын-сауықта, той-томалақта, т.б. жастардың бас қосуы әдетте айтысқа, әсіресе қыз (жас келіншек) бен жігіт арасындағы өлеңмен сөз жарыстыруға ұласады. Әсіресе әйел затымен айтысқа түсіп, жеңілген жігіт масқараға ұшырап, күлкі мен мазаққа тап болады; тағы да айтысқа түсіп, біреуді жеңіп, бедел-абыройын қалпына келтіргенше ол бұдан құтыла алмайды.

Тек жұмбаққа ғана құрылған айтыстар да жиі кездеседі.

Айтыстың көп жағдайда “Пәленнің пәленмен айтысы” дегендей аты болғанымен, кейде авторы белгісіздері де ұшырасады. Мұндай айтыстар, әдетте, тұтас рулар мен ел-жұрттарға қатысты болып келеді. Мысалы, байұлы мен әлімұлының, арғын мен найманның, қазақтың ноғаймен (татармен) және т.с.с. айтысы. Мұндай айтыстарда жекелеген рулар мен жұрттардың тұрмыс-тіршілігіндегі кемшіліктері мен озық жақтары жақсы сипатталады.

Бүкілхалықтық суырып салма айтыс өнері қазақтан өзге тек көне гректер мен арабтарда ғана кездеседі. Өкінішке орай, халық поэзиясының бұл түрі соңғы кезде сұйылып кетті, оның орнын жазбаша айтыстар баса бастады.

Айтыс әдебиетінің бір түрі ретінде әр түрлі даулы істі шешу үстіндегі билердің сөзін және талапкер мен жауапкердің сөз қайтару үлгілерін атап өтуге болады.

Қазақ халық эпосының үлкен бір саласы – *ертегілер* (сказки), *мақалдар* (пословицы), *жұмбақтар* (загадки), *жаңылтпаштар* (скороговорки).

Ертектер мазмұны жағынан ерекше бай. Оларда хан, бай, кедей, сараң, мырза, тазша, алтын асық, алтын құйрықты, күміс жалды құлын туған керкұла бие және т.б. жөнінде әңгіме козғалады. Қазақ ертегілерінде тапқыр Алдаркөсе, сараң Шықбермес Шығай, айлакер Тазша, ақылды, жол тапқыш Жиренше, т.с.с. толыққанды типтік бейнелер бар. Ертегілер арасында “Құйыршық” секілді тамаша балалар ертегісі де ұшырасады.

Қазақтың мақалдары мен мәтелдері ағыл-тегіл көптігімен және өткірлігімен ерекшеленеді. Азды-көпті шешен сөйлейтін кез келген қазақ өз сөзінде мақал-мәтелге жүгінуге тырысады, ал билер мен ел ішіндегі ділмәрлардың сөздері халықтық мақалдар мен мәтелдерге тұнып тұрады. Жұмбақтар әсіресе балалар арасына кең таралған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, жұмбақпен айтыста болып тұрады. Ал жаңылтпаш күлдіргі әдебиетке жатады.

Күлдіргі әдебиетке өмірде болмайтын оқиғалар мен жағдаяттарды баяндайтын *өтіріктер* (небылицы) де кіреді...

Ертегілерге қазақтың *жануарлар эпосы* (животный эпос) өте жақын тұрады. Қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен кәсіп шаруашылығы, мәдени дәрежесі табиғатпен және жан-жануарлар әлемімен тығыз байланысты болғандықтан әр түрлі жануарлардың мінез-құлқы мен тыныс-тіршілігі туралы аса бай әдебиет жасалған. Әдебиеттің бұл түрі жан-жануарлардың өмірі мен шығу тегі туралы әр түрлі әңгімелерді қамтиды. Жан-жануарларға сипаттама беретін әр текті мысалдарды да осы топқа жатқызуға болады. Қазақ жырларында 1) қасқырдың, 2) түлкінің, 3) есектің және басқалардың ерекше бейнелері бар.

Жан-жануарлар атымен аталатын он екі жылдық жыл есебі – *мүшел* (двенадцатилетнее исчисление), оның шығу тегі, бұл тізбектегі әрбір жылдың сипаттамасы, жыл мезгілдері, ай аттары және олардың қазақ шаруашылығындағы ерекше орны, есепшілік пен жұт – баршасы халық әңгімелерінің ішінде үлкен орын алады.

Ырымдар (приметы) қазақтардың өмірінде үлкен қызмет атқарады және ол өмірдің барлық саласын қамтиды. Қайсыбір ырымдарды бұлжытпай орындап отыру тәрбиелікті, көргендікті көрсетеді және міндетті түрде атқарылуға тиісті әдеп жоралғыларын сақтау болып табылады. Ырымдар әдетте тақпақ түріндегі белгілі бір сөз орамдарын, тілек-ниетті және т.б. айтумен атқарылады.

Поэзияның қазақтың таза халықтық әдебиетінен келесі бөлімге – рухани-діни әдебиетке ауысатын ерекше бір түрі *жарамазан* деп аталады. Жарамазанды ел кезіп жүретін адамдар, әдетте ораза кезінде айтады. Бұл жырлар жартылай діни сипатты: жарамазаншылар өз өлеңдерінде шариғатқа иек арта отырып, қайыр-садақа, сый сұрайды. Әдебиеттің бұл түрі орыстардың “Колядованиесін” (жаңа жылда айтылатын дәстүрлі ұлттық өлеңін) еске түсіреді.

Діни сипаттағы әдебиет (литература религиозного характера) ісләмнің негіздерін, шариғаттың қағидалары мен талаптарын, тамұқтың азабын, жұмақтың рахатын және басқа о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді. Мұхаммет пен оның серіктерінің өмір жолдарын баяндау да бұл әдебиетте ерекше орын алады. Әсіресе Әли халифа мен оның балалары Хасен, Хұсайын туралы өлең-хикаялар мол. О дүниелік өмірді суреттейтін, мысалы Молдағали ақынның “Жұмақ-Тамұғы” секілді көлемді поэмалар да бар.

Қазақ тілінде *араб-парсы өмірінен* (из арабско-персидской жизни) сыр шертетін әдебиет миссионерлік діни әдебиеттің жалғасы болып табылады. Бұлар негізінен “Мың бір түн”, “Шахнәмә”, т.б. секілді алуан түрлі араб және парсы ертегілерін, хикаяларын, қиссаларын өлең түрінде аудару, қайтадан көркем баяндау не соған еліктеу болып табылады.

Қазақ халық әдебиетінің түрлерін санамалай келіп, *боғауыз өлеңдерді* (нецензурная литература) айтпай кетуге болмайды. Қазақтың боғауыз мақалдарының кейбірін Ә. Диваев жинап, тұңғыш рет 1900 жылы Ташкент қаласында қолжазба күйінде жариялап таратты.

Әдебиеттің бұл түріне боғауыз сөздерден тұратын өлеңдер, мәтелдер, ырымдар, т.б. немесе еркек пен әйелдің жыныс мүшелерін, олардың төсекте ләззат алуын суреттейтіндері жатады. Боғауыз өлеңдер еркектер, әсіресе жастар арасына кең тараған.

Егер аталған қазақ халық әдебиетінің барлық мазмұн-мәнін бір жерге жинақтасақ, онда қазақ өмірінің барша қыры бейнелетінін көреміз. Баланың тууы, оның ойындары, жастық, сүйіспеншілік, үйлену тойы, қуанышы мен қайғысы, ауру, емшілік, өлім, жерлеу, ас беру, ата-ананың қайғысы, көңіл айту, жақын-жуықтың жұбатуы – міне, мұның бәрі халық әдебиетінде поэтикалық сипатта өз көрінісін тапқан.

Қазақтың барша тұрмыс-тіршілігі мен өмірлік жағдайын оның халық әдебиеті бойынша зерттеп шығуға болар еді. Қазақтың ұшы-қиырына көз жетпес кең даласы, оның құмы, өзені, тауы, алқабы, орманы, тоғайы – бәрі-бәрі халық әдебиетінде жырланған. Малшы-қазақтың бар жиған-тергенінен айыратын қыстың ақтүтек бораны, шілденің аптап ыстығы, күздің өкпек желі, көктемде қайта түлеген жер мен гүл жайнаған дала көркі – баршасы бүге-шігесімен халық әдебиетінде көркем көрініс тапқан. Көк аспан, жарық күн, әсем ай, жалтылдаған жұлдыздар әлемі, жұмбағы мол Құс жолы, бояулы кемпірқосақ, нұрлы жаңбыр, қалың қар, арнасынан асқан өзен, қаңқасы кепкен дала – бұлар да халық әдебиетінен өз орнын тапқан.

Халық әдебиетінен қазақтың жан-жүрегіне еркін көшпелі өмір, көші-қон, мал мен малшылық тұрмыс-салт қаншалықты жақын екендігі айқын көрінеді және онда қаладағы отырықшы өмірді, егіншілік пен сауда кәсібін жаны жақтырмайтындығы да соншалық дәл бейнеленеді.

Киіз үйді, оның бау-шуын, барша жиһаз-мүлкін бүге-шігесіне дейін қалдырмай асқақтата, мадақтай отырып, халық поэзиясы жертөле мен тамдарға жиренішті сипаттама береді.

Қазақтың ұлттық киімі (тұмақ, шекпен, күпі, бөрік, т.б.), қыздар тағатын алтын-күміс, сырға-шолпы, теңге, бес қару мен ер-тұман, т.с.с. да халық әдебиетінде жырланады.

Төрт түлік мал мен Қазақстанның және онымен шектесетін ел-жұрттың барлық жануарлар дүниесі халық әдебиетінде ерекше орын алады. Қазақтың әсіресе жылқы малына деген сүйіспеншілігі ерекше, сондықтан да қазақ халық әдебиетінде Тайбурыл (“Қобыланды батыр”), Көкбұйра (“Қарасай-Қазі”), Тарлан (“Ер Тарғын”), т.б. ерекше аттар – тұлпарлардың бейнелері сомдалған.

Қасқыр, барыс, шиебөрі, жолбарыс, арыстан, қабан, аю және басқа көптеген аңдар халық әдебиетінде өз орнын алған, әйтсе де қазақ малының қас жауы – қасқыр мен қазақ түлкісінің бейнелері ерекше дараланады. Неміс әдебиетін ауызға алмасак (Рейнекелис), өзге әдебиеттің бір де біреуінен қазақы түлкі бейнесіндей түлкінің сомдалған образын кездестіре алмайсыз.

Жырларда алуан түрлі құстар өлеңге қосылады, бірақ қазақ қаршыға мен сұңқарды, бозторғай мен бұлбұлды, аққу мен қараша-қазды ерекше жақсы көреді, ерекше жырлайды.

Жылан, құрбақа, кесіртке және бақа-шаяндар, тіптен ұсқынсыз ешкімерге дейін – халық әдебиетінен өз орнын алған.

Шырылдауық шегіртке, көбелек, қоңыз, шыбын, маса, бүйі, қарақұрт және басқа құрт-құмырсқалар да өзінің жағымды, жағымсыз бейнелерімен әдебиетке енген, әйтсе де қазақтар көбелекті ерекше жақсы көріп, өлеңге қосады.

Түп-түзу қайың мен теректен бастап, қазақтың жүрегіне жақын жусанына дейін – қырдың барша өсімдіктер әлемі халық әдебиетінде қамтылған, бірақ халық поэзиясында қызғалдақ пен бәйшешек ерекше жылы сезіммен жиі ауызға алынады.

Қазақ халық әдебиетінің қысқаша мазмұны, міне, осындай.

Мазмұны жағынан қазақ халық әдебиеті айрықша дара түр және о бастағы таза, төл қалпын сақтаған. Бұл, әрине, қазақтардың көшпелі өмірі мен мәдениеттен алыс жатқандығының әсері. Сырт кейпі яки тіл жағынан да қазақ әдебиеті өзінің таза, төл қалпын сақтаған. “Қазақтардың тілі ісләмнің бүлдіргіш ықпал-әсерінен аман қалған және өзінің тазатүркілік қалпын сақтаған. Әрине, оған да кейбір жат сөздер енді, әйтсе де олар басқа түрік мұсылмандарының тіліндегідей өзінің төл ерекшелігін сақтай алмады, қайта қазақ тілінің заңына бағынып, икемделді, осылайша тұтасымен халық игілігіне айналды”, – дейді белгілі шығыстанушы В.В. Радлов (“Образцы нар. литературы тюркских племен”, т. III, стр. XVII).

Сол Радлов: “Қазақтар өздеріне туыстас өзге жұрттардан айрықша шешендігімен және тауып сөйлегіштігімен ерекшеленеді”, – деп тағы қосып қояды. Белгілі шығыстанушы-тілшінің бағалары әсіресе қазақ халық әдебиеті хақында ерекше дәп келеді.

Сөздердің туралығы мен дәлдігі, айқындығы мен әуезділігі, тілдегі кең қамтып көркем суреттеу мен әуенді-әуезділік қазақ халық әдебиетінде ғажап дамыған. Қазақ поэзиясының осы қасиеттері, ұлан-байтақ аймаққа таралса да тілдің айрықша біртұтастығы қазақ әдебиетін зерттеуші кез келген ғалымды таң қалдырып келеді.

XIX ғасырдың аяғына таман ел ішіне орысша және мұсылманша оқу-білімнің таралуына байланысты ауызекі сөйлеу тіліне мүлде жат сөздер мен сөз тіркестері ене бастады және олар бірте-бірте халық

әдебиетіне, әсіресе ғашықтық, діни-ғибраттық сипаттағы әдебиетке ауысты. Жаңадан пайда болған орыс сөздерін тілімізге орыс мектептерінде оқыған жастар алып келеді. Өздерінің орыс тілін жақсы меңгергендігін көрсету үшін олар сөйлескенде, ұйқастырып ғашықтық-сүйіспеншілік хат жазғанда орыс сөздері мен сөз оралымдарын қолданды. Ескіше діни білім алғандар да өздерінің ғибраттық және басқа өлеңдерінде осындай жолмен жүрді. Бұндай бұрмалаушылық әзірге жекеленген сипатта, халық әдебиетінің тіліне айтарлықтай ықпал-әсер ете қойған жоқ. Әйтсе де дәл қазір бұған көңіл аударылмаса, болашақта тілді бүлдіруге үлкен қауіп тудырары сөзсіз.

Халық әдебиетінің тілінің формасы негізінен өлең сөз түрінде болып келеді. Ал қарасөзбен көбінше ертегілер мен түрлі хикаялар айтылғанымен, өлең формалы ертегі, хикая, аңыз әңгімелер де мол ұшырасады.

Қазақ тіліндегі екпін сөз соңына түсетіндіктен қазақ поэзиясы әр өлеңдегі бірдей буын санына құралған силлабикалық өлең-өлшемді болып келеді.

Өлең өлшемі кез-келген шығарманы әрбір қазақтың өлеңдетіп не әндетіп орындауы қазақ халқының ерекшелігі болып табылады.

Ақындар өлеңді әрдайым домбыраға қосылып айтады.

Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындары және халық билері.

Шешендік пен өз ойын ырғақ-әуенмен жеткізу қабілеті күллі қазақ халқына тән қасиет, бұл тұрғыдан әсіресе өлеңші: ақын, халық билері ерекше көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар. Халық әдебиетін жасау-шы бұлардың есімі көп жағдайда ұмыт болған, әйтсе де бірен-саран аты белгілері де бар, халық творчествосының қайсыбір шығармаларының туу тарихы солармен байланыстырылады. XIX ғасырдағы халық ақындары мен билерінің бәріне жуығының аты-жөндері белгілі, әйтсе де олардың туындыларының көпшілігі ұмытылған, не авторы белгісіз бұқаралық халықтық шығармаларының қатарына қосылған.

Ең әрідегі халықтық ақындардан есімі белгілілері – қазақтың Жәнібек ханы тұсындағы (XV ғ.) Жиренше, Сыпыра жырау мен

Шалгез (XVI ғ.). Ал соңғы екі ғасыр беделінде өмір сүріп, азды-көпті есімдері ел есінде қалғандары мыналар: Қалнияз, Абыл, Нұрым, Қадырбай, Мұрат, Матай, Қауан, Өтебай, Байтоқ, Марабай, Иманбай, Бабас, Жылқышы, Абат, Жылқайдар, Қозыбек, Жұмырбай, Қашқынбай, Базар, Есенбақ, Жиенқұл, Ораз, Шернияз, Жаскелең, Бақы, Жанак, Нысанбай, Нармамбет, Майлықожа, Мәделіқожа, Ешнияз, Бұдабай, Ермәмбет, Ығылман, Құлымбет, Шегебай, Ақтам, Молдағали, Балмырза, Сүйінбай, Досқожа, Өмірзақ, Жамбыл, Бақтыбай, Әбубәкір, Біржан сал, Ақан сері, Жүсіпбек, Бұқар, Орымбай, Ақмолда, Қарпық, Сейдахмет, Қабан, Күдері, Бөлтірік, Елеусіз, Нұржан, Тоқжан, Қанапия, Өске, Бейбіт, Серәлі, Тұрмағамбет, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Шөже, Садық, Әзілкеш, Оңғар, Шораяқтың Омары.

Осы адамдардың кейбіреулері күні бүгінге дейін көзі тірі. Әрине, жоғарыда аттары аталғандардан басқа есімі белгісіз халық ақындарының әлі де көптігі сөзсіз.

Халық жадында көптеген билердің есімдері сақталған, қайсыбір аңыз, әңгімелер солардың атымен байланысты айтылады. Мысал үшін айтсақ, Төле би, Досбол би, Бала би, Атағозы би, Есет би, Ескелді би, Байдалы би, Қазыбек би есімдері өздерінің билік сөздері, нақылдарымен даңқы шыққан.

Қазақ халық әдебиеті бұрын да, қазір де ауызша таралды. Бұрынғы кезде ешқандай жазу-сызу болмағандықтан шығармалар ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп отырды. Қазақтар ғажайып есте сақтау қабілетімен ерекшеленгенімен (біздің қазақтардың тұтас жырды бір-ақ рет тыңдаған соң дәл сол күйінше қайта айтып бергеніне куә болғанымыз бар), әрине, уақыт өте келе талай дүние ұмыт болды. Оған әсіресе түрлі жұқпалы аурулар мен соғыс, аштық пен жұт кездерінде халық әдебиетінің белгілерінің жаппай опат болуы да әсер етті.

Халық әдебиетінің, әрине өз шығарушылары бар, бірақ бұл авторлық өзгеше сипатта. Халық ақындары өз туындыларын әрқашан аяқасты суырып шығарады және әдетте оны өздері хатқа түсіре қоймайды. Бұл суырып салған шумақтар сол бойда жатталып, белгілі бір адамның туындысы ретінде біреуден біреуге жеткізіледі. Қайта айтушының өзгерістер енгізетіні, авторы неғұрлым ертеде өмір сүрсе, соғұрлым өзгерістердің де көп болатындығы, әрине табиғи құбылыс. Сондықтан да қазіргі кезде

белгілі бір автордікі делінетін шығарма-ның бірнеше нұсқалары бар. Бұндай жағдайда, әрине хатқа түскен нұсқаның көнелігі, сенімділігі үлкен маңызға ие.

Тіптен белгілі бір адамның бұдан ондаған жылдар бұрын дүниеге келтірген туындыларының қазіргі кезде бірнеше нұсқасы бар. Сондықтан мұндай авторлардың шығармаларында коллективтік шығармашылықтың белгілері кездесетіндіктен, бұған жоғарыда аталғандардың көпшілігі жатады, ол сөз жоқ халық әдебиеті болып табылады. Халық әдебиетінде авторлықтың өзге де түрі ұшырасады. Мәселен, белгілі халық жырлары, поэмалары, т.б. тұңғыш рет кімнің аузынан жазылып алынса, соған таңылады немесе кейбір ақындар қайсыбір нұсқаның соңғы жеткізушісі өзі болғандықтан, авторлықты өздеріне иеленеді. Бұл шығармалар әрине шын мәнінде халық творчествосының жемісі, соңғы айтушы ақындардың авторлығы шартты түрде ғана. “Ер Тарғын”, “Қыз Жібек”, “Айман-Шолпан”, “Қарасай-Қазі”, “Қобланды” және басқа көптеген жырлар осындай шығармаларға жатады.

Халық поэзиясындағы авторлықтың үшінші түрі өз шығармаларын автордың өзі хатқа түсірген немесе басқа біреу жазып алған өз шығармасын түзеткен сәтте пайда болады. Бұндай авторлықтың қазақ халық әдебиетінде кездесетіндігі күмәнсіз, бірақ дәл қазір ондай авторлар мен шығармаларды атап айтуға нақты деректер жоқ. Кейбір мәліметтерге қарағанда бұндай авторлық ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан басталады деп жобалауға болады. Бұл *қазақтың жазба әдебиетінің* басталуы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу қажет.

Халық әдебиеті ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі түрде хатқа түсе бастады. Әдетте оны қызығушылар мен Радлов, Потанин, Ильминский, Мелиоранский сияқты шығыстанушы мамандар жазып алады.

Қазақ халық әдебиетінің нағыз жинаушысы этнограф Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев болды. Қырық жылдан астам уақыт бойы ол шаршамай-талмай қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинады, жүйеледі және орыс тіліне аударды. Диваевтің жинаған материалдары, негізінен Сырдария облысынан, 200 баспа табаққа жуықтайды; олардың толық тізімі 1922 жылы Ташкент қаласында

шыққан “Наука и просвещение” журналында берілген. Олардың 86 баспа табағын Диваев революцияға дейін орыстың түрлі журналдарында бастырған. Революциядан соң оның көптеген туындылары қазақ тілінде жеке басылып шықты және түрлі журналдарда жарық көрді (төменнен қараңыз).

Түркістан Халық ағарту комиссариатының ерекше экспедициясы 1920 жылы Жетісу мен Сырдария облыстарынан қазақ халық әдебиетіне қатысты көптеген материалдар жинап қайтты.

В.В. Радловтың материалдары (“Образцы народной литературы тюркских племен” т. III, 1870) Шығыс Қазақстаннан (Семей мен Ақмола облыстарынан) жиналған. Ал Ильминский мен Мелиоранский жинаған материалдар Батыс Қазақстанға қатысты.

Бұл көрсетілгендерден басқа кейбір жекелеген адамдардың қолында жарық көрмеген недәуір көлемдегі жиналған материалдар бар.

ІІІ. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

1. Жыр, (эпос): а) батырлық ә) тарихи, б) хайуанаттар.
2. Ертең.
3. Мақал мен мәтел
4. Жұмбақ.
5. Ырым сөз.
6. Жаңылтпаш.
7. Наным-сенім.
8. Әпсана.
9. Он екі жылдық жыл есебі – мүшел (жыл мезгілі, ай, апта күндері, олардың шығуы мен мәні туралы әңгімелер).
10. Перілік хикаялар (Жалмауыз кемпір, Жезтырнақ, Албасты, Марту, Қара, Обыр, Үбе, Жын, Пері).
11. Космогониялық әңгімелер (аспан шырақтары, күн күркіреу, найзағай, аққан жұлдыз, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, кемпірқосақ, т.б.).
12. Түс жору.
13. Ойын және онымен байланысты түрлі мәтел, тақпақ, әңгіме.
14. Аңыз.
15. Шежіре: а) жеке адам, ә) тайпа, б) ру, в) ата, г) хан.
16. Тұрмыстық жыр (“Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу”, “Айман-Шолпан”, т.б.).
17. Айтыс: а) ру айтысы, ә) тайпа айтысы, б) қыз бен жігіт айтысы, в) жұмбақ айтыс, г) хат айтыс.
18. Мақтау өлеңдер: а) жеке адамды мақтау, ә) тұтас руды немесе атаны (ата жұртты не белгілі бір жерді), в) қандай да бір оқиғаны, затты, жануарды, т.б. мақтау.
19. Жоқтау: а) қайтыс болған кісіні не жер аударылғанды, ә) ата жұртты, б) жастықты, в) сүйгенін, т.б.
20. Жылау-сықтау.
21. Көңіл-айту, жұбату.
22. Сатира, ирония және эпиграмма (Жамандау, мысқыл, келеке, кекесін-келемеш, шағу).
23. Билік сөз.
24. Бата, алғыс.

25. Қарғыс.
26. Күлкі, көңіл ашу сөз.
27. Әзіл.
28. Үгіт өлең.
29. Зарзаман, толғау.
30. Патша және қоқан үкіметіне қарсы және чиновниктердің бассыздығына қарсы қыздырушы намыстандырушы өлең.
31. Болжал өлең.
32. Өсиет өлең.
33. Ғұмырнама мен өмірбаян.
34. Бесік жыры
35. Үйлену тойы жырлары: а) жар-жар, ә) тойбастар, б) беташар.
36. Ғашықтық өлең (жігіт өлеңі)
37. Қоштасу өлең.
38. Көрісу өлең.
39. Сәлем өлең.
40. Әруақпен сөйлесу.
41. Емшілік өлендер: а) бақсының жын шақыруы, ә) оқу, б) арбау, в) көшіру, қағу, г) дем салу, үшкіру, д) садақа сұрау, құдайы, назире, ж) кітап ашу, з) бойтұмар, и) құмалақ ашу, жауырын қарау.
42. Өтірік өлең.
43. Жарамазан.
44. Боғауыз өлең.
45. Діни әдебиет.
46. Араб-парсы өмірін көрсететін әдебиет (қысса).

IV. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ

Қазақ халық творчествосының түрлі үлгілерінің орыс тіліндегі (сүйектілері) мыналар:

I.Ә.А. Диваевтың тасқа басылған шығармалары:

- 1) в сборнике материалов для статистики Сыр – Дар. области т.т. I-VI, IX-XII.
- 2) Гродеков. Киргизы и Кара-киргизы Сыр-Дар. обл.
- 3) В Известиях Общ. Археологии, истории и этнографии при Казан. Университете т. XIII, вып. 4. и 6; т. XIV, вып. 2,3, и 5, т. XV вып. 3.
- 4) В ученых записках Казанского Ун-та за 1897 и 19000 г.г.
- 5) В записках Вост. Отд. Рус. Археол. Об-ва т.т. X, XI и XII.
- 6) В газете “Туркестанские ведомости”: № 25-1891 г., № 41-1892 г., № 7-1893 г., № 88-1896, № 91 и 97-1900 г., № 9, 20, 25, 32, 41, 86-1901 г., № 80 и 90 – 1902 г., № 10, 43 и 100-1903 года, № 50 и 102-1904 г., № 4 и 152-1905 г., № 24, 59 и 113-1906 г., № 54-1907 г., № 46-1915 г., № 20, 206, 217, 222 и 241 – 1916 г.
- 7) В газете “Окраина” № 18, 37, 52, 55 и 66-1894 г., № 27, 34, 100 и 102-1897 г.
- 8) В Известиях Тур. Отд. Рус. Геогр. Об-ва за 1900 г.
- 9) В журнале “Этнографическое Обозрение” кн. VI, X, XVIII и XIX за 1903, 1904, 1906 г.г.
- 10) В записках Рус. Археол. Об-ва в честь Потанина.
- 11) В газете “Туркестанское слово” № 11 и 29 – 1917 г.
- 12) В трудах Об-ва изучения Киргизского края, вып. III за 1922 г.

II. Алекторовтың тасқа басылған шығармалары:

- 1) Киргизы. Оренбургский листок 1886 г. № 13 – 20, 22 – 25.
- 2) Праздничные игры и забавы киргизов. Оренбургский листок 1888 г. № 42.
- 3) Болзезни киргизов и средства врачевания, их Оренбургский листок 1891 г. № 2, 3, 4, 5, и 7.
- 4) Лебединая песнь Шийшиб – акына – Оренбург. Листок 1894 г. № 38.
- 5) Киргизские сказки и предания. Киргизская степная газета за 1896 и 1897 г.г.
- 6) Народная литература киргизов “Астраханский вестник” за 1893 г.

7) Предания киргизов, киргизские пословицы, там же за 1893, 1894, 1897 г.г.

III. Орынбор, Семей, Омбы және Ташкент қалаларында шығып тұрған “Оренбургский листок”, “Киргизская степная газета”, “Тургайская газета”, “Астраханский вестник” және басқа мерзімді басылымдар беттерінде:

IV. В записках. Оренб. Отд. Рус. Геогр. Об-ва 1875 г., вып III.

V. У. Ильминского. “Материалы к изучению киргизского наречия”.

VI. Мелков. “Материалы по киргизской этнографии”. Труды Об-ва Кирг. Края, вып. III и VI.

VII. Потаниннің шығармалары:

1) Очерки Северозападной Монголии, вып. I и IV.

2) Несколько вопросов по изучению поверий, сказаний, суеверных обычаев и обрядов у киргиз и сибирских татар.

3) В юрте последнего киргизского царевича и друг.

VIII. Р.П. Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания. Оренб. 1885 г.

IX. Тверетин – О Козы – Корпече и Баян – Слу. Изд. Казнаркомпроса 1927 года.

Қазақ халық әдебиетінің үлгілері (сүйектілері) қазақ тілінде мына басылымдарда жарық көрді:

1. Алтынсарин “Киргизская хрестоматия”, Оренбург, 1879.

2. Алекторов. “Киргизская хрестоматия”. Оренбург, 1898, 1-бөлім.

3. Радлов. “Образцы народной литературы тюркских племен”. III-том.

4. Лютш. “Киргизская хрестоматия”.

5. “Известия общ-ва археологии, истории и этнографии”. XVI-том, 1–6-шығуы.

6. Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасының басылымдары:

1. “Қобыланды батыр”.

2. “Нәрікүлы Шора”.

3. “Алпамыс батыр”.

4. “Бекет батыр”.
5. “Шора батыр”.
6. “Едіге батыр”.
7. “Қамбар батыр”.
8. “Тарту” хрестоматиясы, Диваевтың жинаған материалдарынан.
9. “Кенесары-Наурызбай”, Диваевтың жинаған материалдарынан, Х. Досмұхамедовтың редакциялауымен және түсінік-темелерімен.
10. “Қыз Жібек”, Х. Досмұхамедов редакциясымен.
11. “Мұрат ақынның сөздері” – Х. Досмұхамедов.

7. Мәскеудегі ССРО халықтарының орталық баспасының басылымдары:

1. “Ер Тарғын” (Марабай).
2. “Ер Сайын” (Байтұрсынов).
3. “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу” (Радлов).
4. “Мың бір мақал” (Баржақсин).
5. “Аламан” (Досмұхамедов).
6. “Тазша” (өтірік өлеңдер). (Басығарин).
7. “23 жоқтау” (Байтұрсынов пен Қыр баласы).
8. “Ер Едіге” (Қаныш).

8. Ташкенттегі Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің басылымдары:

“Исатай-Махамбет” (Х. Досмұхамедов).

9. Ташкентте шыққан журналдар: “Шолпан” - № 1 – 6; “Сана” – № 1 – 3 және “Сәуле” – № 1 – 6; Семейде: “Таң” – № 1 – 4; Қызылордада: “Жаңа мектеп”; Ташкентте басылған жинақ: “Терме”, № 1.

10. Революцияға дейін Қазанда әр түрлі адамдар қазақ халық әдебиетінің өте көп үлгілерін басып шығарды.

Бұл басылымдардың бәрі аса көп қатемен, бұрмаланған түрінде жарық көрген, сондықтан оны тек дайындығы мол адамдар ғана пайдалана алады.


11. Түркістан республикалық ғылыми комиссиясының қазақ бюросының жарық көрмеген қолжазба материалдары
Қазақ Ағарту халық комиссариатының ғылыми кеңесінде сақтаулы тұр.

а) Ә. А. Диваевтің материалдары (“Наука и просвещение” журналында (№2) тізімі берілген).

ә) Жетісу облысынан жиналған материалдар (“Наука и просвещение” журналында (№1) тізімі берілген).

б) Сырдария облысынан жиналған материалдар (тізімі жасалған бірақ жарық көрмеген).

Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 14-37 бб.



КАЗАКСКАЯ* НАРОДНАЯ ЛИТЕРАТУРА

КРАТКИЙ ОЧЕРК

(Доклад, прочитанный в кабинете Казахского языка при
Казахском Высшем Педагогическом Институте)

Посвящается

АБУБАКИРУ

АХМЕДЖАНОВИЧУ ДИВАЕВУ

в течение сорока пяти лет неутомимо
собиравшему образцы казахской
народной литературы

I. ПРЕДИСЛОВИЕ

В русской литературе хотя и имеется довольно значительное количество статей о казахской народной литературе, но нет ни одного связного, цельного очерка, обнимающего всю народную литературу.

Отдельные же статьи разбросаны в специальных журналах и других периодических изданиях, так что неспециалисту (а в некоторых случаях и специалисту) нет возможности познакомиться с ними.

К сожалению, и на казахском языке тоже нет более или менее исчерпывающего обзора народной литературы.

Во исполнение этого пробела, мы решили дать в самом сжатом виде краткий очерк о казахской народной литературе, насколько возможно классифицировав ее и указав содержание, а также источники и образцы. Мы совершенно не касаемся истории развития народной литературы, не выясняем причин и условий, оказавших влияние на такое широкое развитие этой литературы, не касаемся вопроса о посторонних влияниях и взаимоотношениях этой литературы с народной литературой родственных казакам народностей. Мы не разбираем вопроса о роли народной литературы в возникновении и развитии существующей казахской европеизированной художественной литературы и ее влияние в произведениях отдельных представителей последнего.

* Здесь и далее: "казахская" — принятое в 20-х годах написание слова "казахское". — Ред.

Вопросы о значении народной литературы при создании казакской научной литературы (научных терминов). При изучении истории, общественного развития и быта казахского народа, а также для изучения личности казака (характера) нами оставлены совершенно в стороне.

Точно также мы не делаем никаких более или менее глубоких прогнозов о будущем казакской народной литературы.

Все вышеуказанные вопросы настолько важны и серьезны, что каждый из них требует длительного кропотливого изучения.

В настоящем очерке мы задались целью только зафиксировать сущность казакской народной литературы, составить по возможности связанную, стройную классификацию, указать содержание каждого отдела и выявить источники и указать образцы народной литературы, которые имеются на русском и казахском языках. Как первый опыт систематизации народной литературы весь наш очерк, особенно классификационная его часть, должен иметь недостатки, исправление которых составит обязанности дальнейших исследований.

Со второй половины 19-го века в быте казахского населения начались изменения, которые оказывали влияние и на развитие народной литературы.

В послереволюционный период эти изменения в казахском быте стали более прогрессивными. Отмена калыма и др. пережитков старины в законодательном порядке, массовый переход на земледельческое и полужемледельческое хозяйство, массовое школьное обучение молодежи, антирелигиозная пропаганда и другие революционные мероприятия должны внести глубокие изменения в быт и сознание казака и, таким образом, подрывать тот фундамент, на котором строилась и пышно расцветала народная литература. Заметное с конца 19-го века падение развития народной литературы особенно усилилось в послереволюционный период и казакская народная литература, как всякая народная литература, должна постепенно замереть. Процесс такой начался и пойдет в порядке обратной пропорциональности культурному развитию казаков.

Этот исторически закономерный процесс возлагает на культурных работников особую обязанность зафиксировать и собрать все образцы народной литературы, и использовать соответствующим образом при новом культурном строительстве.

Исчезновение хотя бы отдельных образцов народной литературы будет большим культурным ущербом.

В связи с настоящим очерком, мы хотели обратить внимание широких кругов казакской общественности и на эту сторону вопроса.

II. СОДЕРЖАНИЕ НАРОДНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Основу казакской литературы составляет народная литература. Народная литература казаков чрезвычайно богата количественно и очень разнообразна по содержанию. Все моменты личной жизни казака, начиная от рождения и кончая смертью и поминками, а также все события, касающиеся общественной жизни отдельного рода или целого народа, воспеваются в народной литературе.

Рождение ребенка и первые годы его жизни отмечаются в народной поэзии особым видом, известным под именем *колыбельной песни* (шилдехана, бесик жыры).

Ты звездочка моя небесная,	Әуедегі жұлдыздай,
Ты бобер мой, плавающий в воде.	Суда жүзген құндыздай,
Ты возлюбленный мой,	Өзім қалап сүйгендей,
Словно гурия райская.	Ұжмақтағы қор қызындай,
Баю, деточка моя, баю...	Әлди, балам, әлди...
Ты зрачек моего глаза,	Көзімнің ағы-қарасы,
Ты кусочек моего сердца.	Жүрегімнің парасы,
Ты отрада в горькой жизни,	Дүние, қамды ойлатпас,
Ты утешитель моего сердца.	Көңілімнің данасы,
Баю, деточка моя, баю...	Әлди, балам, әлди...

(перевод Диваева).

Так поет киргизка, укачивая свое дитя.

Период детства, отрочества и юности выражается в народной литературе песнями в играх и пениях.

Жизнь казакского ребенка, с момента рождения до достижения полной зрелости, насыщена песнями. Первые звуки, которые обычно слышит казакский ребенок, это звуки колыбельной песни, которую поет мать. Большинство игр детей сопровождается

словами стихотворного характера, и юношеская жизнь переполнена песнями, гл. образом, любовными.

Преобладающая роль звукового ритма в воспитании казакского ребенка может быть является одной из причин широкого развития народной литературы, народной песни и того явления, что казак поет и сочиняет стихи при всяких обстоятельствах жизни.

Изучение детской народной литературы бесспорно прольет большой свет на выяснение вопроса о развитии личности и речи ребенка, на что должны обратить внимание казакские педагоги.

Любовная литература касается, главным образом, жизни казакской молодежи и очень богата по содержанию и сильна лиризмом. В любовных песнях воспеваются любовь, красота возлюбленного, высказываются надежда на взаимность и тоска при ее отсутствии и т.д.

Вот отображение любовной песни:

Лицо твое как наливное яблочко,
Сок уст твоих как мед;
Быть может, в раю Хуры красивее тебя.
На этом же свете нет тебе равной.
И мечты о тебе, бриллиант мой вносят
Свет в мою темную юрту;
Нет на свете ничего, что было бы достойно тебя,
Серебро ты мое драгоценное,
Улыбкой своей ты сводишь с ума всех на свете.
Гибкий стан твой стройней балдыргана,
Юная свежесть твоя поспорит с румяной талинькой...
Пава-красавица ты ловче марала;
Ты одна лишь, одна в моих думах.

(Пер. "Олян" Диваева, газ. Окрайна за 1897 г., № 27).

Особенно замечательны и разнообразны в этих песнях сравнения своей возлюбленной. Лицо сравнивается с луной, снегом, золотом и стеклом, зубы — с жемчугом, коралом, румянец лица — с кровью, с вишней, телосложение — с тополем, рост — с сосной, гибкость — с тальником и тополем, слова, выходящие из уст возлюбленной — с медом, сахаром, глаза — с изумрудом, взгляд — с лучами солнца, светом лампы, свечи, шея — с шеей лебедя, гуся и т.д. и т.д.

На черную землю выпадает снег... Қара жерге қар жауар,
 Посмотри на снег, посмотри на мое тело. Қарды көр де етім көр.
 И падает на белый снег капля алой крови, Қар үстіне қан тамар,
 Посмотри на алую кровь – Қанды көр де бетім көр.
 Посмотри на мои ланиты...

(Ер Тарғын)

поет народная любовная песня.

Свадьба и женитьба, выдача замуж в народной литературе отражаются особыми т.п. *свадебными песнями*.

Эти песни так тесно переплетаются с любовными, как бы составляют особый отдел последних. Обширность этих песен и некоторая специфичность содержания заставляют выделить их.

Свадебные песни подразделяются на: 1) *жар-жар*, песни, которые поются в доме невесты, попеременно хорами из девиц и парней. В этих песнях невеста восхваляет привольное житье свое в доме родителя и горюет по поводу предстоящей разлуки с родными и будущей горькой доли в доме свекрови, а окружающие утешают ее.

Ты сидишь, госпожа, на рыжей лошади, жар-жар!	Мінген атың жиренше, бикем, жар-жар-ау!
Сопровождает тебя, госпожа, молодая верблюдица, жар-жар!	Артқы түйең інгенше, бикем, жар-жар-ау!
Всхлипывая, всхлипывая, не плачь, госпожа, жар-жар!	Өксіп-өксіп, жылама, бикем, жар-жар-ау!
Ведь ты будешь ласкать, подбрасывая ребенка, жар-жар!	Әлдилеп бала сүйгенше, бикем, жар-жар-ау!

(пер. Диваева).

Так утешает хор из девиц и парней уезжающую невесту, которая рыдает и поет:

Грязь ли, вода ли брызжет на меня, жар-жар!	Балшық па екен, су ма екен, шашыраған, жар-жар!
Вскормила меня белым молоком родимая матушка, жар-жар!	Ақ сүт беріп шешекем асыраған, жар-жар!
Вскормившей меня белым молоком матушке чем отплатила я, жар-жар!	Ақ сүт берген шешеме не көрсеттім, жар-жар!
Выбрала себе в спутники сына постороннего человека, жар-жар!	Жат кісінің баласын жолдас еттім, жар-жар!

2) *Той-бастар* (дословно – вступление в той, свадебный пир) есть восхваление невесты, жениха, их родителей, их рода и благопожелание счастья новобрачным.

Той-бастар поется на свадьбе при многочисленном скоплении народа каким-либо акыном по старшинству родов или колен.

Получить право – петь той-бастар – это большой почет. Обыкновенно за той-бастар акын одаривается родителями невесты лошадью, шелковым халатом или деньгами, смотря по знатности и богатству невесты и содержанию песни.

3) Третий вид свадебных песен – это т.п. *бет-ашар*, т.е. открывание лица. В доме жениха, по прибытии невесты, во время пира, закрытая невеста вводится в дом родителей жениха и обрядом бет-ашар (песнопением) знакомят собравшихся с молодой, а ее с собравшимися. Песни эти содержат, гл. образом, правила приличия для невестки и характеристику свекра, свекрови и других родственников жениха (иногда с прибавлением комических черт для смеха).

Приехала невестка, смотрите,
Да заплатите за смотрины;
Не говорите: она такая, сякая –
Заплатите, назвав ее по имени.
На воде растет стройный тал,
Посмотри на тал, да на ее рост;
Заведи с ней разговор, да испытай ее ум
Дай ей иглу, да суди о ее работе.

.....
Недавно приехавшей невестке,
собравшееся общество,
Я открываю лицо, смотрите...

Келін келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Ала-құла деменіз,
Атын атап қойыңыз.
Бәленшеге бір сәлем!
Суға біткен құба тал,
Талды көр де бойын көр.
Кеңеске салып ойын көр,
Инені бер де ісін көр,

.....
Жаңа келген келіннің,
Бұл отырған жарандар,
Ашайын да, бетін көр!

(пер. Диваева).

Так поется при открывании лица невестки.

К свадебной и любовной литературе тесно примыкают следующие три подразделения народной литературы:

Прощальные песни поются при разлуке с родными, с друзьями, с возлюбленными, уважаемыми лицами, имеющими

общественное значение, с родиной, с родом, с любимыми животными и даже с любимыми вещами. Обстоятельствами, вызывающими прощальные песни, являются неминуемая смерть, разлука по поводу выхода замуж (уход в другой род и местность), уход в ссылку, в длительную отлучку (напр. путешествие на поклонение святыням, уход в учение и проч.), переселение в другую местность и т.п. обстоятельства.

Прощальные песни свадебного характера сопровождаются обычно обрядом прощания – *сынсу*, когда невеста с плачем и пением объезжает родных и прощается с ними. Из этих песен хорошо видна разница положения казакской женщины в роде родителей и в доме свекрови, когда свободная и окруженная почетом девица обращается по выходе замуж сразу почти что в прислугу “свекрови”, пока не сделается самостоятельной хозяйкой.

В прощальных песнях любовного характера всегда слышится жалоба на судьбу, что она разлучила возлюбленных и, то покорное, то протестующее отношение молодежи институту калымной женитьбы.

Песни при свидании поются при свидании с возлюбленными, родными, друзьями, уважаемыми лицами, при возвращении на родину и в свой род и т.п. обстоятельствах. В этих песнях выражаются чувства радости и удовлетворения. Эти песни по содержанию и вызывающим их обстоятельствам являются противоположностью прощальным песням. Особенно много этих песен любовного характера.

Песни-поклоны (салем, салемдеме – поклон, привет). Эти салемы посылаются в письменном виде или устно через особое лицо, передающее точно адресату, или же в большинстве случаев автор не посылает его никуда и заинтересованные стороны узнают об этих салемах через четвертых, пятых и т.п. лиц, и даже иногда совсем не узнают. В этих песнях высказываются чувства признательности, любви, сожаления, насмешки и т.п. Какого-либо специфического содержания эта литература не имеет и содержание ее бывает характера любовного, восхвалительного, оплакивающего, комичного или же нередко высмеивающего и сатирического.

Классическим примером песни-поклона могут быть слова, высказанные Мурат-акыном после большого “Кояна”* в 1880 году, как поклон издалеку представителям своего рода.

Литература прощания, свидания и особенно поклона по своему содержанию так тесно переплетаются с другими видами, особенно с любовными, свадебными, восхвалительными, сатирическими, что выделение их в особые виды сделано, главным образом, по внешним признакам.

Похоронные песни распадаются на *жоктау* (оплакивание) и *жылау* (причитания).

Жылау поется обыкновенно с рыданием и плачем (сыктау) женой, сестрой, матерью и прочей женской родней умершего в отдельности или хором во время смерти, похорон, сорокового дня, в дни поминок. Содержание этих песен состоит в восхвалении заслуг покойного и в них высказывается горе, тоска и горькая доля остающихся.

Не ругай меня за то, что я плачу. Как могу я не причитать по мужу, который был известен всему миру!? Что мне делать, как не плакать! Имея всего тридцать лет Осталась я вдовою молодою ... Вчерашний мой серогривый Еще с молодю стал славен.	Жылайды деп сөкпеніз, Ғалам білген ерімді Жоктаусыз қайтып тастайын. Мен жыламай қайтейін, Отыз жастың ішінде Жесір де қалдым жастайын. Кешегі менің көкжалым, Аруақ қонған жасынан.
--	---

“Коян” 1880 г. – в год зайца, после Когда приходил неприятель счетом в тысячу он не уступал своих друзей товарищей	большого джута. – Ред. Мың сан кісі жау келсе, Жолдасын бермес қасынан.
--	---

Крыло мое вывихнулось И погнулось, словно нож из недокаленного железа. О, мой дорогой сокол, Услышав про смерть твою, все происшедшие от человека, горевали...	Қанатым менің қайрылды, Жүрегіме дақ түсіп, Жасық пышақтай майырылды. Асылзада сұңқарым, Өлгенінді есітіп, Адамзат бәрі қайғырды.
--	--

(пер. Диваева)

Так рыдает жена над трупом мужа.

* “Коян” 1880 г. – в год зайца, после большого джута. – Ред.

Жоктау же поется про покойника, имевшего какие-либо особенные личные или общественные заслуги.

Жоктау сочиняется обыкновенно каким-либо акыном и в нем воспеваются заслуги умершего и высказывается горе общества.

По своему содержанию и значению *жоктау* стоит выше *жылау*. *Жылау* поется почти каждому покойнику, *жоктау* же поется реже и про заслуженных лиц.

Кроме покойника *жоктау* поется и по другим причинам. Оплакивают ссыльного, уехавшего надолго в далекие страны, оплакивают павших или пропавших дорогих лошадей, беркутов, оплакивают прошедшую молодость, прошлую веселую жизнь. Уехавший надолго или ссыльный может оплакивать родину и пр.

Этот род поэзии чрезвычайно богат по содержанию и часто бывает силен своим лиризмом.

Как Кенехан умер —	Кенекем менің кеткен соң,
Мир мне сделался тесен.	Заманым қалды тарылып.
Славных ханов лишившись,	Салтанатты хандардан,
остался я сиротою, оба мои крылья	Жетім қалдым айырылып.
оторвались у основания...	Екі бірдей қанатым
С золотою ручкой стальной меч	Топшысынан сынды қайырылып.
Погнулся, не ударившись о камень.....	Балдағы алтын ақ берен,
Униженияпали на мою голову,	Тасқа тиді майырылып.
Их принужден я перенести с рыданием.	Кемшілік түсті басыма
	Көрінгеннен қаймығып.

.....

Без дождя стало мокро
мое дорогое одеяние;
мой булат зазубрился
не ударясь о камень,
как Кенесары и Наурузбай нашли
смерть у киргиз...

Жаңбыр жаумай су болды.
Пұлы қымбат манатым.
Тасқа тимей кетілді,
Балдағы алтын болатым.
Кенесары, Наурызбай
Асып туған манабым.
Қырғыздан біткен ұсайды,
Тағдырлы ажал сағатың.

Так оплакивал народный поэт Нысанбай смерть известного Кенесары Касымова.

А вот пример жоктау другого рода, тут оплакивается прежнее привольное житье.

Бывало ты, казак гоняешь Табун из сотни верблюдов, байлағаның, И в косяки коней собираешь, Порой, до тысячи голов.	Нар еді неше жүздеп айдағаның, Мың-мыңнан жылқы еді Қора-қора қой өрбіп әр ауылдан, Жал-жая, бал мен шырын шайнаға- ның,
--	--

Овец с аулов выгоняли На степь несметные стада... Еды другой мы и не знали, Как жеребятину тогда Или кургашков, и считали Коров и коз плохим скотом Но все прошло: и вот мы стали, Кормится ими же потом.	Ешкіні сиырменен мал ма екен деп Алдына келді қазақ ойлағаның.
--	---

.....

Бывало молодежь лихая, Вскочив на борзых лошадей, Кривою шашкою бряцая, С копьем в руках, среди степей. Как волк лисицу нагоняя, Безумно рыщет; лучших дней Светло катился ряд игривый Для молодежи той счастливой...	Бір күнде бозбалалар атқа мінді, Белге қылыш, найзаны қолға ілді. Қасқырдай түлкі алатын құмарланып Далада бозбалалар өмір сүрді...
--	--

(Выдержка из поэмы Елеусиз-ақына, перевод Р.П.).

Одно из важнейших мест в народной поэзии занимают *восхвалительные песни* — мактау (оды). Обыкновенно восхваляют храбрость, богатство, мудрость, справедливость, силу, отвагу и прочие подобные качества отдельного лица, целого рода и племени. Точно также восхваляются ястреб, сокол, гончая собака, острый меч, копье и т.п. Особенно часто восхваляется родина, отдельное урочище, озеро, гора, море, арык и пр., причем встречаются прекрасные описания природы. Напр. Слова Досхожи-ақына, записанные А. Нестеровым (изд. О-ва Археологии при Казанском Ун-те, т. XVI, вып. 1-6, 1900 г.).

Описание природы и явлений ее так часто встречается в народной литературе, что можно было бы выделить ее в особый отдел. Мы этого не сделали только потому, что в большинстве

случаев описание природы является сопутствующим элементом и дополнением основной мысли в хвалебных, любовных, нравоучительных и др. песнях.

Қалел: Қорытынды сөзінде: қазақша ауыз әдебиетін жию шаралары деп – мынадай жоба ұсынды: елдің ауыз әдебиетін жию үшін, әр аймақта тұрып қызмет қылатұн білім кеңесінің қойған кісілері болуға керек: олардың жиған сөздері білім кеңесі жанындағы мамандардың сынынан өтіп, қабыл алынғандары тоқтаусыз басылып шығып, ел ішіне тарайтұн болу керек. Ауыз әдебиетін жиғанда – ел аузындағы сөздердің мынасы жақсы, мынасы жаман деп талғау керек емес, бәрін жия беруге керек – жиылған әдебиеттің қаншалық керек екенін ашатұн орын білім кеңесі ғана болу керек. Мұның үстіне, съезд халық әдебиетін жиюдың аса керектігін айтып, ол үшін қазынадан жеткілікті қаржы бөліп тұруын сұрау керек.

Әлиқан: бұл ұсынысты толықтырып, бұлай деді: халықтың ауыз әдебиетін жию кез келген кісінің қолынан келе бермейді, сондықтан елдің ауыз әдебиетін жиятұн кісілерді, оны жия білетұн кісілерден ғана сайлау керек. Елдің ауыз әдебиетін қалай жию, қайдан жию керек екенін түсіндіріп өз алдына бір кітап жазып шығару керек, ауыз әдебиетін жиюшылар сол кітаптың нұсқауымен іс қылатұн болу керек. Оқу комиссариатының оқу жолына ұстайтұн барлық қаржысының бір белгілі үлесін


(процентін) елдің ауыз әдебиетін жию жұмысына арнау керек – сонда ауыз әдебиетін жиюға да, оны бастырып таратуға да қаржы болады.

Съезд: Қалелдің ұсынысын, Әлиқанның толықтырып, түзеткен қалыпты қабылдап, бұлайша қаулы қылды: 1-елдің әдебиетін жию тақырыпты, оны қалай жию керек екенін түсіндіретүн нұсқауыш кітап шығарылсын;


2) ел арасында тұрып қызмет қылу үшін, ауыз әдебиетін жиі білетүн кісілерден әр аймаққа арнап кісі сайлансын;

3) жиылған әдебиет білім кеңесінің сынынан өтіп қабылданған соң, тоқтаусыз басылып шығып ел ішіне тарайтүн болсын;

4) ауыз әдебиетін жиып бастырыл шығаруға жеткілікті қаржы болу үшін, оқу комиссариаты өзінің барлық қаржысынан сол жұмысқа арнап бір белгілі процентін беріп тұратын болсын.



**ДӘРІГЕР. ҒАЛЫМ.
ҚАЙРАТКЕР**



**Өз тілін өзі білмеген ел – ел
болмайды... Тілінен айырылған жұрт
– жойылған жұрт.**

Х. Досмұхамедұлы

ХАЛҚЫНА ӨЗІН АРНАҒАН АРДАҚТЫ АЗАМАТ

“Халық” деген сөз айтар ауызға да оңайлықпен шыға қоймас. Өйткені, салмағы ауыр. Бойына жиынтық мағына сіңіріп, әділдік күтеді. Бұра тартсаң, бәрібір тарихты таразыға салатын, зердесінен өткізетін ұрпақ бар. Бірақ қай кезде де тарихты жазушылар өз ойларының дұрыстығына сенген. Тарих сахнасына шыққан саясат, қоғам қайраткерлері де төл халқына қас болу мақсатын қоймаған. Кеңес билігінің саясатымен тапшыл болған Сәкен Сейфуллиннің де, ол бағытқа қарсы алашшыл Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедовтің де армандары бір – қазақтың жарқын болашағы. Сондай арманда кеткен, соның өзінде халқына елеулі еңбек еткен азаматтың бірі – Халел Досмұхамедов. Ол Сырым батырға ақылшы болған аға билердің бірі – Алдар бидің ұрпағы. Халел Досмұхамедов ауыл молдасынан сауат ашып, кейінгі білім алуы Ойыл (Көкжар) қаласындағы бір кластық орыс-қырғыз (қазақ) училищесінде, одан Орал қаласындағы екі класты реальды училищеде жалғасты.

1903 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық Әскери-медициналық академиясына түсіп, 1909 жылғы қараша айында аяқтаған.

1909 жылғы мамыр айының 8-і мен тамыз айының 31-і күндері аралығында Пермь губерниясы Чердын уездік земствосының Морчан учаскесінде дәрігер болып қызмет істейді. Бұл – академия бітірер алдындағы өндірістік тәжірибеден өткені. Х. Досмұхамедовтің “дәрігер болып тағайындалдым” деген жазуына қарағанда, ол өзінің еңбек жолын осы кезден бастап есептеген.

Ол 1909 жылғы қараша айының 29-нан бастап 1913 жылғы қаңтар айының 1-не дейін Орал казак әскері бөлімінде кіші дәрігер болып қызмет етеді. Бұл кезде ел ішіне оба ауруы жайылып, халық өте ауыр жағдайға ұшыраған. Осындай қиын кезде көмек көрсетуді ойлап, Халел Досмұхамедұлы әскери қызметтен босатуды сұрап, дәрігерлік мамандығын азаматтық қызметке ауыстырады.

Кеңестік кезеңнің соңғы он-он бес жылында Халел мен Жаһан-шаның Ленинмен кездескенін баяндау барысында олардың азаматтық абыройы мен адамгершілік қасиетіне көлеңке түсіретін асығыс ойлар кейбір басылымдарда жарық көрді [1].

Бірақ 1970 жылы С. Зиманов “официальный отчет или запись этой встречи нигде не опубликованы, поэтому о содержании беседы, разумеется с большой осторожностью”; – деп ескерткен [2]. Келіссөздегі әңгімені дерек-тейтін мағлұмат – құжат әлі табылмағанын Д. Аманжолова да жазған [3].

Алайда, С. Зиманов еңбегінде алашордашылардың кеңес өкіметін мойындауға, ақ казактарға көмек көрсетпеуге шақырған үндеуге қол қойғанын екіжүзділік санаған. Неге? Мәселені ашық айтудың мүмкіндігі соңғы кезеңде ғана туды. “Орал облысындағы жағдайдың өрістеуі Х. Досмұхамедұлының Саратов кеңесі мәжілісінде берген уәдесінен бас тартуға мәжбүр етіп, ақ казактармен одақтасуға итермеледі” деп жазады К. Нұрпейісов [4].

Кеңес өкіметінің билігі үстемдік алған кезде, оның саясаты мейлінше орныққан кезде жау болған жақтың пайдасына шешілер сөз айтылмағаны белгілі. Екіншіден, сол жылы 18–21 мамыр күндері Орал өңірі қазақтарының IV облыстық съезі өтті. Съездің күн тәртібіне енген 20 мәселенің ішінде “Кіммен және қандай негізде одақ құру керек?” деген қабырғалы сұрақтың қойылуы да себепсіз болмас. Әйтпесе, алашшылдардың Саратовтағы сөзін өтірікшілердің әдіс, айласы деп қабылдауға келмейді.

Бұл кездесудің нәтижесі ойлағандай болмады. Сондықтан кеңес үкіметімен келісімге тұтас Алашорда атынан бармай, жеке Торғай бөлімшесінің атынан Ахмет Байтұрсынов әрекеттер жасады. Ақырында, оның көп күш жұмсауымен оң нәтижелер көріне бастады... “Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеті” құрылып, А. Байтұрсынұлы төраға орынбасары болып сайланды. Осы қызметті пайдаланып, ол Алашорда мүшелеріне кешірім берілуі үшін табандылықпен әрекеттерін жалғастыра берді. Біраз уақыттан кейін Халел мен Жаһаншахта жағдайдың енді өзгеруіне жол қалмағанын біліп, кеңестермен байланысқа шықты. Қазревкомның 1920 жылғы наурыз айының 5-і күнгі қаулысымен Алашорданың батыс бөлімшесі таратылды. Кешірім берілсе де, олардың идеялық қарсыластары тарапынан салқындық біразға дейін сақталды.

Осыдан кейін Халел Досмұхамедұлын Ташкентке шақырған Тұрар Рысқұлов [5], оның Түркістан Республикасының астанасына келуі, шамамен, 1920 жылдың маусым-шілде айы. Оның Ташкентке келуі ғылыми қызметке атсалысуымен ерекше.

Бірінші рет ол 1930 жылы қыркүйек айының 14-і күні ұсталды. Қазақстандағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (БМСБ) үштігінің үкімімен 1932 жылғы сәуірдің 20-сы күні ісі қаралып, РКФСР Қылмыстық істер кодексінің 58-бабының 7, 10, 11-тармақтары бойынша концлагерьге қамауға алынатын болған. Бірақ бұл шешім өзгеріп, көрсетілген мерзім сақталатын болып, Воронеж қаласына жер аударылды.

Екінші рет Воронежде жүрген жерінен 1938 жылғы шілде айының 25-і күні ұсталды. Бұл жолғы ұсталуына сылтау—ұлтшылдық-фашистік ұйымның мүшесі, Қазақстандағы троцкийшілдермен, оңшылдармен байланысты, жапон барлау қызметінің агенті деген айыптардың болуы.

1939 жылғы сәуірдің 23-і күні Қазақ КСР ішкі істер халық комиссариаты Әскери Трибуналы 58-баптың I “а” тармағы бойынша еңбекпен түзеу лагеріне он жылға соттады. 1939 жылы желтоқсан айының 17-сі күні КСРО Жоғарғы Кеңесінің әскери коллегиясы Халел Досмұхамедовтің істі қайта қарау жөніндегі шағымын қарап, берілген үкімді күшінде қалдырды.

“Жазалы Халел Досмұхамедов” қамауда өтеуге тиісті 10 жылын өтей алмады. 1939 жылы тамыз айының 7-сі күні өкпе туберкулезі ауруынан Алматы қаласындағы № 1 түрменің ауруханасында қайтыс болды.

Кейбір зерттеушілер Х. Досмұхамедовті “атылды” деп жазып жүр. Бұл – қате. Өйткені, оған жоғары жаза – ату құжаттарда жоқ. Демек, ауызға алынбаған. Олай болса, оның орындалуы да екіталай.

Өзін жазалаушы өкіметтің қолындағы түрмеде қандай жағдай болуы мүмкін?! Ауруханада қайтыс болды дегенмен, ол да қандай аурухана?! Сондықтан асыл азаматтың басына түскен небір қиын күндерде оның аурулы, сырқатты болғанын ескеру керек.

1958 жылы ақпан айының 28-і күні Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер коллегиясында оның ісі қайта қаралып, қылмыстық әрекеттің жоқтығынан Халел Досмұхамедов ақталды. Ал саяси ақталу араға отыз жылдан артық уақыт салып, жүзеге асты. Қазақ елінің тәуелсіздігімен бірге Халелдің рухани өмірі жаңғырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Халел Досмұхамедовтің қай жерде көмілгені туралы деректің өздерінде сақталмағанын хабарлады.

Мамандығы дәрігер Халел Досмұхамедовтің ғылыммен айналысуына мәртебелі екі қызметі ықпал еткен. Бірі – қазақ-қырғыз білім комиссияларының, екіншісі – Мемлекеттік ғылыми кеңестің төрағасы болуы.

Кеңес дәуірі кезінде қазақ-қырғыз білім комиссиясы Әбубәкір Диваев туралы сөз қозғалғанда ғана айтылып келді. Ал бұл комиссияның жұмысымен толық танысқанда Халел Досмұхамедовтің де туған халқы алдындағы азаматтық борышын аянбай атқарғанына көз жетеді. Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанынан 1921 жылы құрылған білім комиссиясының басты мақсаты – қазақ тілінде ғылыми және көркем әдебиет жасау, соның ішінде, оқулықтар әзірлеу. Шамамен бір мезгілде құрылған өзбек білім комиссиясының төрағасы М.Юнусовпен бірге Х. Досмұхамедов ұлттық білім комиссияларының ережесін жасайды [6]. 1921–1922 жылдары баспаға тапсырылған қолжазбаның саны – 20. Оның ішінде Абайдың “Таңдамалы өлеңдері” жинағы, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Х. Досмұхамедовтің оқулықтары тізілген. Ә. Диваевтың қазақ әдебиетіне қосқан зор қызметіне бір дәлел – жеті бөлек етіп шығарған батырлық жырлары осы комиссияның жұмыс жоспары аясында жарық көрген. Өзекті өртер жай-кеңес дәуірі кезінде бұл азаматтардың көзі жоқтығын пайдаланып, сыртынан еңбектері де жоққа шығарылған. “Фольклор құрып бітеді деп сәуегейсінген алашордашылардың теориясымағына қарсы қазақ эпосының сақталып отырғандығын айтып, Диваевтың тойтарыс беруі ғылым үшін маңызды зор іс болды” [7], – деп жазған 1960 жылы жарық көрген” қазақ әдебиетінің тарихында: “Ә. Диваев алашордашыларға қарсы мақала жазған жоқ. Қайта оның кітаптарының шығуы алашшыл Халел Досмұхамедовтің қазақ-қырғыз білім комиссиясында төрағалық қызмет уақытымен тұспа-тұс келді. Ә. Диваевтың өзін қатты сыйлап, еңбектеріне зор баға берген адамның бірі де Халел Досмұхамедұлы. Ал 1923 жылы баспаға тапсырылған үш, әзір тұрған бес қолжазба болған. Бұл тізімнің арасында “Қыз Жібек”, “Ер Тарғын”, “Кенесары-Наурызбай” жырлары, М. Әуезовтің “Бәйбіше-тоқал” драмасы мен М. Жұмабаевтың таңдамалы өлеңдері де бар.

1920-шы жылдары Абай Құнанбаев творчествосына таптық тұрғыдан қарап, зиялылар арасында қайшы пікірлер, талас орын алғаны белгілі. Сол кездің өзінде ұлы ойшыл Абайға Халел

Досмұхамедовтің жүзі ашық, ойы нық болған. 1922 жылы шыққан Абайдың “Таңдамалы өлеңдері” өз ойлағандарындай болмай қалғанына өкініш білдіре отырып, осы мезгілде білім жолындағы жұмыстарға толық Абай өте мұқтаж, тым керек болып тұр [8] – деп жазуы – оның танымының кеңдігі. Ал қазақ-қырғыз білім комиссиясының жұмысы туралы жазған қолжазбасында “Абай – жаңа қазақ әдебиетінің атасы” [9] деп бағалауы – ғалым Х. Досмұхамедовтің ғылыми ой тереңдігі.

Мұғалімдер мен мектеп оқушыларына Абай өлеңдерінің жинағын шығару қажеттігін айтып, қазақ-қырғыз білім комиссиясына ат қосқан Нәзір Төрекұлов осы басылымның баспахана тарапынан кедергілерге ұшырамай, тез жарық көруіне де көмек еткен. Кітапта орын алған әріп қателері, ақын шығармаларының қатарын толықтыру қажеттігі, т.б. мәселелер сөз болғанымен, Ілияс Жансүгіров “Тілші” газетінде (1923. 8-мамыр): “Заманның мұндай жеткіліксіз ауырында білімге аңсап, шөлдеп отырған халыққа тәртіптеп, сүйкімді қылып Абайдың кітабын ұсынғанына жолдас Төрекұлов пен Халелдің “қарыз-алғысы” халықтың мойнында” деп жазғаны атап өтерлік. Бұл жинақтың құндылығы – Абай шығармаларын мәтіндік таныстырумен қоса оған қатысты көп нәрседен хабардар ету, ақын қолданған шет тілдер сөздерінің түсіндірілуі тұрғысынан, жариялаушылар бұл салада да терең ізденген.

Ол, сондай-ақ, кітап болып шыққан “Кенесары-Наурызбай” жырына алғысөз бен түсініктер жазған. Осы тақырыпта зерттеудің өзі ғалымның сегіз айға жуық уақытын алыпты. Бұл жырға түсінік жазу ол үшін өте маңызды, өйткені, Алашорда саяси ұйымның қызу жұмысында жүріп, қазақ халқының ғасырлар бойғы аңсаған арманы – ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізе алмағаны Халел Досмұхамедов үшін де сабақ болған. Сондықтан халықтың ой-аңсарын көксеген Кенесарыны таныстыруға берілген түсінік сол іске аспаған арманның бір ұшқынын жеткізудегі қосқан өзіндік үлесі. Ол жазған түсінік тек жырда кездесетін батырлар мен жерсу аттарына нақты мәліметтер берумен шектелмей, Абылайдың өміріне балалық шағынан бастап зер салып, оның үрім-бұтағын таныту, Кенесарының қырғыз елімен арадағы қатынасына мейлінше терең саяси оймен қарау, Кенесарыны өлтірген Орман манаптың елшісі Қалығұл Әлібекұлы екенін анықтауы, т.б.

қырларымен ғылыми мәнді. Кейінгі зерттеушілердің мұрағаттардан тапқан құжаттары 19-20-шы жылдары жазған Х. Досмұхамедов сөздерінің растығын дәлелдейді. Сонымен қатар бүгінгі ғылымға жаңалығын сақтаған деректер әлі де бар. Мәселен, ол Кенесарының қалай қолға түскенін анықтап, оның мүрдесінің қай жерде екенін іздеген. Х. Досмұхамедовтің анықтауынша, Кенесары Борлы (Бөрді) деген сайға көмілген. Борлы Тоқпақтан жиырма бес шақырымдай Буамға жүретін қара жолдың оң жағында...”[10].

Ә. Диваев көрсеткен бағдарлама бойынша 1920–1921 жылдары қазақ-қырғыз білім комиссиясының Жетісу, Сырдария өңірлеріне жасаған екі іссапары ғылымға аян. Ал, шындығында, мұндай іссапар екеу емес, үшеу. Үшінші мақсатты сапар Жетісу өңіріне арналып, 1923 жылы жүргізілген. Оның бағдарламасын жасаған Ә. Диваев, ал ұйымдастырушы – Мемлекеттік ғылыми кеңес. Құрамында алты адам болуы керек екен, қаражаттың тапшылығына байланысты екі-ақ адам – Халел Досмұхамедов пен Мағжан Жұмабаев іссапарға шыққан. Оның қорытындысын М. Жұмабаевтың ғылыми кеңес мәжілісінде сөйлеген сөзінен білуге болады. Ол өзінің жинағандарының жартысын баспасөзге беріп, қалғанын өңдеп жатқанын, ал Халел Досмұхамедовтің Асан қайғы туралы деректер, тарихи құжаттар – I Александрдың грамотасы мен жалованьесін тапқанын баяндаған [11]. Бұл сапар Мағжан Жұмабаевтың да, Халел Досмұхамедовтің де фольклор, әдебиет мәселелеріне арналған ғылыми еңбектеріне көмек, сеп болғаны сөзсіз.

Мағжан Жұмабаевтың Мәскеудегі әдебиет институтында оқуына тікелей көмек етуші, сөйтіп, талантты танушы Халел Досмұхамедов болғанын Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен табылған дерек куәландырады [12].

Қажеттілікке орай қазақ-қырғыз білім комиссиясының жұмыс жоспары бойынша орыс тіліндегі біраз кітап қазақ тіліне аударылды. Әр білім комиссиясы “Білім басы” сериясымен профессорлар – Ю. Вагнер мен Гейкенің, т.б. еңбектерін ұлттық тілде шығаруды ойлаған.

“Қыр баласы” деген бүркеншік атпен 1925 жылы “Еңбекшіл қазаққа” қазақ тіліне аударылған кітаптардың сапасына тұрақты түрде рецензия жазылып тұрған. Оның сыны оңай емес,

әрқайсысының әділ бағасын берген. Бір кітаптың аудармасын “қазақшасының жібі түзу емес. Жақсы жазылған жері таздың шашындай, аз” (№ 315) десе, енді бірін “нашар аударылған” (№307) деп көрсеткен. Халел Досмұхамедов Ю. Вагнердің екі кітабын – “Денеміздің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер” (128 бет) және “Өсімдіктердің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер” (104 бет) аударған. Оның аудармасына Әлихан Бөкейхановтың көңілі толған. “...малдың ащы шегіне дейін біздің қазақ баласы білсе де, өз денесіне шорқақ. ...Бұл кітапшада қазақтың жақсы тілімен адам денесінің түзілісі жазылған. Біздің қазақта дәрігер оқуын оқыған адам қолдың саусағымен саналады. Өз денесін білетұғын қазақта аз десек, күнә бола қояр ма екен? Хат білетұғын қазақ бұл кітапшаны алып оқыса, адамның дене құрылысымен танысады. Үлкен олжа болады,” – деп бағалаған [13].

Қазақ-қырғыз білім комиссиясының тағы бір елеулі қызметі – “Сана” журналын шығаруы. Оны шығару 1921 жылдың бас кезінде мәселе етіп қойылғанымен, ол тек 1923 жылы Халел Досмұхамедовтің қазақ-қырғыз білім комиссиясына төрағалық қызмет атқарған кезін-дегі нәтижелі іс болды. Алғашқы саны 1923 жылы, ал екінші, үшінші сандары бір түптеліп, 1924 жылы басылған. Журналдың небәрі үш-ақ саны шықса да, Абай Құнанбайұлының өлеңдері, оның баласы Ақылбайдың “Зұлыс” поэмасы, Мағжан Жұмабаевтың “Жұлдызды жүзік, айда алқа ғып берейін”, “Сәрсембайдың жыры” атты өлеңдері, “Ақан сері” атты мақаласы, Мұхаметжан Тынышпаевтың “Түрік-монғол тарихы”, “Мырза Едіге (ертектегі Едіге мен тарихтағы Едіге)” атты зерттеу мақаласы, Қошке Кемеңгерұлының “Ерлік жүректе” деген әңгімесі, т.б. құнды ғылыми-танымдық мақалалар басылған.

1922 жылы желтоқсан айының 4-і күні Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссариатындағы Мемлекеттік ғылыми кеңесінің жанынан “Талап” қауымы құрылған. Онда қазақ тарихында елеулі із қалдырған ғалым азаматтар елге қызмет үшін зор рухпен бас қосқан. Басқарма төрағасына Халел Досмұхамедов сайланған. “Талаптың” екі үлкен қызметі бар: ол – қазақ тіліндегі оқулықтар мен көрнекті оқу құралдарын бастырып шығаруға ықпал ету және қазақтану ісін ғылыми тұрғыда жолға қоюды ойлаған. Осы мақсатта бір жылда он лекция ұйымдастырылған. Оның ішінде М. Әуезовтің “Қазақ халық әдебиетінің дамуындағы негізгі

сатылар”, М. Жұмабаевтың “Ақын Абай, оның шығармаларының сыны”, Х. Досмұхамедовтің “Түркі тілінде, соның ішінде қазақтағы сингармонизм заңы”, т.б. тақырыптар қамтылған. Ірі қоғам қайраткері, ағартушы, ұлттық мектептің күрес-кері, филолог ғалым, ақын Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толуына байланысты, қазақтар жайындағы әдеби-этнографиялық еңбегіне 40 жыл толуына орай Әбубәкір Диваев та қауымның құрмет мүшелігіне қабылдаған Ә. Диваевтың тойын үкіметтік ұйымдардың қатысуымен өткізу ұсынысы “Талап” қауымынан шығып, оның еңбегіне үлкен баға берілген мақаланы Халел Досмұхамедов жазған [14], сол тойда өзі негізгі баяндамашы болған.

1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезін қазақша ғылым, әдебиеттің негізін салатын съезд [15] деп есептесек, сол үлкен шараға дейін салынған соқпақтың бірі Халел Досмұхамедов басқарған осы “Талап” ғылыми ұйымы. Өйткені, бұл съезді шақырудың өзі қазақ атты бір елдің қамын ойлаған олардың әдебиет, емле, ғылым мәселелерін екі жақта жүріп, әрқалай шешпей, ортақ мүдде үшін бірлік іздеуден туған. Х. Досмұхамедов оған шақырылған 14 өкілдің бірі, әрі Мемлекеттік ғылыми кеңестің төр-ағасы ретінде Орынборға келген топтың бастаушысы. Ал Х. Досмұхамедов Мемлекеттік ғылыми кеңестің төрағасы қызметіне 1923 жылғы қыркүйектің 8-нен бастап кірісіп, қарашаның 4-і күні ресми түрде бекітілген. Оның мұнда төрағалық етуі онша көп уақыт емес. Әйтсе де, бұл қызметте сіңірген еңбегі осыған дейін өз бетінше әрекет еткен ұлттық білім комиссияларының жұмысын бір арнаға түсірген.

Осындай қызу істің үстінде Қазақстан мен Орта Азия республикалары ұлттық шекарасының межеленуіне байланысты Ташкент қаласы қазақтар үшін маңызды мәдени орталық болудан қалған. Сондықтан “Талап” қауымы кітапхана қоры мен қаржыларын, іс қағаздарын 1925 жылдан бастап астана атанған Қызылорда қаласындағы Қазақстан өлкетану қоғамына тапсырып, оның 27 толық мүшесі түгелімен солардың мүшелігіне кірген.

1920 жылы Түркістан Республикасына келген Х. Досмұхамедов Ташкенттен шығарған жеке зерттеу еңбектері – “Как бороться с чумой среди киргизского населения”, “Табиғат тану”, “Жануарлар”, “Адамның тән тірлігі”, “Қазақ тілінің сингармонизм заңы”, “Казакская народная литература. Краткий очерк”. Ал жинақ етіп, ақындар мұрасын шығарған кітабы бесеу – “Абай

Құнанбайұлы. Таңдамалы өлеңдері, “Нысанбайдың “Кенесары-Наурызбай” жыры, Ығылман Шөрековтің “Исатай-Махамбет” дастаны, ел әдебиеті шығармаларынан “Аламан”, Мұрат Мөңкеұлының шығармаларынан “Мұрат ақынның сөздері”. Бұл өлең-жырлардың өн бойында кездесетін жер-су аттарына түсінік беріп, алғысөздерін өзі жазған.

Х. Досмұхамедовтің қалдырған мұрасы жарық көрген кітаптары мен мақалалары бүгінгі күнде де маңызын жоймаған. Оның 1928 жылғы “Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очеркі” Ташкенттегі Қазақ жоғары педагогика институтында, ол кезде Кирипрос аталған, қазақ тілі кабинетінде оқылған баяндама болғанымен, сол кезеңдегі А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” мен М. Әуезовтің “Әдебиет тарихы” еңбектерімен бір деңгейдегі салиқалы ғылыми жұмыс. Осы еңбегінде ол: “Қазақ әдебиетінің негізін халық әдебиеті құрайды. Қазақтың халық әдебиеті саны жағынан аса бай, мазмұны жағынан өте алуан түрлі. Қазақтың жеке өмірінің барлық сәті – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ, тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиға халық әдебиетінде жырланады”, –деп кең көлемде танумен бірге ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталған өзгерістердің ел әдебиетіне де ықпал тигізгенін ашық көрсете білген. Қазақ халық әдебиетінің жанашыры тарихи өзгерістерге сай мәдениет қызметкерлеріне ерекше міндет – халық әдебиетінің барлық үлгісін жинау мен хатқа түсіруді және оны қолайын тауып, жаңа мәдени құрылысқа пайдалана білуді жүктеген. Ғалымның мақсаты – қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндай отырып, жіктеп-жіліктеп, сондай-ақ, үлгілері мен бұлақ көздерін көрсету. Халық әдебиетін ол тек сөз өнері деп шектемей, оның әдет-ғұрыппен бірге тұрмыс бөлшегі екендігін де білген. Оның шығармаларды 46 жанрға бөлген кестесін тұтас қолдамағанмен, басым көпшілігі дұрыстығымен ерекшеленеді. Қазақ фольклоры тек поэзия ғана емес, оның аңыз, хикая, т.б. прозалық жанрлардың бар екенін біліп, дұрыс анықтама берген. Аруақпен айтысудың бір үлгісі – “Аймаңдай мен Бабас”

Х. Досмұхамедовтің жариялауымен сақталып қалған жалғыз нұсқа. Ол оны сыртқы түріне қарап, айтыс жанрына қоспай, оның мола басында айтылатынын ескеріп, жоқтау жанрының бір түрі ретінде атайды. Жалпы, оның пікір, анықтамаларын түбі бір түркі тілдес халықтардың әдебиеті шеңберінде қарастыру қажеттілігі сезіліп тұрады.

Ғалым Х. Досмұхамедов қадау-қадау жанрларды атаумен қатар бір-біріне етене жақын жанрлардың ерекшелігін де ажырата білген.

Халел Досмұхамедов әдебиет зерттеушісі ретінде ақындарды таныстырушы, олардың мұраларын жариялаушы болумен шектелмеген. Зерттеу нысанына алған туындылардың маңызы ол үшін алды-арты салмақты ойға бағындырылуы тиіс мұрадай қабылданған. Ақын-жырау, шешендердің өмір сүрген ортасын, тарихи оқиғалармен байланыстыра зерттеу арқасында өткенге де, нақты сол кезеңге де, болашаққа де сергек көңілмен бағалай білгенін танытады.

Махмұд Қашғаридың “Диуани лұғат ит-түрк” кітабынан көшірілген нұсқаның Стамбұлдан табылғанын, оның 1914 жылы үш түп (том) болып басылып шыққанын естіп, Х. Досмұхамедов қызығушылықпен сол бойда іздестірген. Арада бес-алты жыл өтсе де, кітаптарды қолына түсіріп, зерттеу мақаласын 1923 жылы “Шолпан” журналының 5-6-сандарына жариялаған. Мақаласындағы сілтемелерге қарағанда оның қолында кітаптың үш томы да болған.

Неміс ғалымы Карл Броккельман 1919 жылдан бастап мақалалар жариялай бастаса, профессор П.К. Жузе орыс тілді басылымдарда бұл еңбектің әлі танылмағанын айтып, М. Қашғари еңбегіне арнаған мақаласын 1928, 1929 жылдары жазды. Осындай деректер “Диуани лұғат ит-түркті” Халел Досмұхамедовтің қазақ ғалымдарының ғана емес, дүниежүзі ғалымдарының ішіндегі зерттеушілердің алдыңғы тобында екенін айғақтайды. Оның бұл мақаласы қазақ жұртына М.Қашғари еңбегі туралы ақпараттық мәлімет берумен шектелмей, маңызын Орхон ескерткіштерімен қатар қояды”. ...1889-ыншы жылы Орхон жағаларынан Ядринцев тапқан, хан ерлерінің пікірін алыстырған (өзгерткен) ескі Орхон бітіктастарының қандай аһамиаты болса, Махмұд Қашғари кітабының да аһамиаты сондай”, – деп жазған [17].

Х. Досмұхамедов әдеби типтерді де мейлінше дұрыс ашуға тырысқан. Оның Шерниязды шешен, Махамбетті жырау деп тануы оларды тек ақын күйінде көрген кейінгі буын зерттеушілердің ой-пікірлерін дамыта түсуге ықпал етеді.

Махамбет өлеңі 1908 жылы Қазан қаласынан шыққан “Мұрат ақынның Ғұмарқазы оғлына айтқаны” деген жинаққа “Беріш Мұхамед батырдың сұлтанға айтқаны” деп алғаш рет еңсе, 1910–1912 жылдар шамасында Орынбордан жарық көрген “Шайыр, яки қазақ ақын-дарының басты жырлары” атты жинаққа

“Исатайдың үндесі Махамбет жыраудың сөзі” деп берілген болатын. Ал Х. Досмұхамедов “Сәуле” журналының 1924 жылғы 3-санында “Махамбет батырдың сөзі” деп, оның 24 өлеңін жарияласа, 1925 жылғы “Исатай-Махамбет” жинағын дайындау мақсатты ойды көздеген, махамбеттануды бастаған. Көтерілісті кең зерттеу нысанына алып, таныстырған соң Ығылман Шөрекұлының “Исатай-Махамбет” атты дастанының бірінші бөлімін (екінші бөлімі “Аламан” жинағында) және “Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі”, “Махамбет батырдың Шернияз шешенге айтқан жұмбағы”, “Махамбет батырдың басқа сөздері” деген тақырыптармен ақын шығармаларын толық қамтыған. “Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Махамбеттің жыраулығы күшті болған” дейді. 1925 жылы ол шығарған басылым кеңестік дәуірде Махамбет Өтемісұлының жинақтарын даярлау барысында да басшылыққа алынған.

“Мұрат ақынның сөздері” 1924 жылы Ташкент қаласында жарық көрді, ол “Мұрат ақын туралы қысқаша мағлұмат” деген Х. Досмұхамедовтің мақаласымен ашылған. Ақынның бес айтысы “Үш қиян”, “Қазтуған”, “Сарыарқа”, “Қарасай-Қази” атты эпикалық жырлары, өлеңдері осы кітапқа енген. Кейінгі зерттеушілер осы кітапты басшылыққа алып отырған. Мәселен, 1933 жылы М. Әуезов, М. Жолдыбаев, Ә. Қоңыратбаев үшеуі бірігіп жазған оқулықта өмірбаяндық деректердің Халел Досмұхамедовтен алынғанын ескер-тіп жазған [18]. Қажым Жұмалиев Мұрат ақынның өмірбаянын толықтыруға ізденістер жасаған. Ол да, бірақ, Х. Досмұхамедов деректерінен алыс кетпейді. Х. Досмұхамедов Мұрат ақынды екі қырынан таниды: 1) әлеуметшіл ақын; 2) рушыл ақын. Әлеуметшіл дегені – халықтың мұңын, елдің зарын айтатын жырларын айтқаны. Рушыл дегені – айтыс ақынының қолданатын бір тәсілін айтқаны. Бірақ Х. Досмұхамедов Мұратты зар заман ақыны деп атамаған, әйтсе де, оның шығармашылығынан сол ағымға тән кейбір ерекшеліктерді атайды. Мәселен, “Мұрат өлеңдерінде патша хукіметінің қазаққа жұмсаған саясаты айқын байқалады. Хукіметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел қамын жегендердің қуылғаны, өлтірілгені анық айтылады”. “Елдің мұңын, зарын көрген кемшілігін айтып қоймайды, Мұрат осындай күйге түсірген себептерін де айтады” [19].

М. Әуезов зар заман дәуірін 100 жыл деп белгілегенде, орыс патшасы саясатының жүргізіле бастаған кезінен белгілеуді ұсынған. Мұраттың заманы, Халел Досмұхамедов сөзімен айтқанда, бостандық үшін егескен ердің бәрі жер тіреген заман. Патша хүкіметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін саясаттан айрыла бастаған заманы [20].

Зар заман ақындары көз алдында бүлінген елді көріп, кемшіліктерді жан-тәнімен егіле жылап айтқан. Бұл кемшілік, бұзылудың себебін де өлеңмен налып жеткізеді. Мұны Халел дәл айтады. Бірақ, елдің мұнын, зарын қанша зарласа да, Мұрат елге анық түзу жол сілтей алмады деген пікіріне “Мұраттың ұлы сарыны – құтсыз қонысты тастау керек, кету керек. Асан Қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора, Едіге пәледен қашып құтылған, осылардың жолы Мұратқа сүйкімді. Бірақ осылай қыла қойыңыз деп, Мұрат анық тағы айтпайды...”.

“Заманға қарай саз керек” – бұрын халыққа көрсетілмеген жол. Осылай айта тұрса да, осы жолдан айрылма деп, Мұрат тағы анық айтпайды, – деп, одан тиянақты, белді бекем бууға шақыратын үн іздейді. Дұрысында, зар заман ақындарының өлең-жыр, толғауларын-дағы салмақ заман күйін жеткізуге арналған. Сондықтан М. Әуезовтің Махамбет толғауларынан көрген күреске шақыратын іскерлік, жол-бастаушылық мұнда негізгі ерекшелік бола алмайды. Бұл зар заман ағымының сипатынан туындайтын ерекшелік. Егер тығырықтан шығар жолды ұран етіп көрсетсе, үндеу салса, жаршы болса, ол әдебиеттің үгітшіл бағытына ауысады.

Мұрат Мөңкеұлы рушыл ақын деп, сын көзбен қараған болып, оның шығармаларын баспа бетінде сақтады. “Мұраттың кемшілік жері осы рушылдығы деп көрсетпей болмайды” деуі кеңес дәуіріндегі саясатқа байланысты жазылуы да мүмкін. Өйткені, ғалымның Мұрат ақынға беретін бағасы жоғары: “Мұрат мақтау өлең айтып, мал таппаған адам. Заманындағы ұлықтарға шығарған асқақ сөзі көп. ...Он жеті жасында Жылқышы деген ақынмен айтысқан сөзінде Мұрат: “Жігіттің халыққа тиген пайдасын айт, сырғия ұрыны айтып неге керек”, – дейді. Өмір бойы өлгенінше Мұрат осы ұранды ұстап кетті десе де болады”.

1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда, халықтың патриоттық рухын көтеруде Мұраттың “Қарасай-Қази” жыры

жеке кітап болып шықты. 1908 жылғы “Мұрат ақынның Ғұмарқазы ұғлына айтқаны” деген кітапта бұл жырдың жоқ екенін ескерсек, “Қарасай-Қазидың” Халел Досмұхамедов шығарған жинақтан алынғаны белгілі болады. Мұрат ақынның “Шөлгез”, “Қыз” толғау-лары, “Үш ғасыр жырлайды” (1965), “Бес ғасыр жырлайды” (1985) кітаптарына, ал Жантелі, Тыныштық, Бала Ораздармен айтыстары 1942 жылдан бері “Айтыс” жинақтарына беріліп келеді. Халел Досмұхамедов Ығылман Шөрековтің өлеңдерін жариялаушы ғана болмай, оның “Исатай-Махамбет” дастанын жазуына ерекше ықпал еткен. Жергілікті басылымдағы хабарға сүйенсек, Х. Досмұхамедов елдегі Ығылманға Исатай, Махамбет көтерілісі туралы материалды әкеліп беріп: “Осыны жазып шығар, түбінде сұрауы болады” деген екен. Бұл сөздің рас болуы ғажап емес. Себебі, Исатай, Махамбет қозғалысын мейлінше терең, нақты жазған Х. Досмұхамедовтің кейінгі ұрпаққа нәм тарихқа өзі зерттеп жүрген көтеріліс тарихының жыр күйінде қалуы үшін қолқа салуы, оны жаз деп кеңес беруі әбден мүмкін.

Ы. Шөрековтің “Исатай-Махамбет” дастанын керекті материалды толық меңгеріп, көп ойлап, терең толғанып барып жазғанын “Қазақ әдебиетінің тарихында” атап көрсетсе, М. Әуезовтің “Әдебиет тарихында”: “Тарихтың дәл суретімен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамедовтің “Исатай-Махамбет” жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгеровтың “Қазақ тарихынан” деген еңбектерін қарап өтсін дейміз”, – деген сөзі де дәлелдейді [21].

Дәл қазір Халел мен Ығылман екеуінің арасындағы қарым-қатынасты деректі түрде баяндайтын құжат табыла қойған жоқ. Десек те, олардың бір мақсатта оқиғаны осылайша терең меңгеріп еңбек етуі бұл шешімге келуімізге себепші болып отыр.

Ығылманның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегін ғалым Қ. Жұмалиев “Совет дәуіріндегі әдебиет жинаушыларға да көптеген құнды-құнды өлең, жыр, жеке ақындардың шығармаларын жаздырып, олардың баспаға шығуларына атсалысты, басқаларын айтпағанда, өзіне шейінгі ақындардан жаттап алып, есіне берік сақтап, Махамбет өлеңдерінің негізгі көпшілігін жаздырып, оның бірінші рет баспа жүзінде көрінуіне себепші болған да Ығылман ақын” деп бағалайды [22]. Осында ғалымның кеңес дәуіріндегі әдебиет жинаушысы қатарында

Халелдің есімін атай алмауының себебі аян. Қорыта айтқанда, қазақ әдебиет тарихы үшін Халел Досмұхамедов Махамбеттің ақындық мектебін тұтас көлемде танытушы болды.

Х. Досмұхамедовтің “Аламан” жинағы Ташкенттен 1926 жылы жарық көрген, оның алғысөзінде жинақтың осылайша аталуын халық-тың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді, ел әдебиеті-мен танысқанда осындай бадырайып көрінгеннің бірі – аламандық деп жазып, оның түсінігіндегі аламандықты көрсететін бір топ шығарманы жариялаған. Жыр-дастандардағы батырлардың, ақындар-дың “менін” менмендік деп түсініп, қазақ қоғамындағы рушылдықтың зиянды қырларымен қабылдаған. Ал 1991 жылғы “Аламан” жинағы-ның ерекшелігі – осы 1926 жылғы жинақтағы біраз шығармалар енгенімен, көлемді болғандықтан Ы. Шөрековтің “Ел едік” толғауы қосылмаған, бірақ, ғалымның қоғамдық салаға арнаған әр кезеңдегі еңбектерінің басы қосылып, жұртшылыққа ұсынылған.


Ол осындай ғылыми еңбектер жазумен қатар бірнеше салада еңбек етуге үлгерген. Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университеті-нің медицина факультетінде адам анатомиясы мен физиологиясы пәнінен сабақ берді. Ал баспа саласында Орта Азия мемлекеттік баспасы күншығыс бөлімінің меңгерушісі (1925), Қазақ мемлекеттік баспасы меңгерушісінің орынбасары және басқарма мүшесі (1926). Осы қызметтерді әрі 1925 жылы Ташкенттен жарық көрген “Тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан терме” жинағындағы 4 мақаланы ескеріп, аталмыш басылымды ұйымдастырып, құрастыруда да Халел Досмұхамедов еңбегі болған деп қабылдауға болады.

Ораз Жандосовтың дерегіне сүйенсек, Халел Досмұхамедовтің Алматыға келуі 1928 жылдың қыркүйек айы. 1927 жылы Ташкенттегі жоғары оқу орнын Алматыға көшіру мәселесі қойылғанда Қазақ мемлекеттік университетін (бүгінгі Абай атындағы Қазақ педагогика-лық институты) ұйымдастыру комиссиясының мүшесі болған. Оны Алматыға шақырған – Ораз Жандосов. 1929 жылы қазан айының 1-і күні ҚазМУ-дың педагогика кафедрасының профессоры атағын алды.

Бұрынғы партия тарихы институтының қызметкерлері тарапынан большевиктер естеліктерін жинау мақсатты түрде дүркін-дүркін жүргізіліп отырған. Олар бүгінде Қазақстан Республикасы

Президентінің мұрағатында сақтаулы. Онда әркімнің өз еңбегін асыра бағалап, жау болған жақты кемітіп айтуы басым болғаны сезіліп тұрады. Халел Досмұхамедовтің жеке басына тағылған “кінәлар”: 1916 жылғы қазақтан солдат алу шарасына дәрігерлік қызметін атқару барысында пара алған; Уақытша үкіметтің ұрандарын орыс тілінен қазақ тіліне аударма алмай, жұртқа күлкі болған деген сөздер. Бұрын Алашорда ісіне араласқан, кейін коммунистік партия қатарына өтіп, одан қайта-қайта шығып қалып жүрген бір азамат толтырған құжатта “дәурені” өткен жолдастарына өзінің барынша қарсы болып келгені жазылған. Алашшылдардың ұлы мақсатын әрі Халел Досмұхамедовтің еңбегін зерделегенде, ол сөздердің жала екендігін айту парызымыз.

Алашшылдар қазақ халқының болашағын таптық жікке бөлуден емес, ұлттық бірліктен көргенін, халықтың тұрмыс-тіршілігін басты назарға алғаны енді мәлім. Алашорданың қызметіне араласқаны – Халел Досмұхамедовтің өміріндегі ақтандақ емес, қайта оны төл халқының ғасырлар бойы аңсаған арман-мақсатына жақын етіп көрсетеді. Халел Досмұхамедов – халқына өзін арнаған ардақты азамат.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бейсембаев С. Ленин и Казахстан. Алма-Ата: Казахстан, 1987. С. 74; Сармурзин А. Крушение Алаш-Орды (из истории борьбы большевиков Казахстана против контрреволюцион-ного движения) // В кн.: “О прошлом – для будущего”. Алма-Ата: Казахстан, 1990. С. 35.
2. Зиманов С. В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1970. С. 212.
3. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. Москва: Молодая гвардия, 1994. – С. 34-35.
4. Нұрпейісов К. Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес. Алашорда үкіметі // Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Санат, 1996. 93-б.
5. Мұртаза Ш. Жұлдыз көпір. Қыл көпір. Алматы: Жазушы, 1991. 333-б.; Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Алматы: Қазақстан, 1994. 208-б.
6. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. Р – 25-қор, I-тізбе, 410-іс, 9-парақ.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960. 1-том, 1-кітап. 57-б.
8. Ташкент баспасынан шыққан Абай өлеңдері жинағынан. Оқырманға ескерту (қазақ-қырғыз білім комиссиясы) // “Абай” журналы. 1993. № 6. 2-б.
9. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. Р-34-қор, I-тізбе, 1188-іс, 263-парақ.
10. Кенесары-Наурызбай. Ташкент. 1923. 109-б.
11. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. Р-34-қор, I – тізбе, 2101-іс, 11-парақ.
12. Қамзабекұлы Д. Халел. Брюсов. Мағжан // “Парасат” журналы. 1995. № 10. 6-б.
13. Қыр баласы. Ю. Вагнер. Денеміздің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы // “Еңбекшіл қазақ”. 1925, № 291.
14. Әбубәкір Диваевтың 40 жылдық юбилейі // “Ақ жол” газеті. 1923. № 288.
15. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Орынбор. 1925. 8-б.

16. Досмұхамедов Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 15-б.
17. Досмұхамедұлы Х. Диван лұғат ат-түрк. Дайындаған Ә. Керімов // “Ана тілі” газеті. 1993. 17 маусым.
18. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кұралы. 7 жыл үшін. Құраған: Жолдыбайұлы Ә., Әуезұлы М., Қоңыратбайұлы Ә. Алматы, 1933. 66-б.
19. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 104 б.
20. Сонда. 103-б.
21. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. 143-б.
22. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1965. 2-том, 2-кітап. 227-б.

Риза ӘЛМҰХАНОВА,
филология ғылымының кандидаты

ХАЛЕЛҚЫЗЫ ҚАРАШАШ

(әкесі Халел Досмұхамедұлы жайлы естеліктерінен)

Халел Досмұхамедұлы 1883 жыл сәуірде Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында дүниеге келген. Ол 1894 жылы, он бір жасында Орал қаласындағы әскери реальді училищенің дайындық класына қабылданып, 1902 жылы оны үздік бітіріп, тағы бір жыл дайындық класынан өткеннен кейін, 1903 жылы Петербордағы Императорлық Әскери-медициналық академияға түседі. 1909 жылы “үздік дәрежелі емші” (“лекарь с отличием”) атағымен бітіріп шыққан соң, оқу орнының белгіленген міндеті бойынша офицер ретінде нақты мерзімге әскери міндетін өтеуге жіберіледі. Міндетін әуелі Пермь губерниясында, одан кейін 2-Түркістан, 2-Орал казак-атқыштар батальонында әскери кіші дәрігер болып жүргенде, Орал қалалық ауруханасында бір жылдық мамандандыру курсынан өтіп алады.

Ежелден экономикасы алға озбаған, крепостной шаруасының жыртығы ешқашан жамалып көрмеген, қарапайым халқы үнемі азып-тозудан көз ашпаған Ресейдің құрамындағы бұратана халықтың көсегесі қалай көгере қойсын. Ел ішінде 1912-1913, 1915 жылдары оба ауруы ушыға бастағанда Халел адамдарды ажал аузынан алып қалуда ерен қайрат жұмсап, іс тындырады. Оның бұл еңбегі елеусіз қалмай ескеріліп және “Романовтардың патшалық құруының 300 жылдық естелігіне” қатысты Императорлық қола медальмен марапатталған, кейін оны 1913 жылы Орал облысы вице-губернаторы берген № 6618 куәлікпен әскери борышын өтеуден толықтай босатып, Орал облысының Темір уезіне дәрігер болып келеді.

Халел ел ішіне келгеннен кейін айналасындағылардың денсаулығына біржола көңіл бөледі. Тұрмыс ахуалы қиын жұртының арасында өкпе ауруы кең етек алған. Оларды емдей жүріп, жалпы халықты сауықтыруға бір дәрігердің ештеме істей алмайтынын ұғып, баспа-сөз арқылы денсаулықты қалай сақтауға, қалай емделуге болатыны жайлы мақалалар жаза бастайды. Оның сол кезде жазған “Тамыр дәрі хақында”, “Сары кезік-сүзек”, “Жұқпалы ауру хақында” деген еңбектерін Ахмет Байтұрсынов шығарып тұрған “Қазақ” газеті (1913-1918) жариялап тұрады. Міне, осыдан барып Халел Досмұхамедов – “дәрігер-қаламгерге” айналады.

Алайда ол өз халқының тарихында “Алаш” партиясының Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновтармен бірге атқарған жұмысымен ерекшеленеді. Бұл 1917 жылы жаңа дүбірмен, жойқын екпінімен тарих сатысын аттаған Қызыл империядан ықпай өз елінің тәуелсіз мемлекет болуын көксеп, бар білімі мен қайрат-жігерін қарсы қойған топ “Алаш” партиясындағылар еді. Оның көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар қатарында Халел Досмұхамедов те тұрды.

Ақпан төңкерісінен кейін ел іші түрлі дүрбелеңге түскен еді. Қайда барсаң да жұрттың айтатыны “бостандық”, бірақ ол қандай бостандық екеніне көз жеткізіп, шынайы мәніне түсініп жатқандар шамалы. Осындай тұста жер-жерде Уақытша өкіметтің облыстық, уездік, жергілікті басқару орындары құрыла бастады. Әртүрлі жіктердің мүддесін көздеген “қазақ комитеттері”, “мұсылман комитеттері” деген ұйымдар да пайда болды. Сауатсыздық жайлаған елде Уақытшасы қайсы, Қос өкіметі не екенін ұғу өте күрделі еді. Сондықтан біресе ананы, біресе мынаны жақтауға шақырып, жұртты сарсаңға салғандар аз болған жоқ.

Халел патша өкіметі құлағаннан кейін 1917 жылы сәуірде қазақтардың облыстық съезінде Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы болып, ал желтоқсанда жалпықазақ съезінде Алашорда Халықтық-революциялық кеңесінің мүшелігіне сайланады. Мұнда Кеңес өкіметі орныққанға дейін земстволық мәдени-ағарту ісін атқарады.

Осы 1917 жылдың сәуір және мамыр айларында жаңадан құрыла бастаған қазақ комитеттері Орынборда, Оралда, Омбыда, Семейде, басқа да жерлерде өздерінің облыстық және уездік съездерін өткізген.

Бірақ күн санап іргесін бекіте бастаған Кеңес өкіметі алашордалықтардың тынысын тарылта бастаған еді, сөйтіп 1918 жылдың соңы мен 1919 жылдың басында Орталық Алашорда үкіметінің қайраткерлері жана өкіметті мойындайды. Ендігі жерде Кеңес өкіметін бірден қолдағысы келмеген алашордалықтардың тағдырын қатерден Ахмет Байтұрсынұлының Мәскеуге барып, В.И. Лениннің 1919 жылы 10 шілдеде “Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет” құрып, оның төрағасына А. Байтұрсыновты тағайындауы аман алып қалады.

Халел Досмұхамедов өз мамандығына қатысты медицина ғылымдары негізінде жазған аса құнды еңбектерімен қатар “Табиғаттану”, “Жануарлар” сынды оқулықтар жазды. Ал ақын,

батыр Махамбеттің шығармалары қазақ әдебиетіне Халел арқылы жеткен. Сонымен бірге ол Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, Абай, Мағжан, Бернияз, Қарасай–Қази, Кенесары–Наурызбай, Қыз Жібек сынды дүниелер туралы да жазып, олардың жарық көруіне күш салған.

1920–1928 жылдары Ташкент қаласында тұрдық. Мен осы қалада туғанмын. Әкем мұндағы Қазақ халық-ағарту институтында, Орта-азия мемлекеттік университетінде қызмет істеді. Ал 1928 жылы астана Алматы болған кезде әкемді осында ауыстырып, оны Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына проректор етіп тағайындады. Бұл оқу орнын ең әуелі Санжар Асфендияров басқарған екен. Ол кісінің отбасымен біз Комсомольская 3, 29 (қазіргі Төле би) үйінде қатар тұрдық.

1930 жылы әкемді тұтқындады да, оны 1932 жылы отбасымен Ресейдің Воронеж қаласына жер аударды. Үлкен апам Рабиға КазПИ-дің студенті болатын, сол тұста тұрмысқа шығып кеткен еді, Алматыда қалды.

Барған жерінде әкем ғылыми-зерттеу институтының бірінде бөлім басқарып, үйімізге таяу № 1 Пушкин атындағы мектепте де балаларға медицина ғылымының негізінен сабақ жүргізіп, оларды емдеп тұрды. Сондағы әкемнің алдында отыратын оқушылардың бірі мен едім және оның қызғылықты өткізетін сабағын ықыласпен тыңдайтынмын.

Әкенің білімінің, атқаратын қызметінің шапағаты болса керек – біз жаңа жерде еркін жүріп оқып, қысылмай жүріп жұмыс істедік. Әкем өкпе ауруының асқынған түрімен ауыратын, сондықтан жыл сайын Кавказ, Есентукидағы курорттарға барып емделерде жер аударылған адам ретінде анықтама жазып, НКВД-дан рұқсат алатын.

Ал 1938 жылы шілде айының соңына қарай жылдағы ем қабылдайтын әдетімен Кисловодск қаласына жүргелі жатқан, аяқ астынан үйге түсі суық біреулер келді де, анамның шай қоюға ыңғайланғанына қарамастан әкемнің тұтқындалғанын айтты.

Бізде, анамда ес қалмай жылай бастадық. Кенет ағам әкеме бір-деме дей беріп еді, келгендердің бірі “орысша сөйле” деп зекіп тастады. Әкем сабырлы қалпын бұзбай, сыр бермеді. Ол біржола кетіп бара жатқанын ұққан болар: “Енді мені күтпеңдер, Алматыға көшіңдер”, – деп хош айтысты. Онымен бірге тінткілеп жиып алған кітап-тарды, қолжазбаларды, суреттерді бірге ала кетті.

Сол күннен бастап жайбарақат тіршілігіміздің берекесі бітті. Таяуда үлкен апамның бірі Сәуле тұрмысқа шығып, жұбайы Тілеужан Алиевтің малдәрігерлік қызметіне байланысты Воронеж облысының Новохоперский ауданына кеткен болатын. Ал ұлдың үлкені Әділхан Воронеждің медицина институтының үшінші курсында оқитын, оны “халық жауының” баласы деп оқуынан шығарып тастады. Бірақ ол жазықсыздан-жазықсыз шеттетілгеніне көңісі келмей, Мәскеуде, КСРО-ның Мемлекеттік халықтың денсаулығын сақтау комитетіне арыз жазып, өзінің сабағын еліміздің кез келген қалаларының бірінде жалғастырып, аяқтап шығуына мүмкіндік беруін өтінді де, оған Астрахань қаласында оқуға рұқсат етілді.

Әкем ана тілі, орыс тілімен қатар немісше де жақсы білетін. Бірақ отбасында тек ана тілімізде ғана сөйлесетін едік. Бізге арнап сатып алған пианино болатын. Ал патефонымызбен ылғи 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің бірінші онкүндігінде өткен әндерді тыңдауға құмармыз, бұларды әкем ұсталғаннан кейін сатып жіберуі-мізге тура келді.

Біз Төле екеуміз мектепте оқитынбыз, анам Сағира үшеумізді Тілеужан мен Сәуле қастарына көшіріп алды. Сол кезде менің есімде қалғаны – Воронеж қаласына жер аударылып келген қазақтардың барлығы тұтқындалды. Оның ішінде Сейтазим Қадырбаев, Абдухамид Ақпаев, Жакып Ақбаев, Мұхтар Мурзин, Жанша Досмұхамедов, Кәрім Тоқтабаев, Әшім Омаров сынды халқымыздың аяулы азаматтары бар еді. Бір таң қаларлығы – Воронежге жер аударылғандардың әйелдерін қамап, балаларын жетім балалар үйіне өткізбегені.

Әкем ұсталғаннан кейін Алматыға әкетілгенінен хабардар болдық та, анам біраздан соң оның жылы киімдерін, тамақ алып, құзырлы орындардан жолығуға рұқсат алу үшін Қазақстанға кетті де, біраз айды онда өткізгенімен ештемеге қолы жетпей, жер болып қайыра оралды.

Воронежде 1939 жылға дейін тұрдық та, сол жылы жездемнің елге сұрануының арқасында Қазақстанға қайтып оралдық.

Әкемнен ешбір хабар болмады, оның неден айыпты болып ұсталғаны түсініксіз, бірақ біз “халық жауының” баласы болып шыға келдік. Ешкімге еш жазығымыз болмаса да, өзімізге кенедей жабысқан осы аттан Н.С. Хрущевтің жеке басқа табынушылықты

қарала-ғанынан кейінгі “жылымықта” анамның жалықпай жоғары жаққа жазып, ізденуінің арқасында 1958 жылы КСРО-ның бас прокуроры-ның қолы қойылған анықтаманы Мәскеуден алғаннан кейін, әкемнің аты ақталған соң ғана құтылды-ау.

Әкеміз әдебиеттерді өте көп оқитын да, біз оған еліктейтінбіз. Оның бұл қасиетінің пайдасы тиді, шамамыз келгенше оқудан ешқашан қол үзбеуге тырыстық. Бірақ “халық жауының” балалары атанғандардың өрге шығуы оңай болған жоқ, қай жерде істемейік, нені қолға алмайық кедергі табыла кететін. Адамды қатар жүргендердің жазықсыз жазғыруы жүйкені жұқартпай қоя ма?.. Үнемі іштей жәбірленудің залалы тимей кетпеді, ақыры денсаулығым нашарлап, жанарымның көруі төмендеді. Бірақ қиындыққа қарсы тұрып үйренгендерден емеспін бе, ҚазПИ-дің филология факультетін бітіргеннен кейін ғылыми қызметкер болып, жоғары оқу орындарының біразында, оның ішінде 1982-1984 жылдары өзім білім алған қара шаңырақтың орыс тілі кафедрасында аға оқытушы болып еңбек еттім де, кейін Тіл білімі институтына ауыстым. Анам 1965 жылы дүниеден озды. Бауырларымның бәрі де жоғары оқу орындарын бітіріп, ғылымға еңбегін сіңірді. Ал өзім шамам келгенше ерінбеуге, жалық-пауға тырыстым. Сондағы ойым – жазықсыз әкем атына түскен ақтаңдақты жуып, оған кір жуытпай Халел Досмұхамедұлының ғалым Қарашаш қызы болып қалу ғой...

Қосуақ Т.А. Азапты аластаған арулар: Естелік-әңгімелер. – Алматы: Арыс, 2004. – 1-кітап. – 73-78 бб.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ – ЛИНГВИСТ, ҒАЛЫМ

Республикада ХХ ғасырдың 30-шы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, әділеттік пен заңдылықты бұзудың құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшыраған алдыңғы қатарлы қазақ зиялы-ларының ғылыми-шығармашылық мұраларын кең көлемде зерттеу бүгінгі күннің еншісіне тиіп отыр. Осынау қазақ ғалымдарының ішінде профессор Халел Досмұхамедұлының еңбегі ерекше. Сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік дамудың табиғаты мен болмысына зерделілікпен қараған Халел сынды ғалым ХХ ғасырдың 20-шы жылдардан кейінгі кезеңде ғылым-білімді қазақ халқының арасында кеңірек таратудың болашақ ұрпақ үшін өте қажет екенін жете түсінді.

Қазақ топырағында пайда болған “жаңалықтың” Ахмет Байтұрсынов ағасы айтқан “Бір өртке қаудан шыққан душар болып, не қалды денемізде шарпылмаған” дегенін дұрыс бағдарлай отырып, ендігі жерде білім-ғылым жолына түсуге үндеді. Ал білімге тіл арқылы жетуге болатынын, сөйтіп ондай ғылымның жасақталуы қажеттігін байқады. Халел жазған “Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы” атты зерделі еңбек жай ғана тіл білімінің осы саласындағы зерттеу емес, ол алдымен, “мәдениет бәйгесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын” ойлағандықтан туған дүние болатын. Сондықтан бұл дүниені тар шеңберде қарамағанымыз жөн. Ғылымның айтуынша, “әдет, заң, тіл секілді өзіндегі барды кемге санап, соларды көңіл-дегідей өзгертуге салынатын” әдет бар. Міне, осы кезде “елдің елдігіне негіз болып тұрған нәрселердің” өз мәнінен айрылатын кездері болады. Сол елдің “елдігі” деп отырғанымыз, Халекеңше, тілі екенін аңғару қиын емес. Ғалым “абайламастан” қолда бар мұрадан айырылып қалу қаупінің барын және болатынын үлкен көрегендікпен ғылыми негізде танығаны мәлім болып отыр. Шынында да, қазан төңкерісінің мән-мақсатын түсінбей, жалпылама айқай-сүреңнің дырдуына ілесуге шақырған ұранның астында халқымыз не түсініп оянса да “елестеген мұратқа жету үшін көбіне – алды-артына, жан-жағына қарамай екпіндеп, бүгін мәлім болып отырғандай, асыл мұрасы тілінен айырылып қалу қаупіне қарай еңкейіп келген болатын. Мұндай жағдайдың қалыптасуына жаңадан

қалыптасқан қоғамдық идеологияның халықтық әдет-ғұрпы, дәстүр, мәдениет, тілі сияқты мұраларын түрлі тәсілдермен таптап өтуге бағытталған белсенді әрекеті күшті ықпал етті. “Түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік” деген тіркестің соңынан талғаусыз ілесе беру жүріп кетті.

Халел – ғалым: “мәдениет қуған жұрттың ең алдымен тілі өзгермекші”. Шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер келмекші. Білімге кірген жаңа сөздердің көбі үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы” деген пікір тастағанда, қалыптасып келе жатқан қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың мәнін дұрыс танып, сол “мәдениетті жұртымыздың” сөзін алуға сақтықпен қарауға шақырған болатын. Сондықтан Халекен: “Топан судай қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмтылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді”, – деген еді.

Міне, осы “негізгі заң” 1924 жылы Тәшкенде жарық көрген “Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы” атты еңбекте баяндалып, алғаш рет фонетиканың осы кезде негізін құраған тіл біліміндегі ілімге айналғаны – шындық. Бір айтатын нәрсе – Халел зерттеген қазақ тіл білімінің үлкен саласын ешкім оның ниетіне (авторына) бағыттай алмауы. Шынында, осы күнгі пайымдаулар Халел Досмұхамедұлының атымен тікелей байланысты болатын.

Ғалым фонетикалық заңдылықты пайымдағанда, оны желең күнделікті қолданысқа қарап зерделеген емес. Өзі дәрігер бола тұра, Халел сол – анатомиялық-физиологиялық, физикалық, лингвистика-лық ғылымдардың тоғысқан жерін дәл басып, қазақ тілінің табиғатына тән болатын дыбыстық үндестіктің құпиясына енген болса керек.

Бұлайша қимыл жасау тек қана энциклопедиялық білімі бар адамның қолынан келетін шаруа екенін аңғартады. Түрік тілі – жалғамалы. Оның қатарына қазақ тілі де жатады. Ғалым жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді дегенде осы тілдің табиғатындағы ерекшелікті негізге алды. Қазақ тілінің түбір сөзі қосымшалардың нешеуін қабылдаса да өзгеріссіз қала отырып, сол қосымшалар әлгі түбірді әлденше құбылтады, өздері түрлі қызметте жұмсалады. Міне, осы түбірдің беріктігі, тұрақтылығы қазіргі қазақ тілінің көне заманнан сақталып келе жатқандығының айғағы

болса керек. Сондықтан да Халекен “Сингармонизм – түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті” дегенді айта отырып, солардың ішінде “осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгермегенін” баса көрсетті. Сөйтіп, тілдік заңдылықтың тұрақты келетінін паш етті. Осылай дей отыра Халел-ғалым қазақ тілінің болашағына туып отырған қауіптің барын да ескеріп еді.

Оның “Оқытушыға да, үйренушіге де, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды” дегенінен-ақ қазақ қауымына сол уақыттан бастап орыс тілінің жөнді-жөнсіз еніп, оны заманына қарай амалы дегендей, бәрі де қабылдауға мәжбүр болғанын айтқаны бар. Сол күн жетпіс жыл ішінде қазақтың бойын да, ойын да билегеніне куәміз. Қазір қаптап кірген құзыр мысқалдап шығады дегенді басшылыққа алатын күй кешудеміз.

Ғалымның айтуынша, түрік тілдерінің көбі (Стамбул, Қазан ноғайы, сарт-өзбек тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат-жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отыр.

Біз бұл арада тілге жөнді-жөнсіз өзге тілден сөз алудың негізгі тілдің негізіне қатты жасап, оның баюына емес, қайта тұтастай дыбыс жүйесінің бұзылуына, сүйтіп сингармонизм заңын бұзу арқылы тілдік табиғатты сұйылтуға соқтыратынын дұрыс түсінуіміз қажет болады.

Асылы, сингармонизм заңы тілдегі дауыстылардың гармондесу заңы дауыстылардың гармония заңы деп те аталады дегенде, лингвист Халел “сөздегі дауысты жарты дауысты дыбыстар үнсіз, мүлде сақау емес, бұлардың аз да болса дауысы бар. Бұлар қостаушылар, бірақ бұлардың дауысы дауыстылардағыдай ашық емес саңыраулау естіледі” деген пікір тастайды. Осы ойға ден қою дұрыс болар. Үйткені дауыссыздарды тек осылай түсіну қате ғой. Байқасаңыз, “дауыстылар гармониясы” деген тіркестің біржақты атау екенін, сондықтан, “дыбыстар гармонисі” тіркесі жалпы дыбыс атаулының бәрін қамтитынын түсіну қиын емес.

Қазақ тіліндегі қандай сөз де не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылғанда, сөйлеу мүшелерінің, соның ішінде тілдің қай деңгейінен бастап дыбысталатына байланысты болмақ. Міне, енді әрбір дыбыс осыған бағынып, өзінің қосарлы сыңарын

қалыптастырады. Қазақтың төл дыбыстарын айқын бейнелеуде қолданылып келген дәйекшелердің де қажетті болмайтынын ғалым ғылыми негіздеген болатын. Осы арада Халел сөздің түбірін белгілеуде қалыптасқан тұрақтылықтың барын айта отырып, қазақ тіліндегі сөздердің түбірі ешуақытта өзгермейді деген қорытындыға келді. Бұл ілім осы күнгі қолданылып жүрген морфологиялық принциптің негізі болды, ал фонетика буын және дыбыс үндестігі деген түсініктің арқауына айналды.

Ғалым бұдан әрі түбірге жалғанатын қосымшаның сол ыңғайда не жуан, не жіңішке болып жалғанатын қазіргі қолданылып келе жатқан принципке негіз қалады. Ендеше Халел Досмұхамедов — қазақ тілі фонетикасын ғылыми тұрғыда қалыптастырған ғалым.

Халел-лингвист бұдан әрі қазақ тілінің қосымшалары туралы біраз ой тастайды. Оның осы тұжырымдары қазір де бұлжымастан қолданылып отыр. Бұл салада Халел негіздеген үлгіні кейінгі тілшілер басшылыққа алады. Ол өз еңбегінде қазақ тіліндегі қосымшалардың классификациясын жасады. Мұны жасауда ғалым Ақаңның “Тіл-құралына” сүйенгенін байқатады. Ендеше Ахмет Байтұрсынов пен Халел Досмұхамедов лингвистика ғылымы саласында бір бағытта жұмыстанған деуге дәлел бар. Олар лингвистика ортақ пікірде болғанда қазақтың бай тілінің табиғатындағы тарихи арнаны бұзбай пайдаланумен қатар, оны тілдердің ықпалынан қорғаудың болашақ ұрпақ үшін, елдің-елдігі, жердің тұтастығы ағайынның татулығын ойлағаны анық.

Ахмет пен Халел өз еңбектерінде қазақ тілінің өз ерекшеліктерін талдай отырып, бірін-бірі толықтыра түскен. Мәселен “Тіл-құралда” айтылмаған бірқатар қосымшаларды атайды, сондай-ақ тың атауларды қолданады — шын жұрнақтар және шала жұрнақтар. Авторша, қосымшаларды “Толық қылып жинау кезекті жұмыстың бірі болу керек”.

Осылардай мәселелермен қатар Халекен жазудағы сауаттылықты да өз еңбегінде қастерлепті. Мағжан Жұмабаев өлеңдерін баспаға әзірлеген Бернияз Құлиевтің қызметін тиісінше бағалай отырып, аяғына дейін жеткізілмеген сауаттылықтың болмағанын оның сингармо-низм заңымен таныс еместігі ретінде түсінеді.

Халел Досмұхамедов біріккен сөздердің жазу тәртібіне де зер салған. Мұнда да сол сингармонизм заңы сақталатынын дәлелдеген еді. Ғалым тарихи дәуірлердің белгісі ретінде қазақ тіліне еніп кеткен шет сөздердің бәрі де бұл күнде әбден сіңісіп, танымастай болғаны соншалық — оларды жат сөздер ыңғайында түсінудің өзі ыңғайсыз.

Автордың айтуынша, ол сөздер (*қала, молда, шілде, амал, айып, әділ, әдет, ылаж, өмір, әзіл, масқара, дәулет, несібе*) қазақ тілінің сингармонизм заңына енеді. Сондықтан “бұларды жат сөздер деп айтуға болмайды, бұларды жат сөздер десек, ел көнбейді. Бұларды жат деген адамның өзін ел өзіне жат санайды”.

Асылы, қандай елдің сөзі тілімізге келмесін біз осы сингармонизм заңына бағындырып пайдаланамыз. Оны ғалым да жақсы байқап, орыс тілінен келген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық гармониесіне ыңғайлап алатынын ашық айтып отыр. Дәрігер-ғалым ретінде “Адамның денесі ішкен-жеген тамақтан түзеледі” және “Ауыздан кірген тамақ сіну үшін, денеге “өзімдік” болу үшін дене заңымен өзгеруі керек” дегенді айта отырып, Халел-дәрігер “Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалпымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адам тілімізге орасан зиян келтіреді... елдің түп қазығы болған тілді бұзады”, – дейді.


Орыстар арқылы Аурупаның тілінен сөз қабылдағанда, біз оларды бұрын қабылдап келеміз. Мәселен, (Аудиториум – аудитория, аутор – автор, Һистория – история, Упена - Вена).

Осылайша кең ауқымды жайларды айта келіп, автор ана тіліміздің табиғатын бұзбай пайдалануды ұсынады және осы мұраны ұрпақ иелігіне айналдыруды қатты қолдаған. Сондықтан “ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш, ал ана тілін білмей тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беру – зор қате.

Бұл оқығандардың Һам оқушылардың есінен шықпау керек.

Ғ. БАЗАРҒАЛИЕВ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
Хабаршысы. Филология сериясы. – 2002. - № 5(56). - 99-102 бб.**



ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Халелдің әкесі Досмұхамед Машақұлы 1850 жылы туған. Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Тайсойған құмындағы 13-ауыл Досмұхамедтің мекені. Ескіше хат таныған, көзі ашық, көкірегі ояу Досмұхамедтің қатардан қалмайтын, ортадан жоғары дәулеті болған. Ол балаларының білім алғанын қалап, жиған-тергенін аямады, Халел Санкт-Петербург әскери академиясын бітіретін 1909 жылы 59-ға қараған жасында ауырып, дүние салды.

Анасы Әйкен бәйбіше ұзақ жасап, балаларының өсіп-өнгенін көріп, немере-шөбере сүйген бақытты жан. Ол 1931 жылы тоқсан үшке келіп, кіші ұлы Құлымжанның қолында қайтыс болды. Шешесі Әйкеннің ескі әңгімені көп білетін шежіре адам болғанын, Тайсойғанға қатысты көп тарихқа сол кісі арқылы қаныққанын Халекен балаларына жиі айтып отырады екен.

Біз білетін деректе Досмұхамед пен Әйкен бір қыз, төрт ұл сүйген. Әрине, ол кезде сәбидің ерте шетінеуі көп болған, сондықтан да біз келтіріп отырған дерек дәл болмауы да мүмкін.

Халекеннің бізге шын аты белгісіз, ал ағайындары Торғай деп атап кеткен әпкесі отызыншы жылдарға дейін Атырау қаласында тұрып, дүние салған. Торғайдан туған Ризуан деген жалғыз ұлының ұрпақтары да Атырау облысында болса керек.

Ағасы Хасен ерте үйленген. Оның Дариға, Дина, Әміржан деген балалары болған. Әміржаннан туған бала Қабыл Ақтөбе облысы, Ойыл ауданының Құрманов совхозында тұрады. Қабылдың 4 ұл, 9 қызы бар. Халелдің өзіне тете інісі Құлбайыстың екі әйелі болған. Бәйбішесі Жаңылсыннан туған Әміржан деген бала соғыстан оралмады. Екінші әйелі Балықтан 1926 жылы туған Дәмеш деген қыз қазір Атырау облысының Махамбет селосында тұрады.

Құлбайыс орысша хат таныған, жастайынан билікке араласқан. Қазан төңкерісіне дейін болыс болған.

Қара шаңыраққа ие болып қалған кенже інісі Құлымжан 1931 жылға дейін Тайсойғанда Халекеннің Сорқуыс деген жердегі медициналық ордасында тұрды. Халелдің сырқат адамдарды қабылдайтын бөлмесін, кітапханасын көзінің қарашығындай сақтағанын елдегі қариялар әлі күнге дейін аңыз етіп айтып отырады.

Кәрі анасын ақырғы сапарға шығарып салғаннан кейін Құлымжан ата жұрттан қоныс аударып, Орынбор облысының

Тұзтөбе ауданына көшіп барды. Әйелі Зейін екеуі екі қыз, бір ұл өсірген. Үлкені Алтын, екіншісі Зәуре, кенжесі Сүйінқара.

Халелдер Воронежге еріксіз қоныс аударған соң Әділхан арнайы іздеп барып, Сүйінқараны алып келіп, мектепте оқытқан. Құлымжанның ұрпақтары Орынбор облысындағы аудан орталығы Тұзтөбеде тұрады.

Халел Санкт-Петербургтегі Әскери-медицина академиясының соңғы курстарында оқып жүрген кезінде демалысқа елге келіп, Жымпиты ауданының қазағы Жұмағалидың үлкен қызы Сағираға үйленеді. Руы – Он екі ата байұлының бір атасы – Тананың қара құнаны. Сағира ауыл мектебінде ескіше хат таныған, ақылды, парасат-ты адам еді. Тәңір қосқан қосағы Халелдің басына түскен қиындық-тың бәрін бірге бөліскен, рухани ең сенімді тірегіне айналды. Балаларын қатарларының алды етіп тәрбиелеп, өсірген абзал жан.

Сағира апай бес ағайынды. Оның Қаби, Сағи, Құрман есімді інілері, Жұмазия және Балзия деген сіңлілері болған. Сағи мен Құрман соғыстан оралмады. Сағира апайдың туған-туыстары қырқыншы жылдары Орынбор облысының Тұзтөбе ауданына қоныс аударған. Кейінгі ұрпақтары қазір де сол Ресей жерінде тұрады.

Халел мен Сағираның жеті баласы болды. Тұңғыштары Ұрқия деген сәби ерте шетінеп кетті. Ал 1920 жылы Ташкентте дүниеге келген Әзімжан деген ұл 7-8 жасында ауырып қайтыс болды. Құдайға шүкір, қалған бесеуі ер жетіп, азамат атанып, үбірлі-шүбірлі әулетке айналды. Енді Халекеннен қалған тұяқ осы бес бала кімдер еді дегенге жеке-жеке тоқтала кетелік.

РАБИҒА. Халекен академияны бітірген жылы Тайсойғанда Рабиға дүниеге келді. Ол 1995 жылы 83 жасқа қараған шағында Алматыда балаларының қолында дүние салды.

Жалпы Халел мен Сағираның қай баласы да сабаққа алғыр болды. Бәрі де жоғары оқу орындарын үздік бітірген. Соның ішінде Рабиға кейінгі балаларға барлық жағынан үлгі еді. Ол кішкентайынан өте пысық, алғыр әрі жігерлі болып өскен. Кейін бой жете келе қарасаң көз тоймайтын сымбатты да сұлу қызға айналды. Әкесі үлкен қызын елден ерек жақсы көрді, көзінен таса етпейтін, қайда барса да қасынан тастамайтын. Үлкен қызының өзінің алдына қойған мақсатын қалайда орындап шығуға тырысатын қасиетін әкесі ылғи да өзге балаларына үлгі етіп, қызын мақтан етіп отыратын.

Рабиға да әкесіне қарап бойын да, ойын да түзеді, Халелдің қызы деген атаққа лайық болуға тырысты. Әкесіне ұқсап дәрігер болуды армандады. Ташкенттегі САГУ-дің медицина факультетіне (жалпы Халелдің ұрпақтарының арасында 11 жоғары білімді дәрігер бар) оқуға түсті. Ол үшінші курста оқып жүргенде әкесі Алматыға ауысты. Әкесі сүйікті қызын жат жерде жалғыз қалдырғысы келмей, бір жылдан кейін қоймай отырып, оқудан шығарып, Алматыға өз қолына алды. Рабиға Алматыда медициналық арнайы оқу орны болмағаннан кейін ҚазПИ-дің биология факультетіне оқуға түсті.

Рабиға 1930 жылы ҚазПИ-дің физика факультетінің үздік студенті Ерғазы Әбдірахимовке тұрмысқа шықты. Халел көп студенттің ішінен Семей жақтың осы бір бұйра шашы дудыраған, жазық мандай, аққұба, әдемі жігітінің білімге құштарлығын ұнататын.

Әке мен шешеден ерте жетім қалса да, жігері мұқалмай, байларға жалданып еңбек етіп, тым кеш, жігіт болғанда өз бетімен хат танып, Алматыға келіп оқуға түскеніне риза болатын. Өте алғыр, талантты студентіне ұстаз Халел көп үміт артып, жанына жақын тартты. Ұстаз бен шәкірттің арасындағы өзара сыйластық бара-бара үлкен достыққа айналды. Халекен Рабиғаға талай-талай белгілі, дәулетті әулеттердің құда түскеніне қарамай, сүйікті қызын Ерғазыға өз қолымен ақ батасын беріп ұзатты. Жалпы Халелдің күйеу баладан жолы болған адам. Ерғазы әке орнына әке, аға орнына аға болған, Халелдің басына қара бұлт үйірілгенде де жанашырларының біріне айналды.

Ол кезде мамандардың, соның ішінде жоғары оқу орнына сабақ беретін оқытушылардың жетіспеуі себепті, ОГПУ тергеуде жатқан Халел Досмұхамедұлын қасына күзет қосып, дәріс оқуға жіберетін. Профессорды айдап әкелген екі милиционердің біреуі сыртта қалатын да, екіншісі аудиторияға кіріп, Халелдің әрбір қимылын бағып, қасында тұратын. Сол бір үрейлі шақта да студент Ерғазы қаймықпай қайынатасымен тілдесіп, аман-саулықты айтып қалатын.

Институт партия ұйымы Ерғазыны халық жауының күйеу баласы деп партия қатарынан шығарып жібергенде де ауыртпалықты мойымай көтере білді.

Институтты үздік бітірген студенттің Алматыда ғылыми жұмысқа қалуына мүмкіндігі бар еді, бірақ белгілі себеппен Семейге жолдама берілді.

Ерғазы бар саналы ғұмырын ұстаздық жұмысқа арнаған адам. Жас отбасы 1937 жылы Түргенге көшіп келіп, Ерғазы педагогикалық училищеге оқу ісінің меңгерушісі болып 3 жыл еңбек етті. Соғыс алдында 1940 жылы Алматыдағы № 12 мектеп-интернатқа оқу ісінің меңгерушісі қызметіне ауысты. 1942 жылы соғысқа аттанып, ауыр жараланып елге оралған соң, Оқу министрлігінің мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында директор, Жалаңаштағы, Үлкен Ақсудағы, Бақанастағы, Ұзынағаштағы орта мектептерде директор болып көп жыл жұмыс істеді. 1957 жылдан құрметті демалысқа шыққанға дейін ҚазПИ-дің физика пәнінің методика кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарды. Халел туралы талай әңгіме, көп сыр Ерғазы ағаның көкірегінде кетті.

1931 жылы Ерғазы мен Рабиғаның тұңғыштары Болат дүниеге келді. Болат Ерғазыұлы Әбдірахимов нағашы атасының жолын қуып, Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірді. Медицина ғылымының кандидаты, доцент. Зайыбы Азат, медицина ғылымының докторы, профессор. Болаттың екі қызы бар, үлкені Дариға, медицина ғылымының кандидаты, дәрігер, екіншісі Гауһар – тарихшы. Болат 1995 жылы ауыр науқастан дүние салды.

1934 жылы Ерғазының отбасына екінші Дина есімді сәби қосыл-ды. Дина Ерғазықызы Әбдірахимова 1957 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің орыс бөлімшесін үздік бітірген соң, аз уақыт мамандығы бойынша жұмыс істеп жүріп, комсомол жұмысына ауысты. Алғыр да іскер жас ұйымдастырушылық қабілетімен тым тез көзге түсті. Кейін жұмыс бабымен Қарағандыға жоғарылатылып, облыстық атқару комитетінің хатшылығына дейінгі үлкен еңбек жолынан өтті.

1978 жылы Қазақстан кәсіподақтары орталық кеңесінің хатшысы қызметіне ауысарда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болғаны Дина Ерғазықызының есінен әлі кетпейді.

Жұмыс барысында әңгімелесіп болған соң Димекен:

– Қалқам, Дина, сенің жиналыстардағы жігерлі сөздерінді естіп, кейбір кездесулерде көргенім болмаса, жақын білмейді екенмін. Өзің қай ауылдың баласысың, әке-шешенің аты-жөні кім? – деп сұрады.

– Әкем – Ерғазы Әбдірахимов, мамандығы – физик, көп жыл ҚазПИ-де қызмет істеді, – деді Дина.

– Солай ма, сен Ерғазының қызы екенсің ғой, әкең жақсы адам еді.

– Шешем – Рабиға Халелқызы Досмұхамедова деген кісі, – деді Дина сөзін әрі жалғасытырып.

– Білем, білем, атаң Халел үлкен ғалым, парасатты жан еді, баласы Әділханмен мына көкбазардың жанындағы № 14 мектепте бірге оқығанбыз. Кейін дайындық курсында оқығанда бір бөлмеде жаттық, – деп Димекен әңгімені әріден бастап кетті. – Әділхан өте білімді, талантты, қабілетті жігіт болатын. Кейін мен Мәскеуге оқуға кеттім де, қарым-қатынасымыз үзіліп қалды. Әбден ауру мендеп, жүдеп қалған екен. Балалық шағымызды айтып біраз әңгімелескеннен кейін, бұйымтайын сұрадым. Ол Қызылордадан Алматыға көшіп келгісі келетінін айтып, пәтер алуға көмектесуімді өтінді. Біз сол бойда мәселені шешіп бердік. Бірақ сол пәтердің қызығын көре алмай, қайтыс болғанын естідім.

Дина Халел атасы туралы әңгіме қозғағысы келіп еді, бұл мәселеге әлі ертерек, уақыты келеді әлі деп Димекен әңгімені басқа арнаға салып жіберді.

Дина Ерғазықызы Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру министрі болып қызмет атқарды. Екі рет республика парламентінің депутаттығына сайланды. Қай салада да өзінің адал еңбегімен халық құрметіне бөленген қадірлі адам.

Қазір Халел Досмұхамедұлы Қорының президенті. Жұбайы Мағрып Әкімбеков тау-кен инженері. Екінші мамандығы экономист, Алматыдағы Халық шаруашылығы институтын бітірген. Көп жылдар мемлекеттік жабдықтау комитетінде жауапты қызметте болды. Ұлдары – Сұлтан тарихшы, ҚазМУ-дың тарих факультетін бітірген. Мәскеудің Әлеуметтану институтының аспирантурасында оқып, аяқтады.

Рабиға апайдың үшінші қызы Римма 1938 жылы дүниеге келді. 1961 жылы Алматы медицина институтын үздік бітірген соң, жолдамамен Көкшетау облысында бөлімше дәрігері болып еңбек жолын бастады. Кейін Қарағандыға ауысып, қатардағы гинеколог-акушерден қаланың бас гинеколог дәрігеріне дейін өсіп, жемісті еңбек етті. Қазір Қарағанды медицина институтында сабақ береді. Жұбайы Марғұлан Қамиев инженер. Техника ғылымының кандидаты. Қыздары Ботакөз дәрігер, ұлдары Дәурен инженер. Бәрі де Қарағандыда тұрады.

Соғыс аяқталатын жылы Ерғазы мен Рабиғаның отбасына тағы бір бала қосылды. Әке-шешесі оның есімін асыл мұраттарымыз орындалсын деген тілекпен Мұрат деп қояды. Шынында да Мұрат әке-шеше үмітін ақтады. Қара шаңыраққа ие болып қалды. Ата-

анасының қартайған шақтарындағы сенімді тірегіне айналды. Екеуін де өз қолынан ақ жауып, арулап жөнелтті. Мамандығы – физика пәнінің мұғалімі. Қазір шағын құрылыс мекемесін басқарады. Зайыбы Галя – экономист, екі қызы бар. Үлкені Зәуре – дәрігер, кішісі Әсел – оқушы.

Мұраттан кейін 1947 жылы Әлия дүниеге келді. Ол Мәскеудің Менделеев атындағы химия-технология институтын бітірген. Қазір Менделеев атындағы ғылыми-техникалық қоғамы төрағасының орынбасары. Ұлы Тимур Мәскеудегі авиация институтының соңғы курсында оқиды.

Әбдірахимовтар әулетінің ең кенжесі 1950 жылы дүниеге келген Әсия. Әсия Ерғазықызы Әбдірахимова Мәскеудің Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтын бітірді. Жұбайы Ермахан Бегенов экономист. Екі қызы бар. Үлкені Анар Мәскеудегі мемлекеттік Орджоникидзе атындағы басқару академиясының студенті, екіншісі Әнел, Бүкілресейлік Герасимов атындағы кинематография институтының экономика факультетін бітірді.

ӘДІЛХАН. Халелдің 1912 жылы дүниеге келген ұлы Әділхан Алматыдағы № 14 орта мектепте оқыған. Дайындық курсы үздік бітірген. Бірақ отызыншы жылы әкесін тергеуге алуына байланысты Әділхан әрі қарай оқуын жалғастыра алмай, Балықшы одағы деген мекемеде жұмыс істейді. Тек 1932 жылы әкесімен бірге Воронежге жер ауып барған соң ғана медицина институтына оқуға түседі. Бірақ 1937 жылы Кеңес Одағында жаппай қудалау қайтадан басталып, қара тізімге іліккен Әділхан оқудан шығарылады.

Әділхан Ұлы Отан соғысы басталысымен өзі сұранып, майданға аттанды. Майданда алғы шепте дәрігер болып жүріп, қатты жараланып, бірнеше ай госпитальде жатады. Соғыстан ауыр жарақатпен оралған Әділхан Алматы медицина институтына түсіп, 1947 жылы бітіріп шықты. Ол ұзақ жылдар бойы Қызылордадағы алапес ауруын емдейтін ауруханада еңбек етті. Құрметті демалысқа шыққан соң, Алматыға келіп қалай үй алғанын жоғарыда айттық. Тағдыр тауқыметін көп көрген Әділхан 1970 жылы дүние салды. Зайыбы Рашида 1993 жылы қайтыс болды. Жалғыз ұлдары Марат 1952 жылы туған, бизнеспен айналысады. Құдай қосқан қосағы Ғалия екеуінің Гүлназ есімді кішкентай қызы бар, Алматыда тұрады.

СӘУЛЕ. Халелдің үшінші баласы Сәуле 1916 жылы туған. Ол 1935 жылы Воронеж қаласында дайындық курсы бітіреді де

сондағы Буденный атындағы мемлекеттік университеттің биология факультетіне оқуға түседі. Алайда келесі жылы Сәуле де оқудан шығарылады. Ол 1938 жылы қаңтар айында Воронеждің зооветеринарлық институтын бітірген Тілеужан Әлиев деген жігітке тұрмысқа шығады. Сол жылы наурыз айында Тілеужан Воронеж облысының бір сов-хозына жұмысқа орналасып, отбасын көшіріп әкетеді. Осы жылғы шілде айында Халекен тұтқындалып, Алматыға жөнелтілген соң Сағира жеңгей соңынан баруға жиналады. Ата-анасының басына ауыр күн туғанда ең алғашқы қамқор қолын созған Тілеужан мен Сәуле еді. Әкесінің ұсталғанын естіген бойда Сәуле жұбайын ертіп Воронежге келіп, сінлісі Қарашаш пен інісі Төлені көшіріп алып кетті. Жалпы Сәуле Халел балаларының ішіндегі алысты жақын қылатын бауырмалдығымен ерекшеленеді. Ол Қарашаш пен Төленің қатардан қалмай білім алуларына көп еңбек сіңірді. Сәуле мен Тілеужан 1939 жылы Орал облысының Жымпиты ауданына көшіп барды. Сол ауданда еңбек етіп жүріп ағайын-туыстарына көмектесіп отырды.

Екеуінің бауырынан сегіз бала өсіп-өрбіді. Алайда Сұлтанбек пен Сапарбек деген ұлдары жас кездерінде сүзекпен ауырып, қайтыс болды.

Үлкен қыздары Әнәпия 1945 жылы туған. Халық шаруашылығы институтын бітіген соң, жолдамамен Жезқазған облысына жұмысқа барды. Жұбайы Серік Мыстанов кенші, кейін ауырып қайтыс болды. Екеуінен Айгүл, Алма, Ерболат, Айнұр есімді балалары бар.

Екінші қыздары Айман 1946 жылы дүниеге келген. ҚазМУ-дің биология факультетін бітірген соң, Бақанасқа барып, жұмысқа орналасты. Қазір сонда обаға қарсы күресетін лабораторияны басқарады.

Қыздарының кішісі – Шолпан 1950 жылы туған. Тілеужан мен Сәуленің балаларының ішіндегі ең зерегі. Мектепті алтын медальмен бітіріп, Алматы мемлекеттік медицина институтына оқуға түсті. Оқуды бітірген соң ол да Бақанасқа, аудандық ауруханаға жолдама алды. Қазір де сонда бас дәрігердің орынбасары болып еңбек етеді. Жоғары категориялы дәрігер.

Ұлдан үлкені Төлеген 1953 жылы дүниеге келген. Ол да Алматы медицина институтын бітірген. Қазір Талдықорған қаласындағы қан құю станциясында еңбек етеді. Оның келіншегі Дина дәрігер, Талдықорған медициналық училищесінде сабақ

береді. Екеуінен туған үлкен ұлы Данияр педагогика институтын бітірді. Кішісі Дамир гимназияда оқиды.

Сәуленің екінші ұлы Алтай 1954 жылы туған. Қарағандының кооператив институтын бітірген. Қазір Алматыда тұрады. Үлкен бір фирманы басқарады. Зайыбының аты Гүлнар, екеуінен Әнуар, Дариға есімді екі бала бар.

Сәуле мен Тілеужанның кенжелері Мәлік 1956 жылы дүниеге келді. Құрылысшы. Сәуле апай осы Мәліктің қолында. Келінінің есімі Шолпан. Бұлардан Асқар, Динара, Зәуре деген немерелері бар.

Сәуле апайдың жұбайы Тілеужан Әлиев республикаға еңбегі сіңген малдәрігері, 1978 жылы қайтыс болды. Сәуле Халелқызы Досмұхамедованың 1996 жылы 80 жылдық мерей тойы болды.

ҚАРАШАШ. 1923 жылы Қарашаш деген сәби дүниеге келді. Әке-шешесі оны еркелетіп Тайжан деп атап кеткен. Воронежде әкесі тұтқындалғанда Қарашаш 15 жасар жас өспірім еді. Мектепті Сәуле мен Тілеужанның үйінен бітірген соң, Қарашаш педагогикалық училищеде оқиды, одан соң Алматыдағы екі жылдық мұғалімдер институтына оқуға түсіп, оны 1943 жылы бітіріп шығады. Бір жыл Орал облысы Жымпиты ауданындағы Бұлдырты орта мектебінде мұғалім болады. Содан соң 1944 жылы ҚазПИ-ге келіп оқуға түседі. Екі жылдан кейін институтты үздік бітіріп шыққан соң Алматыдағы юристер институтына орыс тілінің оқытушысы болып жұмысқа орналасады. Алайда көп кешікпей, “халық жауының ағайындарына арамызда орын жоқ” деген солақай ұран қайта көтеріле бастайды. Ақыры институттың бір топ мұғалімі қара тізімге ілініп, жұмыстан шығарылады. Сол тізімнің бас жағында Қарашаш Халелқызының аты-жөні де жазулы тұрды. Онда Қарашаш анасы Сағира және ҚазМУ-дың студенті, інісі Төле үшеуі Жас коммунарлар мен Чайковский атындағы көшелердің қиылысындағы оқытушылар жатақханасының бір бөлмесінде тұратын. Онсыз да жүрегі қан жылап, құса боп жүрген анасына мына суық хабарды қалай жеткізерге білмейді. Бір жағына шығып алмай, айтпауға бекінеді. Жағдайын айтып, оқу министрлігіне кіріп еді, ондағылар Қарағандыға немесе Өскеменге барыңыз деп шығарып салғысы келді. Табиғатынан қайсар, жігерлі Қарашаш олар жұмсаған жаққа бара алмаймын деп бірден бас тартты. Қолында анасы бар екенін, өзінің денсаулығының нашарлығын айтып, мәселені төтесінен қойды. Министрліктегілер

мына бойжеткеннің қайсарлығына әрі таң қалып, әрі іштей сүйсініп, ертең келіп хабарласуын сұрай-ды.

Ертеңінде басқарма бастығы Айшанов деген кісі күтіп отыр екен:

- Қарағым, Түркістандағы педагогикалық училищеге мұғалім керек екен, сонда барсаң қайтеді, – деді.

- Анаммен, ініммен ақылдасайын, түстен кейін жауабын берейін, – деді Қарашаш.

Үйге келіп анасына бәрін түсіндіріп айтып еді, ол кісі үкіметтің түрткісіне әбден бойы үйренген ақылды адам ғой, бәлендей реніш білдірмеді. Қызына жігер беріп:

- Егер Түркістан десе, келіс, айналайын. Баяғыда әкең екеуміз Ташкентте тұрғанда талай барып, Қожа Ахмет Иассауи әзіретке тәу еткенбіз. Халқы да бауырмал, жақсы жер, – деді сарыуайымға салмай, бірден келісіп.

Қасиетті Түркістанда Қарашаш табаны күректей алты жыл еңбек етті. Педагогикалық училищенің ұжымы еңбекқор, білімді, әрі қара қылды қақ жарған әділ, қақсоқпен шаруасы жоқ адал, ойындағысын ірікпей айтатын тік мінезді мұғалиманы бірден қабылдап, құрметтеп, сыйлап кетті.

1956 жылы Қарашаш кезекті демалысқа шығып, Алматыға келгенінде қазіргі белгілі ғалым Шора Сарыбаевтың әкесі Шамғалиға жолығып қалады. Шамғали ақсақал Досмұхамедовтермен ежелден аралас-құралас болатын. Ташкентте Халекенмен сырлас, пікірлес болған адам, өзі ҚазПИ-де мұғалім, көрген жерде ағалық ақылын айтып, қамқор болып жүруші еді.

Көрген бетте амандық-саулық сұрасқан соң, Шамғали ағай Роза деген қызын ұзатып жатқанын айтып, тойға шақырды.

- Үш күндей той жасаймын, бірінші күні қатар-құрбылары – студенттерге, екінші күні туған-туыстарға, үшінші күні жазықсыз жапа шегіп, қазір ақталған зиялы қазақтардың Алматыдағы жесірлеріне дастарқан жаямын. Қай күнге келесің? – деді Шамғали ағай.

Қарашаш ойланбастан, үшінші күні жесірлер жиналатын тойға келетінін айтты.

Шамғали ағаның тойының үстінде Қарашаш көп адаммен танысты. Ілиястың зайыбы Фатима апай, Қашқынов деген азаматтың зайыбы Сара Есова және тағы басқа апайлар Қарашашты жылы қабылдап, әкесін, шешесін білетіндерін айтып

жатты. Туған-туыс-қандарын сұрады, Халекеннің ұрпақтарының қайда жүргенін анықтады. Соңында:

- Өкенді ақтап алуға жұмыстанып жүрсіндер ме? – деп сұрады.

- Жоқ, неден бастарымызды білмей жүрміз, – деді Қарашаш.

- Арыздан бастандар, Анаң Сағира күйеуінің үкімет алдындағы адал еңбегін, жазықсыз ұсталғанын айтып, ақталуына көмектесуін сұрап Бас прокурордың атына арыз жазсын. Сталин өлді, енді қорқатын ештеңе жоқ, – деді Сара апай жігерлене сөйлеп. – Мен жақында ақталғаным жөнінде қағаз алдым. Енді Оразды ақтау жөнінде арыз жазып жіберіп, жауап күтіп отырмын. Ораз ақталысымен Өскеменде жүрген ұлым Нұрланды шақыртып аламын.

Сара Есованың ақылымен Қарашаш анасы Сағираның атынан бас прокурорға арыз жазып жіберді. Кешікпей “Сіздің арызыңыз Воронежге жіберілді” деген анықтама қағаз келді. Ал 1958 жылы наурыз айында Сағира апайға Қазақ КСР Жоғарғы Сотынан мынандай мазмұнда анықтама келді:

“Дело по обвинению ДОСМУХАМЕДОВА ХАЛИЛЯ, 1883 года рождения, казаха, беспартийного, работавшего в должности профессора КазГУ, пересмотрено.

Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 28 февраля 1958 года постановление бывшей тройки ПП ОГПУ в Казахстане от 20 апреля 1932 года в отношении Досмухамедова Халиля отменено и дело в отношении его производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

Досмухамедов Халел – реабилитирован.

И.о. Председателя А.Г. ПУШЕЧНИКОВ

Сол 1958 жылы ақталған Халел Досмухамедұлының отбасы Алматыға қайтып оралды. Халекеннің зайыбы Сағираға пәтер беріліп, зейнетақы тағайындалды. Балаларын жұмысқа орналастыруға жол-дама берді.

1958 жылы “Здравоохранение Казахстана” журналының 10-санында тұңғыш рет “Х.Д. Досмухамедов – врач и ученый” деген А. Мамаевтың мақаласы жарияланды.

Бірақ бұл қуаныш та ұзаққа барған жоқ, ғалымның есімін атауға, ғылыми еңбектерін жариялауға тыйым салынды. Бір сөзбен айтқанда, Жоғарғы Соттың арнаулы қаулысымен ақталған Халел Досмухамед-ұлы ұзақ мерзімге қайтадан қара тізімге ілінді.

Қарашаш Халелқызы Алматыға оралған соң соқырлар қоғамының журналында редактордың орынбасары, кейін Ғылым академиясының Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер болып істеді. Филология ғылымының кандидаты. Қазір зейнеткер, Алматыда тұрады.

ТӨЛЕ. Халел Досмұхамедұлының ең кенжесі Төле 1929 жылы 12 желтоқсан күні Алматыда дүниеге келді. 1955 жылы ҚазМУ-дің биология факультетінің топырақтану бөлімін бітірді. Университеттен кейін Ғылым академиясының топырақ зерттеу институтына жұмысқа орналасып, өмірінің аяғына дейін бір жерде жұмыс істеді. Ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты. 1985 жылы жүрек ауруынан қайтыс болды. Зайыбы Роза мұғалім. Жалғыз ұлдары Азамат медицина институтын бітірді. 1995 жылы кенеттен қайтыс болып кетті.

Халел мен Сағирадан өрбіген ұрпақтың өмірбаянының ұзын-ырғасы осындай. “Орнында бар оңалар” демей ме халқымыз, аяулы Халекеннің ұрпақтары да ұлы бабасының есіміне лайық болуға тырысып өсіп-өніп келеді.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
жазушы

Ағартушы Халел: Жинақ / Құраст. Ғ. Қабдолқайырұлы. – Алматы: Арыс, 2004. – 87-98 бб.

САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕГІ СТУДЕНТТІК КҮНДЕР. ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ

Ел арасындағы қисса мен әфсаналарды, ертегі мен шежірелерді майын тамыза, құлақ құрышын қандыра әңгімелейтін шешендерді, жыршы, күйшілерді зер сала тыңдайтын Халел халық мұрасына ықыласы ерекше ауып өсті. Кезінде Мұрат ақын “асылдың азбай жүрген тұқымысың” деп марапаттаған, алдындағы үлгі тұтқан немере ағасы Дәулетүмбеттің де оған тигізген игі әсері зор болды.

Темір уезіндегі орыс-қазақ мектебін үздік бітірген қыр баласы Теке (Орал) қаласындағы әскери реальдық училищеде орыс тілінде емін-еркін сөйлеп, ұстаздарын да, құрбыларын да таң-тамаша қалдырды.

Бұл оқу орнының іргесі 1874 жылы қаланып, өзіндік дәстүрі қалыптасқан, өнегелі, маман ұстаздар қауымы сабақ беретін, жақсы жабдықталған бөлмелері мен жаратылыстану пәндерінен арнайы тәжірибелер жасауға лайықталған лабораториялары һәм түрлі саладағы үйірмелер жұмыс істейтін білім ошағы еді. Құм арасынан келген қара бала училище қабырғасындағы бос уақытын құр жібермей, үнемі ізденумен өткізді. Дүниенің кілті – өнер-білімде екенін ерте ұғынған талапкер қолына түскен кітап болсын, газет-журнал болсын, талғамай оқуды дағдысына айналдырады. Келе-келе жан серігіне айналған рухани азығынан алған-түйгенін ол жанындағы Нұрғали Ипмағамбетұлы, Ғұбайдолла Бердіұлы, Шабазгерей Көсепғалиұлымен бөлісіп, өзара пікір алысудың соңы қызу айтыс-тартысқа ұласып кететін. Бірде осындай әңгіме-дүкен үстінде Халел Бақшасарайда шығатын Ысмағұлбек мырза Гөспірөлінің “Тәржіман” газетін оқыған сайын көкейде жүрген талай жайдың сырына үңілдіріп, ішкі астарлы себебіне қанықтыра түсетінін ортаға салды. Ол Ысмағұлбек мырзаның “Орыс ішіндегі мұсылмандар” атты ой-толғамдары мен пайымдауларынан мына жолдарды жолдастарына әдейі дауыстап оқыды:

“Қаншама ұстамдылықпен және сыпайылықпен жүргізілсе де, ассимиляциялық саясаттың жүйесі бәрібір қысым көрсетусіз, бәз бір ұлыстың құқығын шектеусіз жүзеге аспайды, сондықтан да ол екiнiң бiрiне ұнай қоймайды. Бірақ етек жая бастаған доктринадағы әсіре марапаттауды, тек пайдалы екендігін ғана жалау ететін ниетті аңғара отырып, біз бір ұлттың екіншісіне жұтылу саясатын, біздің қоғамымыздағы орыстандыру саясатын

– егер “орыстандыру” деген сөзді орыстардың империядағы өзге ұлыстарды жұтуы мағынасында түсінетін болсақ – ақтап алудың еш ретін таппаймыз”.

Халелдің қоңыр әуенмен назар аударатын тұста сөзге екпін қойып оқуы, тыңдаушыларын бірден баурап алды. Отырғандар тым-тырыс, ой-қиялына еркін алдырып, біразға дейін ләм-мим деген ешкім болмады. Жүзінен сәбилік, пәктік сезімі байқалып тұратын, киіктің лағындай талдырмаш Нұрғали тосын бірденеден қорыққандай реңі сұрланып, үрейлі домалақ көзі шарасынан шығардай, діріл араласқан демін жұтып:

- Жә, енді не істемек керек? Ресейге қараған сонша жұрттың не ойлағаны бар?! – деді іштей толғантқан көп сауалдың нақты жауабын күткендей.

- “Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді” деп дана халқымыз тегін айтпаған болар, – деді Халел. – Ысмағұлбек мырза-ның да мұсылман жастарына берген тілек-батасы сіздердің қапер-леріңізде жүргені абзал, құлақ түріндер, – деп ол әрі қарай оқи жөнелді:

“Туысқандар, халыққа білім беру ісіне бел шешіп кірісіңіздер; білімпаз орыстардың көмегі мен ықпалына сүйене отырып, осы істің озық тәсілдерін талқылайық. Өзің оқығаның – мәртебе, ал оқығаның-ды өзегеге үйретіп, надандықтан құтқарып алуға талпыну – одан да мәртебелі, игілікті әрі қасиетті іс... Сонымен, сіз оқып-тоқып, білім мен ізгі тәрбиені игердіңіз, оларды тек өз бойыңызда іркіп қалмай, бар білгеніңізді қандастарыңызға, тайпаластарыңызға үйретуге тырысыңыздар; орыстың жақсы кітаптарын түрік тіліне тәржімалап, кедей, қараңғы халыққа арнап кітап жазыңыздар, мектептер ашып, өнер мен кәсіпті таратуға талпыныңыздар”. 1881 жылғы 1 маусым. Бақшасарай.

- Иә, жігіттер, ендігі жерде өнер-білім ауадай қажет. Бар жауапты міндет біздің буынға, жас жеткіншектерге түсіп отыр. Халқымызды біліммен ағартпай, езгіден қашып құтыла алмайтыны-мызға өткен ғасырлар куә. Олай болса, жаңа ғасырда ұлтымыздың азаттық таңына жетуіне бәріміз бірдей үлес қосуға ант етейік, сол жолда жан-тәнімізбен күресейік, – деді сөзін сабақтап Халел.

- Ант етуге дайынбыз! – деп, бұл пікірді өзгелер де қостады. Жүрекке жауапкершілік жүк артқан осы әңгімеден соң бозбалалық кәдуілгі қылықтарын ұмытып, өңдерінде салауатты салмақтылықтың нышаны байқалса да, әрқайсысының көңіл

түкпіріндегі ауаны алысты кезіп, арман қуалап, тәтті үміттің құшағында жүрді. Содан бастап олар айнала қоршаған ортаға, ұстаздарының қам-қарекеті, сөз астарына осы көзбен қарауды әдетке айналдырды.

Училище қабырғасында өткізген жылдар Халелдің көп нәрсеге көзін ашып, рухани марқайтты. Білімге деген құштарлығы артып, болашағын бағдарлауға мүмкіндік алды.

1903 жыл. Санкт-Петербург. Санкт-Петербургтің тұманды, жаң-бырлы бір күнінде отарбадан жып-жинақы әскери киіммен өрімдей бозбала түсті. Ол – Орал әскери реальды училищесін үздік бітірген Халел Досмұхамедұлы еді. Таудай талаппен келген жампоз жігіт Императорлық Әскери-медицина академиясының сынағынан латын тілінен қосымша емтихан тапсырып, сүрінбей өтті. Екінші бірінің тісі бата бермейтін жоғары оқуды қыр баласы қиналмай игеріп, әріптес жолдастары мен атақтары жер жарған ғұлама оқытушыларын аузына қаратты, Санкт-Петербургтің мәдени-тарихи қасиетті орындары, адам қолынан туған сымбат өнерінің таңғажайып үлгілері, зиялы қауымы, бай кітапханасы, ірі-ірі ғұламалар оқыған дәріс дарынды Халелдің қанаттануына жел берді. Оның саяси сана-сезімінің өсіп-жетілуіне астанадағы жоғары оқу орындары студенттерінің жаңаруды тілеген төңкерісшіл көңіл күйі түрткі салып, бодандықтың азабын тартқан халқына пана болсам деген ізгі ниет те ерте оянды. Өмірінің осы кезеңі туралы 1931 жылы 14 қыркүйекте Біріккен саяси Бас басқарманың тергеушісіне өз қолымен жазып берген түсініктемесінде: “Мен, – деп жазады Халекең, – Петербургке бірінші орыс төңкерісінің қарсаңында келдім. Бұл кезде демократиялық күштер, оның ішінде студенттер қауымы да жиі-жиі наразылық білдіріп жататын. Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар мен саяси білімді жетілдіруге кірістім. Әр түрлі саяси партиялардың бағдарламаларымен, олардың талап-тілектерімен таныстым... Мені және басқа да қазақ студенттерін ешбір саяси партиялардың бағдарламалары қанағаттандырмады. Социал-демократтар тек қана жұмысшылар туралы айтса, социалист-революционерлер шаруалар жөнінде сөйлеп жататын. Кадеттер орыс халқының

ұлылығы жөнінде сайрап, басқа халықтар туралы жұмған ауыздарын ашпайтын, ал оңшылдар болса, орыс емес халықтарды жамандап, оларды қудалаумен болатын. Әлі есімде мен және жанымда басқалар да бар кездейсоқ П.Н.Милюковтың жасаған баяндамасына тап болғанмыз бар. Сонда ол өзінің сөйлеген сөзінде былай деген: “Патша өкіметі орыс емес халықтарды аса дөрекілікпен және шектен шыққан араздықпен қанап отыр” (ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің (ҰҚК) архиві, 06610-іс, 3-том, 52-бет). Ол осы жылдары саясатқа ден қойып, Санкт-Петербург жоғары оқу орындарында оқып жүрген қазақ жастарымен қоян-қолтық араласып, күрес майданына шығады. Шын мәнінде өнер-білімге сусаған, ғылым қуған қазақ студенттерінің сол шақтағы дәстүрлі ерекше қасиеттерінің бірі – өз мамандығымен шектеліп қалмай, әр саладан жан-жақты, терең мағлұмат алуды көздеп астананың оқу орындарындағы білімпаз ғұламалардың дәрісін іздеп жүріп тындауды әдетке айналдыруы еді. Халел аты әлемге мәшһүр шығыстанушы ғалым, Санкт-Петербург Ғылым академиясының академигі В.В. Радловпен, Қазан лингвистика мектебінің негізін салу-шы, орыс фонологиясының атасы, профессор Бодуэн де Куртенэмен, Шығыс тарихының білгірі, академик В.В. Бартольдпен жиі араласып, олардың ақыл-кеңестерін алып, теориялық білімін жетілдіре түсті. Оның кейін туған халқының әдебиеті мен тіліне нәм тарихи өміріне қатысты іргелі еңбектер жазуына осы жылдардағы ізденісінің себі тигені шүбәсіз. 1905 жылы Бодуэн де Куртенэмен пікір-көзқарасы жарасқан Халел Санкт-Петербургтегі І Александр атындағы Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтта оқып жүрген Мұхамеджан Тынышбайұлымен, украин А.А. Кусовпен, жебірей В. Жаботинскиймен және басқалармен бірге автономист-федералистер одағын құруға ат салысады. Поляк халқының ұлы перзенті, Санкт-Петербург Ғылым академиясының корреспонденті- мүшесі Бодуэн де Куртенэ болашақ әскери дәрігердің иіні келгенде туған тілінің ғылыми жөндігуіне ем-дом жасап, өзге тілдерден жұғатын сөз сырқатының алдын алу шараларына септесуіне ақыл-кеңесін береді. Күрескер жанның жылдар өтіп саясаттан мойыны босаған соң қолына қалам алып шығармашылық жұмыспен шұғылдануы, лингвистиканың әліпби, емле, терминология, лексика, фонетика, тіл тарихы салаларынан

ғылыми тұжырымды рецепт беріп, “Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы” сияқты бірегей-еңбек жазуына дәрігерлік мамандығының тигізген пайдасы аз болмады.

Дүниені дүр сілкіндірген 1905 жылғы 9 қаңтардағы “Қанды жексенбі” оқиғасы патша өкіметінің жауыздығына қарсы буырқанған халық наразылығын теңіздей тасытты. Астанадағы оқиғалардың куәсі болған Халел саяси хал-ахуалды түсіндіріп, үгіт-насихат жұмысын жүргізу үшін елге оралады. Ол Орал қаласындағы татар, орыс тіл-дерінде шығатын “Фікір”, “Уральский листок” газеттерінің беттеріне мақалалар жариялап, қоғам өмірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік дағдарыстың қарулы қантөгіске ұласқанын баяндай келіп, бұл төңкеріс шет аймақтағы қазақ даласын да қамтуы әбден ықтимал-дығын, сондықтан кез келген күтпеген жағдайға алдын ала дайын болуға баса назар аударады. Осы жолы ол қырдағы ауылдарды аралап, Ресейде етек алған саяси күштердің бағыт-бағдарын, қазақ үшін қаншалықты пайдалалы барлығының ара жігін ашып беруге тырысады. Аукымы кең мұндай қоғамдық қатынастардың тоқырау кезінде ең бастысы өсек-аянға, алып-қашпа сөзге ермей, босқа күюден сақ болудың шарттарын әлеуметке егжей-тегжейлі ұқтыруға бар білігін салады. Көп ұзамай шет аймақтағы өлкелерде де бақылау күшейеді. Бейсауат жүрген, сезікті көрінген жандардың іс-әрекетіне полиция тарапынан сырттай қатаң аңду жасалады. Халел осы бір тарихи кезеңді кейін есіне алып: “1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де, саяси жұмыс жүргізуіме тыйым салынды” дейді.

Қорғансыз елінің қамын ойлап бастарын қауіп-қатерге тігіп, бес облыстан жиылған қазақтың зиялылары Әлихан Бөкейханов, Жаһаншаһ Сейдалинов, Бақытжан Қаратаев, жетісулық Барлыбек Сырттанұлы, торғайлық Міржақып Дулатұлы 1905 жылдың желтоқсан айында Теке (Орал) қаласында Ресейдегі кадеттер партиясының үлгісімен ұлттық саяси ұйым құруға әрекет жасағанда араларында студент Халел де бар еді. Кешікпей патша өкіметіне қарсы бас көтерген Ресей жұмысшыларының әрекетінен түк шықпай, аяусыз басып-жаншылып, елде қуғын-сүргін басталды. Полицияның қатал бақылауына алынған Халел де басқа жолдастары сияқты ізін жасырып, астыртын қимылға кіріспеске амалы қалмайды. Академия қабырғасындағы алты жылды өнер-

білімге құштар жан бас алмай, күні-түні көз майын тауысып ізденумен өткізеді. Оның бағына академияда бүкіл әлемге беделді ғалымдар ұстаздық ететін. Ол көрнекті физиолог Иван Петрович Павловтың шәкірті болу бақытына ие болды. Нобель сыйлығының лауреаты, академик ұстазының лекциясын зейін қойып тыңдайтын Халел теориялық білімін оқу тәжірибе жұмысымен өте жақсы ұштастыра біліп, тәжірибелі ғалымның ыстық ілтипатына бөленіп жүрді. Дәрігерлікке тікелей қатысты пәндермен қатар Халел латын, неміс тілдерін жетік меңгеру-ге бар ынта-жігерін салды.

Демалыс сәтінде Халел қаланың көрікті тарихи орындарын аралап, театрларға баруды ұнататын. Ол студенттік өмірдің алғашқы күнінен бастап естелікке суретке түсіп, алыстағы ата-анасы мен бауырларына жолдауды ұмытпаған.

Оқтай зымырап студенттік жылдар да аяқталуға таянған. Соңғы курста міндетті түрде өтілуге тиісті практикалық жұмысты Халелдің Пермь губерниясы Чердынъ уезінде атқаруына тура келеді. Оның оқыған-түйгенін қиындығы қат-қабат дәрігерлік еңбек жолымен ұштастыруының алғашқы қадамы осылай басталды. Пермь губерния-сындағы Чердынъ уездік Земство басқармасы 1909 жылғы 31 тамызда берген № 4381 куәлігі осының айғағы.

“Осыны көрсетуші, Императорлық Әскери-медицина академия-сының толық курсы тәмәмдаған Халел Досмұхамедұлы Чердынъ Уездік Земствосында уақытша қызмет атқарып, 1909 жылғы 8 мамырдан 31 тамызға дейін Морчан учаскесінің дәрігері лауазымында болды. Морчан учаскесі қабылдау бөлімімен бірге енді ғана ұйым-дасып жатқандықтан, тап осы мезгілде дәрігерден таза медициналық қызметі сыртында көп қажыр-қайрат пен іскерлік қабілет талап етіген-ді, міне, осы сәтте Досмұхамедұлы мырза өзіне жүктелген міндетті табыспен орындап, учаскелік дәрігер лауазымын дербес алып жүруге қабілетті екенін дәлелдеді. Әскери ведомствода қызмет етуге міндетті болғандықтан Досмұхамедұлы мырзаның уездік Земствода қалып жұмыс істеу мүмкіндігі жоқтығына уездік Басқарма өте қатты өкінеді”. Куәлікке Басқарма төрағасы, Басқарма мүшелері және хат-шысы қол қойып, Земствоның мөрі басылған. Ол Санкт-Петербургке келісімен мемлекеттік сынақтарды ойдағыдай тапсырып, академияны бітіріп шығады.

Енді оның осы жоғары білім ордасын үздік аяқтағандығын куәландыратын құжаттың мазмұнымен танысалық:

“Диплом. Осыны көрсетуші Халел Досмұхамедұлы-Машақов, 1883 жылғы 24-сәуірде туған, мұсылман дініндегі қазақтың ұлы, Императорлық Әскери-медицина академиясында 1906 жылы жартылай курстық сынақтан қанағаттанарлық өтіп, Академияда ғылымдар-дың толық курсын тыңдаған соң, осы Академияның Сынақ комиссия-сында 1909 жылғы сәуір, мамыр, қыркүйек, қазан және қараша айларында сынға салынды нәм бұл ретте төмендегі үлгерім көрсетті:

Гистология және эмбриология бойынша – қанағаттанарлық

Физиология бойынша – өте қанағаттанарлық

Жалпы және эксперименттік патология бойынша – қанағаттанарлық

Гигиена және эксперименттік патология бойынша – қанағаттанарлық

Гигиена және медициналық жәрдем бойынша – өте қанағаттанарлық

Бальнеотерапия мен гидротерапия қосылған фармакология және дәрі-дәрмек түрлері мен оны қабылдау жөніндегі ілім бойынша – өте қанағаттанарлық

Жеке патология және ішкі сырқаттар терапиясы бойынша – өте қанағаттанарлық

Жүйке және жан аурулары туралы ілім бойынша – өте қанағаттанарлық

Хирургиялық аурулар патологиясы мен терапиясы бойынша – өте қанағаттанарлық

Офтальмология бойынша – өте қанағаттанарлық

Деомургия және механургия бойынша – қанағаттанарлық

Балалар аурулары жөніндегі ілім бойынша – өте қанағаттанарлық

Токсикологиямен қоса сот медицинасы бойынша – өте қанағаттанарлық

Эпизоотия және ветеринарлық полиция жайындағы ілім бойынша – өте қанағаттанарлық

Қалыпты (физиологиялық) анатомия бойынша – өте қанағаттанарлық

Патологиялық гистологиямен қоса патологиялық анатомия бойынша – қанағаттанарлық

Топографиялық анатомиямен қоса оперативті хирургия бойынша – өте қанағаттанарлық

Соттық-медициналық ағза ашу және сот-медицина актіні жасау бойынша – өте қанағаттанарлық

Жалпы терапиямен қоса диагностика бойынша – қанағаттанарлық

Жан және жүйке ауруларының клиникасы бойынша – қанағаттанарлық

Тері венерологиялық және мерез ауруларының клиникасы (осы аурулар туралы іліммен қоса) бойынша – өте қанағаттанарлық

Құлақ, тамақ және мұрын ауруларының клиникасы (осы аурулар жөніндегі іліммен қоса) бойынша – қанағаттанарлық

Гинекологиямен қоса теориялық акушерлік (академиялық акушерлік клиника) бойынша – өте қанағаттанарлық

Көз клиникасы бойынша – өте қанағаттанарлық

Терапевтік клиника бойынша – өте қанағаттанарлық

Хирургиялық клиника бойынша – өте қанағаттанарлық

Акушерлік және әйел аурулары клиникасы бойынша – өте қанағаттанарлық

Осыларға орай және Императорлық Әскери-медицина академиясы жайында Жоғары дәрежеде 1890 жылғы 29 мамырда бекітілген ереже негізінде Халел Досмұхамедұлы-Машақов мырза 1909 жылғы 17 қарашада үздік дәрежелі емші (лекарь с отличием) атағына, осы атаққа чиндер жағдайы мен чинге бекіту, сондай-ақ әскери қызметке қатысты (Заңдар жинағы, III, IV және IX том) берілетін құқықтар мен артықшылықтарға қосымша ие болды. Куәландыру үшін осы диплом Халел Досмұхамедұлы-Машақов мырзаға тиісті қолдар қойылып, академиялық мөр басылып берілді. Академияда болған кезінде Халел Досмұхамедұлы-Машақов мырза 1907 жылғы 1 қаңтардан 1908 жылғы 1 қыркүйекке дейін статский советник Адиунгтың, 1908 жылғы 1 қыркүйектен бастап теңіз ведомствосының стипендияларын алып тұрды, осы үшін ол заңмен белгіленген мерзім бойы әскери немесе теңіз ведомстволарында басшылықтың тағайындауына сай қызмет етуге міндетті. Санкт-Петербург қаласы, 1910 жылғы 12 қаңтар.

Императорлық Әскери-медицина академиясының бастығы, еңбек сіңірген профессор, академик, құпия кеңесші *А. Данилевский*.

Сынақ комиссиясының төрағасы, еңбек сіңірген профессор, құпия кеңесші *Н. Круглевский*.

Академия кеңесінің басқарушысы, статский советник
В. Худяков.

Осылайша Халел Досмұхамедұлы Императорлық Әскери-медицина академиясын кеудесіне алтын медаль тағып, бітіріп шығады. Осы жылы Санкт-Петербург қаласындағы баспадан Абай Құнанбайұлының тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. Абай поэзиясынан Халел рухани күш алады. Кесек ойлайтын “жұмбақ жанның” “мыңмен жалғыз алысқан” қасіреті ақын жүрегінің түбіне терең бойлаған Халелдің көңіл санасына қонады.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге...

Инемен құдық қазғандай азабы мен мехнаты, қызығы мен қуанышы қым-қуат студенттік жылдарды артқа тастаған Халелдің алдында бет-белесі, бұралаң-бұлтарысы, ой-шұңқыры көп маңдаланың қара жолындай – еңбек жолы, қоғам өміріндегі саяси күрес тауқыметі тосып тұрды.

Аманқос МЕКТЕПОВ,
халелтанушы

Ағартушы Халел. Жинақ / Құраст. Ғ. Қабдолқайырұлы. – Алматы: Арыс, 2004. – 47-56 бб.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖӘНЕ ДӘРІГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАШКЕНТ КЕЗЕҢІ

Қазақстанда азамат соғысы аяқталар тұста Алашорда өкіметінің құрамында болған, Алаш қозғалысына қатынасушыларға кешірім (амнистия) жасалып, Кеңес үкіметі жағына қызметке тартыла бастады.

Әскери Революциялық Комитеттің Қырғыз (Қазақ) үлкесін басқару туралы Уақытша ережесінде Алаш-Орданың Батыс бөлімімен қатынас және оның кейбір мүшелерін Қырғыз (Қазақ) Ревкомының құрамына алу туралы 1920 жылғы 21 майдағы № 253 қаулысында:

“Барлық Қырғыз облыстары РСФСР-дің Халық Комиссарлары кеңесі тағайындайтын Әскери революциялық комитеттің басқаруында болады. Сондықтан Алаш-Орданың Қырғыз (Қазақ) Ревкомына қосылуы, Халық Комиссарлары Кеңесінің құрамына Алашорданың біраз мүшелерін қабылдау арқылы болуы мүмкін. 1919 жылдың 20-желтоқсанына дейін Кеңес үкіметі жағына шыққан Батыс Алашорда мүшелеріне Қырғыз Ревкомы олардың қауіпсіздігі мен жеке құқық-тарына ешкімнің қол сұқпайтынына кепілдік береді” [1] – деп атап көрсетіледі. Ал Х. Досмұхамедұлы да осы Батыс Алашорда үкіметінің басшыларының бірі болған еді.

1920 жылы Түркістан Республикасының Атқару комитетінің төрағасы Т. Рысқұловтың шақыруымен Х. Досмұхамедұлы Ташкент қаласына келеді. Ташкентке Х. Досмұхамедұлы өзі ғана отбасынсыз келгенін біз мына құжаттан көреміз:

“Түркістан Республикасының Атқару комитетінің төрағасы Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитетке Сағира Досмұхамедоваға балаларымен және жүктерімен Ташкентке келуіне Кеңес мекемелерінің көмек көрсетіп мандат беруін сұрайды”. Осыған байланысты қырғыз Ревкомының төрағасының орынбасары С.Мендешев, қол қойған төмендегі:

